


Б 74.261

Т89

Қ О С Ы П Т І К

Б І Л І М



Ана Мана

Отан

Қазақстан

Мектемі



Г. Ж. Тұрдалиева

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Б 74.261

Т 89

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М




Г. Ж. Тұрдалиева

**БАСТАУЫШ
СЫНЫПТАРДА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу-әдістемелік құрал

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
кәсіптік бастауыш және орта білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы
Астана-2007

ББК 67.404

Т 23

Пікір жазғандар:

Ниязғалиева А. А. – филология ғылымдарының кандидаты;

Қалабаева Н. Б. – қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы

Т 23 Тұрдалиева Г.Ж.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі:

Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2007.

– 292 б.

ISBN 9965-35-098-1

584445


Әдістеменің негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына арналған сауат ашу және тіл дамыту шараларын ұсыну.

Мұнда мәтінді қабылдаттыру, көркем шығарманы оқыту, оқушыларды грамматикалық талдау жасауға үйрету, диктант жаздыру мәселелері қарастырылады.

Көмекші құрал бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогикалық колледж студенттеріне арналған.

Т 1203020400
00(05)-06

ББК 67.404



ISBN 9965-35-098-1

© Тұрдалиева Г.Ж., 2007

© «Фолиант» баспасы, 2007

АЛҒЫ СӨЗ

Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жаңарту, оны жаңа деңгейге көтеру мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Оқушылар мұғалімнің көмегімен сөйлеу, жазу, ойлау дағдыларын игере бастайды.

Оқушыға терең де тиянақты білім, жан-жақты тәрбие беруде қазақ тілі мен ана тілінің алатын орны ерекше.

Жазу дағдыларын қалыптастыру – олардың өміріндегі күрделі процесс. Оқушылардың жазу шеберлігі мен сөйлеу шешендігі қалыптасады. Ана тілі сабағында оқушы мәтіннің мазмұнын терең түсініп, көркемдік мәнін ұғады, әдебиеттану түсініктері қалыптасады. Бұл әдістемелік құралдың басты мақсаты – мектеп мұғалімдеріне, педагогикалық колледж студенттеріне қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсыну, жұмыстарын жеңілдету. Мәтіндер іріктеліп, қазақ халқы тарихынан, ұлттық салт-дәстүрлерден мол танымдық тағылым беретіндей мақсатта жинақталды. Оқушының жас ерекшеліктері, сауаттылық деңгейлері, танымдық, логикалық ой-өрістерінің дамуы ескерілді.

I ТАРАУ

САУАТ АШУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Сауат ашудың мақсаты мен міндеттері

Мектептегі оқыту процесінің сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – оқу мен жазуды үйрету. Осы сауат ашудан жас ұрпаққа білім негіздерін меңгерту мен адамгершілік тәрбие берудің іргетасы қаланады. Білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын талаптардың аса күрделісі – жеті жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі болып табылады. Себебі, сауат ашу кезінде оқушылардың оқуға, ой еңбегіне бейімділігі, ынтасы қалыптасуы керек. Алғашқы оқу барысында мынадай ерекшеліктер ескеріледі:

1) оқу жылының бірінші жартысы толығымен сауат ашуға беріледі;

2) сабақ үстінде әрбір 10-15 минут сайын қимылды ойын түрінде сергіту минуттары өткізіліп отырады;

3) баланың оқуға деген ынтасы мадақтау, мақтау, көңілдендіру сияқты әдіс-тәсілдер арқылы арттырылады;

4) үйге тапсырма берілмейді;

5) апта ортасындағы бір күн жеңілдетілген сабақтарға арналады;

Сауат ашу – аса күрделі де жауапты міндет. Оны ойдағыдай жүзеге асыруда атқарылатын жұмыстар сан алуан. Олардың негізгілері мыналар:

1. Балаларды мектепте сауат ашуға даярлау ;
2. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздердегі дыбыстарды айқын естіп, анық айтуға үйрету;
3. Оқушылардың жалпы ой-өрісін дамытып, ойлауға, байқағыштыққа тәрбиелеу;
4. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту, сөйлемдерді дұрыс, дәл жеткізе білуге үйрету;
5. Сөзді жеке дыбыстардан құрап, ежіктемей, дұрыс буындап түсініп, оқуға, одан әрі сөзді тұтас оқуға дағдыландыру;
6. Дыбыстарды әріппен дұрыс таңбалауды жете меңгерту арқылы жазудың каллиграфиялық талаптарын сақтап, әріптерді үзбей және сөз ішіндегі байланысу тәсілдері бойынша, сөзді тұтастыра жазуға үйрету; жеке сөздерді, сөйлемдерді көшіріп және естігенін жаза білуді жетілдіру;
7. Сөйлемдегі сөздердің айтылуы мен жазылу ерекшеліктерін меңгерту;

Сауат ашу кезінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының өзгешелігі – оқыту ісі, талдау және жинақтау процесінің бірлігінен тұратындығында.

Сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдыларының негізін қалау, тыңдауға, айтуға, жазуға үйрету, балалардың сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінігін қалыптастыру, әріп таныту, әуелі буындап, содан соң тұтас сөзді, сөйлемді, мәтінді оқуға үйрету, сауатты жазудың негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға, кітапқа қызығушылығын ояту, ауыз екі тілін дамыту.

"Әліппеге" дейінгі кезеңде, негізінен, оқушылардың бұрыннан қалыптасқан сөйлеу дағдыларына сүйеніп, оларға мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден дыбысты бөлгізу жұмыстары жүргізіледі. Бұл кезеңде балалардың тілін дамыту сөздерді байланыстырып сөйлету арқылы іске асырылып, оларға сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсінік беріледі.

"Әліппеге" дейінгі кезеңде заттарды тегіне, түріне, т.б. белгілері бойынша балалардың сөздік қоры жүйе-

ленеді. Бұл кезеңдегі басты міндет – оқушыларға байланыстырып сөйлеу дағдысы арқылы оларға сөйлемнің, сөздің, дыбыстың ерекшеліктері туралы ұғым беру.

Даярлық кезеңі – сөйлеммен танысу: сөйлеуді – сөйлемдерге, сөйлемді – сөздерге, сөздерді – буындарға, буынды – дыбыстарға бөлуді үйрету, яғни, талдау-жинақтау әдісі арқылы жүргізіледі.

Дыбыстар, олардың рөлі, дыбыстық құрылысы әр түрлі сөздерді талдау, дауысты және дауыссыз дыбыстар, олардың естілуі мен айтылуындағы ерекшеліктер, жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың, айтылуымен естілуіндегі ерекшеліктер.

Қолды жазуға дағдыландыру: сурет салу, сызықтарды сызу, ою-өрнек, имек жиектер жасау, ирек сызықтар сызу, кіші әріптердің элементтерін жазу, жазу техникасының ережелерімен танысу, әріп элементтерін сызық бойымен жазу, жазу кезеңінде дұрыс отыру, дәптер бетін бағдарлау, т.б.

"Әліппені" оқу кезеңінде оқушылардың нақтылы дыбыстарды оқытып, таңбасын жазуға үйретуде, сөздік жұмыс бірінші кезекке шығады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты принципі – оқушылардың лексикалық материалды меңгеріп, оны сөйлеу тілінде қолдана білу. Сөздік жұмысын жүргізудің ұтымды жағы оқушыларға жаңа сөзді меңгертуде сөзді зат есім, сын есім, есімдік формасындағы сөйлемдерден беру. Мысалы: Бұл – үй. Бұл – үлкен үй. Бұл – қызық кітап, т.б. Сөздік жұмысы сабақта арнайы сабақ болып жүргізілмейді, сабақтың барлық кезеңінде жүргізіледі. Әліппені оқытқанда, кезінде оқушылардың жалпы ой-өрісін, тілін дамытуға арнайы көңіл бөлінеді. Бұл кездегі тіл дамыту үш түрлі салада жүргізіледі: сөздік жұмысы, сөйлем құрастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөздік жұмысын жүргізуде екі түрлі мақсат алға қойылады: бірі – оқылған сөздің мағынасын түсіндіру, сол арқылы оқушыларды саналы оқуға баулып, ойлау қабілетін жетілдіру, екіншісі – жаңа сөздер үйрету арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Сөйлем

құрастыруға үйрету, оқушыларды өз ойын дұрыс құрылған сөйлемдер мен жүйелі айтып немесе жазып баяндауға даярлайды.

2-тақырып. Сауат ашу сабақтарына қойылатын негізгі педагогикалық талаптар

Сабақ барысында сауат ашуға байланысты аса қажетті педагогикалық талаптар мұқият орындалуы тиіс. Ондай талаптардың негізгілері мыналар:

1. Мұғалімнің сөзі, оқу материалдары баланың жас ерекшелігіне сай түсінікті болуы тиіс. Оқу материалдарының бәрі де бала үшін өте жеңіл болу керек. Оқыту барысында – балаға шамасы жетпейтін аса қиын тапсырмаларды ұсынбау.

Сауат ашу кезеңіндегі негізгі оқу материалдары: жеке сөздер, сөз тіркестері, шағын сөйлемдер. Сөз балаға таныс және дыбысталу жағынан жеңіл болса, оны оқуда, жазуда қиын болмайды. Оқушыларға сауат ашу кезеңінде нақты ұғымды білдіретін сөздер ұсынылады.

2. Көрнекілік. Сауат ашу сабақтарында қойылатын негізгі педагогикалық талаптардың бірі – көрнекілік. Бұл – бастауыш мектептің тәжірибесінде бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдіс. Бастауыш сыныптарда сабақтардың бірде-біреуі де көрнекіліксіз өткізілмейді. Сауат ашу сабақтарында қолданылатын қима әліппе мен кестелер, схемалар, ойыншықтар, түрлі заттық үлгілер, плакаттар, оқу-техникалық құралдар, түрлі дидактикалық материалдар сабақ сапасын арттырады.

Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану – мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылық жұмыс жүргізу дәрежесіне байланысты.

3. Оқу материалдарының білімділік және тәрбиелік мәні. Сауат ашу сабақтарында оқушылардың жалпы білімін, ой-өрісін дамытуға аса қажетті мағлұматтармен тәрбиелейтін оқу материалдары ұсынылады.

Талдауға арналған жеке сөйлемдер мен сөздер білім мен тәрбие беру талаптарына сай болуы керек.

4. Жеке-дара жұмыс. Әрбір оқушымен жеке-дара жұмыс – сауат ашу жұмысына қойылатын басты талаптардың бірі. Мектепке балалар түрлі дайындықпен келеді. Ойыннан мектептегі ой еңбегіне ауысқан балалардың өзіндік ерекшеліктерін мұқият есепке ала отырып, мұғалім әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізеді. Онсыз мектеп бағдарламасының барша балаға бірдей білім беру талабын ойдағыдай орындау қиын болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ тілі әріптері мен дыбыстарына сипаттама.
2. Сауат ашу кезеңінде дыбыс пен буынды меңгерту жолдарын көрсет.
3. Сауат ашу кезінде оқытудағы міндеттер мен талаптарды ата.
4. Сауат ашу кезеңінде оқыту мен тәрбие қалай жүзеге асырылады?
5. Сауат ашу жұмысының даму кезеңдері.
6. Талдау, жинақтау әдісі қалай жүргізіледі?
7. Талдау, жинақтау әдістеріне мысалдар келтір, сабақ жоспарын жаса.

3-тақырып. Бастауыш сыныптарда сауат аштырудың әдіс-тәсілдері

"Әліппе" – көп деңгейлі, дамыта оқытылатын, ұлттық ерекшелігі бар, дәстүрлі мектепке арналған төл оқулық.

Тіл пәнінің жаңа мазмұны мен дамытушы қасиеті сауат ашу кезеңінен басталады. Оқу мазмұны мен бағдарламасы дамыта оқыту мақсатын көздейді. Дамыта оқыту оқушылармен шығармашылық түрде жұмыс жасауға үйретеді, әр оқушыны ізденіске жетелейді.

Дамыта оқытудың түпкі мақсаты – пәнді оқытудың тиімді әдістерін, түрлерін таңдап пайдалануға негізделеді. Осы орайда әліппе, ана тілі, қазақ тілі оқулықтары көп деңгейлі, дамыта оқылатын жаңа білім мазмұны мен

ұлттық ерекшелігі бар дәстүрлі мектеп деңгейіне арналған төл оқулықтарымыз жаңа болып табылады.

"Әліппе" оқулығы Ш.Әуелбаевтың жетекшілігімен ғылыми қызметкер Р.Ізғұтынова, Ә.Наурызбаева және А.Құлажановалар жазып, 1997 жылы "Атамұра" корпорациясынан басылып шықты.

"Әліппеде" психология, педагогика, лингвистика ғылымы пәндерін басшылыққа алады.

"Әліппені" оқыту мынандай кезеңдерден тұрады.

1 кезең : "Әліппеге" дейінгі кезең – 2 апта , 14 сағат.

2 кезең : Сауат ашу кезеңі – 98 сағат.

Оқу материалдары осы кезеңдердің ерекшелігіне қарай орналасқан.

"Әліппенің" алғашқы беті Елбасымыз – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың арнау сөзімен ашылған. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының рәміздері – Елтаңбамыз, Көкбайрағымыз орын алған. Олар егемендігімізді, ұлттық тәуелсіздігімізді дәріптеп, жеткіншектерді елді сүйуге үйретеді.

Бұл рәміздерді әрбір оқушы танып, біліп, қадірлеп, қастерлеуге міндетті.

Әліппеге дейінгі дайындық кезеңі

"Әліппеге" дейінгі кезең – сауат ашуға даярлық кезеңі. Оқушының жақсы сауаттылығы осы кезеңде жүргізілетін жұмыстардың тиімділігіне тікелей байланысты.

Даярлық кезеңге оқу бағдарламасы бойынша 14 сағат бөлінген. Осы аз уақыт ішінде мұғалімге көптеген жұмыс атқаруға тура келеді. Партада дұрыс отырып, дәптерді, қаламды дұрыс ұстап, дұрыс пайдалануға, мектеп ережелері мен күн тәртібін орындап, мұғалімнің айтқанын мұқият тыңдауға, дұрыс сөйлеуге, "сөйлем, сөз, буын, дыбыс" ұғымдарын ұқтыратын, үйрететін кезең. Әліппеге дейінгі кезең жұмысын өткізу – мұғалімнен үлкен кәсіби шеберлік пен ізденісті талап етеді.

"Әліппеге" дейінгі кезеңнің оқу материалдары бала өмірімен байланыстыра ұсынылған. Негізгі тақырыптар: "Мектеп", "Мектеп мүліктері" "Оқу-құрал жабдықтары", "Денсаулық сақтау", "Көшелерде жүру тәртібі", "Құстар", "Жеміс-жидектер", "Отбасы", т. б. тақырыптар берілген.

Жеке суреттер балалардың тілін дамытады, сөздік қорын байытады, ауызша байланыстырып сөйлеуге үйретеді.

Оқушылардың "сөйлем", "сөз", "дыбыс", "буын" туралы алғашқы ұғымдары нақты мысалдар арқылы меңгертілуі тиіс.

Дайындық кезеңіндегі кейбір сабақ үлгілерін ұсынамыз:

Сабақтың тақырыбы: Жабайы жануарлар. Аңдар. Буын.

Мақсаты – білім беру: жабайы жануарлар мен аңдардың өрқайсына түсінік беру.

Тәрбиелеу: олардың өзіне тән ерекшелігі, пайдасы және оларды қорғау, сақтау туралы мәлімет беру.

Дамыту: Оқушылардың сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: Жануарлар мен аңдардың суреттері. Буын талдау схемасы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Жаңа сабақ.

1. Оқулықтың 20-21 беттеріндегі суреттер бойынша жұмыс.

а) Аңдар мен жануарларды көрсете отырып, атау.

Тиін, арқар, елік, бұғы, керік, қосаяқ, қоян, қасқыр, түлкі, аю, арыстан, жолбарыс.

2. Аңдардың ерекшеліктері мен олардың пайдасына тоқталу. Олардың өмір сүретін жерін айту. Біздің жергілікті жерде кездесетін аңдарға тоқталу.

3. Аңдар атауларына буындық талдау жасау.

Ти / ін, ар / қар, е / лік, т.б.

4. Сергіту сөті.

Тік ұста бойыңды,

Жоғары соз қолыңды.

Соз қолыңды тағы да,

Жеткіз жираф бойына.

5. Суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру.

Қоян секірді. Қасқыр ұлыды. Аю ұйықтап жатыр, т.б.

6. Дөптермен жұмыс.

Сергіту сөті.

Таулар көріп өсеміз,

Баулар егіп өсеміз.

Жеміс теріп өсеміз,

Жеңіскер болып өсеміз.

7. Біздің елімізде аңдар мен жабайы жануарларды қорғау, сақтау туралы заңдар бар. Сол заңдарды орындау – әрбір азаматтың міндеті. Мұны біз де осы кезден бастап үйрене беруіміз керек. Табиғатты қорғау – баршамыздың міндетіміз.

8. Бекіту сұрақтары.

Сабақ аяқталды.

Сабақтың тақырыбы: Құстар. Үй құстары. Дыбыс.

Сабақтың мақсаты – білім беру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Оқушыларға үй құстарының ерекшелігі мен пайдасы туралы айту.

Тәрбиелеу: Үй құстары мен дала құстарын қорғау, сақтау жөнінде айту.

Дамыту: Оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: Үй құстарының және дала құстарының суреттері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі.

2. Жаңа сабақ.

а) Үй құстарымен таныстыру:

Қаз, әтеш, үйрек, балапан.

ә) Сөздерге дыбыстық талдау жасау.

Қаз. Қ – дауыссыз, а – дауысты, з – дауыссыз.

б) Дала құстары: Тырна, қараторғай, аққу, шағала, жапалақ, қарлығаш.

в) Сөздерге дыбыстық талдау жасау.

3. Сергіту сәті.

Торғай, торғай, тоқылдақ

Жерден тары шоқып ап

Бөтекесі томпайып

Шық- шық десіп отырар.

4. Дәптермен жұмыс.

5. Жұмбақтар шешу.

6. Үй құстары туралы өлеңдер оқу.

Үйрек.

Қауіп-қатер жоқ алда,

Малту керек оған да,

Жұмыртқадан шыға сап,

Жүгіреді тоғайға.

Қаз.

Еске ал сол бір кезеңді,

Бадырайтып көзіңді

Талай мәрте ата қаз,

Қуған шығар өзіңді.

7. Бекіту.

Сабақ аяқталды.

"Әліппе" кезеңі

Сауат ашудың әліппе кезеңі аса күрделі де, жауапты процесс. Бұл кезеңде сауат ашудың басты мақсаты – оқу мен жазуды үйрету жүзеге асырылады. Сөздерді оқу мен жазу үшін тіліміздегі барлық әріптер мен дыбыстар оқытылады.

Сауат ашу ең оңай дыбыс, буын, сөздерден басталуға тиіс. Оңайдан қиынға қарай принципін жүзеге асырамыз.

Сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдысының негізін қалау, тыңдауға, айтуға, оқуға, жазуға үйрету, балаларға сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінік қалыптастыру, әріп таныту, әуелі буындап, содан сөзді тұтас, сөйлемді мағынасын түсініп оқуға үйрету, сауатты жа-

зудың негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға, ауызша диалогтық және монологтық сөйлеуін дамыту, сөзді ауада жазып үйретіп, дыбыстық талдау жасайды. Буындап оқытып буындап жаздырамыз. Сауат ашудың негізгі белгісі – сөз. Сөзбен жүргізілетін жұмыс түрлері сөзді ауызша айту, оқу және жазу. Сабақта сөзге дыбыстық талдау жасалады. Бұл – дыбыстық талдау, жинақтау әдісі арқылы іске асады.

Талдау әдісі: сөйлеуден сөйлетуді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп аламыз.

Жинақтау әдісі: дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем, сөйлемнен сөйлеу арқылы тұтас әңгіме шығарамыз.

Оқушы сөйлем құрастырады, мәтінді оқиды, көшіріп жазады, сөйлеуге дағдыланады. Талдаудың басты тәсілі – дыбыстық талдау. Мұндай талдауда сөзден буын, буыннан дыбысты табады, орын ретін анықтайды.

Сауат ашудың талдау, жинақтау әдісі бойынша сөз жеке дыбыстарды бөлек-бөлек айту арқылы оқытылмайды, буынға бөліп оқытамыз.

Сауат ашу кезеңінің міндеттері және оған қойылатын негізгі талаптар:

1. Сөзге, буынға дыбыстық талдау жасау. Дыбыстар мен әріптерді таныту мақсатында сөз бен жеке дыбысты бөліп алу үйретіледі. Бөліп алынған дыбыстың орын ретін анықтайды (басында, ортасында, аяғында). Жеке дыбысты анық естіп, дұрыс дыбыстауды меңгерту. Оның дауысты не дауыссыз екенін айқындау.

2. Таныстырылатын дыбысымызды сөзге жинақтау, буынның құрамын ажырату, берілген заттардың суреттері бойынша сөз құрастыру.

3. Таныстырып отырған әрпіміз бойынша жеке сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді дұрыс оқуын қалыптастыру, ондағы мазмұнды суреттер бойынша сөйлем, әңгіме құрастыру.

4. Жеке әріптерді жазуға үйрету, жазу үлгісі бойынша жазу. Сауат ашу кезеңінде оқушылар ана тіліміздегі барлық дыбыстарымен, олардың әріптерімен танысып,

оқуға, жазуға үйренеді. Сондықтан әліппе мына тізбе арқылы өтіледі. Әр тізбеден кейін қайталау жүргізіледі.

1. А, Т, П, Н, Ғ, Р, Л, У.
2. Ш, Й, О, Қ, Д, М, Б, С, Ү, Ң, Ы.
3. Е, К, І, Ө, И, З, Ә, Ү, Г.
4. Я, Ю, Х, В, Ф, Э, Щ, Ц, Ч, Ъ, Ь.

Бұл әріптер ашық буыннан бастап оқытылады, ашық буынның 2 түрі үйретіледі:

1. Жалғыз (а), мысалы: а-на, а-па, а-ға;
2. На, па, та, мысалы: ша-на, па-па, а-та, та-ныс.

Ашық буын созылып айтылады, буындап оқытуды оңайлатады және ашық буын келесі буынның қосылып айтылуын тілеп тұрады. Одан кейін біртіндеп тұйық, бітеу буынды сөздер оқытылады. Дауысты дыбыс әріптерін бірінші оқытамыз. (А, О, Ы, Ү, У). Содан кейін жіңішке дауыстылар (Ә, Е, Ө, І, Ү). Себебі сөйлеу тіліміздің басым көпшілігі жуан дауыспен айтылатын сөздер. Ал басқа тілден енген дыбыстарды әліппенің соңына қарай топтастырған. Баланың психологиялық ерекшелігіне сөйкес, дүниені тұтас күйінде қабылдайтынын ескеріп, әр сабаққа белгілі бір тақырып өзек етіп алынады, балалардың зейіні бір арнаға бағытталады, жүйелі білім алуына жағдай жасалады. Мысалы: негізгі тақырып: "А дыбысы мен әрпі". Қосымша: "бақ", "бақша", "жемістер" тақырыбы берілген.

"Ғ дыбысы мен әрпі".

Қосымша тақырып: ғарыш, ғалым, ғарышкер, деген тақырыптар берілген. "Әліппеде" "оқу мен жазу" тұтас бірлікте қарастырылған. Жазу жұмысының өзіндік қиындығы бар. Бала көптеген ережені бір мезгілде орындауға тиісті. Сауат ашу – жазуға төселдіру, үздіксіз жазу жаттығулары арқылы іске асады. Әрбір әріптің жазба нұсқасының бас әрпі мен кіші әрпін таныстыру кезінде әріпті құрайтын элементтердің дұрыс жазылуын басты назарда ұстау керек.

Әріпті жазып үйренудің тәртібі:

1) сөзге дыбыстық талдау жасату, жеке дыбыстау, сөз ішіндегі орнын анықтау.

- 2) жазба әріптің жазу үлгісін тұтас көрсету (плакаттан, әліппеден);
- 3) жаңа әріпті тақтаға жазып көрсету;
- 4) жаңа әріп элементтерін дәптерге түсіру;
- 5) жаңа әріпті тұтас жазу;
- 6) жаңа әріпті басқа әріптермен жалғастырып жазу;
- 7) құрамында жаңа әріп бар буын, сөз жазу;
- 8) сөйлем жазу;
- 9) баланың жұмысына талдау жасау.

Жазу әдістемесіне сай әріпті сауатты, көркем жазуға үйретеміз. Әліппе кезеңінде дыбыс және әріпті таныстыру, сөз сөйлем үйрету, өз бетінше жұмыс жасауға төселдіру, мәтінмен жұмыс істеу, оқу дағдыларын қалыптастыру іске асады. Дыбыстың дыбысталуына, артикуляциясына ерекше мән беріп, жаттығу керек. Әрбір сабақта дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы хабар береміз, түсін көрсетеміз. Дауысты дыбыс – еркін, әуенмен созылып айтылатын, дауыссыз дыбыс – қысылып, қысқа дауыс кедергіге ұшырап айтылатынын түсіндіреміз. Дауыс пен әріптің өзара біртұтас, бір-бірінен бөлінбейтін бүтін нәрсе екендігі үйретілуге тиіс. Дыбыс айтылған соң іле оның таңбасы, әріп көрсетіледі. Көрсетілген әріп қайтадан оқылып, дыбысталады. Әрбір әріптің баспа, жазба, бас және кіші әріптері таныстырылады. Әліппе бағдарындағы сөздер оқу материалының бірі болып табылады. Ондағы сөздер міндетті және мүмкін деңгейде оқу үшін 2 түрлі бағанда берілген:

- 1) буындап оқу;
- 2) тұтас оқу.

Буындап оқу қара сызықпен және тұтас оқу көк сызықпен берілген. Мұндағы буындап оқу барлық оқушы үшін міндетті болады, ал тұтас сөзбен оқу міндетті емес, тек белгілі бір деңгейде оқу дағдысы бар қабілетті балалардың мүмкіндігін тежемес үшін берілген.

Тұтас оқуға бірте-бірте үзбей жаттығып дағдыланамыз, бағандағы сөздердің берілуінде де ерекшелік бар. Олардың буын жігінің арасы бос қалдырылған, сызықша

қойылмайды, буын мен буынды тез қосуға мүмкіндік жасайды.

Буын сандарының жасалуын (бағандағы сөздердің) А.Байтұрсыновтың еңбектері тиімді түрлері қарастырылған. Ол:

1. Сөз соңынан әріп қосу: ...
2. Сөз соңынан әріп қосу: шаш..., монша...
3. Сөздегі бір әріпті өзгерту: мал-мол, баба-бала.
4. Сөзге буын жалғау арқылы: мал-малта, бақ-бақша.
5. Сөздегі әріптердің орнын ауыстыру: мақал-қалам.

Осындай тәсілдер арқылы оқу жеңілдік туғызады, сөздер бір-бірімен ырғақты үндесіп, әуенмен үйлесіп, сөзден сөз туындайды. Бағандағы сөздерді саналы түсініп, оқу мақсаты көзделеді. Сөздің мағынасын бірден түсіну қиын, өйткені, оқу техникасы күрделі. Сондықтан, оқып, болған соң сөздерге қосымша мағлұмат беріледі. Бағандағы сөздермен мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі

1. Бағандағы сөзді мұғалім оқиды.
2. Оқушыларды ілестіре отырып оқытады.
3. Оқушылардан сөздің мағынасы сұралып, сосын түсіндіріледі.
4. Оқушылар жекелеп оқиды (үлгі бойынша).
5. Оқушылар өз бетімен күбірлеп оқысын.
6. Барлық оқушыларға немесе парта қатары бойынша бірге дауыстатып оқыту.
7. Бірнеше сөзге талдау жасау.
8. Дауысты дыбыстан басталған немесе аяқталған сөзді тауып оқыту.
9. Сабақта жаңадан таныстырылған әріпті сөздің ішінен табу.
10. Дауыссыз дыбыстан басталатын немесе аяқталатын сөзді тауып оқыту.
11. Сөздерді әріп соңына қарай тауып оқыту.
12. Сөздерді буын санына қарай оқыту (мал, мата).
13. Сөздерді мағыналық жағынан теріп оқыту.
14. Бағандағы сөздерді тігінен оқыту.

"Әліппе" кезеңіндегі тіл дамыту жұмысы 3 салада жүреді:

1. Сөздік жұмысы.
2. Сөйлем құрастыру.
3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.

1. Сөздік жұмысы – оқылған сөздердің мағынасын түсіндіру, түсініп оқуға баулу, жаңа сөздер үйрету арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту, әр сабақта бағандағы сөздермен, мәтіндегі сөздермен жүргізіледі.

2. Сөйлем құрастыру – сөздерді бір-бірімен байланыстырып, ауызша құрастыру арқылы жүйелі жазып, баяндауға үйретеміз.

Мысалы: шарапат шашу, шаш (етістік), алма – жеміс (зат есім).

3. Сұрақ-жауап үлгілері, диалог сөйлеуге үйрету материалдары берілген. Мұндай материалдар тек қана сауат ашуға байланысты берілген: жер, су, адам аттарының бас әріппен жазылатынын үйрету. Сонымен қатар тілдік грамматикалық түсінік және тәрбие тақырыптары қоса берілген.

Яғни:

1. Сөздерді дұрыс оқу.
2. Сөздерге сұрақ қоя білу.
3. Әрбір сөздің мағынасын түсіндіру.
4. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.
5. Сөздерді буынға бөлу.
6. Әр сөзді қатыстырып, сөйлем құрастыру.
7. Көп нүктенің орнына сөзді қойып, аталған жұмысты жалғастыру.

Сонымен қатар "аз" және "көп" деген ұғымдарды нақты көрнекіліктер арқылы түсіндіру. Заттың атына, қимылына, сынына, санына байланысты сұрақ қойып, жауап беру талап етіледі. Заттың түр-түсі, көлемі, т.б. жөнінде түсінік беретін жұмыстың түрлері жүргізіледі.

Сабақты ойын түрінде жүргіземіз. Тақырыпқа сәйкес қазақтың ұлттық ойындарын сергіту сәтінде жүргізуге болады. Мысалы: "Жазып бер" ойыны. Ойын оқушыларды әдемі, өрі қатесіз жазуға төселдіру мақсатында жүргізіледі.

Ойын тәртібі: Оқушыларды қатесіз жазуға жаттықтыруға қажетті әріп, сөздері бар бірнеше карточкалар жасалады.

а) Мұғалім үстелінің үстіндегі карточкалардың жазуы бар бетін төмен қаратып жазып қояды да, оқушыларды бір-бірлеп тақтаға шақырады.

Тақтаға шыққан оқушы өзі қалаған бір карточканы алады да, оны оқып шығып тақтаға іліп қояды. Содан кейін шыққан бала егер алған карточкасында әріп болса, оның үлкені мен кішісін, жеке сөз болса оны әдемілеп жазып береді. Басқа оқушылар оны дәптерлеріне жазады. Мұғалім балалардың жақсы жазғандарын мадақтап, нашарларын алдағы уақытта дұрыс жазуға ақыл береді

б) Мұғалім үстел үстінде жатқан бір карточканы алып, оқушыларға көрсетіп, оқытады. Содан кейін ол карточкасын жазуы бар бетін әрі қаратып, іліп қояды. Оқушылар оны (әріп, не сөзді) қатесіз, әдемілеп жатқа жазады. Жазу жұмыстарында "Жазып бер" ойынын ойнатып, оқушылардың қолын тез жазуға, әдемілеп жазуға тәрбиелеу.

"Әліппеде көк сызықпен қоршалған сөздер берілген. Бұл сөздер өнегелі сөздер деп аталады. Әрбір әріпке өнегелі сөздер ұсынылған. Мысалы: "Т" әрпіне "ата", "Н" әрпіне "нан", "ана", "Ғ" әрпіне "аға", "У" әрпіне "ту", "Ш" әрпіне "шапағат", "О" әрпіне "Отан", "Д" әрпіне "дана", "Б" әрпіне "баба", "бала", "Ы" әрпіне "ырыс", "ынтымақ", "Ұ" әрпіне "құран", "нұр", "Е" әрпіне "еңбек", "шешен", "шебер", "жер", "І" әрпіне "іні", "білім", "ілім", "Ә" әрпіне "әке", "әже", "И" әрпіне байланысты "иман" атты өнегелі сөздер берілген.

Сабақта бұл сөздердің мағынасы ашылып, түсіндіріледі. Өнегелі сөздерге сөйлем, әңгіме құратқызып, осы сөздерге байланысты өлең оқытып, мазмұнын ашуға болады.

Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әр түрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Көрнекілік оқушыларға заттың өзін немесе олар-

дың бейнесін тікелей көріп байқауға мүмкіндік береді. Сауат ашу кезінде жеке суреттер, кеспе әріптер, мазмұнды суреттер және дидактикалық ойындарды пайдалануға болады. Көрнекілік түсінікті, қарапайым, әсерлі болуы керек.

Сабақтың тақырыбы: Б дыбысы мен әрпі.

Сабақтың мақсаты: Б дыбысы мен "б" әрпімен таныстыру. "Б" дыбысына сөздер ойлату және сөз ішінен "б" әрпін белгілеу. "Б" дыбысының дауысты, дауыссыз дыбыс екенін ажырата білуге үйрету.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың көрнекілігі:

"Б" әрпінің баспа, жазба түрлері, суреттер,

"Бауырсақ ертегісіне" байланысты сюжетті суреттер, жұмбақтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Өткен сабақты қайталап, бекіту.

III. Сергіту сәті.

– Балалар, бүгінгі сабаққа алтын балық қонаққа келіпті. Алтын балық бізге қонаққа құр келмепті, аузында тістеген конверті бар.

(Алтын балықтың суреті тақтаға ілінеді, бір оқушы конвертті алып мұғалімге береді, мұғалім қандай тапсырма екенін балаларға оқып береді). Сендердің қандай оқушы екендеріңді көрмекші және білімдеріңді сынамақшы.

– Қане, балалар, "Алтын балық" бізге қандай тапсырма өкелген екен, көрейікші! (конверт ішіне салынған жұмбақтарды мұғалім оқушыларға айтады, оқушылар мазмұнын табады).

Ұзын мұртты сарылар,

Қойнында наны бар.

(Бидай).

Иесі оның сөби

әрі тәсек, әрі үй.

(Бесік).

Қызықтырып әркімді-ақ,

Суда жүзер шалпылдап,

Қай дыбыстан басталған,
Сол жәндіктің атын тап.
(Балық).

– Балалар, байқаңдаршы жұмбақтардың шешуі қай дыбыстан басталған?

– Балалар, "б" дыбысынан басталған.

– "Б" дыбысынан басталатын тағы қандай сөздер білесіңдер?

(Оқушылар білетін сөздерін айтады).

– Балалар, "Б" дыбысынан басталатын қандай ертегілер білесіңдер?

– "Бауырсақ", "Бөдене мен түлкі".

(Бауырсақ ертегісінің мазмұндық суреті ілінген.

1) Кемпір мен шал.

2) Бауырсақтың терезе алдында тұрғаны және домалап кетуі.

3) Қоянға кездесуі, қоянның сөзі (Бауырсақты қояннан құтқару үшін "бақа" сөзін кіші әріптермен жазу).

4) Қасқырға кездесуі ("Бөрік" сөзін жазу).

5) Түлкіге жолығуы.

6) Қазақтың ұлттық "асық" ойынын ойнату үшін "б" дыбысына сөздер ойлау. (Тақтайшаға асықты иіріп тастап, асық қай әріпке түссе, сол әріптен басталатын сөз айту).

7) Сабақты қорыту. Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды мадақтап, "Алтын балықтың" сыйлығы беріледі.

І. і. дыбысымен таныстыру.

а) Көрнекілік арқылы.

ә) Із, ін, піл.

Балалар текше арқылы дәптерге түсіріп отырды. Әрбір сөзге түсінік беріледі. Сөзде неше әріп, неше дыбыс, неше буын бар және "І" дыбысы қай буында келіп тұр, соны сұрау.

б) Сондай-ақ әрбір сөзге схема (сызба) арқылы сөйлем құратып, дәптерге түсіртіп отыру.

в) "І" дыбысы мен әрпінің жазба және баспа түрімен таныстыру.

Дәптермен жұмыс:

а) "І" дыбысы мен өрпін алдымен балалардың қолын жаттықтыру үшін ауада жазу, дәптерге түсіру, элементтерін түсіру.

ә) Оқулықпен жұмыс.

1. Көрнекілік (қатар бойынша жарыс).

Тіс т л п л

К лт тер б л м

К с жем с к ш

(тақтаға осы сөздер жазылған плакат ілінеді. Қатар бойынша үш адам шығып орындайды. Қай қатар бұрын болса, сол қатар жеңіске жетеді.)

б) тіл туралы түсінікті балаларға қысқаша кіріспе айту.

Өз тіліңмен ер жетіп,

Қол созасың күнге сен.

Өз тіліңмен еліңе,

Пайдалысың күнде сен.

Ә.Асылбеков.

Ана тілі – асыл нәрі бабамның,

Қуатымсың ақ сүтіндей анамның.

Сәби шақтан бесігімнен өн тыңдап,

Туған тілді жаттап өскен балаңмын.

Содан соң оқулықтағы ана тіліне байланысты нақыл сөз оқылады.

Нақыл сөз түсіндіріледі, оқушылар оқиды.

1. Ана тілін білмеген,

Анасын да сыйламас.

2. Ана тілді құрметте!

(хормен 4-5 рет қайталап жаттайды, жеке оқушылардан жатқа сұралады).

"І" дыбысы бар сөздерді тауып, і дыбысы нешінші буында келіп тұрғанын ажырату.

в) Оқушылардан қандай сұрағына жауап беретін сөздер сұралады. Сосын оқулықтағы берілген тапсырмалар орындалады.

Қандай?

Ауыр-жеңіл.

Жуан-жіңішке.

Алыс-жақын.

Сол жақтағы сөздердің мағынасына қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, оларды буынға бөліп, "і" дыбысы нешінші буында келіп тұрғанын анықтау керек.

2. "Кітап" сөзіне дыбыстық талдау жасай келіп, "білім" сөзінің мағынасын ашу мақсатында Х.Арғыновтың "кітап" мәтіні оқытылуы қажет.

Кітап

Мені жұрт сүйеді, құрметтейді, маған арнап шкафтар жасап, үстіме шаң жуытпай, таза ұстайды. Мені ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырады. Мен де адамды жақсы көремін. Қалтқысыз қызмет етемін. Адамға жақсы тұруды, бақытты өмір сүруді үйретемін. Мен адамның досымын. Менің атым – кітап. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Фабрика ол ағаштан қағаз жасап шығарады, оған авторлар жазады, суретшілер сурет салады. Баспахана жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар машина мен поездарға тиеп, қала-қалаға, ауыл-ауылға таратады

Міне, енді сенің қолыңда тұрмын. Сен мені күтіп, жыртпай таза ұста. Мен сенің сенімді досыңмын.

Әңгіменің мазмұны ашылады.

1) Бар кітапқа бас болған,

Әліппе – ғылым анасы.

Әліппеден басталған,

Даналықтың данасы.

Білімнің бөрі кітапта. Білімсіз күнің жоқ деген тұжырымға келеді.

Кітап – білім бұлағы.

(балаларға оқыту, жаттату).

"Білім" сөзін талдап, буынға бөлу,

"І" дыбысының қай буында екенін ажырату.

д) "Бірлік" сөзінің мағынасын ашу үшін "Шалқан" ертегісі оқылып, көрнекілікпен ертегінің мазмұны ашылып, оқушыларға "бірлік болмай, тірлік болмайтындығы ұқтырылады".

ж) Дәптермен жұмыс.

Оқулықтағы "ірімшік" сөзіне сөйлем құрау.

Дыбыстық талдау, буынға бөлдіру.

І-рім-шік.

І әрпі нешінші буында кездесті, яғни, оның буынның басында, ортасында, аяғында келіп тұрғанын айту.

Сөйлем құрастырып, схемасымен беру.

VI. Жаңа сабақты қорыту.

(жинақтау әдісін қолдану).

Тиін

Түсі қызыл жалындай,

Көзі жылтыр лағылдай.

Тиін – орман еркесі,

Орман – оның өлкесі.

Қарағайда қуыс бар.

Ұясы сол тыныштар.

Қарағайды қағады,

Тәтті жаңғақ шағады.

Тиін – орман еркесі,

Орман – оның өлкесі. (М. Әлімбаев).

Кірпі сөзіне дыбыстық талдау.

Балалар кірпі туралы әңгіме құрастырады.

Сауат ашудың негізгі мақсаты – балаға хат танытып, жазуға, оқуға үйрету.

Сауат ашу жұмысы – баланың әріп танудан бастап, өз ана тілін танып-білудің алғашқы баспалдағы.

Сауат ашу кезінде оқушыларды оқуға, жазуға, айтуға үйретіп, әріп танытып, тұтас сөзді, сөйлемді, мәнді оқуға үйретіп, сауатты жазуын қалыптастыру.

Мұғалім сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушыларды сөйлем құрастыруға, тексті оқуға, көшіріп жазуға, сөйлеуге дағдыландырады.

Әліппеден кейінгі кезең

Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – сауат ашу кезеңінде берілген білім негіздерін одан әрі жетілдіріп, оқушыларды екінші жарты жылдықта "Ана тілі" пәнін оқытуға даярлау. Ана тілі пәні құрамына оқу, тіл дамыту, жазу және грамматика мен емле салалары енеді. Грамматика ана тілінің ең күрделі саласы және ол балалардың ақыл-ойын дамытуда өте маңызды қызмет атқарады. Өйткені, оқушыларға тілдің құрылымдық жүйесін меңгерту, оның заңдылықтарын білгізу осы грамматика арқылы жүзеге асады. Бұл кезеңдегі оқу материалдарының басты ерекшелігі – мұнда өзара байланысты мәтіндер беріледі. Байланысты мәтіндермен жүргізілетін жұмыс оқу қарқынын жетілдіруді, мәтін мазмұнын бірден қабылдап түсінуді, әрбір сөйлемді өзіне тән дауыс ырғағымен оқуды талап етеді. Әліппеден кейінгі кезеңде оқытудың мынандай міндеттері қарастырылады.

1. Буындап оқуды жетілдіре отырып, барлық оқушыны сөздерді тұтас оқуға төселдіру. Сауат ашу кезеңінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланысты. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

2. Оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді жою арқылы сынып білімін теңестіру; әрбір оқушының өздігінен оқып, жазуын қамтамасыз ету;

3. Оқу техникасын жетілдіру арқылы дұрыс оқу, саналы түрде түсініп оқу, мәнерлеп оқу, жылдам оқу машықтарын қалыптастыру. Оқушыларды сөйлемді және мәтінді оқуға үйрету жұмыстарының бәрі мағынасын түсініп оқу мақсатына бағытталады, осы жолда мәтінді мәнерлеп оқу тәсілінің маңызы зор. Бұл шара тыныс белгілеріне қарай кідіріс жасау, екпін мен интонацияны дұрыс қолдана білу дағдыларын меңгерту мақсатында жүргізіледі. Нүкте, сұрақ, леп белгілері не кідіріс жасау арқылы оқушы сөйлемдердің жігін айыра алатын болады. Нүкте қойылған сөйлемнің аяғында дауыс күшінің бәсеңдейтіні, сұрақ белгісі бар сөйлемде сұрау мәні бар

сөздің көтеріңкі екпінмен айтылатыны, ал леп белгісі қойылған сөйлем ерекше сазды әуенмен оқытылатыны мұғалімнің өзі оқып, үлгі өнеге көрсету жолымен меңгертіледі.

4. Біршама көлемді, бірақ қызғылықты да түсінікті мәтіндерді: әңгіме, өлең, ертегілерді сыныпта және сыныптан тыс уақытта үнемі үзбей оқуға жаттықтыру, (қосымша оқуға "Әліппе серігіндегі" материалдар ұсынылады).

5. Оқылған мәтін мазмұнын түсініп, мұғалімнің қойған сұрақтары мен мағыналық бөліктерге бөлген жоспар бойынша әңгіменің логикалық жүйесін сақтай отырып, өз сөзімен айтып беруге төселдіру.

6. Теріп оқу, рөлге еніп оқу, мәтінге, оның бөліктеріне ат қою, өлең жаттау жұмыстарына арнайы көңіл бөліп отыру.

7. Оқушылардың сауатты, көркем жазуын қалыптастыру; сөздегі әріптердің өзара жалғастық белгілерін меңгерте отырып, біркелкі үзбей жазуға дағдыландыру, шағын сөйлемді көшіру, есте сақтау арқылы жазуға төселдіру.

8. Мазмұнды суреттеу, оқылған мәтіндер және оқушылардың көрген-білгені, серуен, саяхат материалдары, т.б. бойынша шағын көлемді әңгіме жазуға жаттықтыру.

9. Жазылуы мен айтылуы өр түрлі сөздердің емлелік және пунктуациялық нормаларды сақтауға қалыптастыру.

Әліппеден кейінгі кезеңде көптеген ақын-жазушылардың шығармалары енгізілген. Сонымен бірге халық ауыз әдебиеті үлгілері бар. Әліппеден кейінгі кезеңде мәтіндерді оқытудың мынадай әдіс-тәсілдері қолданылады:

1. Мұғалімнің кіріспе әңгімесі.
2. Мәтінді мұғалімнің оқуы.
3. Сөздік жұмысын жүргізу.
4. Мәтінді оқушылардың бөліп-бөліп оқуы (1-2).
5. Мәтінді оқығаннан кейін қысқаша әңгіме өткізу.
6. Мәтінді бөліктерге бөлу.

7. Мәтінді толық оқу.
8. Сұрақтарға жауап беру.
9. Жауаптарды мәтіннен табу.
10. Қорытынды әңгіме (тақырыптардың тәрбиелік мәнін ашу, дамытушылық жұмыстар).
11. Мәтінді мәнерлеп оқу.
12. Мәтінді рөлге бөліп оқыту.
13. Шығармашылық жұмыстар (мақал, ойын, сахналық қойылым, сурет салу, мәнерлеп жатқа айту).

Сабақ өткізудің әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану мұғалімнің шеберлігіне, ізденіп, еңбектенуіне байланысты. Сауат ашу кезеңінің соңында оқушылардың білімділік және икемділік деңгейлері қалыптаса бастайды:

1. Алфавиттегі барлық әріптер бойынша кез келген буыннан құралған сөздерді буындап, не тұтас сөзбен оқи алатын болады;

2. Кіші және бас әріптерді дұрыс, біркелкі және өзара байланыстырып, оқыған сөздерін өздігінен жаза алатын болады;

3. Жеке сөздерді, шағын сөйлемді тақтадан не мәтіннен көшіріп, не есту арқылы жазып беретін болады;

4. Өз жазуларын сөздегі дыбыстардың құрамы мен орын ретін айқындау арқылы өз бетінше тексеруді үйренеді;

5. Мұғалім берген сұрақтар негізінде оқыған шағын мәтіндердің мазмұнын айтып беретін болады;

6. Қысқа өлең мәтінін мәнерлеп, жатқа айтып беруге төселеді;

7. Мұғалімнің көмегімен өзара байланысқан, екі-үш шағын сөйлемдерден мазмұндама, шығарма жазуға үйренеді;

8. Кейбір грамматикалық-орфографиялық мағлұматтарды білетін болады;

а) кісі аттары мен ұй жануарларына қойылған аттарды және жер-су аттарын үлкен өріппен жазуды үйренеді;

ә) сөйлемнің бірінші сөзін бас өріппен бастап, ондағы әрбір сөзді бөлек жазуды және сөйлем соңына нүкте қоюды білетін болады.

Әңгіме немесе ертегі оқу сабағы

1. Оқылатын әңгіме немесе ертегі тақырыбы туралы қысқаша кіріспе әңгіме жүргізіледі.
2. Әңгіме немесе ертегі қысқа-қысқа бөлімдерге бөлініп, оқушыларға оқытылады.
3. Әр бөлім оқылып болған соң мұғалім онда не жөнінде әңгіме болғанын қысқаша, ондағы басты-басты ойларға тоқталу арқылы оқушылар зейінін жинақтауды іске асырады. Қажет болса сұраулар қояды.
4. Әңгіме мәнерлеп қайта оқылады.
5. Мәтіннің мазмұнындағы негізгі ойлар оқушыларға анықтатылады.
6. Мәтінмен жұмыс жасалады (мысалы: мәтіннен табиғатты суреттеген жерлерін тауып оқыңдар немесе көңіл-күйді суреттеген жерді табыңдар, т.б.)
7. Мәтіндегі негізгі ойларды оқушылар өздері табады.
8. Мәтін оқу дағдысы нашар оқитын оқушыларға оқытылады.

Өлең оқыту сабағы

1. Өлең тақырыбына кіріспе әңгіме.
2. Мұғалім өлең мәтінін өзі мәнерлеп, нақышына келтіре оқып шығады.
3. Өлеңнің шумақтары бөлініп, әр бөлігі әр балаға оқытылады. Мұнда баланың бір жол оқыса да мәнерлеп, анық оқуына баса назар аударған жөн.
4. Өлеңді мәнерлеп іштен оқытады.
5. Өлең мәтінін тұтас, мәнерлеп, дауыстап оқиды, онда кездесетін кейбір сөздердің мағынасы анықталады, егер мүмкіндік болса жаттатылады.

Жазу сабағы

1. Оқушылардың жазуға дайындығын тексеру (дұрыс отыру, қалам ұстау, дәптер қою, т.б.).
2. Мұғалім бір сөйлем айтады, оқушылар оны қайталайды.
3. Сөйлем сөзге, буынға, дыбысқа талданады.
4. Сөйлемді мұғалім тақтаға жазады, оны оқушыларға оқытады, содан кейін бұл сөйлемді жауып қояды.

5. Оқушылар сөйлемді дәптерлеріне жазады.
6. Тақтадағы сөйлем ашылады да, оқушылар өздері жазғандарын тақтадағымен салыстырып, тексереді.
7. Осылайша 2-ші, 3-ші сөйлемдер жазылады.
8. Оқушылар жазған үш сөйлемін тұтас оқиды.

Оқылған әңгіме бойынша жазу сабағы

1. Оқушылардың жазуға дайындығын тексеру.
2. Мұғалімнің тақтаға жазғанын оқушылар оқып шығады (2-3 сөйлем).
3. Мұғалімнің сұрағы бойынша әңгіменің мазмұны талданады.
4. Әңгімедегі әр сөзге фонетикалық талдау жасалады, жазылуы қиындау деген сөздер түсіндіріледі.
5. Мәтіндегі көп нүктенің орнында болған сөздерді естерінде сақтап оқиды.
6. Мәтінді дәптерлеріне көшіреді, көшіру барысында көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып қояды.
7. Мұғалім көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазады.
8. Балалар өздері тауып жазған сөздерін тақтадағы жазылған сөздермен салыстырып тексереді.

Әліппеден кейінгі кезеңдегі жүргізілетін сауат ашу барысында жазуға қойылатын негізгі талаптар:

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Жазуға негізінен мынадай талаптар қойылады:

- а) әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- ә) әріптердің элементтерін тегіс, бірдей жазу;
- б) әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай, сәл көлбете жазу;
- в) әріптердің, сондай-ақ сөздердің арасындағы қашықтықты бірқалыпты сақтап отыру;
- г) бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.

Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар:

- а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып, сәл көлбетіле қойылады;

ә) бала басын оңға, не солға, иықтарын, кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет;

б) балалар табандарын еденге еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын не алға, не артқа сілтемей отырған дұрыс;

в) партаға көкіректі тіремеу керек. Өйткені, бұл тынысты тарылтады. Жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан үш сантиметрдей жоғары тұрып, қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келгені жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы 25-30 см қашықтық сақталуға тиіс.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сауат ашу кезеңдерін ата.
2. Дайындық кезеңін оқыту ерекшеліктері қандай?
3. Дайындық кезеңіндегі жүргізілетін тақырыптың бір сабақ жоспары үлгісін құру.
4. Әліппе кезеңінің оқу-тәрбие міндеттері.
5. Әліппе кезеңіне байланысты сабақ жоспарларын жаса.
6. Әліппеден кейінгі кезеңдегі сабақ жүйелері.
7. Әліппеден кейінгі кезеңдегі тақырыптарға сабақ жоспарларын жаса.
8. Жазу сабағына сабақ жоспары үлгісін құру.

4-тақырып. Сауат ашу кезінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары

Қазақ бастауыш мектептерінде оқыту ісінің негізін қалаған **Ы.Алтынсарин, А. Байтұрсынов** ағартушы ғалымдар әдістемелік еңбектерінде оқушылардың сауат ашу кезінде сөздік қоры мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруға баса назар аударды.

Сауат ашу кезінде оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту мәселелері **Т.Шонанұлының,**

Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың еңбектерінде де қозғалады. Кейінірек қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеген Қ. Жұбанов, Г.Бегалдин, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, И.Ұйқыбаев секілді ғалымдар осы мәселеге ерекше мән береді.

Тіл дамыту жұмысы сауат ашу кезінде де жүргізіледі.

Сауат ашу кезінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының бастауыш мектептің басқа сыныптарындағы тіл дамыту жұмыстарынан өзгешелігі – оқыту ісіндегі талдау және жинақтау процесінің бірлігінде.

Тіл дамыту үш түрлі салада жүргізіледі: сөздік жұмысы; сөйлем құрастыру; байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөздік жұмысын жүргізуде екі түрлі мақсат алға қойылады: бірі оқылған сөздің мағынасын түсіндіру, сол арқылы оқушыларды саналы оқуға баулу, олардың ойлау қабілетін жетілдіру, екіншісі – жаңа сөздер үйрету барысында, яғни жаңа сөздер үйрету арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту, сөйлем құрастыруға үйрету. Сөйлем құрастырудың мынадай түрлерін пайдалануға болады.

1. Үлгі бойынша сөйлемдер құрастыру. Баяндауыштары зат есімнен, етістіктен, сын есімнен, жіктік жалғаулы сөздерден жасалған екі-үш сөзді сөйлемдер: "Айдос – оқушы", "Күн ашық".

2. Сұраққа толық жауап алу арқылы сөйлемдер құрастыру.

- | | |
|-----------------------|----------------------|
| – Бұл не? | – Қарға қайда қонды? |
| – Бұл дәптер. | – Қарға сымға қонды. |
| – Сенің атың кім? | – Айдос не істейді? |
| – Менің атым – Айдос. | – Айдос кітап оқиды. |

Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары сауат ашу кезінде әрбір сабақ сайын жүзеге асырылып отырылуға тиіс.

Байланыстырып сөйлеу дегеніміз – оқиға мазмұнын жүйелі түрде баяндап шығу, яғни әңгімеге қатысты сөйлемдер арасындағы ой байланысын сақтап, оларды рет-ретімен айтып беру. Байланыстырып сөйлеуді дамыту

оқулықтағы суреттер бойынша, сондай-ақ экскурсиядан, күнделікті өмірден көрген-білгендері бойынша және ойын, т.б. туралы әңгімелер құрастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тіл дамытуға байланысты логикалық жаттығулар жүргізудің мәні зор. Логикалық жаттығулар айналадағы заттар мен құбылыстарды таныту арқылы оқушылардың жалпы ой-өрісін кеңейтіп, тілін дамытады. Мұндай жаттығулар әр топтағы заттар мен жануарлардың атын, сипаты мен қимыл-әрекетін білдіретін сөздерді талап, жинақтап түсіндіріп, оқушылардың сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді.

Мысалы: "құстар: үйрек, қаз, қарға; аңдар: түлкі, қоян, аю", т.б. сияқты сөйлемдер құрастыру нәтижесінде заттардың тобы, тегі туралы жалпы ұғымдар қалыптастырып, алуан түрлі жеке сөздер үйретіледі. Одан әрі әр топтың өзіне тән жеке ерекшеліктеріне тоқталу керек. **Мысалы:** құстың екі қанаты, екі аяғы бар. Ол ұшды. Осылайша логикалық жаттығу тақырыптарын әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Мысалы: жиһаздары, ыдыс-аяқ, киім-кешек, өзендер, теңіздер, газет-журналдар, т.б.

Логикалық жаттығулардың басқа бір түрі – хабарламақ ойдың логикалық жүйесін сақтап, әңгімені жоспар бойынша айтуға және жазуға үйрету. **Мысалы:** "Қоңырау соғылды. Балалар сыныпқа кірді. Мұғалім келді. Сабақ басталды" деген әңгімедегі сөйлемдердің орнын ауыстырып; "Сабақ басталды. Мұғалім келді. Балалар сыныпқа кірді. Қоңырау соғылды" деп құрауға болады.

Сауат ашу сабақтарында сөйлеу мәдениетіне баса назар аударылды. Сабақтағы сөйлеу мәдениетінің талаптары мүлтіксіз орындалып отыруға тиіс. Мұғалімнің сөзі мазмұнды, дәлелді, мәнерлі, бейнелі болуы керек. Өйткені, оқушы сөйлеуді мұғалімнен үйренеді. Оқушыға сөйлеу ортасының да әсері мол. Сондықтан қабырғаға ілінген, тақтаға жазылған жазулар мен көрнекі құралдар – мазмұнды, сауатты әрі көркем болуы керек.

Оқушылардың тілін дамыту мақсатында өткізілген сабақтарда олардың үйренген, меңгерген сөздерін үнемі қайталап, еске түсіріп, сол сөздерді кірістіріп, ауызша да жазбаша да сөйлем құратып жаттықтыру тиімді. Сонымен бірге бұл кезеңде тіл дамыту жұмысы оқушылардың ауызекі байланыстырып сөйлеуін жаңа сапаға көтеру арқылы жалғастырылып, олардың жазба тілінің негіздерін қалау міндеті жүзеге асырыла бастайды. Сөз тіркесі және сөйлем туралы ұғымдар да осы кезеңде меңгертіледі.

Дауыс ырғағын, сөйлеу қарқынын тәрбиелеуге байланысты жұмыстар да ұмыт қалмайды.

Әліппеден кейінгі кезеңдегі тіл дамыту жұмыстарында оқушылардың байланыстырып сөйлеуі қайтадан бірінші кезекке шығарылады. Бұл кезеңдегі тіл дамыту – оқушылардың байланыстырып сөйлеуге бағытталған жұмыстар сипаты әліппеге дейінгі кезеңмен салыстырғанда мүлде өзгеше. Оқушылардың сөз тіркесі мен сөйлемді саналы түрде түсініп, ойларын жүйелі баяндау төсілдерін меңгерту көзделеді.

Ең бастысы – олардың жазба тілінің негіздері қаланып, өз ойларын баяу болса да баяндап жазу машықтарына жаттығады.

Сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының жүйесі:

1. Әліппеге дейінгі кезең

1. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын байқау.

2. Сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсініктер беру.

3. Сөздік қорларын анықтау.

2. Әліппе кезеңі

1. Жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіру, сөздік қорларына енгізу.

2. Оқушылардың жазба тілінің негізін қалыптастыру.

3. Ауызекі байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

4. Оқушылардың сөйлеу дағдыларындағы кемшіліктерді (сөйлеу мәнеріндегі, сөз қолданыстарындағы, т.б.) бірте-бірте жою бағытындағы жұмыстар жүргізу.

3. Әліппеден кейінгі кезең

1. Оқушылардың ауызекі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

2. Шағын сөйлемдерден құралған мазмұндама, шығарма жаза білуге дағдыландыру.

3. Сөздерді орынды қолдана білу дағдыларының қалыптастыру.

4. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Оқушылардың сөздік қорын, сөйлеу дағдысын анықтау үшін берілетін тапсырма түрлері

1. Ойыншықтар арқылы ауызша әңгімелесу.

2. Сурет бойынша әңгімелесу.

Оқушылардың сөздік қорын тексеру үшін берілетін тапсырма түрлері.

1. Заттардың дара және жалпы белгілерін анықтау.

2. Мағынасы қарама-қарсы (антоним) сөздерді қолдану деңгейі.

3. Мағыналары ұқсас (синоним) сөздердің қолдану деңгейі.

4. Дыбысталуы бірдей, беретін мағыналары өр басқа (омоним) сөздердің қолдану деңгейі.

Әліппе кезеңі аяқталған соң жүргізілетін тәжірибелік тексеру оқушылардың тек сөздік қорлары мен сөйлеу дағдыларының деңгейі өсіп қоймай, олардың оқу қарқынының, жазу тілінің, жалпы дүние танымының бақылау сыныбындағы құрдастарымен салыстырғанда елеулі түрде ілгерілегенін байқатады.

Оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдысына берілетін тапсырма түрлері:

1. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеу.

2. Тірек суреттер арқылы әңгімені мазмұндау.

3. Бір тақырып төңірегіндегі тірек сөздері арқылы шығарма жазу.

4. "Ұйқасын тауып" ойнау.

5. Сөйлемдерді мәтін шығатындай етіп, ретімен жазу

6. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құру.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл дамыту жұмыстары, оның түрлері.

2. Сауат ашуға байланысты тіл дамыту жұмыстарын көрсет.

3. Әрбір жұмыс түрлеріне жоспар жаса.

5-тақырып. 1-сыныптағы жазу.

"Жазу дәптерін" пайдалану тәртібі

1. Жазу дәптеріне қаламмен жаздырту.

2. Дәптердің сыртын толтыру.

3. Әр жазу жұмысының аралығына күн, ай аттарын жазбау.

4. Әр жазу сабағында жүргізілетін жазу жұмысының көлемі не жұмыс мөлшері дәптердің жиек сызығына созылған қызыл дөңгелек /о/ белгілерінің аралығы екенін аңғарту.

5. Әрбір жаңа әріпке байланысты берілген суреттерге әңгіме құрастырып және оның дыбыстық, буындық құрамын көрсететін сызбамен жұмыс жүргізу.

6. Әр әріптің жазба түрінің кіші және бас әріптерімен толық таныстыру барысында олардың өзара байланысына, жалғасуына назар аудару. Әріптің құрамы қанша элементтен тұратыны көрсетілген жолға жазғызбау, ашық қалдырту.

7. Тік төртбұрыш ішінде берілген заттар үлгісінің үстінен жүргізу.

8. Жазу жолының басында қара түспен әріптің жазу үлгісі көрсетілгенін, ал қызыл түспен берілген үлгілер, бастырып жазуға арналғанын ескерту.

БІРІНШІ СЫНЫПТАҒЫ ЖАЗУ САБАҒЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ҮЛГІСІ

Сабақтың басында мұғалім балалардан қалам, қарындаштарын партаның қаламға арналған ұясына қоюларын талап етеді. Содан соң олардың тыныш отырып, мұғалімнің айтқан сөзіне зейін қойып тыңдауы қажет екені ескертіледі. Соңынан: "Қазір біз жазу жазып үйренеміз. Біз жазуды неге жазамыз?" – деп сұрайды. Балалардың көпшілігі: "Дәптерге" – деп, жауап береді. "Тақтаға" – деп, жауап бергендері болса, оны да мақұлдау керек. Осыдан кейін сырты күні бұрын толтырылған дәптерді таратып, онымен таныстыра бастайды. Ішкі, сыртқы беттеріне назар аудартады. Дәптердің ішкі бетінде не барын, не жазылғанын, нені көріп тұрғандарын сұрайды. Дәптердің бетінде жазу жазатын сызық жөне одан басқа көлбеу сызылған сызықтар бар екені түсіндіріледі. Бұл сызықтар тұзу, әрі жіңішке сызылған. Оны біз аса ұқыптылықпен қарасақ, дәптер бетіндегі жолдарды көреміз. Кәне, қарайық! Міне, бірінші сызық, міне, екіншісі, т.с.с. жазу жолдары. Бір бетте қанша жазу жолы барын санап шығындар" – деп, санатып шығу керек. Бұдан кейін мұғалім жазу кезіндегі ережені /қаламды, қарындашты ұстау/ қалай орындау керектігі түсіндіріледі. Қалам-қарындаштарды ұштау үлкендер көмегімен алдын ала дайындалып қойылады.

Қаламды оң қолмен ұстайды. "Оң қолдарың қайда?" Олар оң қолын көрсетеді. Қаламды оң қолдарына алуды, оны ұстауды түсіндіріп, әрі нақты түрде көрсетеді. Қаламды ұстап тұрған ұш саусақ жазу барысында жылжып отыратынын, ал соңғы саусақ алақанға сөл бүгіліп тұратынын айтып түсіндіреді. Қаламды қатты қысып ұстамау керектігі, жазғанда батырмай жеңіл, күш түсірмей жазу қажеттілігі ескертіледі. "Егер қаламды дұрыс ұстаған болсаңдар, сұқ саусақты қалам үстінен жоғары көтергенде, қалам түспей, қалған екі саусақ /бас бармақ пен ортаңғы саусақ/ оны ұстап тұра алады", – дейді.

Оқушыларды сабақты әрі қарай жүргізуге дайындап болған соң мұғалім: "Кәне, дәптердің бірінші жазу бетінде не бар, қандай жолдар мен сызықтарды көріп тұрсыңдар?" – дейді. – Ненің суретін көріп тұрсыңдар, осы сызықтардың үстінен қарындашпен жүргізе аласыңдар ма" – деп сұрайды. Содан соң сурет сызығындағы көлбеу және тік сызықтардың үстінен бастырып жаздыртады.

Бұдан кейін жазу жолына жазып үйрену жаттығулары жүргізіледі: екі көлбеу сызықты түйістіріп жазу, жол ішінде жазу. Жол басындағы қара түстің үлгі екендігі, ал қызыл түспен сол үлгіні бастырып жазу қажеттігі түсіндіріледі. Қаламды қалай қарай бағыттап жазу құс тілімен /стрелкамен/ көрсетілгені ескеріледі. Әрбір жазу бөліктерінің /элементтерінің/ ара қашықтығы көзбен мөлшерлеп, тең қашықтықта жазуға дағдыландырылады.

Жазу сабағының арасында балалардың жазу қимылын ұзақ уақыт жасай алмайтындығы ескеріліп және саусақтың бұлшық еттері талғандықтан, міндетті түрде сергіту минуттарын жүргізіп отыру жүктеледі.

Осы бірінші сабақта жоғары сызық, төменгі сызық, жазу жолы, жоғары сызықтан бастау, төменгі сызықтан бастау, жоғары көтерілу, төмен түсу, сызыққа жазу, сызық арасына жазу, сызық ортасынан бастау, т.с.с. түсініктер мен ұғымдар таныстырылады да, келесі сабақтарда олар бекітіліп одан әрі жаңа ұғымдармен толықтырылып отырады.

Сабақ аяғында балалардың жазу жұмыстарына ауызша баға беріліп, қорытынды жасалады.

Үйге жазуға тапсырма берілмейді.

ЖАЗУ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘРІПТІ ЖАЗДЫРУ ҮЛГІСІ

Жазуға жаттығудың кіріспе әңгімеден басталғаны жөн. Мұғалім балаларды жазуға қызықтыра білуі қажет. Мәселен, А әрпін жазып үйренуге арналған сабақтың

кіріспе өңгімесі шамамен былай болады: Оқу сабағында біз А әрпінің баспа түрімен таныстық. Қазір жазба түрімен танысамыз. Әрбір сауатты адам бұл әріпті әрі дұрыс, әрі әдемі жаза білуі керек. Егер оны дұрыс жазбасандар, оның қандай әріп екенін тану өздеріңе де, басқаға да қиынға соғады, ешкім сенің жазғаныңды оқи алмайды. Ол басқа әріптердің жанында тұрғанда да нашар көрінеді. Сендер жақында апа, ата, ана деп жазатын боласыңдар. Бұл сөздерде екі-екіден а әрпі бар, сондықтан өте жақсы жазуды үйренуіміз керек. Әріпті тану, әрі дұрыс жазу оңай емес. Әдемі жазу үшін, жақсы жазуға талаптану керек. Ол үшін әр әріптің қалай жазылатынын еске сақтау қажет. Қазір мен сіздерге а әрпі қалай жазылатынын көрсетемін, оны көріп, еске мұқият сақтап алыңдар.

Мұнан соң оның жазба түрінің кіші және бас әріп үлгілері көрсетіліп, ол қандай элементтерден тұратыны түсіндіріледі де, ол элементтерден тұтас әріпті құрап жаздыртады.

Оқушылардың жаңа әріпті жазуы оларды әріптің жазбаша үлгісімен таныстырып болған соң басталады. Оқушыларға әріп элементі көрсетілген бірінші жолды таптырады да, ондағы әріп элементінің жазылуына назар аудартады, жазу жолының қай тұсынан бастап жазу керектігін түсіндіреді. Қызыл түспен жазылған элементті құс тілінің бағыты бойынша бастырып жазу ұсынылады. Бастырып жазғанда жасалынған қол қимылын еске сақтай отырып, оны ауада жазып көрсету талап етіледі. Тағы да жазылуын еске түсіріп, әрі қарай сол элементті сол жолға жалғастырып жазу тапсырылады. Соған соң балалар өздерінің жазғандарын дұрыс, бұрыстығын білу үшін, жол басындағы үлгімен салыстырып отырады. Мұғалім сыныпты аралап жүріп оқушылардың жіберген қателерін көрсетіп шығады. Әр оқушыға жазу жұмысының қорытындысына байланысты ескертулер жасап, баға береді. Біреулерін мақтаса, біреулерін көтермелейді, біреулеріне жіберген қателігін, не ескермеген жерлерін көрсетеді, ендігілеріне таза жазбай, лас жаз-

ғанын ескертіп, ұқыпты жазу керектігін айтады. Әрбір жаңа жазылған әріп бұрынғы қатені жоюға ғана бағытталғанға саналмай, оны дұрыс жазуды әрі қарай жалғастыру деп білу керек. Екі-үш жол жазу жазылған соң, сергіту минуты жүргізіледі.

Әріпті жазып үйренудің тәртібі төмендегіше:

1. Сөзге дыбыстық талдау жасату, жеке дыбыстау, сөз ішіндегі орнын анықтау;
2. Жазба әріптің жазу үлгісін тұтас көрсету /плакаттан, өліппеден, кеспе әліппеден/;
3. Жаңа әріпті тақтаға жазып көрсету;
4. Жаңа әріп элементтерін дәптерге түсіру;
5. Жаңа әріпті тұтас жазу;
6. Жаңа әріпті басқа әріптермен жалғастырып жазу;
7. Сөйлем жазу;
8. Балалардың жұмысына талдау жасау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жазу не үшін қажет?
2. Оқушылар фонетикадан қандай мәліметтерді білуі керек?
3. 1-сыныптың жазу дәптеріне қойылатын талаптарды ата.
4. №1, №2, №3 жазу дәптерлерімен таныс.
5. Дәптердегі дербес жазу жұмыстарын орында.
6. Көркем жазу туралы түсінік.
7. Жазу дағдыларын қалыптастыру.

6-тақырып. "Әліппе" кезеңіндегі үйрету диктанттарын жүргізу жолдары

Үйрету диктанттары сауат ашу кезеңінде жүргізіліп, сауатын ашып, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізді.

Әліппе кезеңінде өріп, буын, сөз, сөйлем диктанттары сабақ сайын үзбей жүргізіліп отырады. Диктанттар балалардың сауатын ашумен қатар, ойлай білу қабілетін де

жетілдіреді. Дыбыс, әріп, буын, сөйлемдерді бір-бірімен салыстыру арқылы оқушылар олардың мағыналық жағын ажыратуға машықтанады. 1-сынып оқушыларын диктант жазуға төселдіру ісі жеңілден басталып, біртіндеп күрделенеді.

Бұл әдіс оқушыларды не жазатынын алдымен ойлап, мағынасын түсінуге дағдыландырады.

Осыдан кейін бір-екі әріппен олардан құралған буын, сөз және сөйлем диктанттарын жаздыра бастау керек.

Қойылатын талаптар

Әріп диктанттары оқушылардың естіген, үйренген дыбыстарын, әріптің таңбаларын қаншалықты меңгергенін байқау үшін жаздырылады.

Бұл – графикалық схемалардан кейінгі оқушылардың өздігінен ойланып жазған алғашқы сынақ жұмысы. Мысалы: А а дыбысы деп айтылса оқушы А а дыбысының жазба түрін жазу керек. Әрине, бұл алдын ала ескертіледі. Үлкен, яғни, бас әріптер адам аттары мен фамилиясының басында жазылады.

Дыбысты айтамыз, естиміз, әріпті жазамыз, оқимыз, – деген сияқты анықтамалық үлгілерді үнемі айтып отыру керек.

Диктант жаздыру үшін қойылатын талаптар

Буын диктантында мынадай басты мәселелерге көңіл бөлген жөн: дыбыс пен әріпке қарағанда буынның өзіндік өзгешелігі бар, буын құрамындағы әріптер бір-бірімен қосылып жазылады; буыннан сөз құрайды, ал дауыссыз дыбыстар жеке емес, тек дауыстыларға қосылып айтылады.

Сөйлем диктантын жүргізудегі негізгі мақсат – оқушыларға сөйлем деген ұғымды түсіндіріп, оны жаңа сөздерден құрай білуге төселдіру.

Сөйлем диктантын жүргізген сайын, сөйлемнің бір, екі, үш немесе, өлденеше сөз тіркестерінен құралатынын, бірінші сөз бас әріппен басталып, әр сөз бөлек жазылатынын, сөйлем соңынан нүкте, сұрақ, леп белгі-

лерінің бірі қойылатынын ауызша талдаттырып алып жаздырып үйретеді.

Әліппе кезеңінде жүргізілетін үйрету диктанттарының міндеті оқушыларды үйренген өріп, буын, сөз және сөйлемдерін түсініп, сауатты, көркем етіп жазу мен дұрыс сөйлеуге жаттықтыру.

Көру диктанты

Бұл диктант оқушылардың көру, есте сақтау, затты тану қабілеттерін дамыту мақсатымен жүргізіледі. Көру диктантына әліппе бойынша өтілген әріп, буын және жеке сөздермен бірге жазылуы қиын сөздер, сөз тіркестері және шағын текстер, жұмбақ, жаттауға берілген өлеңдер алынады.

Диктант мәтіні үзіліс кезінде тақтаға немесе алдын ала плакат қағазға жазылып қойылады. Оларды оқушылардың екі-үш рет оқып шығуына, асықпай көріп, жадында сақтауына 1-2 минут уақыт беріледі. Содан кейін жазылған мәтін жабылады.

Оқушылар тақтадан оқыған мәтінін есіне түсіріп, дәптерге жазады.

Өздік диктанты

Оқушылар өтілген материалдарға байланысты өздері әріптер мен буындарды, сөз бен сөз тіркестерін және жекелеген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп, ойлана отырып – диктантты өз бетінше жазады. Олар, бірінші – өтілген тақырыпты санаға тоқыту мақсатында мұғалім диктант тексін тақтаға жазады, жеке сөздердің жазылуы, грамматикалық ереже түсіндіріледі. Екінші – мұғалім мәтінді кітаптан көрсетеді. Мәтін бірнеше рет оқылған соң, кітап жабылып, оқушылар жатқа жазады. Үшінші – оқушыларға өлеңдерді жатқа жазғызу. Шығармашылық диктанттың өзіндік ерекшелігі оқушыларды ойлауға жетелеу болып табылады. Бұл диктантты орындау үстінде оқушылар шығармашылық еңбекке үйренеді. Мәселен, мұнда оқушылар сөйлемдегі көп

нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгеше жұмыс атқарады.

Ескерту диктантының көлемі, орфографикалық емле, сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын. Ескерту диктантының ерекшелігі – осы уақытқа дейінгі барлық материалды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлеу. Диктанттың бұл түрі бастауыш үш сыныпта да жүргізіледі. 1-сыныпта айтылуы мен жазылуында ерекшелігі жоқ сөздер алынады, өрі ол дұрыс жазу дағдысына үйретіледі. Мәтін біртіндеп күрделендіріле келіп, 3-сыныпта айтылуы мен жазылуында өзгешелік бар сөздер енгізіледі.

Бақылау диктанты

Бақылау диктанттары бұрын өтілген материалды оқушылардың қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай болғанын анықтау мақсатымен жүргізілетін болғандықтан, әрбір 15 күнде немесе бір, екі тоқсанда өтілген материалды қамтитындай дәрежеде әзірленеді де, ол төмендегіше жүргізіледі:

а) диктант тақырыбы тақтаға жазылады да, алғашқы сөйлемнің бірінші сөзі азат жолдан басталатыны ескеріледі. Қиын сөздер тақтаға жазылып қойылады.

ә) диктант тексін екі рет дауыстап оқып береді, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алу керектігі ескертіледі.

б) мұғалім диктантты сыныпты аралап жүріп емес, бір орында тұрып оқиды.

Графикалық диктант

Графикалық сызықпен бейнелеу. Графикалық диктантта сөйлемнің, сөздің, буынның және дыбыстың схемалары үйретіледі. Оны өр түрлі нұсқада жүргізуге болады: алғашқы кездері берілген сөйлемдер бойынша кескіндеме сызу тапсырылса, оқушылар біраз жаттыққан соң, суреттерге қарап, кескіндеме бойынша сөйлемдер құрастырып жазу жүктеледі.

Әріп диктанты

А, т, п, н жазғандарын оқыту, тексеру.

Буын диктанты

та, ата, на буындарын жазу.

Дыбыстық талдау жасау.

Сөз диктанты

Апа, папа, ана сөздерін тақтаға жаздыру, буынға бөлгізіп, дыбыстық талдау жасату.

Ғ, р, у, л әріптері.

Сөздік диктанты

Таға, тар, арпа, ала, арал, ауа, ту, аналар, ара, ағаш, сағат, мата, дала.

Әріп диктанты

Г, о, й, к, у.

Сөздік диктанты

Шар, алша, ойна, айна, лақ, тоғай, отар, қала, шопан, қалпақ, су, ту, тау, кеме, кесе, егін, шеге, егеу.

Өздік диктанты

1. Өтілген әріптерді жатқа жаздыру.

2. *Са, ма, ра, га, па, на, та.*

Берілген буындардан сөздер жазу.

Үлгі: сана, аға, т.б.

Көру диктанты

Сана, шана, аға, ала, сала.

Сөздерді буынға бөліп жаздыру.

Бақылау диктанты

І, ө, б, г, р, с.

Сана, мата, марал, ағаш.

Ескеру диктанты

І, а, н, г, р, ң, ц, ж.

Жуас ат. Доп ал. Дулат ойна.

Жота, сана, арша, Жандос.

Бір буынды сөздердің астын сызындар.

Көру диктанты

Қасық, орындық, мысық, орын, қамыс, ыдыс.

Сөздерді буынға бөліп жаздыру.

Ескеру диктанты

Емен ағашынан парталар жасалады.

Екінші сөйлемнің кескіндемесін сызыңдар.

Бақылау диктанты

1. Дауысты дыбыстарды жазып шығыңдар.

Жуан дауысты дыбыстың астын бір, жіңішке дауысты дыбыстың астын екі сызып шығыңдар.

2. Ерлан – оқушы. Ол кеме жасады.

Кемені інісіне берді.

Тапсырма: Үшінші сөйлемнің кескіндемесін жаз.

Көру диктанты

Менің әжем бар. Ол көп ертегі біледі. Мен әжемді жақсы көремін.

Бақылау диктанты

1. Әже, екі, ұлы, үні, ыза, өнеге.

2. Оқушылар гүл екті. Мұрат жер қазды. Зада гүлге су құйды.

Тапсырма: Үшінші сөйлемнің схемасын сызу.

Сөздік диктанты

1. Шахтер, щетка, цирк, фильм, концерт, чемодан, шофер, ферма.

Тапсырма: 1. Шахтер, чемодан сөздеріне дыбыстық талдау жасау.

2. Концерт, щетка сөздеріне сөйлем құрап жазыңдар.

Өздік диктанты

1. Өткен дыбыс әріптерін жазып шығыңдар.

А, т, н, н, ғ, р, у, л, с, ж, м, о, қ, б, д, ы, е, і, ә, и, й, ң, з, г, ө, ұ, п, я, ю, х, в, е, щ, ц, э, ч, ь, ш.

Тапсырма: 1. Дауысты дыбыстар.

2. Дауыссыз дыбыстар.

Жіңішкелік ь белгісі мен айыру белгісі бар сөздер жазу.

Шығармашылық диктанты

1. Ақ, суық, жақта, аю, болады.
2. Үстінде, мұз, жүреді.
3. Балық, аю, ақ, жейді.

Тапсырма: берілген сөздерді пайдаланып, үш сөйлем құрап жазу.

Бақылау диктанты

Қыста қар жауады. Мұз қатты. Балалар қуанды. Олар аққала соқты. Шаңғы тепті. Мұзда конькимен зымырады (14 сөз).

Тапсырма: Балалар сөзіне буындық талдау жасау.

Бақылау диктанты

Бала ерте оянды. Төсегін жинады. Ертеңгілік жаттығу жасады. Жуынды. Тамағын ішті. Сумкасын алды. Мектепке кетті (15 сөз).

Қош бол, менің әліппем!

Қатысушылар: Әліппе, математика командалары, уәзірлер, жүргізуші.

Көрініс: Сынып мерекедегідей безендірілген. Оқушылардың 2 командасының әрқайсысында 1 уәзір тұрады.

1-уәзір. Ассалаумағалейкум. Уа, халайық!

2-уәзір. Армысыздар, аталар мен әжелер, аналар!

1-уәзір. Кешегі сәби балаңыз,
Жарады міне, қараңыз!
Ғылым-білім жолына
Енді қайық саламыз.

2-уәзір. Қош келдіңдер, балдырғандар!
Қадамдарың құтты болсын!
Мектеп мынау, есік ашық,
Тек әдебің мықты болсын.

"Әліппе": Ата, зейін салдың ба?
Бар әріптің алдында
Неліктен "А" тұрады?

Деп бір күн сұрады.
Атам менің сауатты
Ата, Ана, Ақыл, Ар, Адам
А-дан басталатын шығар,
Құрбаным "А"-ның алда тұрғаны.

"Математика": Атам, әжем және мен
Болса есепке талабың,
Айта қойшы қане, сен,
Неше адам санадым.

"Әліппе": Әрбір әріп нұрланып,
Бізге нұрын шашады.
Әр әріптен бір шырақ.
Шұғыласын шашады.

"Математика": Алфавитте қайсы әріп
А-дан кейін тұрады.
Деп сұрады мұғалім,
Жауап бердім мен сонда,
Қалғанымыз бөрі, – деп.

"Әліппе": Оңға қарай оқысаң да бір халық,
Солға оқысаң да бір халық,
Бұл қай сөз?

"Математика": Біздерде бар кей бала
Дұрыс айтпай бүлдірген.
Тыңдап тұрған айнала,
Жолдастарын күлдірген.
Бұл қай әріп?

"Әліппе": Қос бүйірін таянып,
Тұратұғын қай әріп?
Жауабы: "Ф".

Жүргізуші сөзі: "Төлдер" айтады.

1-команда: Бұзау "м"-ны "ө"-ге қосып, МӨ дейді,
Бота "Б"-ны "Е"-ге қосып, БЕ дейді,
Құлын "Е"-ні "Е"-ге қосып, ЕЕ дейді,
Бала "Ма"-ны "ма"-ға қосып, МАМА дейді.

"Математика": Екі қолым елім үшін алысса,
Екі аяғым жеткізеді алысқа,
Бәрін қосса қанша болады санап кәр?

"Әліппе": Бас бармақ, қойды баға ғой

Сұқ саусақ, шөпті шаба ғой,
Ортан қол, суға бара ғой,
Аты жоқ саусаққа жұмыс жоқ,
Шынашақ, ұйықтап ала ғой.

"Туған ел" әні орындалады.

Екі командалардың оқушылары өтірік өлеңмен айтысады.

1-команда: Жүгіріп келіп пілге міндім,
Пілге міндім кішкентай інге кірдім.
Бір тышқан ақырыпты,
Мың мысықты шақырыпты.
Қырамын да жоямын деп
Қылыш алып жүгіріпті,
Маса келіп қояды.
Толып қалған қалдықты
Шыбын келіп сояды.

2-команда: сахналық көрініс көрсетеді.
Сүт қалай ұйықтады?

1-оқушы: Сүт бір күні ұйқысырап,
Қатты ұйықтапты.
Ұйықтағаны соншалық,
Ұйып қалыпты.

2-оқушы: Ой-бай!
Сүт ұйықтап қапты
Қарап тұрып
Айран болыпты, – деп ел-жұрты
Қайран бопты.
Сүт ұйқысын қоя алмапты,
Айқайлап жатса да оянбапты,
Мүлде берекесі қашыпты,
Айран болу оңай ма?
Бақырып тұрып ашыпты.
Ашыған айран,
Ашыған айран быжынып
Қазанға симай, құтырыпты.
Бұл сүтке ұйқы ұя салыпты.
Депті әжем әлгі айранды,
Бір дорбаға құя салыпты.

Сүт сонда ғана ояныпты,
Еңіреп тұрып жылапты,
Көзінің жасын бұлапты.
Бәлкім жұрттың өсегі
Әңгіме ғой кешегі,
Дорбадан аққан сары су,
Сүттің көз жасы деседі.
Осы оқиғаға сөз бар ма?
Ертегіге саяды-ау,
Көп ұйықтаған зиян-ау!
(сүт, дорба, қазанның суреттері көрсетіледі).

Жүргізіші: Қазақ халқы ең ежелден балаларын таза-лыққа, кішіпейілдікке, инабаттылыққа тәрбиелейді. Ендеше, балалар, қандай тиым сөздерді білесіңдер?

1-оқушы: Босағада тұрма.

2-оқушы: Ақты баспа.

3-оқушы: Кісіге қарап керілме.

4-оқушы: Түнде жалаңбас шықпа.

5-оқушы: Жағынды таянба.

6-оқушы: Үлкендердің сөзін бөлме.

"Не жаман" әні орындалады.

"Әліппе": Аспанда не ыстық?

"Математика": Күн ыстық.

Жерде не ыстық?

Бәрі: Ал жерде

Әке мен шешеміз,

Сүйікті әрі тым ыстық

Туған қыз-ұл ыстық.

Ата-аналар атынан 2-командаға музыкалық шашу беріп жатқанда жүргізуші келгендерге лотерея билеттерін таратады.

Ойын. "Кім епті?"

Ұзынша жіпке құттықтау хаты қыстырылып екі командадан 2 оқушының көздерін байлап, қолдарына қайшы беріп қидыртады.

Лотерея билеттерінің сұрақтары:

1. Қазақтың бір халық әнін атаңыз.
2. Қыз, ұл туралы мақал айтыңыз.
3. Жұмбақ айтыңыз.
4. Қонақтың қандай түрін білесіз.
5. Той бастаңыз.

Оқушылар ойыны аяқталғанда лотерея тапсырмалары да бітіп, тойбастарға дайындық жүргізіледі.

1-оқушы:

Шіркін, жылдам өссекші,
Баптап ағаш егер ек.

Шіркін жылдам өссекші,
Жеріңді гүлге бөлер ек.

Шіркін жылдам өссекші.

2-оқушы:

Қош бол, құтты, Әліппем,

Көп нәрсені үйреттің,

Таныстырып әріппен,

Тақылдатып сөйлеттің.

Бәрі:

Таныстырған 42-әріппен

Қош бол, менің, әліппем!

Сені оқи, жаза білгенім,

Сауатты адам санасына кіргенім.

Бәрі "Әліппе" оқулығын сүйіп, тағзым етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бастауыш сыныптағы диктант түрлеріне түсінік бер.
2. Әр түрін сипатта.
3. Диктанттарға мәтін құрастыр.

II ТАРАУ

ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ АӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Оқудың маңызы. Бастауыш сынып ана тілі оқулықтарының мазмұны

Бастауыш сынып оқушыларын дамыта оқытудың маңызды міндеті олардың білімі мен дағдыларының дәрежесін ғана емес, сонымен бірге баланың ақыл-ой мен іс-қимыл әрекеті тәсілдерін қалыптастыру болып табылады. Осындай күрделі міндетті шешуде ерекше орын алатын пән – ана тілі. "Ана тілі" пәнінің маңызы туралы Ж. Аймауытов былай дейді: "Оқытатын пәндердің бәрін бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән – ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы; өсіп, өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерек" ...

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасында: "Білім мазмұнын, оның құрылымын анықтауды дамыта отырып оқытудың ұстанымынан басқа мазмұнының интегративті сипатын қамтамасыз ету басшылыққа алынды" делінген. Бастауыш сатыда соған сәйкес білім мазмұнының мынадай құрамы анықталған:

- дүние туралы (көркем, мифтік, т.б түсініктермен байытылған дүниенің ғылыми бейнесі);
- оқушының бойында қалыптасуға тиіс әрекет түрлері (ойын, оқу еңбек, қарым-қатынас);

– дүниені танып-білудің әдіс-тәсілдері (логикалық ғылым туралы білім, біліктер). Пәндерді интеграциялау арқылы оқытудың кейбір үлгілерін қарастырайық.

1. Сабақ кестесі арқылы бір оқу күніне синхронды реттелген ортақ тақырып "Төрт түлік".

1,2 сабақ "Ана тілі". Түйе, ботақан, у дыбысы әрі дауысты, әрі дауыссыз. 3 сабақ – дүниетану; малды қысқа даярлау. 4 сабақ – еңбекке үйрету; ермексаздан шөккен түйені мүсіндеу.

2. Пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асатын интегративтік (кірістірілген) сабақ 1 сынып – ана тілі.

Сабақтың тақырыбы: "Төлді қалай шақырады?"
Дауыссыз дыбыстар.

1. Білімділік. Өлеңді шапшаң және мәнерлеп оқуға төселдіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, пәнге қызығушылығын арттыру.

2. Дамытушылық: Оқушылардың сөйлеу тілін, ой-өрісін дамыту, берілген сұраққа тиынақты жауап беру, тіл байлығын, сөздік қорын молайту, өз бетімен жұмыс істеуге және байланыстырып сөйлеуге үйрету.

3. Тәрбиелік: Үй жануарларының адамға пайдасын, төрт түліктің түрін, өсу жолын білу, жан-жануарларға қамқор болу, халықтық кәсіпті танытып, оны бағалай білуге үйрету және адамгершілікке, табиғатты сүйуге баулу, әдемі, таза, сауатты жазуға дағдыландыру.

Сабақтың түрі: Интегративті.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, ән сабағы, дүниетану, еңбек.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Сабақтың көрнекілік құралдары: "Төрт түлігі – бірлігіміздің ырысы" атты буклет, "Жайлауда" мазмұнды сурет, үй жануарлары мен аңдардың суреттері, дауыссыз дыбыстар (плакат), алфавит. Міне, осылайша интегративті оқытуды ұйымдастыру білім мазмұнының біртұтастығын қамтамасыз етіп, табиғат пен қарым-қатынастағы халқымызға тән қасиеттер жайлы табиғат пен адамды бірлігі жайлы ой-пікірлер қалыптастырып, оқушының ой-өрісінің дамуына жағдай жасайды.

1-сынып "Ана тілі" – интеграциялық оқулық. Оқулықта оқу материалдардың мазмұны маусымдық-тақырыптық принципке құрылған. Жалпы сағаты 126, аптасына 7 сағаттан оқытылады. Оқу-жазу – тіл дамыту жұмыстарын өзара байланыстыра күнбе-күн ретіне қарай орнын ауыстыра отырып жүргізу қажет.

Мысалы: оқу-жазу – тіл дамыту
жазу-оқу – тіл дамыту, т.б.

Оқулықтағы ақын-жазушылардың туындылары соңғы талаптарға сәйкес, педагогика-психология және әдістемелік ғылымдардың соңғы жетістіктеріне қарай іріктелген. Оқулықты негізінен 3 топқа бөліп қарастырамыз, тақырыптары мынадай:

1. "Біздің Отанымыз".
2. "Адам және табиғат".
3. "Отбасы және балалар".

Сонымен бірге оқушыларға ғылыми-танымдық түсініктер беріледі. Ол қарапайым білім беру мақсатын көздейді, 1-сыныпқа жеңіл түрде беріледі: "Менің туған жерім", "Табиғат тамашалары", "Аспан әлемі", "Ауа", "Жер".

"Ана тілі" оқулықтары ауыз әдебиеті үлгілерін қамтиды. 1-сыныпта өлең жырлар, шешендік сөздер, мақал мәтелдер, нақыл сөздер, ертегілер, әңгімелер берілген. Ақын жазушылардың таңдамалы шығармалары енгізілген, әсіресе, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Торайғыров, С.Бегалин, С.Омаров, Ә.Қоңыратбаев, т.б шығармалары, әңгіме, мысал, ертегілері бар. 1-сынып ана тілінде мынадай үш деңгейде жаттығулар мен тапсырмалар берілген, олар арнайы таңбамен белгіленген. Δ – үлгі бойынша. □ – ізденушілік. X – шығармашылық деңгейдегі жаттығулар.

Авторлары: Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаев, Р.Ызғұттынова, С.Тәжімбетова.

Басқа сыныптың ана тілдерінен ерекшелігі, онда ана тілімен бірге қазақ тілі бірге байланыстыра оқытылады.

Тілдік және оқу материалдары грамматика мен емлені меңгертуді көздейді. Балалар тақырып бойынша сөйлем, сөз, дыбыс, әріп, алфавит, буын, тасымал затқа, қимылға қатысты сұрақтардан хабардар болады. Бас әріппен жазылатын сөздер қорын сан жағынан байыта түседі. Дауыстап оқудан іштей оқуға көшу жүргізіледі және сөзді тұтас, шапшаң түсініп оқу қажет. Оқу жылдамдығы қаңтарға дейін 25, 30 сөзбен өлшеніп, негізінен, 2-сыныптан бастап оқу жылдамдығы минутпен дұрыс есептелгені дұрыс. Сонымен қатар іштей оқуға үйретудің маңызы зор. Дауыстап оқыса, қалған оқушыға зиянын тигізеді.

Халық ауыз әдебиет үлгілерінен ана тілі хрестоматиясында:

"Менің атым Бөлтірік", "Досболдың тапқырлығы" "Қожанасырдың тойға баруы", "Алдар көсе мен бай баласы", "Арыстан мен түлкі ертегісі", "Күшік пен мысық" мысалы, т.б. берілген.

Оқушылардың оқу дағдылырын, тіл дамыту, оқу қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту, мақсатын көздейтін "Кел, балалар, оқылық!" деген атпен берілген оқу құралы оқулыққа қосымша ұсынылады. Оқулық мазмұнына сәйкес: "Қызықты қыс", "Туған өлкем Қазақстан", "Төрт түлік толы далада", "Көктем келді, – құс келді", "Ұлыстың ұлы мейрамы – Наурыз", "Кім болам", "Бейбіт өмір сақшысы", "Жадырап жаз шықты", "Ертегілер елінде" тақырыптары бар. Оқушының өз бетінше оқуына арналып мұнда өлеңдер, тақпақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, санамақтар тақырыпқа жүйелі түрде берілген.

Кестелер жинағы.

"Ана тілі" оқулығының мазмұнына сәйкес көрнекіліктерді пайдалануға 12 кесте берілген. Әр кесте оқулықтың басты бір тақырыбына сай келеді. Мысалы: "Кім? Кімдер? Не? Нелер?" "сұрақтарына жауап беретін сөздер. "Бас әріппен жазылатын сөздер", т.с.с. тақырыптар нақты мысалдар арқылы жүйелі берілген.

Үлестірмелі дидактикалық материалдар

Бұл материалдар дидактикалық оқулыққа сәйкес оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, тілдің фактілерді меңгерту мақсатында дербес жұмыс істеуіне негізделіп құрылған.

2-сынып. "Ана тілі" 136 сағат, аптасына 4 сағат. 2-сыныпқа арналған оқулыққа іріктеліп алынған материалдар негізінен халық ауыз әдебиеті үлгілері, көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармалары мен үзінділер, сонымен бірге танымдық маңызы жоғары кейбір ғылыми очерктер мен үзінділер, мақалалар болып табылады. Оқулыққа енген материалдар құрылымы жағынан тақырыптық принципке сәйкес орналастырылған.

Әр бөлім оқулыққа арнайы енгізілген кейіпкерлер – Зерделі мен Талапбектің сөздерімен басталады. Кейіпкерлер 1-сыныпты аяқтап, балалармен бірге 2-сыныпқа көшкен ұл мен қыз. Бөлімді кейіпкерлер сөзімен бастаудың себебі – оқушыларға түсінікті тілмен, осы бөлімде берілетін білімнің мақсатын түсіндіру. Әрі оларды әрекетке бағыттайтын әсерлер туғызу, сондай-ақ осы бөлімнен алатын білімнің қажеттілігіне оқушылар зейінін аудару. Әр бөлімнің соңында тағы кейіпкерлердің қатысуымен (Зерделі мен Талапбектің) оқушылардың білімі, біліктілігі мен дағдысына орай түрлі сұрақтар, тест-тапсырмалар мұғалімнің шеберлігіне қарай жетілдіріліп отыруы тиіс. Оқулықтағы білім мазмұнына сәйкес берілетін білім, білік, дағды төрт деңгейге бөлініп көрсетіледі.

1. **Алғашқы деңгей.** Оқушы оқу сабақтарының негізгі мақсаттарына жетуге, дұрыс, саналы, жылдам, мөнерлеп оқуға төселуге тиіс.

2. **Орта деңгей.** Мұнда берілген сұрақ тапсырмаларды (Δ) оқушы көркем шығарманың өз ішінен, кейбір жағдайда бұрынғы оқығандарын еске түсіру арқылы өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен орындай алады.

3. **Жоғары деңгей.** Мұнда берілген сұрақ тапсырмаларды (□) орындау кезінде, мұғалім оқушыларға сұрақ

қою арқылы оларды ізденіске тартып, олардың ізденушілік қабілеттерін арттырады.

4. Шығармашылық деңгей. Берілген сұрақ тапсырмалар (*) ізденіс сипатында болады. Оқушылар алға қойған жұмбақ сияқты міндетті дұрыс аңғарып, іздену жоспарын өздері жасайды, талдайды, нақтылайды, қорытындылар жасайды.

2-сыныптың ана тіліндегі сөздері 100-150-200 сөзден тұрады. 10 шумақтан төмен өлеңдерден құрылған сөздік жұмыстар қазақ тілінде беріліп, неологизм мен архаизм, синонимдердің мағынасын оқушыларға түсінікті тілмен жеткізеді. Ол шартты белгі түрінде сандықшамен көрсетілген. Ақын, жазушылардың суреттері, өмірбаяны, шығармашылығы туралы қысқаша мағлұмат беріліп, олардың бір-екеуімен таныстырады.

Балалардың өтілген тақырып туралы білімін кеңейту мақсатында жұмбақтар, мақал-мәтелдер өтіліп жатқан тақырыптарға сай іріктеліп берілген.

Нақыл сөздер, 7,9,12 буынды өлеңдер бар.

"Сөйлегенде пайдалан" деген тақырып пен тараудың соңында әдемі тіркестер берілген. Мысалы: Жарқын шырай, қасиетті тіл, аялы алақан. Халық ауыз өдебиетінің түрлерімен таныстырып, олар туралы теориялық анықтама берілген, ол көк қоршауға алынған.

Әшекейлі суреттер эстетикалық талапқа сай, әрі балалардың қиялын дамытуға септігі тиеді.

Қосымша түсініктер екі көк сызықпен берілген.

Мысалы: А.Жұбанов – алғаш рет Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастырған сазгер, өнер зерттеуші.

7-ші тарауда туысқан елдердің шығармалары берілген. Мысалы: Ш. Айтматов, Л.Толстой, В.Сухомлинский, Б. Брехт, Леонардо да Винчи, И.Крылов.

3-сынып. Ана тілі 136 сағат, аптасына 4 сағат.

Әр бөлім сайын сұрақтар мен тапсырмалар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар берілген. Жұмбақтардың шешімі астына берілген. Әңгімелер 400-500 сөзден тұрады. Әңгіменің соңында жоспар берілген.

Тарих, ауыз әдебиеті, халық педагогикасымен тәлім-тәрбие, адамгершілік, табиғат, атақты адамдар туралы әңгімелер "Абай жолынан" үзінділер бар. Сөздік жұмыстары да қамтылған. Жыл аяғында 7-8 мыңдай сөзді меңгеріп, 10-15 өлең жаттау талап етіледі.

4-сынып. Ана тілі 136 сағат, аптасына 4 сағат.

4-сынып оқулығының бөлімдері жаңартылған.

"Ана тілі" материалдары бойынша оқушылар 1 минутта 140 сөз оқып, жыл аяғында 11-12 мың сөздік қоры болуы керек. Мәтіндердің, өлеңдердің соңында тапсырмалар мен сұрақтар берілген.

4-сынып. Ана тілі оқулығындағы материалдар көлемі жағынан күрделірек. Жоғары сыныпта әдебиеттік оқу курсына үлкен дайындық бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқу принциптері.
2. Оқу сабағының бағдарламамен байланыстылығы.
3. 1-4 сынып. Ана тілі оқулықтарына сипаттама. Салыстырып талда.
4. Күнтізбелік жоспар жаса.
5. 1-сынып. Ана тілі және онымен грамматикалық байланысы. Анықта, дәлелде.

2-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру жолдары

Оқу сабақтарында білім мен тәрбие алу үшін қажетті әр түрлі оқу дағдылары қалыптасады. Оқу дағдысын қалыптастыру әдеби жазба тілі және сөйлеу тілімен байланысып жатады. Оқушылармен жүргізілетін түрлі жаттығулар, тілдің заңдылықтарды, ережелері меңгертілгенде ғана оқу дағдысын қалыптастыруға болады. Сонымен бірге грамматиканың жеке бір ережелері, тыныс белгілер ережелері қажетті болып табылады.

Оқу дағдысын қалыптастыру оқытылатын мәтіндердің тәрбиелік мәнін ашуға қажетті болып табылады. Ол мынадай міндеттерді жүкттейді:

1. Бастауыш сынып оқушыларының әр сынып көлемінде дұрыс, саналы түрде түсінік оқу және мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыруда оқушы жіберетін қателерді анықтау, талдау, топтау.

2. Қайталап оқуды ұйымдастыруға қажетті жұмыс түрі мен тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау, түрлендіру жолдары.

3. Әр сыныпта оқу дағдысының әр түрін қалыптастыру, т.б.

4. Дұрыс оқу, түсініп оқу, шапшаң және мәнерлеп оқуды бірлестікте қарау .

5. Білім, білік, тәрбие – оқу дағдысын қалыптастырудағы басты мәселе.

Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы әр сабақтың қаншалықты дәрежеде ойланып құрылғанына, қолданылатын әдіс, тәсілге және ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Оқудың мынадай түрлерін қалыптастырамыз:

Дұрыс оқу:

1) оқушының оқып тұрғанда (өзіне) сөз ішінен әріпті, жеке буынды, не жеке бір сөзді қалдырып кетпей оқуы;

2) кейбір буынды не жеке сөзді қайталамай оқуы;

3) кейбір дыбыстардың, сөздердің орнын ауыстырмай, сөзді бұзбай оқуы;

4) орфоэпиялық талаптар тұрғысынан қате жібермей оқуы, мәтіндегі сөздердің мағынасына қарай лайықты дауыс ырғағын сақтап қалуы.

Оқушылардың оқу дағдыларын байқау жұмысын жүргізген кезде дұрыс оқудың, жоғарыда қойылған талаптардың үнемі іске асырыла бермейтіні байқалды.

а) мәтінді оқуда баланың оны дұрыс қабылдауына жете көңіл бөлінбей, жалпы ұққанын айтқызуға тырысушылық;

ә) мәтінді оқу кезінде мұғалім тарапынан оқушының әр сөзді дұрыс оқып, әр дыбысты дұрыс айтуына жете зер салынбайтындығы;

б) баланың жеке басының ерекшеліктері мен оның қаншалықты дәрежеде оқи алатындығын ескермей, жөнсіз асықтырушылық.

Оқушының жіберген қатесін түзету мақсатымен кейбір мұғалім балаға қайталап оқытуды жөн санайды. Мұндай әдісті қолдану қатені түзеудің бірден-бір дұрыс жолы деуге болмайды. Оқушылар оқығанда қате оқыса, сөздерді буынға бөлу кезінде ғана, сұрақ қойып, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын анықтау кезінде ғана түзетіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының жіберетін қателері көбіне мыналар:

1. Оқушының кейде бір буынды сөзді қайталап оқи беруі жиі кездеседі.

2. 2-3-сынып оқушыларының оқу дағдысында күрделі сөз тіркестерін оқу үстінде интонация, тыныс белгісі, тағы басқалардан қате кетеді.

3. Бала жылдам оқуға тырысып, соның салдарынан жекелеген сөздерді қате оқиды. Мысалға: "азығы екен" дегенді "азық екен" немесе, "аз екен" деген сияқты.

4. Қазақ тілінің табиғатына төн сөз аралығында жиі кездесетін да, та, те мен бен, пен шылау сөздерінің оқылуында қате жібереді.

5. Сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ұқсастығы салдарынан шатастырудан туатын қате: *ы-і, а-ү, ү-о* дыбыстарын *ә-о-ү*.

6. Сөйлемдердің соңындағы тыныс белгісіне (хабарлы, сұраулы, лепті) қарап дауыс ырғағымен ажырата оқуда, сөздердің мағынасына лайық үннің құбылуында қате жіберіледі.

7. Қазақ бастауыш сынып оқушылары түгіл, кейде үлкен адамның өзі оқығанда қиындық келтіретін біріккен сөздер мен қос сөздерді оқуда қате жіберіледі.

Мұғалімнің ескермейтін жайлары

а) Бір буынды, не көп буынды сөзді оқушының неліктен қайталайтынын жоғарыда айттық.

"Кітапқа қарашы" немесе "Оқыған сөзің кітапта неше рет жазылған екен, байқап көрші" деген ескерту жасап отыруы тиіс.

ә) оқушыдан оқып тұрған сөз тіркесінің соңғы сөзіне зейін қойып, қайта оқуын талап етуі арқылы түзетіледі;

б) мәнерлеп оқудың талабымен байланыстырып жаттығу жұмыстарын жүргізу де орынды;

г) оқытуға үйретуді мағыналық қасиетін таныту арқылы практикалық жолмен жүргізу керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқудың сапалы болуы үшін қойылатын талаптар.
2. Оқу дағдысын дамыту жолдары.
3. Ана тілі оқулықтарымен жұмыс жаса. Мәтіндерді талда. Ескеретін, ескермейтін қателерді көрсет.

3-тақырып. Оқудың түрлері мен сапалары

Оқудың екі түрі бар: дауыстап оқу, іштен оқу. Оқудың бұл екі түрі де бастауыш сыныпта қолданылып, дамытылады.

Сауат ашу кезеңінде дауыстап оқу жүзеге асырылады, өйткені балаларға іштен оқытсақ, оның оқу деңгейін тексере алмаймыз. Дауыстап оқыту арқылы оқуға енді төселіп отырған оқушылардың оқу сапасын дұрыс, яғни түсініп, мәнерлеп оқуын, оқуға шапшандығын байқауға болады.

Әліппеден кейінгі кезең материалдарын оқыту кезеңінде іштен оқуға дағдыландыра бастаймыз. Іштен оқуға үйретудің маңызы зор. Тек дауыстап оқуға үйренген бала мектептің негізгі білім жүйесіне көшкен кезде көп қиыншылыққа кездеседі. Біріншіден, оқушы сабаққа дайындалу үшін жеке өзі ғана болуы керек. Дауыстап оқып отырса, қалған оқушыларға зияны тиеді. Оқу залдарында сабаққа дайындалу қиынға түседі. Екіншіден, оқу шапшандығы дамымайды. Дауыстап оқығаннан гөрі іштей оқу жылдамдығы артады. Мысалы: 2-сыныпта дауыстап оқығанда, оқу шапшандығы минутына 35-50 сөз болса, іштен оқығанда, оқу шапшандығы 45-60 сөз

болады. 3-сыныпта дауыстап оқығанда, минутына 60-75 сөз болса, іштей оқығанда 80-100 болады. 2,3,4 сыныптарда оқудың екі түрі де қабаттаса жүргізіледі. 3,4 сыныпта дауыстап оқудан гөрі іштей оқуға баса назар аударған жөн. Оқушыларға жаңа материалды өздігінен іштей оқып түсіну қиын. Сондықтан тексті іштен оқуға тапсырмас бұрын саналы, түсініп оқуға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Жаңа тексті алдымен дауыстап оқытып, содан соң ғана іштен оқуға нұсқау беруге болады.

Оқушының іштен оқуға қаншалықты төселгенін байқау үшін, түсінуге жеңіл материалдарды іштен оқуға беріп, оқып шыққан соң, әр түрлі әдіс-тәсілмен түсінігін байқау жұмыстарын жүргізген дұрыс. Мұғалім оқудың бұл екі түрін де іске асыру кезінде оқу сапаларына назар аударуы керек. Оқу сапаларына жататындар: дұрыс оқу, түсініп оқу, мөнерлеп оқу, шапшаң оқу.

Мәтінді дұрыс оқу жеке сөйлемді дұрыс оқудан тұрады. Дұрыс оқу үшін оқушылар төмендегідей талаптарды орындауы керек: 1. Сөзді оқығанда әріптеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу, ша-на-лар, то-қу. 2. Оқып тұрған сөздің алдынан не артынан, не ортасына артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу. 3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау *аа-на, баа-ла, а-на-на, ба-ба-ла*, т.б. 4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді, /мағынасына сәйкес келетін/ айтпау, сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау. 5. Ұсақ дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сауат ашу кезеңінде оқушылар бұл талаптарды орындамай, оқу кезінде көптеген қателер жібереді. Сондықтан мұғалім оқудың қалған сапаларын жүзеге асырып, оқу дағдысын жетілдіру үшін, оқу сапасының негізі болып табылатын дұрыс оқу түріне баса назар аудару керек. Егер бала оқуға үйрету кезінде қате оқыса, мұғалім дереу дұрыс оқуға үйрету керек. Бұл жұмыстарды төмендегіше топтап көрсетуге болады. 1. Әр оқушының оқу дағдысын мұғалімнің жеке есепке алып, сол бой-

ынша жұмыс жүргізуі. 2. Қате оқыған сөзін оқыту, сөзді дұрыс оқымағанына көз жеткізу. Мысалы, тон деген сөзді он деп оқыса, сан мен сандық ұғымды қарапайым тілмен түсіндіріп, кеспе өріп, буынмен жұмыс жасату / ба-бал-ала, доп-топ, ас-аш/. 3. Сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіндіру арқылы дұрыс оқуға үйрету. 4. Ұқсас дыбыстарды артикуляциялық жаттығулар арқылы дұрыс дыбыстауға үйрету. Мысалы, ш дыбысы тіл алдынан жасалса, с дыбысы тістің бір-біріне тиюінен жасалады. 5. Жаңылтпаштар айтқызып, тілін сындыру. 6. Орфоэпиялық талаптарға сай оқыту. 7. Оқушының өзіндік ерекшеліктерімен санасу, /көзі нашар, құлағы нашар еститін, қабылдауы төмен/ олармен жеке жұмыс түрін ойластыру. 8. Мәтіндегі сөздің мағынасына қарай лайықты дауыс ырғағын, интонациясын сақтап оқуға үйрету. Дұрыс оқымаса, мұғалім дұрыс оқып беріп, оқушыға қайталаптырады, немесе жақсы оқитын оқушыға оқыттырады.

Оқудың сапалық қасиетінің екінші бір түрі – түсініп оқу. Түсініп оқу дегеніміз – оқушыға оқыған сөз не сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны екінші бөлімдегі айтылған оймен байланыстыруы. Сондай-ақ, тұтас мәтіндегі негізгі ойды айырып, оған өзінің көзқарасын білдіру.

Түсініп оқу дұрыс оқу сапасы арқылы іске асады. Егер бала оқыған материалын дұрыс оқымаса, онда айтылғалы тұрған ойды аңғармай, сөйлемдер арасындағы логикалық, психологиялық байланысты дұрыс қабылдай алмайды.

Егер оқушы оқыған материалдарының мазмұнын саналы түрде меңгермесе, оқушыда белгілі бір икемділік, өмір, зат, құбылыс табиғат, адам, олардың іс-әрекеті туралы өзіндік көзқарасы болмайды. Мұндай жағдайда оқу сабағы өзінің алдында тұрған негізгі мақсат-міндетін де шешпейді, сондықтан, бастауыш сынып мұғалімі дұрыс оқыта отырып, оқығанын түсіну, саналы меңгерту жұмыстарына да ерекше мән беруі керек.

Өз бетінше мәтінді оқы, оның мазмұнын өз сөзімен айтып беру – бастауыш сынып балалары үшін қиынға

соғады. Бұған қарағанда, олар ауызша айтылған өңгімені тез қабылдап, өз сөздерімен жеткізе алатынын байқатады. Өйткені ауызша айтылған сөзді қабылдауда бала үннің, дауыс ырғағының қалай естілетініне көңіл бөледі. Айтылудағы дауыс интонациясы мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Мәтінді өз бетінше оқығанда оқудың түрі мен техникасын /сапасын/ жақсы меңгерген, сөздік қоры мол бала тез түсініп, түсінігін айтуы мүмкін. Ал керісінше жағдайда мұндай іс-өрекет жүзеге аспайды.

Оқушы оқығанын саналы түрде түсініп, толық қабылдауы үшін мұғалімге көптеген жұмыс түрлерін ойластырып, әдіс-тәсілдерді іріктеуіне тура келеді. Мұндай жұмыс түрлерін шамамен төмендегідей бағытта топтап көрсетуге болады:

I. Оқытылатын мәтінге байланысты мұғалімнің өз дайындығы.

1. Оқушыға оқытылатын мәтіннің қашан оқытылатынын, оның мазмұнын, ондағы айтылатын негізгі идеялық ойды мұғалімнің күні бұрын толық білуі.

2. Оқу материалының көлемін, ауыр-жеңілдігін, өткен материалмен байланыстылығын ескеріп, саналы түрде түсініп оқуға итермелейтін әдіс-тәсілдерді іріктеуі.

3. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен образды ой оралымдарын бала лексиконына ендіру, мағынасын түсіндіру жұмыстарын ойластыруы.

4. Ұзақ мәтіндерді бөлімдерге бөліп, ат қоюы. Шығарманың идеялық мазмұнына сәйкес қорытынды ой дайындауы.

II. Мәтінді түсініп қабылдауы үшін оқушылармен жүргізілетін жұмыстар:

1. Оқытылатын мәтінге дайындық ретінде алдын ала экскурсияға шығару, әр түрлі тәжірибе жасату.

2. Өтілетін тақырып мазмұнын толықтыратындай қосымша сыныптан тыс оқу материалдарын беру, оқыту.

3. Жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тақырыптық суреттер іздету.

4. Ән, табиғаттану, бейнелеу өнері сабақтарында өтілетін мәтіндерге сәйкес жұмыстар жасату. /Материал осы пәндермен байланысты болатын жағдайда/. Мысалы, Наурыз мерекесі немесе, 8-наурыз мерекесі қарсаңында осы тақырыпта алдын ала әндер үйрету, жыл мезгілдеріне байланысты суреттер жинату.

III. Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде жүргізілетін жұмыстар:

1. Кіріспе әңгіме.

2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы не оқып беруі.

3. Сөздік жұмысы.

4. Бөлім-бөлім бойынша оқушыларға дауыстатып оқыту.

5. Сұрақ-жауап арқылы не түсінгендерін, қалай түсінгендерін байқау.

6. Іштен оқу.

7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы: рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.

8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.

9. Осы әңгімеге ұқсас, идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгімеге өлең, т.б. айту.

10. Мәтінді қалай қабылдағанын байқау, алған білімін білікке айналдыруға бағытталған қорытынды әңгімеге өткізу.

Осындай жұмыс түрлері өз жүйесін тауып жүргізілгенде ғана бала оқу материалын толық түсініп, өзінің бойына рухани азық алмақ.

Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі – мәнерлеп оқу. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Бұдан шығатын қорытынды: оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсіну керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқиды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу

кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дұрыс оқу, сонымен бірге дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Екінші сөзбен айтқанда, қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тындаушысына әсерлі етіп жеткізу.

Баланы мәнерлеп оқуға үйрету үшін мұғалімнің өзі мәнерлеп оқу техникасын жетік біліп, оның оқушыларына меңгерте алатындай дәрежеде болуы керек.

Көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін ең алдымен дыбыстау мүшелерінің қызметіне, әр дыбыстың жасалуына, естілуіне, оқылуына баса назар аударып, түрлі жаттығулар жасатып отырған жөн. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін дем алуға байланысты. Оқу процесінде ауаны керегінше жұтып, сыртқа бірден сарқып шығармай, ерікті түрде дем алып, орынды пайдалана білсек, бұл мәнерлі оқудың негізгі құралы болмақ.

Мәнерлі оқуда дауыстың маңызы зор. Дауыс сөйлеу мүшелері мен ауаның бір-біріне соқтығысуымен жасалады. Соның ішінде дауыстың ажыратылуы дауыс шымылдырығына тікелей байланысты. Дауыс шымылдырығында пайда болған үн қуыс мүшелері арқылы өткенде әр түрлі реңге ие болады. Сөйлеу мүшелерінің физиологиялық құрылысында кемшіліктер болмаса, дауыс таза, күшті шығады. Ал сөйлеу мүшелерін күтпей, суыққа шалдырса, дауыс қырылдап, дауыс шықпай немесе міңгірлеп, түсініксіз болуы мүмкін.

Әр адамның өз дауысы болады, өйткені әр адамның өзінше анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктері бар.

Дауыстың өзіндік сапасы болады, олар: дауыс күші, қарқыны, тембр.

Сөйлеу, не оқу кезінде дауыс күші бірде жоғары, бірде төмен болады. Мысалы: Құмырсқа мен қара қоңыз бір сыныпта оқып жүр.

Құмырсқа күн сайын бес алып, қоңыздың күнделігі екіге тола берді деген сөйлемдерде көтеріңкі дауыспен оқылатын сөздер – бір сыныпта, күн сайын, екіге, ал жай, төмендеп оқылатын сөздер – оқып жүрді, алып, тола берді, артынша бір қалыпта оқылатын сөздер – құмырсқа мен қара қоңыз, құмырсқа бес, қоңыздың күнделігі.

Осы сөздерді оқудағы дауыс қарқыны /темпі/ орташа болып келеді. Бұл сөйлемдерді тез оқуға болмайды.

Ал дауыстың тембрі /құбылуы/ тыңдаушыға әсер ететіндей болуы керек. Құбылта оқу шығарманың мазмұнын дұрыс түсінгенде ғана іске аспақ.

Дауыстың құбылуын, әсіресе мысал жанрында берілген көркем шығармаларды оқығанда анық байқауға болады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Дикция сөйлеудің тазалығы мен ашықтығы. Бастауыш сынып мұғалімдерінің, дикциясы ашық, таза болуы керек, сөйлеу тілінде мүкіс болмауы керек. Ол үшін мұғалім дыбыстардың жасалуының артикуляциясын жақсы біліп, сөйлеу барысында оны дұрыс қолданып, оқушыларынан да соны талап етіп, түрлі артикуляциялық жаттығулар жасап отырғаны жөн. Мәнерлеп оқуда дауыс ырғағы-интонацияның орны бөлек. Көркем сөз оқушы адамның шығармадағы кейіпкерлердің көңіл-күйі, ішкі сезімін, жан-дүниесін тыңдаушыға сан алуан дауыс сазы арқылы жеткізуін интонация дейміз. Интонация дұрыс болу үшін оның элементтерін дұрыс, бір-бірімен ұштастыра пайдалануымыз керек.

Олар дауыс күші, тембрі, екпін, пауза түрлері, сөйлеу /мелодия/ нормативтік дауыс ырғағы.

Дауыстың күші, темпі /қарқын/, /тембрі/ туралы жоғарыда түсінік беріліп кетті. Енді қалған элементтеріне қысқаша түсінік берелік. Интонацияны сақтауда кідірістерді дұрыс пайдаланудың маңызы зор. Кідірістер /пауза/ логикалық, психологиялық, грамматикалық болып 3-ке бөлінеді. Әрбір сөйлемде айтылатын ойға қазық болатын жеке сөз, не сөз тіркестері болады. Бұл сөздер сөйлемдегі басқа сөздер мен сөз тіркестерінен көтеріңкі

оқылып, тыңдаушының назарын өзіне аударады. Мұндай сөйлем ішіндегі мағына жағынан мәні басым сөздерге логикалық екпін түсіріліп, логикалық кідіріс жасалып, мәнерлі оқылуы керек. Мысалы, Сүлеймен деген патша кірпі мен қарғаға былай деп бұйрық береді:

– Сен, қарға, бір күнде жер дүниені аралап, жақсы сайрайтын құс тап. /Қазақтың халық ертегісінен/.

Бұл сөйлемде логикалық кідіріс "Сүлеймен деген патша", "сен, қарға", "бір күнде" деген сөз тіркестерінен соң жасалады. Өйткені, ой екпіні осы тіркестерге түсіп тұр.

Логикалық кідіріс жасап, ой екпінін дұрыс білу үшін сөйлем мағынасын, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысын таба білу керек.

Психологиялық кідіріс текстің мазмұн-мағынасын, ондағы кейіпкердің іс, әрекетіне, оның көңіл-күйінің құбылуына байланысты оқылады. Мәтінді оқығанда психологиялық кідіріс дұрыс жасалса, тыңдаушы әрі қарай не болатынын тағатсыздана күтеді.

– "Біраз сайрасам қайтеді?.." депті бұлбұл жалынып. Жолбарыс:

– "Мен саған сайрағанды көрсетейін", – деп ұмтыла бергенде, бұлбұл пыр етіп ұша жөнеліпті. / "Мақтаншақ жолбарыс" /.

Бұл мысалда психологиялық кідірістер "сайрасам қайтеді", "жолбарыс", "сайрағанды көрсетейін" деген тіркестерден кейін қойылады.

Грамматикалық кідірістер – тыныс белгілеріне байланысты қойылатын кідірістер. Жазуда белгілі бір нормативті басшылыққа ала отырып, сөйлемге тыныс белгілерін қоямыз. Тиісті тыныс белгілерін сөйлемнің мән-мағынасына байланысты қою – сауаттылықтың негізі. Ал осы сөздерді оқуда тыныс белгі қойылған жерге грамматикалық немесе нормативтік кідіріс жасау – мәнерлеп оқудың негізгі шарты. Әрбір тыныс белгіге кідіріс жасаудың өзіндік ерекшелігі бар. Хабарлы сөйлемнің соңында қойылатын нүкте кілт тоқтамай, сөз соңындағы сөз не тіркес бояу созылыңқырай оқылады. Сол сияқты бастауыштан кейін қойылатын сызықшаға арнайы тоқ-

талып, кідіріс жасалмаса, бастауыштың синтаксистік қызметінің өзгеріп кетуі мүмкін. *Ол – инженер Асыл. Ол инженер – Асыл.* Бірінші сөйлемде ол сөзі бастауыш болса, екінші сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Оқу саласының бір түрі – шапшаң оқу. Шапшаң оқуға үйрету сауат ашудың әліппе сатысының соңына таман жүргізіле бастайды. Дұрыс оқуға төселген бала біртіндеп шапшаңдықты қосып отыруы керек. Шапшаң оқу – қалай болса, солай тез оқу деген сөз емес. Түсініп, мәнерлеп оқуды жүзеге асыра отырып оқу деген сөз. Сондықтан да оқу бағдарламасында оқушылардың, оқу шапшаңдығына, икемділігіне қойылатын талаптың бірі – оқушылардың 1 минутта оқу жылдамдығының сөз санымен берілуі. Мысалы: 1-сыныпта – 15-20 сөз, 2-сыныпта – 25-30 сөз, 3-сыныпта – 60-75 сөз, 4-сыныпта – 80-90 сөз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқу дағдысын қалыптастыру жолдары.
2. Оқу түрлеріне мәтіндер дайында.
3. Оқу түрлеріне түсінік бер.
4. Мәтінді дұрыс оқуға қалыптастыру жолдарын көрсет.
5. Оқу нормаларын пайдаланып, мәтіндік талдау жаса.

4-тақырып. Мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстар

Бастауыш сыныпта оқушыларға мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстардың негізгі мәселелері

Қазіргі заманда оқыту технологияларын меңгерту өте күрделі де ұзақ үрдіс.

Оқу ағарту ісін қайта құру жаңаша ойлау қабілетіміз бен ізденістерімізге байланысты. Ахмет Байтұрсынов: "Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім" деген.

"Ана тілі" оқулықтарындағы түрлі тақырыптың мәтіндерді қабылдату үшін көптеген жұмыстар істеледі. Ол – жаңа әдістерді іздестіру, оларды дәлелдеу міндеті.

Мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстар

Алдын ала жүргізілген әңгімеде мұғалім оқылатын мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды түсіндіруді ұмытпаған жөн. Әңгіменің ішіндегі түсінбеген сөздердің мән-мағынасын біліп алмайынша, оны оқығанда мазмұнын ұғу балаларға қиынға соғады.

Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1. Кіріспе.
2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы және оқып беруі.
3. Сөздік жұмысы.
4. Сұрақтар арқылы не түсінгенін, қалай түсінгенін байқау.
5. Бөлімдер бойынша оқушыларға дауыстап оқыту.
6. Іштей оқу.
7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы, рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.
8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сай сурет салу, мақал-мәтел айту.
9. Осы әңгімеге ұқсас идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгіме не өлең, т.б айту.

Осындай жұмыс түрлері бойына өз жүйесін тауып жүргенде ғана бала оқу материалын толық түсініп, өз бойына рухани азық алады.

Мәтін

Мәтін – бірнеше сөйлемдерден құралған белгілі ойды, оқиғаны білдіреді.

Мәтінге әңгіме, өлең, жыр, ертегі сияқты жанрлар жатады.

Мәтінді оқушыларға мынадай түрлерімен береді: өңгімелесу, пайымдау, сипаттау.

Әңгімелесу арқылы мәтінді бергенде тек мұғалімнің өзі емес оқушылар да қатысып, топта талқыланады.

Ал, сипаттау арқылы мысалы бір нәрсенің бейнесін немесе табиғат көріністерін сипаттайды. Мысалы: Күзде жапырақтар сарғайып, айнала сары алтынға малынады.

Пайымдау дегеніміз – бір сөзбен алғанда, болжау дегенді білдіреді. Мәтін арқылы оқушылардың тіл байлығы жетіліп, ой-өрісі дамиды.

Мәтін неше сөйлемнен құралса да, белгілі бір түйіні болады. Соны ажырата білу керек.

Мәтінмен жұмыс

Сабақтың мақсаты. Мәтін түрлерін ажырата білуге дағдыландыру, мәтінді әңгімелегенде сөйлемдердің мағыналық байланысына қарай ретімен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру.

Оқушылардың сөйлеу, әңгімелесу дағдысын жетілдіре отырып, мәнерлеп сөйлеуге баулу. Мысалы: Ақбөкен қойға ұқсайды. Бірақ оның басы үлкен, тұмсығы жалпақтау. Артқы аяқтары қысқалау, көздері мөп-мөлдір.

а) мәтінге ат қой;

ә) мәтіннің қай түріне жатады.

Оқушылар жауапты тақтада ілулі тұрған кестеден көрсетеді.

Өткенді бекіту сұрақтары:

Берілген сызбамен мәтін туралы қорытындылау.

а) қыс

ә) көктем

б) жаз

а) әңгімелесу

ә) сипаттау

б) пайымдау

а) ақбөкен

ә) қой

б) жануарлар әлемі

Дауысты, дауыссыз дыбыстардан – буын, буыннан – сөз, сөзден – сөйлем, сөйлемнен – мәтін құралады.

ә) Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық жағынан дайындау

Көркем шығарма жазушының сөз арқылы жасаған көркем бейнесі – сурет арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушыға елес туады. Бұл оқушының сезімін қозғайды. Мысалы: балалар қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Яғни, мәтінді әр түрлі қабылдайды (күледі, көзіне жас алады, қорқыныш сезімі туады, т. б.)

б) Мәтінді саналы түрде түсініп оқуға дағдыландыру.

Оқушылардың мәтінді саналы түрде түсініп оқу дағдысын қалыптастыру жолын сөз етпес бұрын ол өзіне, оны меңгеруде қандай қиындықтар кездеседі дегенге тоқталайық.

Оқушылардың мәтінді саналы түрде түсініп оқығаны – оқушының дұрыс оқуы мен мазмұнын саналы түрде меңгергендігінен көрінеді. Мұндай жағдайда оқушыда белгілі бір көзқарас қалыптасады. Олоқығанының мазмұнын ұғып, ондағы суреттерден адамдардың өзара қарым-қатынасын, іс-әрекеттің болу себебін анықтайды. Автордың не айтқалы тұрғанын түсіне алады.

Бастауыш сыныптағы оқу сабақтарында оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру негізінде оқығандарын қабылдау, түсіну мүмкіндіктерін арттыру мақсаты көзделгенімен, оны іске асыру әсіресе, 1-сыныпта өте қиын.

Мәтінді оқушылардың тезірек меңгеріп кетуі үшін мұғалім әрбір жеке сөздің мән-мағынасына баланың көңілін үнемі аударып, оған сөйлемдегі сөздердің ара қатынасын байланыстырып, мәтіндегі негізгі ой бағытын аңғартып отыруы керек.

Дайындық оқылғалы отырған шығармадағы оқиғаға ұқсас баланың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты төсілдермен өткізіледі. Алдын ала жүргізілген өңгімеде мұғалімнің оқылған мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды түсіндіруді ұмытпағаны жөн. Бұларды біліп алмайынша өңгіменің негізгі идеясы мен мазмұнын ұғу балаларға қиынға соғады.

Дайындық өңгіменің ұзақтығы оқылатын материалдың ауыр-жеңілдігіне байланысты.

Сонымен, шығарманы оқуға дайындық жұмысы біріншіден, балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау. Екіншіден, оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру, үшіншіден ондағы сөздер мен ұғымдарды түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

Жұмыстың көздейтін мақсаты – балаларға шығарманы толық та саналы қабылдауға мүмкіндік туғызады. Дайындық жұмысында қандай әдіс-тәсілдер қолдануға болады?

а) оқушының өзіне әңгіме айтқызу;

ә) мұғалімнің кіріспе әңгімесі;

б) ұжымдық түрде әңгіме айту.

Әңгіменің барысында оқушыларға қосымша материал беру, немесе бұрын өткен материалды қайталау тиімді.

в) экскурсияда білгендерін пайдалану (серуен, саяхат);

г) суреттерді қарау;

д) сұрақтар қою.

Кіріспе сөз тақырыпты аша алатындай болуы тиіс. Ұзақтығы 3-5 см. Мәтінді мұғалім дауыстап оқу өзі оқиды.

Мәтінді оқымас бұрын мұғалім оқушылардың қызығушылығын оятып, назарын аударуы қажет.

Түсініксіз сөздерді бірде оқушылардың өзіне айтқызып, бірде өзі атап, оқушылардың түсінігін жанама жетекші сұрақ арқылы анықтау тиімді.

Мәтінді түсініп оқу үшін істелетін жұмыстар.

I. Оқылатын мәтінге дайындық ретінде алдын ала экскурсияларға шығару, өр түрлі тәжірбие жасату.

II. Өтілетін тақырып мазмұнын толықтай қосымша сабақтан тыс оқу материалдарымен беру.

III. Жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тақырыптық суреттер іздету.

IV. Ән, табиғаттану, бейнелеу өнері сабақтарында өтілетін мәтіндерге сәйкес жұмбақтар жасату.

Материал осы пәнмен байланысты болатын жағдайда, мысалы, наурыз мерекесі мен 8 наурыз мерекесі қарсаң-

ында осы тақырыпта алдын ала әндер үйрету, жыл мезгілдеріне байланысты суреттер жинату.

Түсіндірмелі оқу сабақтарында оқушыларды қатесіз әрі мәнерлеп оқуға, саналы түрде түсініп оқуға жаттықтыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Бұл талап оқу сабақтарында оқушыларға дауыстап және іштен оқыту, мәтіннің мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға толық жауап бергізу, әңгіменің мазмұнын жоспар бойынша баяндату, т.б. Осы сияқты жұмыстарды іске асыру оқытылады.

в) Дұрыс оқуға үйрету.

Оқушыны дұрыс оқуға үйрету жұмысы 1-сыныпта басталып, әрбір жеке сөзді дыбыстап емес, буындап оқуға үйретіледі. I тоқсанда сөзді буындап оқып үйренген оқушы II тоқсанда сөзді буынға бөлмей тұтас оқи алатын болады.

2-сыныпта сөйлемді бірден оқиды, 3-сыныпта сөйлемді сазына келтіріп дұрыс, мәнерлеп оқуға жаттығады. 3-сыныпта дұрыс оқуға үйрету үшін алдымен мұғалім әр оқушының қалай оқитынын, әрқайсысының оқу машығын жетілдіретін жұмыстарды жүйелі жүргізу керек.

Түсініп оқу.

Шапшаң оқуда назар негізінен оқушының оқу жылдамдығына аударылса, түсініп оқуда мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін және оны қалай айтып бере алатындығы ескеріледі.

Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқығанның мазмұнын айттыру, сұрақ беру, бір оқығанды қайта оқыту, бір оқушының мазмұндағанын басқаларына толықтыртып қорытынды шығару керек.

Оқушы оқығанын түсіну үшін онда кездесетін жаңа сөздерді алдын ала түсіндіріп отыруы керек. Мұндай жұмыс оқушыға оқығанының мазмұнын жеңілірек түсінуіне көмектеседі.

Оқушыларды оқу машығына үйретумен бірге оларға білім, тәрбие беру мақсаты көзделеді. Білім мен тәрбиені оқушы тек оқығанын саналы түсінгенде ғана ала алады.

Шығарманың мазмұнын айту.

Мұғалім өзі жатқа айтқан, не оқып берген мәтіннің мазмұнын оқушылардың түсінген-түсінбегенін білу үшін сұрақтар қоюға болады. Ол сұрақтар өтілген шығарманың мазмұнын беретіндей болуға тиіс. Егер оқушылар қойылған сұрақтарға жауап берсе, онда олардың әңгіме мазмұнын түсінгені.

Міне, осындай жұмыстар жүргізу арқылы мұғалім оқыған мәтінді оқушылардың қаншалықты ұққанын байқауына болады.

Оқыған мәтіннің мазмұнын айтудың өзі түрліше болады: оқығанның мазмұнын мұғалімнің қалауына, тыңдауына қарай айту, даяр жоспар бойынша айту, толық және қысқаша айту. Мұғалім шығарма мазмұнын олардың қай түрімен айтқызамын десе де ерікті, тақырыпты мұғалімнің жатқа айтуы немесе оқуы оқушыларға үлкен әсер етеді. Бұдан оқушылар ләззат алуға жаттығады.

г) Шығармаға жоспар жасау.

Оқушылар бөлім-бөлімге бөліп оқып, мазмұнын айтқан соң осы бөлімдерге ат қоюға, жоспар жасауға көшуге болады. Мысалы: "Сауысқан мен көкек" ертегісін алатын болсақ, оқушылар оқып алады да, бөлім-бөлімге бөліп, әр бөлімде не жайында айтылғанын ұғып, оған орай бөлімге ат қояды.

Шығарманы бөлімге бөліп оқыту күн сайынғы сабақта іске асқанымен, бөлімдерге үнемі ат қойғыза беруге болмайды. Мұның өзі – қиын жұмыс. Сондықтан мұғалім оқулықтағы жоспар жасап, бөлімдерге ат қою қолайлы материалдарды ғана ұсыну керек. Сонымен, бірінші рет бөлімге бөліп оқытқанда, оқушылар материалды саналы түсінгеніне көз жеткізсек, екінші рет оқығанда, оған жоспар жасау жағын қарастырамыз.

Жоспар шығарма мазмұн көрсететін оқиғаның жүйесін білдіреді.

Жоспар жасау жұмысы екі түрлі жолмен іске асады.

1. Әңгімені бөлімге бөлу.

2. Бөлімдерге ат қою. Оны тәртіптеп жазу.

Оқушылар әңгімені бөлімге бөлу үшін ондағы ойды және қосымша мәселелерді анықтайды.

Оқу жылының басында істелетін жұмыстарды жоспар жасауға дайындық деуге болады. Мұнда суретті жоспар жасалады. Ол үшін мына сияқты жұмыстар жүргізіледі.

1. Оқулықта берілген суреттердің қайсысы мәтіннің қай бөліміне жататынын анықтау және оған ат қою. Егер суреттер оқиғаны толық қамтитын болса, тағы қандай суреттер салуға болатынын ойлау, қиялындағы суреттерге ат қою.

2. Мұғалім әңгімеге, не ертегіге бірнеше сурет береді. Оны оқушылар шығарманың желісі бойынша реттейді.

3. Бөлінген бөлімдерге қандай суреттер салуға болатынын оқушылардың өздері айтады, оған ат қояды.

4. Берілген тақырыптарды шығармалардың желісі бойынша реттейді.

5. Мұғалімнің берген тақырыптары бойынша шығарманы әр бөлікке бөледі.

6. Мұғалімнің берген жоспарын дайындайды.

Мәтінге байланысты ұйымдастырылатын сөздік жұмысы

Оқу сабақтарында сөздік жұмысына арнайы кезең бөлінбейді. Ол сабақтың өн бойында жүреді. Мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше мақсатқа жету мүмкін емес.

Сөздік жұмысын үш кезең бойынша жүргізуге болады.

1. Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде.

2. Шығарманы оқу барысында.

3. Оқып болған соң.

Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіреді, сөздер түсіндіріледі. Оның түрлері мынадай:

– термин;

– мағынасын түрлендіретін сөздер;

- грамматикалық емлесі қиын сөздер;
- кейбір тіркестер;
- мақал-мәтелдер;
- мәтіннің қоршалған түрі;
- сұрақтар мен тапсырмалар.

Сөздік жұмысын оқып келе жатқан материалды үзіп тастап жүргізу оқушылардың көңілін алаңдатады. Сондықтан да оқу барысында түсіндіруге көп әуес болмау керек.

Өлең оқу барысында қиын сөздерді түсіндіруден аулақ болған дұрыс. Өйткені, бұдан өлең ырғағы бұзылады. Сөздік жұмысы тек қиын сөздермен шектелмейді. Басқа да баланың тілін, ойын дамыту үшін жұмыстардың түрлері берілуі қажет. Олар:

1. Мәтінде синоним сөздер бар ма, болса оны қалай ұғындыру керек? Қалай қолданамыз?


2. Синонимдері болмаса архаизм, истаризм секілді басқа да сөз түрлері кездеседі. Осыларды ұғындыру жұмыстары баланың сөздік қорын дамытады. Мұғалім мәтінді оқымас бұрын шығармадағы мазмұнын түсіну қиын және көркем сөздерді қарап алады да, шығарманы оқушыларға жеткізу барысында қай кезеңде қай сөздерді түсіну керектігін анықтайды. Сөздік жұмысын жүргізу оқушының мәтін мазмұнын жете түсінуіне әрі тілдік қорын байытуға игі ықпал етеді.

Сөздік жұмысын түрлендіріп жүргізуге болады:

- "+" – жаңа білдім
- "-" – білмедім.
- "?" – мен үшін жаңалық.
- "V" – білемін.

Мысалы: "Райымбек бастауы" әңгімесі бойынша мынадай сөздік жұмысын ұсынуға болады. Ол тіл дамыту жұмыстарымен байланысты.

1.




Әлденді.

Күш жинады. > Беті бері қарады.

Денсаулығы жақсарды.

2.

Күтілетін нәтиже



Осы бағдарламаға сай мынандай сабақтар жүргізуге болады.

Мысалы: Б.Бұлқышев "Ана".

I. Қызығушылығын ояту.

4-топқа бөліп отырғызылады, Джик Со әдісі бойынша топпен жұмыс істелінеді. Ең алдымен "Кубизм" әдісі бойынша сұрақ қойылады.


Топтың жұмыс үрдісіне байланысты міндеті:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.

2. Тақырыптың түсініксіз жерлерін айқындайды.

3. Топтың сұрақтарына жауап береді.

4. Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді.



II. Мағынаны тану.

INSERT стратегиясы бойынша жұмыс.

"V" – білемін.

"+" – жаңа білдім.

"-" – білмедім.

"?" – мен үшін жаңалық.

Стратегия: Джиксо-1.

Мәтін 4 логикалық бөлімге бөлінеді. Топтағы адамдар 1,2,3,4-ке санау арқылы өзара бөлінеді. Мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін-2, 3-3, 4-4 топтарға оқуға тапсырылады. Оқушылар өздерінің тиісті бөлігімен оқып танысады. Әр топ бөлек-бөлек өз жұмыс тобын құрайды. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтармен

қайта-қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

III. Ой-қозғау.

Стратегия: 5 жолды өлең.

Аяулы да ақ сүт берген анашым

баласын

бейнесі

жомартсын

Стратегия: 2 жақты күнделік.

Мәтіннің әсер еткен тұстары	Сол әсер еткен тұстарға пікірі

Экскурсияда білгендерін пайдалану

Оқушылар мен мұғалім өңгімесінің қай-қайсысын да байланыстыру өте тиімді. Осы экскурсияда көрген-білгендерін оқушыларға оқулықтағы шығармалармен танысу жұмыстарында пайдаланып, үйретудің маңызы зор. Алдын ала сұрақ берудің қажеті жоқ. Шығарма оқылатын жағдайда ғана оның мазмұны бойынша 2-3 сұрақ қоюға болады.

1. Мәтінді оқуға дайындық кезінде.

2. Шығарманы оқу барысында.

3. Оқып болған соң мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғынуда дайындау.

4. Затты табиғи жағдайда бақылау және оны экскурсия кезінде.

5. Түрлі суреттер арқылы сөздердің мағынасын ашып көрсету кезінде.

3) Оқу сабақтарында көрнекі және технологиялық құралдарды пайдалану.

Мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстардың маңызы

Оқушыларға мәтінді қабылдаттыру үшін осындай түрлі әдістерді қолданып, сабақты жаңартып отырса құба-құп. Ол үшін ең алдымен дұрыс мәнерлеп оқуға көп көңіл бөлу керек. Оқушылардың білім алуы – ең алдымен мәтінді қабылдауы болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бастауыш сыныпта оқушыларға мәтінді саналы түрде қабылдаттырудың негізгі мәселелері.
2. Мәтінді қабылдау үшін істелетін жұмыстар.
3. Мәтін. Мәтін түрлеріне түсінік бер.
4. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық жағынан дайындау.
5. Мәтінді саналы түрде түсініп оқуға дағдыландыру.
6. Шығарманы сауатты оқып, мазмұнын айту.
7. Жоспар құру.
8. Мәтінге байланысты сөздік жұмысы.
9. Экскурсияда білгендерін пайдалану.
10. Мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстардың маңызы.
11. Мәтін қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстарға жоспар жаса.

5-тақырып. Көркем шығармалардың кейбір түрлерін оқыту

Әдеби шығарма өмірді түсінуге көмектеседі. Ақын-жазушылардың идеясы, көркемдік шындығы, шығарманың мазмұны арқылы оқушыларды баурап, оларға түрлі сезім, ой туғызады, өмірге көзқарасын қалыптастырады. Көркем әдеби шығармалардың мұндай ерекшеліктері өзіндік әдістемені қажет етеді.

Бастауыш сыныптың ана тілі оқулықтарына көркем шығарманың мынадай жанрлары енгізілген: өлең, жұмбақ, әңгіме, мысал, ертегілер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, айтыс, шешендік сөздер, ғылыми мақалалар мен очерктер, т.б.

Бастауыш сыныпта өлеңді оқыту

Көркем сөзді мәнерлеп, өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтудың, оқушылардың шығармашылық түйсігін қалыптастыруда маңызы зор.

Өлең сөздің тыңдаушыларын өзіне баурайтын сазды, әуезді өрнек-нақышы, эмоциялық бояуы, үні, дыбыс әуені, мәні, табиғаты ауызекі естілгенде ғана ашылмақ. Осындай сиқырлы күшінен де болар, ұлы Абай "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" деген. Өлең сөздің құдыретті қасиетін бала бойына ерте бастан сіңіру, зердесіне жеткізу – оқу-тәрбие ісінде үлкен мәнге ие.

Жақсы өлең жақсы оқылмаса, оның өңі қашады, мазмұны сүреңсіз, әсерсіз шығады.

Өлең сөздің ырғақ, ұйқас, бунақ, тармақ, шумақ кідірістері – қара сөзбен жазылған шығармалардан даралап тұратын белгісі. Осы ерекшеліктер өлеңді ауызша оқығанда, жатқа айтқанда арнайы ескертіледі.

Бастауыш сынып оқушыларына берілген өлеңдер алуан түрлі болып келеді. Кейбір өлеңдер белгілі бір оқиғаға құрылса, ал енді бір тобы автордың көңіл-күйіне, асқақ ойының мағынасын білдіреді.

Өлеңдерді оқу тәртібін шамамен былайша көрсетуге болады:

1) Өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай оқушымен әңгіме өткізіледі. Бұл әңгімеде өлең ішіндегі оқушылардың ұғымына ауыр-ау деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі.

2) Өлеңді ырғағына келтіре, мәнерлеп алдымен мұғалімнің өзі оқып шығады. Оқу барысында балалар кітаптарын жауып, тыңдап отырады.

3) Оқушылар өлеңге әуелі іштерінен көз жүгіртіп өтеді де, сонан кейін оны дұрыстап оқиды.

4) Өлең мазмұны талданады. Кейбір көлемдірек өлеңдер бөлім-бөлімге бөлініп, ал қысқа өлеңдер тұтас талданады.

5) Өлеңді 2-ші рет қорытындылау мақсатында оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі. Оқу техникасы (шапшаң, жай) дауыс сазы, хормен оқу, жеке оқушыға оқыту, т.б. жұмыстар.

Дауыстап оқуға үйрету үшін қойылатын талаптардың бірі – мөнерлеп оқу. Ол дауыс интонациясы арқылы дұрыс оқу, мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, автордың көзқарасын беру, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезіну. Сондықтан әр сөз, сөйлем дұрыс оқылуы керек. Мөнерлеп оқуға дауыстың да қатысы бар. Оған дауыстың күші мен дауыстың қарқыны жатады.

Өлең шумақтары бір-біріне байланыссыз тұрады. Мұндай өлеңдердің бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысып, тез өзгеру себептері баланың жастық ерекшеліктері мен білім деңгейіне байланысты. Екіншіден, баланы қоршаған ортаның әр алуан жаңалықтарына байланысты өзгереді. Үшіншіден, табиғат байлықтары мен ондағы түрлі құбылыстардан, тез әсер алуына байланысты бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауыса береді. Төртіншіден, өзін қоршаған ортаның және табиғат сырларын білуге ынталанған бала тілі жаңа шыға бастағанда-ақ шамадан тыс көп сұрақтар қояды. Шамамен айтқанда бала ата-анаға бір күнде ең кемі 250-300-ге дейін сұрақтар қояды. Бала сөзі сұрақтан басталады. Баланың бір сұрақтан екінші сұраққа тез ауысып отыруы оның әр нәрсенің себеп-салдарын білуге тырысатынына байланысты. Балаларға арналған өлең-тақпақтары да әр алуан болып келеді. Мұндай өлеңдерде түсінікті болуы үшін қайталаулар да жиі кездеседі. Қайталау, өлең айырмасы, өлең құрылысы, формасы, көлемі, өлшемі, варианттары, портрет, пейзаж, гипербола, кейіптеу секілді суреттеу тәсілдері балаларға арналған халық өлеңдерінде ерекше орын алады. Бұл өдебиеттік түсініктерді бастауыш сыныпта беру қажет.

Өлеңдердің тәрбиелік мәні

Баланы сәби кезінен-ақ көркем сөзге күштар етіп баулу қажет, өйткені олар сол үйренгенімен балабақшадан мектепке барады. Онда көркем әдебиетке, ана тіліне деген ынтасы арта түседі, туған өдебиетін сүйетін болады.

Көркем әдебиет – өмір оқулығы. Көркем өдебиет арқылы бала қоршаған тіршілік дүниесімен танысады, толассыз болып жататын өмір өзгерістерін пайымдайды, адамдардың іс-әрекетіне көзқарасы қалыптасады. Сөйтіп, көркем әдебиет – жас буынның сана-сезімін өсіріп, ақыл-есін дамытып, оларды жоғары адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы, тәрбие құралы болып игілікті міндет атқарады.

Адамгершілік қасиеттердің алғашқы дағдыларын бөбектер бойына сіңіруде көркем сөздің, өлеңдердің атқаратын қызметі ерекше.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңді оқытудың бастауыш сыныптағы ерекшелігін түсіндір.

2. Өлеңдердің тәрбиелік мәні.

3. Өлеңді әдебиеттік түсінікпен оқыту (шумақ, тармақ, қайталау, портрет, т.б.). 1-4 сыныптар. Ана тіліндегі өлең түрлеріне талдау жаса.

Бастауыш сыныпта әңгімені оқыту

Оқушылар оқыған материалының мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдың сипатына, оқушылардың жасына, дайындықтарына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі. Оқушылар әңгімені дұрыс қабылдау үшін негізінен, мынандай жұмыстар жүргізіледі.

1. Әңгімені қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау;

2. Әңгімеге байланысты сөздік жұмысын жүргізу;

3. Әңгімені оқу;

4. Оқыған әңгіменің мазмұнын айту;

5. Әңгіменің жоспарын жасау;

6. Әңгіменің мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.

Әңгімені қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау. Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы

жасаған көркем бейнесі, суреті арқылы қабылданады. Әңгімені оқыған кезде оқушыда елес (адамдардың портреті, табиғат көрінісі, т.б) туады. Бұл оқушының сезімін де қозғайды.

Мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды түсіндіруді ұмытпағаны жөн. Әңгіменің ішіндегі түсініксіз сөздердің мән-мағынасын біліп алмайынша, оның мазмұнын ұғу балаларға өте қиынға соғады. Ал оқулықтардағы әрбір өңгімедегі осы түсініксіз болады-ау деген сөздердің барлығын теріп алып, мәтіннің аяғына сөздік ретінде бере беруге болмайды.

Әңгіменің мазмұнын айту

Оқығанның мазмұнын жүйелі айтып берудің тәрбиелік мәні бар. Оқушы әңгімелеу арқылы дауыс ырғағы, бет-бейнесі көмегімен өз көзқарасын білдіреді. Оқушының баяндау барысынан әңгімені қаншалықты терең, толық қабылдағанын байқауға болады.

Жақсы ұғынған әңгімені баяндағанда оқушы сөздерді таңдауға, оларды грамматикалық жағынан дұрыс қолдануға, дұрыс сөйлеуге жаттығады. Баяндаудың тіл дамыту үшін маңызы зор.

Әңгіменің мазмұнын айтқызу екі түрлі жолмен іске асырылады:

1. Толық;
2. Ішінара.

Көлемі шағын әңгімелерді дайындық барысында толық баяндаттыру қажет. Ішінара мазмұндау көлемі үлкен әңгімелер бойынша жөне бөлімге бөліп оқу, жоспар жасау барысында, көбіне қорытынды әңгіме кезінде іске асады.

Баяндап беруде бастауыш сынып балаларына әңгіменің үлгісі әсер етеді. I-II сынып оқушылары әңгімені жатқа айтып береді. Оқушы өз сөзімен де әңгімелей алады.

Шығармаға жоспар жасау

Жоспар өңгіменің мазмұнын көрсететін оқиғалар жүйесінен тұрады. Жоспар жасау жүйесі екі түрлі жолмен іске асады:

1. Әңгімені бөлімге бөлу;
2. Бөлімдерге ат қою, оны тәртіппен жазу.

Оқушылар әңгімені бөлімдерге бөлу үшін ондағы басты ойды және қосыша мәселелерді анықтайды.

Жоспар жасау әңгіменің мазмұнын толық та терең түсінуге мүмкіндік береді. Бөлімдерге бөлу процесі әңгімені бір рет тұтас оқып шыққаннан кейін, қайталап оқу кезінде іске асады. Жоспар кейде қорытынды әңгіме кезінде жасалады, кейде оны жасап келуді ұйге де тапсыруға болады.

III-IV сынып оқушылары тұтас әңгімені өздері бөлімге бөліп, әр бөлімге ат қою жұмысын атқара алады. Яғни, әр әңгімеге жоспар жасайды.

Мұндай жағдайда мұғалім тек "Бұл бөлімде не туралы айтылады?" деген сұрақтар арқылы балаларға бағыт беріп отырады.

Әңгімені бөлімге бөліп оқыған сайын әр бөлімге ат қоя беруге болмайды. Өйткені, әңгімеге ат қою – күрделі жұмыс, көп ойлануды қажет етеді.

Сондықтан қай материалға жоспар жасау керек, қайсыларын бөлімге бөліп, бірақ ат қойғызбай-ақ оқытуға болады? Қайсыларын оқушылар өздері, қайсыларын мұғалімнің көмегімен бөледі? Олардың барлығын мұғалім алдын ала ойластырады.

Жоспар немесе бөлімдерге ат қою бастауыш сыныптарда әуелі хабарлы сөйлем түрінде, кейін бірте-бірте сұраулы сөйлем, сосын атаулы сөйлем түрінде жасалады.

Әңгіменің мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар

Бұл жұмыстар, біріншіден, оқылған материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік туғызса, екіншіден, балаларды өз беттерімен ойланып жұмыс істеуге талаптандырады. Бастауыш сыныптарда ұйымдастыруға болатын шығармашылық жұмыстардың негізгілері:

- а) әңгіменің баяндалу түрін өзгертіп әңгімелеу.

Мысалы, әңгіме I жақпен баяндалса, III жаққа айналдырып, керісінше де әңгімелеуге болады.

ә) оқылған әңгіменің мазмұнын толық өзгертіп баяндау. Жұмыстың бұл түрін үйден орындап келуге тапсыруға болады. Мұнда оқушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен, немесе өздері қатысқан не көрген оқиғалары жөнінде айтады.

Жұмыстың бұл түрі де оқылған әңгіменің мазмұнын балалар толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс балаларды өз беттерімен ойлануға, ізденуге және әңгімедегі жүйені пайдалана отырып, өздіктерінен әңгіме құрастыруға, оны құрастыру барысында көптеген сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін таңдап алуға үйретеді.

б) оқылған әңгіменің мазмұны бойынша суреттер салу. Жұмыстың мұндай түрі әңгімедегі оқиғаны нақтылай түседі. Әңгіменің мазмұны бойынша сурет салу оқушылардың елестету қабілеттерін арттырып, қиялын дамытады.

Сонымен, әңгіменің мазмұны бойынша жүргізілетін жұмыстардың барлығы да балаларды өз беттерімен ізденуге үйретіп, ақыл-ойы мен дүние танымын кеңейтуге, тілін дамытуға септігін тигізеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әңгіме оқытудың әдістері.
2. Бір әңгімені талдап, жоспар жаса.
3. Жай және күрделі жоспар құр.
4. Әңгімеге байланысты шығармашылық жұмыстарды көрсет.

Бастауыш сыныптарда ертегілерді оқыту

Ерте-ерте ертегі, ертегі сыр шертеді

Қазақ фольклорындағы мазмұны терең, тілі бай, тақырыбы әр алуан, оқиғасы қызғылықты шығармалардың бірі – ертегілер. Ол әдеби мұрамыздың ең көне түрі болса да, осы күнге дейін өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде маңызын жоймаған жанр. Ертегі – көркем фантастикалық шығарма.

Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз.

Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбек – кәсіп ету, тұрмыс – тіршілік ету тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатындығын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял етіп, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Сол ұғым-түсініктерін, нанымы мен сенімін әңгімелеп айтатын болған.

Жас ұрпақ тәрбиесінде ертегілердің атқаратын рөлі айрықша. Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Ш.Уалиханов, Г.Н.Потанин, О.Әлжанов, Р.Дүйсенбаев, М.Көпеевтер және Н.Березин, В.В.Радлов, А.Е.Алекторов, А.Ивановский, Л.Исаков, Ы.Крафтар болса, кейін бұл игілікті істі А.Мелков, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллиндер жалғастырған.

1. Ертегіні оқу барысында "бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді" деудің қажеті жоқ, балықтың, жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау, олардың көңілін көтеріп армандауға үйретеді.

2. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте бір-екі айқын белгілерімен-ақ түсінікті болып келеді.

3. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады. Кейде ертегіні оқымай-ақ, мұғалім оның мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер әртістердің орындауындағы фонохрестоматияны пайдаланса, тіпті жақсы.

Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою қандай суреттер салуға болатынын анықтау, т.б. Осындай жұмыстарды II-III сынып оқушылары орындай алады. Ал IV сыныпта ертегіге өз беттерімен жоспар жасау тапсырылады.

4. Жануар туралы ертегілерді оқығанда дайындықтың онша керегі жоқ.

5. Кейбір ертегілерді пьесаға айналдырып қуыршақ жасатып, сыныптан тыс сабақтарда балаларға орындатуға болады.

6. Ертегінің композициялық ерекшеліктеріне қарапайым бақылау жүргізіп үйрету керек.

Ертегілерді балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын бір оқығанда-ақ игереді. Сондықтан бірқатар ертегілерді оқығанда жалпы идеясын ғана әңгімелеп, мазмұнын үйде оқуға тапсыруға да болады.

Ертегілер оқушылардың ой қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін бірден бір құрал болып табылады. Ертегілердің түрлері өте көп деп жоғарыда айтып өттік. Сол ертегілердің қай түрі болмасын баланың ой-өрісін, тілін, дүниетанымын дамытады. Сондай-ақ адамгершілікке, өз Отанын қорғай, сүйе білуге тәрбиелейді.

Бастауыш сынып оқулықтарындағы берілген ертегілерді балаларға алдымен өзіміз оқып беріп, одан кейін балалардан түсінігін сұрап, дұрыс емес жерін сұрақ қойып толықтыру арқылы да балалардың тіл байлығын, сөздік қорын арттыруға әбден болады. "Ертегі туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді, өйткені ол халық шығармасы" деген болатын тамаша педагог В.А.Сухомлинский. Ертегілердегі батылдық, ақылдылық, отанға берілгендік сияқты қасиеттерді сіңірген кейіпкерлер балалардың еліктейтін тұлғаларына айналады. Адам бойындағы қасиеттердің ара-жігін ажыратып, жағымды жақтарын өзіне рухани азық етуге тырысады.

Баланың жан дүниесін байытып, дүниетанымын қалыптастыратын әңгімелерді, ертегі-өлеңдерді, жыр-дастандарды төмендегіше іріктеп алуға болады.

1. Оларды таңдағанда оның көлеміне назар аудару керек. Бүлдіршінге қозғалмай ұзақ отыру қиынға соғады.

7. Мазмұны сабақтың тақырыбына сәйкес болған жөн.

8. Олар балаға қандай да болмасын құндылықты түсінумен қатар, оның бойында өзіндік пікір туғызатындай болу керек.

Балалар әдебиетіндегі жұмбақтар мен ертегілерді жеткіншектердің жас ерекшеліктері мен білім дәрежесіне, санасына, қабілетіне қарай лайықтап таңдап алу керек. Осылай таңдалып алынған мәтіндер олардың берілген материалдарды толық игеруіне, ой-өрісінің кеңейіп, тіл байлығының, сөздік қорының артуына игі әсерін тигізетіні сөзсіз.

Ертегі-әңгіменің балалардың көңіл-күйіне ішкі жан сезіміне әсер ететіндей, одан алған әсері есінде қалатындай мазмұнына жоғары мән берілуі қажет.

1-сыныптың "Ана тілі" оқулығында (авторлары: С.Рахметова, Ш.Әуелбаева, Ә.Наурызбаева, Р.Ізғұттынова, С.Тәжімбетова. – Алматы, 1997 ж.) берілген ертегілер "Ақымақ қасқыр", "Көктем" тарауында "Сауысқан мен көкек", "Халық ауыз әдебиеті" тарауында "Арыстан мен түлкі", "Күшік пен мысық" деген ертегілер суреттерімен берілген.

2-сыныптың "Ана тілі" оқулығында (авторлары: С.Рахметова, П.Жаманқұлова, Б.Қабатаева. – Алматы, 1998 ж.), "Туған елім, Қазақстан" тарауында "Ақ бидай", "Асыл сөз тарауында "Байлық пен ақыл" деген ертегілер бар.

Сондай-ақ, "Ұр тоқпақ" (48-бет, II бөлімнен тұрады), "Жақсылық пен жамандық" (52-бет 4-бөлімнен тұрады). "Адам болам десеңіз" тарауында "Сүт қалай ұйықтайды." (82-бет, О.Әубәкіров). "Еңбек түбі – береке" тарауында "Еңбекпен ел көгерер" (122-бет, С.Көбеев). "Біздің тілегіміз – достық" атты ертегілер тарауында ұсынылған. "Тісі ауырған Бегемот" (Рамм Фархади өзбек ақыны).

3-сыныптың "Ана тілі" оқулығының авторы: (Т.Әбдікәрімова, С.Рахметова, Б.Қабатаева. – Алматы, 1999 ж.).

"Маужырап барқыт қоңыр күз" тарауында "Егінші мен қасқыр" (28-бет, Литван ертегісі). "Жақсыдан үйрен" тарауында "Құстар айтысы" (105-бет, Үнді ертегісі). "Еңбекпен ел көгегер" тарауында "Еңбекпен тапқан тиын" (Грузин ертегісі). "Масатыдай құлшырар жердің жүзі" тарауында "Көктем сәні" (205-бет), "Көжек" (208-бет).

"Сарқылмас қазына" тарауында "Ажалдан құтқарған асыл сөз" (261-бет. Ел аузынан жазып алған С.Бегалин).

"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" (267-бет).

Келесі 4-сыныптың, "Ана тілі" оқулығында (авторы: С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Б.Қабатаева).

"Арналы бұлақ – асыл сөз" тарауында "Өнеге" (53-бет).

"Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі" тарауында "Ең жақын кім адамға?" ертегісі Сейфолла Оспанов (246-бет). "Менің алыстағы достарым" тарауында (Жапон ертегісі) жинақталған "Құмырадағы балақан" (298-бет. Аударған Ерғали Әбілмәжінов) секілді ертегілер орын алған.

Бастауыш мектепте ертегілерді оқыту ісі "Ана тілі" оқулығы арқылы жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие ісінде хайуанаттар жайындағы кейбір ертегілерді оқытуда энциклопедиялық әдістің өте тиімді екеніне көз жеткізуге болады. Мәселен, 1-сыныптың "Ана тілі" оқулығында берілген "Сауысқан мен көкек" ертегісін өткенде оқушылардан осы құстар туралы не білетінін сұраумен қатар, мұғалімнің сауысқан мен көкек туралы қосымша мағлұмат бергені дұрыс. Бұдан біріншіден, баланың сабаққа қызығушылығы артады, екіншіден, танымы кеңейеді, үшіншіден, ертегі мазмұнына терең бойлайды; төртіншіден, тілдік қоры, қиялы дамиды, бесіншіден, ертегілерде қиял-ғажайып пен шындық араласып жататынын пайымдайды, алтыншыдан, мәтіндегі түсініксіз кейбір сөздердің мағынасын нақты мысалдарымен оңай ұштастырады, жетіншіден, шығармашылық жұмысқа дағдыланады.

Енді осы "сауысқан мен көкек" ертегісінде өтілген сабақ жоспарына тоқталсақ:

1. Сабақтың тақырыбы: "Сауысқан мен көкек".

2. Сабақтың мақсаты:

а) Мөнерлеп оқу дағдысын нығайта түсу.

Сұраққа толық жауап беруге машықтандыру, дұрыс сөйлеуге үйрету, жүйелі баяндауға төселдіру, құстардың өмірімен таныстыру.

б) Сөздік қорын байыту, ойын, қиялын дамыту, дүниетанымын кеңейту.

в) Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке, жауапкершілікке баулу, құстарды қорғауға тәрбиелеу.

3. Сабақтың өдісі: Энциклопедиялық сұраққа жауап, баяндау, түсіндіру, проблемалық оқыту, салыстыру.

4. Сабақтың көрнекілігі: Көкек пен сауысқанның суреттері;

Сауысқан ұясының суреті, сөздер жазылған карточкалар.

5. Сабақ барысы: Оқу құралдарын дайындау.

– Балалар, бүгін біз жаңа ертегімен танысамыз. Бұл құстың әлі өз ұясы жоқ. Жұмыртқасын кез келген ұяға тастап кетеді. Оны басқа құстар басып шығарады, балапандары жетім өседі.

– Балалар, мен қандай құс туралы айтып тұрмын?

– Көкек туралы не білесіңдер?

– Басқа құстар көкектің жұмыртқасын неліктен басып шығарады? Оның себебі: Көкек өз жұмыртқасын "боямалап" жұмыртқалайды, яғни басқа құстың жұмыртқасынан үлкендігі және түрі жағынан айнымайтын болады. Сондықтан да басқа құстар "өз жұмыртқам" деп ойлайды.

Көкектің балапаны өте пысық болады. Жұмыртқадан шығып, көзін ашқан кезде ұядағы басқа құстың балапандарын ұяның шетіне ысырып, құлатып жібереді. Өздерінен басқа балапандар қалғанша осылай әрекет ете береді. Бірақ олардың мұндай қасиеті 4 күннен кейін жойылады.

Көкек балапандарының осындай ұнамсыз қасиеті бола тұрса да оларды қорғауымыз керек. Өйткені, табиғаттағы кез келген құстардың, аңның, өсімдіктің пайдалы жақтары бар.

– Балалар, бұл құс көкек сияқты емес.

Балапанның жағдайын ойлап, берік ұя жасайтын құстар өте көп. Солардың бірі – сауысқан. Ол бір күні көрші

ағайыны көкекпен сөйлеседі. Олар не туралы сөйлесті екен, білгілерің келе ме?

– Ендеше "Сауысқан мен көкек" ертегісін тыңдайық.

Сөздік жұмысы: (жеке карточкаларға мына сөздер жазылады)

Таспалап – көктеп.

Шым – шөптесін жердің шымыр боп байланған үстіңгі қабаты.

Саз – су араласып батпаққа айналған топырақ.

Кездесетін қиын сөздер алдын ала осылай карточкаға жазылып, алдымен буынға бөлініп, кейін тұтас оқытылады. Қабырғаларын тамырларымен байланыстырады.

1. "Ағайыным ұя салып берер" деген көкектің ойы неге орындалмады?

2. Көкек – жетім.

Балапаны – жетім емес.

3. Көкектің балапанын тастап кету себебі неде?

4. Қазіргі кезде ата-анасы жоқ немесе шешесі тастап кеткен жетім балалар көбейіп кетті. Олар балалар үйінде тәрбиеленеді. Балалар анасын сағынады, күтеді. Бірақ аналары "көкек ана" сияқты балаларын іздемейді.

– Сендер ана қандай болу керек деп ойлайсыңдар?

Қорытынды жасату : ата-анасыз бала – жетім.

Ата-анасының тәрбиесін көрмейді. Адал еңбек етсең, ойлаған ісің орындалады.

Жоспар бойынша жұмыс.

1. Сауысқан мен көкектің әңгімесі (ертекшінің сөзінсіз сахналау).

Құстар ұя салып жатады (қимылын келтіру).

Көкек пен сауысқанның әңгімесі.

2. Сауысқанның ұясы.

– Тауып оқу, ертегі сюжет.

1) Сауысқанның ұя салып жатқанын елестету, ауызша айту.

2) Ал енді көкек не істеп жатыр?

3) Салыстыру.

3. Қорытынды бөлім.

1) Шығармашылық жұмыс. Ертегіні әрі қарай жалғастыру.

2) Мінездеме беру.

3) Оқушы ертегі мазмұнын оқулықтағы берілген мәтін бойынша немесе өз жанынан толықтырып айтады. Бірақ ертекшіге қойылатын талаптар ескеріледі.

4) Жұмбақ жасыру.

Қайталап атымды,

Ән салып аламын.

Кез келген ұяға,

Жұмыртқа саламын.

5) Ертегі терапия.

Көкектің ұясыз қалуына не себеп болды?

– Балалар, еріншектіктің, жалқаулықтың соңы не болатынын мына ертегілерден білдік.

Қане, орнымыздан тұрып, аяғымыздың ұшынан бастап, басымызға дейін бойымыздағы осы жаман қасиеттерді аластатайық (қимылмен көрсету).

Бағалау.

Үйге тапсырма беру.

1. Сабақтың тақырыбы: "Ақ бидай" ертегісі. 2-сынып.

2. Сабақ мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа, адамгершілікке, ақылдылыққа, достыққа тәрбиелей отырып, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйретеді. Дамыта оқытуға негізделген жұмыстар мен тапсырмалар. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру. Өз бетінше жұмыс орындауға баулу.

Сабақтың жүру барысы Жиын.

– Оқушылар үй тапсырмасын еске түсіріп, өздерінің дайындаған жұмыстарын ортаға салады.

– Ғылым, оқу-білім туралы кітапшасын тапсырады.

– Оқу білім туралы мақал-мәтелдер айтылады. Мақал-мәтелдер сайысы өтеді.

– Ойын. Матадан тігілген дорбаға бидайды салып, оқушыларға ұсынады. Оқушылармен сұрақ-жауап жұмысын жүргізеді.

– Дорбаның ішінде не бар екен?

– Жеуге жарай ма?

– Иә.

– Адам өміріне пайдалы ма?

– Иә.

– Арпа ма?

– Жоқ.

– Бидай ма?

– Иә.

Ендеше, балалар, біз бүгін "Ақ бидай" ертегісімен танысамыз.

Таңертеңгілік жиында мұғалім алдымен ертегіні мәнерлеп оқып береді. Оқушылар түсініксіз сөздерді түртіп алу жүйесі бойынша белгілеп отырады.

Ерте заманда бидай өз бетімен өмір сүреді. Бір жылы қуаңшылық болып, сол тіршілік үшін жанталасқан басқа өсімдіктер Ақ бидайды қуа бастайды. Тамыры мықтылары Ақбидай өсіп тұрған жердің астындағы суды тартып алады. Жорытып жүрген аңдардан жалбарынып көмек сұрайды. Ешкім де өтінішіне құлақ аспайды.

Өлдім деген сәтте садақ асынып аң аулап жүрген адам тап болады.

Сөйтіп, адам оған көмектеседі. Ақырында, еңбегі зая кетпей, күзде бір дорба бидай алады. Келер жылы – бір қап, біраз жылдан соң мың қап, миллион қап етіп алатын болды.

Өтебай Қанахин.

Сөздік жұмыс: Қуаңшылық – құрғақшылық.

Күннің аптабы – күннің ыстығы, лебі.

Діндері – діңі жуан, әрі ұзындары.

Балауыз дән – сүт дән, жас дән.

Шашау шығармастан – шашып-төкпестен, зая-құр, босқа, бекерге.

Оқушылар орталықтарға бөлініп жұмыс істейді. Жиынға 15 минут кетеді.

Әр орталық бойынша мынадай жұмыстар жоспарланады.

Математика орталығы.

Көрнекіліктер: Ыдыста бидай, таразы, түрлі-түрлі суреттер. Жақшалы өрнек құрастыру. Кері есеп құрастыру.

Оқу орталығы.

– Ертегі соңындағы сұрақтарға жауап дайындау.

Оқу техникасын қадағалау. Оқушылар өз бетімен жұмыс істейді.

Жазу орталығы.

Бидай сөзін құрастырып мәтін құрау.

Төрт жолды өлең құрастыру.

Бидай сөзіне сын есім, сан есім, етістік сөз таптарын қатыстырып, сөйлем құрау.

Ғылым орталығы.

Нанды қалай жасайды, зерттеу жұмысы?

Бидайдан дайындалатын тағамдар.

Кестені толтыру .

Ұнның түрлері, оларды салыстыру.

Өнер орталығы.

Ертегі бойынша сурет салу.

Ертегі бойынша көрініс көрсету.

Ермексазбен жұмыс (мүсіндеу).

Бидай тақырыбына байланысты өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар дайындау.

Орталықтардағы жұмыстардан оқушылар:

Бірлесіп жұмыс істеуге;

Бір-бірінен үйренуге;

Өздерінің білімдерін, тәжірибе жасау арқылы іс жүзінде пайдалануға үйренеді.

Өз ойларын еркін айтып қорытынды жасауға;

Өз алдына шешім қабылдай білуге үйренеді.

Орталықтардағы жұмысты бағалау:

Жаңа сабақты қалай меңгергенін тематикалық карта арқылы қадағалау.

Тірі табиғат	Жақсы қасиет	Жаман қасиет	Өсімдік
Бидай			
Арам шөп			
Адам			
Аң күстар			

"Ана тілі" сабағында сонымен қатар ойын сабақ, интеграциалық сабақтармен қатар тірек сызбаны пайдалануға болады.

"Ана тілі" сабағында тірек сызбаны пайдалану – оқушыны ойын жүйелі жеткізуге үйретеді.

Сызбаны оқытушы әр сабақтың мән-мағынасына байланысты, эстетикалық талғаммен қолдана білсе, са-

бақтың бұл материалданған әрекет түрі меңгеру үрдісін жеңілдетеді.


Оқушының ой толғауын суреттей алу, бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қоя салыстыру, өз бетінше ізденуге, тақырыптан жаңа ақпарат алуға тікелей ықпал етеді. Сызба арқылы әрекет ету баланың сабаққа деген қызығушылығын тудырып, кейіпкерлерге мінездеме, сипаттама бере білуге, тақырыпты талдауға ұмтылтады.

Тірек сызбаны тек өлең, мысал, мәтінге емес, ертегілерге де пайдалануға болады.

Өйткені әрбір өтілетін материалдағы теңеу, эпитет, арқылы кейіпкерлерге көзқарастарын білдіруге болады.

Осындай тірек сызбаны 2-сынып оқулығында "Байлық пен ақыл" ертегісін баяндауға қолданып отырмын.

Байлық пен ақыл" (ертегі, 2-сынып).



1. ЕҢБЕКСҮЙГІШ ҚОЛ.
2. ҚАЙРАТ-ЖІГЕРГЕ ТОЛЫ ЖҮРЕГІ БАР.
3. АҚЫЛ.

Ертегі әлемінің түрі мен кейіпкерлеріне мағлұмат беру

Бұл тақырыпта "Ертегі әлемінің түрі көп пе әлде кейіпкері көп пе?" деген сұрақ пайда болып отыр.

Қазақ ертегілерін мазмұнына, оқиға желісі, сипатына қарай бірнеше түрге бөлеміз. Солардың ішінде ең бастылары:

- А) Қиял-ғажайып ертегілері.
- Ә) Хайуанаттар жайындағы ертегілер.
- Б) Тұрмыс-салт ертегілері.

Қиял-ғажайып ертегілеріне кіретін ертегілер ескі заманда пайда болғаны аңғарылады.

Қиял-ғажайып ертегілер ертедегі адамдардың болмыс жайындағы ұғымынан, әр түрлі қауіп-қатерлерден құтылу, тіршілік ету, табиғат сырын танып білу және оны өзіне бағындыру жайындағы арман-қиялынан туған. Сондықтан бұл ертегілерде ертедегі адамдардың арман мүддесі, жақсылықты болашақтан күтуі, оптимистік көзқарасы да көрініп отырады. Олар ауыр еңбекті жеңілдетсек, жақсы шат өмірге жетсек деп арман қылған. Бұл жөнінде М. Горький былай дейді: Тіпті атам заманғы уақытта-ақ адам баласы өуеде ұшу мүмкіншілігі жөнінде ойлаған.

Қиял-ғажайып ертегілердің жағымды кейіпкерлері қарапайым адамдар болып отырады. Олар алдына қойған мақсатына жету үшін, табиғат сырын танып білу, тіршілік ету, жауларын жеңу үшін күреседі. Көптеген қиыншылықтарды басынан кешіре отырып, ақырында, мақсат-мұратына жетеді, біртіндеп табиғат сырын ұғына бастайды, қандай жаулары болса да талқандап жеңіп жүреді.

Хайуанаттар жайындағы ертегілер. Бұл топтағы ертегілердің де алғашқы үлгілері өте ерте заманда туған. Ертедегі адамдар өздерінің күн көрісі үшін төрт аяқты

хайуандарды пайдалану, оларды үйрету, асырау жайын қарастырған, әрбір хайуанат туралы, оның қасиеті туралы түрлі мифтік ұғым-түсініктер ойлап шығарған. Табиғат сырын, жаратылыс құбылыстарын түсіне алмаған, ертедегі адамдар әрбір хайуанаттардың жаратушысы, иесі бар деп ойлаған, кейбір хайуанаттарды пір тұтып, оған табынатын болған.

Бергі заманда шығарылған халық ертегілерінде хайуанаттар бұрынғы керемет бейнесінде емес, өз болмысына байланысты алынады.

Төрт түлік мал шаруа адамына, бір жағынан, көлік күші болса, екіншіден, ішетін тамақ, киетін киім еді. Сондықтан да халық төрт түлік малды, үй хайуандарын өзінің ертегісіне қосқанда, олардың пайдалы қызметін даралап көрсетуге мән береді.

Хайуандарды өз бейнесінде алады. Әрқайсысының өзіне тән жыртқыштық қылығы, ісі суреттеледі.

Тұрмыс-салт ертегілері. Қазақ ертегілерінің ішінде тақырыбы мен оқиғасы аса мол түрі тұрмыс-салтқа байланысты туған ертегілер. Тұрмыс-салт ертегілері қарапайым адамдардың өмірі мен ісін, тұрмыс-тіршілігін, топтық-қоғамдық жайларын, әлеуметтік көзқарастарын суреттеуге құрылады. Бұлардың бәрі халық ортасынан шыққан басты кейіпкер еңбек адамы арқылы баяндалады. Неше түрлі қиыншылық, кедергілерді, аңдыған жауды жеңетін де, сөйтіп, мақсатына жететін де қарапайым адам болады.

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салтына байланысты туған ертегілері бір ғасырдың ғана жемісі емес, ол ондаған ғасырлардың жемісі. Халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған ертегілердің басты тақырыбы еңбек адамдарының өмірі, ісі болып келеді. Бұл ретте қарапайым адамдар халық ертегілерінде қанаушы топқа қарсы бейнеде алады, олардың ісі ақылы, өнері, адамгершілігі хандар мен байлардан өлдеқайда артық етіп суреттеледі.

Бұл тақырыптағы ертегілер М.Әуезов айтқандай, адамға пайда келтіретін ақыл – өсиет түрінде келеді.

Ертегінің оқиғасын тартымды етіп құру, бір әңгімеден екіншісін тудыру ертегішілердің шеберлігіне байланысты.

М.Әуезов пен Е.Исмайылов қазақ ертегішілерінің айтқыштық өнеріне ерекше мән береді.

Олар ертекшіні үлкен шығармашылықтың иесіне, дарынды ақынға теңейді. Шынында да ертегі айту еріккенің ермегі емес. Неше түрлі ғажайып оқиғаға құрылған ертегілерді жігін бұзбай өрістете айту, әрбір эпизодты арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, сюжетін қызғылықты етіп баяндау, ертегілердің әрбір кейіпкерлеріне лайықты мінездемелер беру, олардың образдарын көз алдына елестетерліктей портретін жасау, әрқайсысының іс-әрекеттеріне қарай сөз таба білу ғажайып өнер.

Белгілі қазақ жазушылары, зерттеушілері С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов "Ертекші болу үшін арнайы дайындық мектебінен өту керек" деді.

Ертекші адамның қиялын ұштап, ойын дамытады, халықтық тәрбие көзімен табыстырады. Сондықтан баланы тал бесікте жатқан күнінен бастап танымдықта төлімдік мәні зор халық шығармаларымен сусындату тәрбие ісіндегі маңызды міндет.

Ертегілер әлемі – өмір әлемінің шарайнасы.

Ертегі ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай мұралар фантазиясы көп, халық ертегісі ғасырлар бойы балаларды өзіне қызықтыра тартып, ой-қиялын жетілдіреді. Ертегілердің балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан соқпағын танытады, сана-сезім, ақыл-ойының ерте дамып, эстетикалық талғамдарының қалыптасуына әсер етеді.

Ертегілерді оқу арқылы оқушыларды қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа адалдыққа, т.б. сияқты қасиеттерге баули отырып, олардағы қанатты да асыл сөздермен оқушылардың сөздік қорын міндетті түрде молайту қажет.

Бастауыш сынып аралығындағы ертегілерді ғылым мен техникалық прогреске сай дамытып, түрлендіре пайдалану қажет деп ойлаймын.

Ана тілі сабағында ертегілер тақырыбының сабақ жоспарына көп көңіл бөлуі керек. Себебі бұл сабақ өте қызықты да көңілді өтуі тиіс және бұл сабақтың жоспары дәстүрден тыс жоғарыда айтып кеткендей болған дұрыс.

Мысалы, "Көктем сәні" деген ертегіні, оқушыларды түгелдей қатыстырып, кейіпкерлер бөліп оқып, түсініп, содан соң сахнаға қойып қорытындылайды. Бұл оқушылардың есте сақтау қабілеті мен қызығушылығын арттырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. "Ерте - ерте ертегі, ертегі сыр шертеді".
2. Ертегілердің тәрбиелік мәні;
3. Бастауыш сыныпта ертегілерді оқытудың түрлері;
4. Ертегі әлемінің түрі мен кейіпкерлеріне мағлұмат беру;
5. 1-4 сын. ертегілерді таблицада, тер;
6. Бастауыш сыныптағы ертегілерді тақырыптар бойынша топта.

Бастауыш сыныпта мысалдарды оқыту

Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүние-танымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың балалары өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды, мысалдарды сүйсініп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Ана тілі сабағындағы мысалдарды оқи отырып, оқушылар мәнерлеп және түсініп оқуға төселеді. Дауыс ырғағына көңіл бөліп, шығарманың мазмұнын ұғына білуге үйренеді. Мысалды мәнерлеп оқу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мәнерлеп жатқа оқу шөкірттерді қызықтырады, олар өз ұстазына еліктеп, мәнерлеп айтуға ұмтылады.

Әдебиеттің мысал түрінің арғы анасы – халық. Баяғы заманнан бері халық жасаған мысалдар оның керегіне жарап, күні бүгінге дейін тозбай сақталып келеді.

Әдебиеттің бұл мысал жанры – ең қысқа ықшам жанр. Ертегі ұзақ, шытырман оқиғалы, сан қырлы, бұлтарысты, қолтарысты болып келсе, мысал оқиғаны табан астынан, төтесінен туғызып, шұғыл қайырады. Негізгі әдісі – меңзеу. Сондықтан көңілден тез орын теліп, ұмытылмайды.

Бұрынғы халық мысалдарында да, онан соң туған жеке авторы бар, жазба мысалдарда да айтайын деген көкейкесті, түйінді пікірін көбінесе аңдар, хайуанаттар, құстар, құрт-құмырсқалар, ағаштар, тастар тағы-тағыларды адамша шендестіру, адам дәстүрінше сөйлестіру, уаждастыру арқылы береді.

Мысал үрдісі ерте заманнан бар. Ежелгі грек әдебиетінде – Эзоп, Рим әдебиетінде Федр – әйгілі мысалшылдар. Үнді әдебиетінің белгілі шығармасы – "Панчатантара" да (III-IV ғасыр) мысалдар жинағынан құралған. Орыс әдебиетіндегі мысал жанрын биік сатыға көтерген жазушы – И.Крылов. Оның көптеген ұлы мысалдарын Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетінде мысал үлгісінің туып, өркендеуіне жол ашты. Қазақ әдебиетінде мысал жанрын дамытуда С.Дөнентайұлы, А.Тоқтамағанбетов, С.Көбеев, С.Жүнісов, С.Торайғыров, Ш.Смаханұлы және т.б үлес қосты.

Қазақтың реалистік әдебиеттерінде мысал жанрының өз алдына жеке жанр ретінде қалыптасып, дамуы Д.Бабатайұлының есімімен байланысты. Олауыз әдебиетінің адамгершілікке үндеп, емеурінмен білдіретін өсиеттік жанры-мысалды әлеуметтік сатира дәрежесіне көтерді, оның кейіпкерлеріне реалистік, типтік сипат дарытты. Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократ ақын-жазушылар: С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, орыс әдебиетінен мысал өлеңдер аударып, қазақ халқына жеткізуде көптеген еңбек етті.

Осы аудармалар негізінде қазақ балалар әдебиетінде мысал өлеңдердің төл үлгілері пайда бола бастады.

Мысал өлеңдерде көбіне жануарлар немесе басқа да жансыз нәрселер арқылы адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті. Осылайша астарлап, тұспалдай суреттеуді аллегория деп атайды.

Мысалдарда еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап, уағыздайды, жағымсыз қылықтарды мысқыл түрінде күлкі ете отырып, одан сақтандырады.

А.Байтұрсыновтың И.А.Крыловтан аударып құрастырған, 1909 ж. Петербург қаласында жарық көрген "Қырық мысал" кітабы ұлттық сана-сезімін оятуға септігі тиді.

Абай аударған Крыловтың "Шегіртке мен құмырсқа" мысал өлеңінің, әсіресе төменгі сынып оқушылары ұғымына сай болуымен қатар, олардың мінез-құлқын тәрбиелеуде маңызы зор. Мұнда еңбек етуді сүймейтін, тойдуманның еркесіне айналған жалқаулар мен сәнқойлар, тоғышарлар ащы сыналады.

Шырылдауық шегіртке,

Ыршып жүріп ән салған.

Көгалды қуып гөлайттап,

Қызықпен жүріп жазды алған.

Крыловтың Абай аударған "Есек пен бұлбұл" мысалында дарынды өнер иелері дәріптеледі, мақталады, олардың өнеріне халық сүйсінеді, қадір тұтады. Ал өнерден түйсігі жоқ топастық сын садағына ілінеді. Өздерін өмірдің билеп-төстеуші, көркі мен сәні деп ұғатын үстемтап өкілдерін ұлы мысалшы есекке теңейді:

Екенсің ән салуға сен-дағы епті,

Сен біраз өтеш әнін үйрен, – депті.

Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,

Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.

Сондай-ақ, "Қарға мен түлкі" мысалы да өмірдің ащы шындығын арқау етеді. Сондықтан да ол әсіресе балалардың қызыға оқитын дүниесіне айналды.

Өлеңде түлкінің қарғаны мақтаған айлакерлігі былай суреттелген:

"Қарағым, неткен сұлу ең!"

Деп таңырқап таңданды.

"Неткен мойын, неткен көз,

Осыдан артық дейсің бе,

Ертегі қылып айтқан сөз?

Қалайша біткен япырмай,

Мұрныңыз бен жүніңіз!

Періштенің үніндей,

Деп ойлаймын үніңіз.

Осы көрікпен, бұл жүнмен,

Әншілігің білінді.

Ұялмай, қалқам, бір сайра,

Біз де алалық үлгіні.

Құс төресі біздерге,

Сіз боларсыз бір күні.

Қарғаның аузындағы ірімшігін алдап алу үшін түлкінің жасаған мұндай айлакерлігі мен зұлымдығы балаларды мол күлкіге кенелдіреді. Ал, күлкі соңы оларды үлкен ойға шомдырады:

Басы айналды қарғаның

Сүмның айтқан сөзіне.

Қуанғаннан бүтіндей

Бір мастық кірді өзіне.

Өзіне біткен өңешпен,

Аямастан қарқ етті,

Ірімшік жерге салп етті,

Іс бітті, қу кетті.

Баланы ойға қалдыратыны – осы түлкінің айлакерлігі, қарғаның мақтан сүйгіш, аңғалдығы. Ал, ойлану – оларды мұндай мәселелер айналасында белгілі бір қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, өлеңдердің балаларға эстетикалық тәрбие беруде пайдасы зор. Ондағы көркем образдардың нақтылығы, диалогтарының дәлдігі, оқиғаларының күлкілі тартыстарға құрылуы, тілінің өткір-

лігі мен көркемділігі – жасөспірімдерді үлкен қуанышқа кенелтіп, ой-санасын өсіріп, өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Абай сияқты Сұлтанмахмұт Торайғыров та мысал өлеңдер жазды. 1912 жылы Сұлтанмахмұт татардың халық ақыны Ғабдолла Тоқайдан "Екі тышқан" деген мысал өлең аударып, өзі "Арыстан мен тышқан" деген мысал өлең жазды. "Екі тышқан" атты мысал өлеңде бірліктің, ынтымақтың болмауы кімді болса да алған бағытынан адастырып, қолда барынан айырып, бақытсыздыққа душар ететінін көрсеткен.

Мысал өлеңдер көбіне белгілі кейіпкерлері бар қызықты оқиғаларға құрылады. Кейіпкерлер арасындағы тартыстар оқушыны еліктіре тартып, бірден өзіне баурап алады. "Екі тышқан" мысалындағы оқиға былай басталған:

Даладан екі тышқан май тауыпты,
Шығынсыз екеуі де жай тауыпты.
Жанжалдасып бұл майды бөлісе алмай,
Маймылға бөлдіруге көңілі ауыпты.

Мұндай оңай олжаға маймыл қалай қызықпасын.
Майды бөлуге кіріседі.

Өлшепті бір жағына майды салып,
Ар жағы көтерілді босқа қалып.
Бос жағы мен май жағын теңгеруге,
Маймыл тықты аузына майдан алып.
Ақырын жеп бітіріп майлы басын,
Безбеннің тегістепті екі басын.
Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп,
Тышқан кетті ағызып көздің жасын.

Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқығанда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады, оны шындық деп қабылдайды. Сондықтан мысалды оқып шығысымен, автордың ондағы суреттеп отырған жан-жануарлары кімдердің бейнесі, оны кім деп түсінесіңдер дегендей, сұрақ қою қателік болар еді. Өйткені, жұмысты мұндай әдіспен жүргізу – оқушылардың мысалды

оқығанда алған өсерін жояды. Сондықтан балалардың алған өсерлері әлсіремей, қайта күшейе түсетіндей, мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болғандай етіп түсіндіру керек. Ал мысалда суреттелгендер шындық, болмыс жөнінде қате түсінік беретінінен, мысалы, балалардың қарға, түлкінің сөйлемейтінін білетіндігінен қауіптенудің қажеті жоқ. Олардың сөйлемейтінін балалардың өздері де жақсы біледі, сонда да оны шындық сияқты қабылдайды. Мысалы, балалар тіпті 4-сыныптың өзінде де қылыштасу, атысу ойындарын беріліп ойнайды. Олар таяқтың қылыш, найза еместігін әрине жақсы біледі, бірақ өздерінше шын найза, қылыш деп есептейді. Немесе қыз балалардың кейбіреулері әлі де қуыршақпен ойнайды, оның сөйлемейтінін біле тұра, шын кісі деп есептеп, онымен сөйлесіп отырады. Сол сияқты мысалдағы оқиғаны да бастауыш сынып оқушылары шын қабылдайды.

Бұл айтылғаннан шығатын қорытынды: мысалдарды оқығанда көңіл қоятын жай – оқушыларға оның мазмұнын қабылдату және ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау.

Мысалдардағы аллегорияны ашу жұмысын 4-сыныпта мынадай тәсілмен іске асыруға болады. Мұнда мысалда суреттелген оқиғаға ұқсас оқиға іздестіріледі. Айталық, И.А.Крыловтың "Қарға мен түлкі" мысалы оқылғаннан кейін, біреудің қолындағы нәрсесін алдап алу өмірде кездесе ме дегендей сұрақ қою керек. Сонда мысалдағы негізгі ойды түсіндіру жеңіл болады. Кейбір жағдайда мысалда суреттелген оқиғаға өмірден ұқсас оқиға табу жұмысы мысал оқылмас бұрын, алдын ала дайындық әңгіменің барысында жүргізіледі.

Мысалдың басты ерекшелігі – онда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мәні бар қорытынды пікір болатындығы. Ол қысқа түрде мәтіннің басында немесе аяғында беріледі. Мысалы, "Қарға мен түлкі" мысалынан шығатын қорытынды мәтіннің басында берілген:

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын.
Қошеметшілердің амалын,
Сонда да солар қайда жоқ,
Есептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ.

Мысал оқытуда осындай қорытынды пікірді пайдалану керек. Құрғақ сөзбен "мұндай жаман мінез – құлықтан, іс-әрекеттен аулақ болу керек" деудің бастауыш сынып оқушыларына әсері шамалы. Ондай үгітті тіпті, сол оқылып отырған мысалдан үзінді келтіре отырып айтқанда да, кішкене балалардың санасына бірден қона қояды деу қиын. Сондықтан мысал оқытуда онда айтылатын үгітті табуға тырыспай, оның кейіпкерлері мен сол кейіпкерлердің іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы, бір-біріне айтқан сөздеріндегі ой ашылуға тиіс. Осыған орай, мысалдан шығатын қорытынды – пікірді оның мазмұны талданып болғаннан кейін оқу керек.

Мысал оқытудың үшінші ерекшелігі – оны дауыстап оқу тәсілінде. Мысалдағы айтылатын сөз автордың атынан айтылмай, кейіпкердің атынан баяндалатын болса, сол кейіпкердің басындағы ерекшеліктеріне қарай, дауыс сазы да құбылып отырады. Мысалы, "Шал мен малай", "Қарға мен түлкі" бір ырғақпен оқылмайды. Тіпті бір кейіпкердің сөзін оқу мәнері де оның қылығына қарай түрлене береді. Шалдың: "Бауырым, түгеншежан, айыршы!" дегені жалынышты үнмен оқыса, "Әумесер, ақылың жоқ, ит доңыз" – деген сөздері жекіру, ұрсу мәнерінде, ал малайдың:

Ұрсасың, неге, шалым, маған, – деді.

Сөккендей не істедім саған? – деді.

Жазғаным менің сені аю жаудан.

Айырып алғаным ба аман? – деді сөздері таңырқаған шарасыз дауыспен оқылады.

"Қарға мен түлкі" мысалында автор сөзі бір өуенмен оқыла келе, түлкінің сөзі, басталған кезде дауыс құбы-

лып отырады. Кейіпкерлердің мінез-құлқы іс-әрекетіне орай, дауыс ырғағының құбылуы балалардың ынтасын арттырып, мысалдың кейбір жолдарын бір-екі оқығанда-ақ жаттап алуларына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, мысалды төмендегідей жолдармен оқытуға болады:

1. Оқылатын мысал жөнінде мұғалім алдын ала өңгіме өткізеді, онда балаларға түсінуі ауыр сөздердің (сол мысалдың ішінде кездесетін) кейбіреулерін кірістіре отырып, олардың мағыналарын аша кетеді.

2. Мұғалім мысалды әуелі нақышына келтіре өзі оқиды, сонан кейін оқушыларға оқытады.

3. Мысалдың мазмұны талданылады.

4. Мысалдың кей жерлерінен үзінді келтіре отырып, ондағы негізгі ойдың не екенін қорытындылап өңгімелейді.

5. Мысалдың мазмұнына ұқсас өмірде кездесетін іс-әрекеттерден мысалдар келтіріледі.

6. Рөлге бөліп оқытылады.

Бұл көрсетілгендер өзгеріссіз осы күйінде үнемі сақталып отырылсын деген ой тумау керек. Мысалдың мазмұны мен сипатына қарай, бұл айтылғандардың кейде қысқартылуы немесе толықтырылып отырылуы да мүмкін. Дегенмен мысал оқытуда негізінен осы принципті ұстаған жөн.

1-4 сынып оқулықтарының ішінде Крыловтан аударған Абай, Ыбырай, Ахмет аудармаларымен бірге өзіміздің қазақ ақын-жазушыларының туындылары да кездеседі.

Ана тіліне енгізілген аудармалар:

1-сынып.

2-сынып. "Ағаш". А. Байтұрсынов (Крылов).

"Білгір қарға". Максим Зверев.

"Ит пен ат". А. Тоқмағанбетов (Крылов).

3-сынып. "Шегіртке мен құмырсқа". Абай (Крылов).

4-сынып. "Аққу, шортан, һәм шаян".

А. Байтұрсынов (Крылов).

"Ана тіліне" енгізілген қазақ ауыз әдебиетінің төл туындылары.

1-сынып. "Екі теке". С. Дөнентаев.

"Екі соқа". С. Көбеев.

"Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш".

Ы. Алтынсарин.

2-сынып. "Кімнің мекені жақсы". Сәкен Жүнісов.

"Тәкаппар". Ш. Смаханұлы.

"Түлкі мен тиін". Ә. Асылбеков.

"Қызғалдақ пен Қарасора". С. Сарғасқаев.

"Даңғой". Есентай Ерботин.

"Көбелек пен Ебелек". Ш. Смаханұлы.

"Бидай мен қаңбақ". А. Тоқмағанбетов.

"Өсиет". С. Көбеев.

"Ақ жаңбыр". Жәнібек Карбозин.

"Бұлбұл мен тоқылдақ". Ш. Смаханұлы.

3-сынып. "Қарлығаш пен Шөже торғай".

4-сынып. "Сапар мен парта". А. Сопыбеков.

"Арыстан мен тышқан". С. Торайғыров.

Енді соның бірін сабақ тақырыбына алып, қарастырайық.

Сабақтың тақырыбы: "Түлкі мен қырғауыл".

Спандияр Көбеев.

Мақсаты: I танымдық: Оқушыларға мәтіндегі негізгі оқиға, идеяны ұғындыру. Түлкі, қырғауыл, (аңдар жайлы) білімдерін нығайту;

II дағдылық: Ой қорғау стратегиясын пайдалана отырып, оқушыларға сұрақ қою арқылы жан-жақты ойлауға үйрету;

III дамытушылық: балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту, болжау стратегиясын пайдаланып, дәлелді сөйлеуге, дискуссия жүргізуге үйрету;

IV тәрбиелік: жаман адам мен жақсы адамды ажырата білуге, құлық пен арамдықтан бойларын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: жаңа сабақ түсіндіру.

Сабақтың түрі: дамыта оқыту.

Сабақтың әдісі: ассоциациялық әдіс, дөңгелек үстел, дискуссия, ой қозғау стратегиясы.

Сабақтың көрнекілігі: сюжетті сурет кесте.

I. Ұйымдастыру бөлімі

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

– Қазір біз жаңа сабақ өтеміз. Жаңа сабаққа кіріспес бұрын бірнеше тапсырмаларды талқылаймыз.

1. Қызығушылықты ояту. Ой шабуылы. I топ тапсырмасы: а) Жамандық дегеніміз не? ө) Абайдың қандай нақыл сөзімен қорытындылауға болады? (топ талқылап пікірлеседі). II топ тапсырмасы: Қырғауыл туралы білгендерін қағазға түсіреді. Бір парақ қағаз оқушыларды аралап жүреді.

Оқушы қырғауыл туралы білгенін қағазға жазады да, келесі оқушыға береді. Ол оқушы алдыңғы жазылғандарды қайталамау керек. Соңынан оқушы жазылғандарды оқиды.

III топ тапсырмасы: Ассоциациялық аймақ құру. "Түлкі" сөзінен ассоциациялық аймақ құру.

2-сурет кестемен жұмыс.

Түлкі – қырғауыл.

Аң – құс.

Қызғылт – қоңыр.

Жыртқыш – жыртқыш емес.

Орман – дала.

– Білгенімізді топтастырдық. Суреттегі қырғауыл және түлкінің не жайлы өңгімелесіп жатқанын бүгінгі өтетін мысалдан оқып білеміз.

II. Жаңа сабақ

– Балалар, дәптерімізді ашып, бүгінгі күннің жадын жазайық. Бүгін С.Көбеевтің "Түлкі мен қырғауыл" атты мысалымен танысамыз. Бұл мысалда жауыздық пен арамдықты, жамандықты сынайды. Мысал қара сөзбен жазылған. Оның авторы бізге "Еңбекпен ел көгерер" атты өңгіме-ертегіден белгілі.

Мәтінмен жұмыс:

а) мұғалімнің оқуы.

ә) сұрақтар қою.

– Түлкі мен қырғауыл не жайлы өңгімелесіп жатыр екен?

– Түлкі қырғауылды не деп алдады?

– Қырғауыл қандай тапқырлық көрсетті?

– Қырғауыл қалай аман қалды?

Оқулықпен жұмыс: рөлге бөліп оқыту. Ой қорыту. Өмірмен байланыс. – Мысалдан қандай ой түйдің?

– Өмірде жақсы адамдар да болады.

– Ақылды, сабырлы, тапқыр, шешім қабылдай білу керек деген ой түйдік.

Сабақты бекіту:

Ой-толғаныс. Сын тұрғысынан ой қозғау.

I топ. Дискуссия.

Түлкіге мінездеме беру.

– Сендер түлкіге ұқсағыларың келе ме?

– Неге?

II топ. Пікір.

– Сендерге қырғауыл ұнай ма?

– Несімен ұнайды? Неге?

III топ. Ситуация. – Үйде сенен басқа ешкім жоқта сен танымайтын алыста тұратын туыстарың келді. Сен не істейсің? Ата-анаң "ешкімге есік ашпа" деген.

Үйге тапсырма:

"Аңқау қырғауыл түлкіге жем болды, – деп қырғауылға кері сипаттама беріп, мысалды қалай аяқтар едің? Әңгіме жазып келу.

Бағалау:

Сабақтың тақырыбы: Абай – аудармашы. И.А.Крыловтан аударған "Шегіртке мен құмырсқа" мысалын оқыту.

Сабақтың мақсаты:

а) Абай аудармалары жөнінен мағлұмат беру, мысал өлеңнің мазмұнын түсіндіру.

ө) оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу.

б) логикалық ойлау, түсіну қабілеттерін дамыту, сауатты және мәнерлеп оқуға үйрету.

Сабақтың көрнекілігі: Абай портреті, Абай аудармалары, кезеңмен салынған сурет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Ұй тапсырмасын өткен сабақтармен байланыстыра сұрақ-жауап арқылы тексеру.

1. Абай Құнанбаев кім?

2. Абайдың жыл мезгілдеріне арнап жазған қандай өлеңдері бар?

3. Абай атындағы қандай мәдени орындарды білесіңдер?

III. Жаңа сабақ

1) Мұғалімнің кіріспе сөзі.

– Оқушылар, біз бүгін Абай атамыздың аудармасы "Шегіртке мен құмырсқа" деген мысал өлеңін оқимыз. Қазақ халқын жер бетіне танытқан да, ұлы халықтың еңбегін қазаққа таныстырған да Абай атамыз болған. Ол орыс ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударды. Көбіне ол Крыловтың мысалдарын қазақшаға аударды. Олар: "Қарға мен түлкі", "Бақа мен өгіз", "Есек пен бұлбұл", "Шегіртке мен құмырсқа".

Мысал – қызықты қысқа шығарма. Ол өлеңмен де, қара сөзбен де жазылады. Тек адамдар ғана емес, хайуанат-жәндіктер де, түрлі зат нәрселер де мысал қаһарманы болып әрекет етеді, бірақ бұған қарап оны ертегі деуге болмайды.

Мысал жазушы жануарды, құстар мен өсімдіктерді суреттегенде адамға тән қасиеттерді дарытады, сол арқылы адамдар бойындағы кемшілікті, мінді күлкіге айналдырып, жақсылықты, адамгершілікті дәріптейді. Мысалдың әрбір кейіпкерлері белгілі бір қасиеттің иесі, бейнесі ретінде алынады. Мысалы, түлкі – қу, екі жүзді алдамшының, қасқыр – қара жүрек қатыгездің, ашқарақ жауыздың, есек – топас, дүлейдің, қой – момынның, жуастың бейнесінде көрінеді. Әр мысалдың басында не аяғында түйін болады. Мысал дегеніміз – өнеге айту сипатындағы шағын шығарма. Мысал жазудың шебері И.А.Крыловтың шығармасында Абайдың зор ынта қойып қазақ тіліне аударуы тегін емес. Мысалдарда

сыналған жайлар, мәселен надандық, жалқаулық, мақтаншақтық, т.б. қазақ топырағында да аз емес еді.

2) Мәтінмен таныстыру.

"Шегіртке мен құмырсқа".

Абай бұл аудармасында құмырсқа мен шегірткені салыстыра отырып, адамның өмірін бостан-босқа өткізбей, өзіне пайдалы еңбектенуге шақырады.

3) Сөздік дәптермен жұмыс.

– Балалар, осы мысалда кездесетін мағынасы таныс емес сөздерді теріп жазайық.

Көгәл – көк шөп.

Гөлайттап – қыдыру, сайраңдау.

4) Мысалды рөлдерге бөліп оқыту.

5) Алған білімдерін тексеру.

Оқушыларға карточкалар таратып, жаңа сабақ бойынша түсінгендерін байқау. 1. Абайдың қандай аудармаларын білесіңдер?

2. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалының идеялық мазмұны қандай?

3. Шегіртке мен құмырсқаға сипаттама бер.

6) Оқушылар, енді осы мысал өлеңді бөлімдерге бөліп, әр бөліміне ат қояйық: 1. Сауықшыл шегіртке.

2. Өкініш.

3. Шегірткенің құмырсқаға жалынуы.

4. Құмырсқаның жауабы.

7) Тіл дамыту жұмысы.

Кезеңмен салынған суреттер бойынша оқушыларды сөйлету.

8) Енді, оқушылар "Абайтану" дәптерімізді алып, Абайдың еңбек, достық туралы айтқан нақыл сөздерін жазып алайық.

"Еңбек қылмай тапқан мол-дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар".

"Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей".

9). Сабақты қорытындылау.

Өлеңді мәнерлеп оқуға қойылатын талаптар мысалды оқуға да қойылады. Бірақ мысалды оқудың стилі бас-

қаша. Ол ауызекі сөйлеу тілінің айтылу сазымен оқылып, ырғақ әуені сюжетіне бағынады, мысал аллегория тілімен жазылады. Әдетте мысалда қысқа өсиет-өнеге айтылады. Мұндай қорытынды, меңзеу, нұсқау мысалдың идеясын немесе қосалқы мәнін ашады. Кей кезде балдырғандарға астарлы мәнді өсиет-өнеге түсінікті бола бермейді. Кейіпкерлері хайуанаттар болғандықтан ұғынады. Егер мысалдың сюжеті түсінікті болса, қосалқы мәнін ашып айту міндетті емес.

Балаларға көркем образдарды нақтылап беру керек. Өйткені, сөбилердің айналадағы өмір тіршілігі жайлы түсініктері әлі қалыптаспаған, сондықтан олардың ұғымына көрнекілік, тұжырымдылық қажет. Мұғалім шығарманы оқыр алдында балалардың оны қабылдау шамашарқын ескереді, шығарма мазмұнын біртіндеп жетелей отырып түсіндіруді көздейді, неге баса көңіл аудару керектігін анықтап алады. Көркем образдарды нақтылауға, тұжырымдауға заттардың өзі немесе бейнелері пайдаланылады.

"Арсыз аю".

Аю көріп: (арғымақтың өсем, жұмыр тұяғын),

– Қарашы оның, – деді.

Күліп – тұяғының сияғын!

Саусақтарын сала-сала, тіпті,

Сәнді тырнағымды

Тұяғына теңеуге,

Қалай төзіп қиямын?

Бұл мысалды дауыстап оқу сарыны сөйлем мазмұнына қарай құбылады. Автордың баяндауы орташа дауыс сарынымен оқылады. Ал "аю" сөзі төменгі сарынмен шығу керек. Өзінен басқаны жаратпайтын менмен, қара күш иесі, топас аюддың күлкіңізді келтіретін:... "Қарашы оның, тұяғының сияғын! Сәнді тырнағымды теңеуге қалай қиямын?!" сияқты сөздерін сайқымазақ дауыс сазымен, айрықша сықақ сарынымен оқу керек".

Бірінші шумақтан соңғы қойылған психологиялық кідіріс, дауыс толасы тыңдаушыларды бұған енді қандай жауап болу керек деп елеңдетіп, ойландырады. Соң-

ғы шумақтың аяғында келген психологиялық кідіріс ой толасымен қатар түсіп, мысалдың мазмұнын, ішкі ойын меңзетіп, аңғартады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мысал-аллегориялық шығарма.
2. Мысал өлеңді оқыту тарихынан түсінік бер.
3. Мысал оқытудың ерекшеліктерін анықта.
4. Мысалды мәнерлеп оқу жолдарын көрсет.
5. 1-4 сыныптардағы мысалдарды топтастыр.
6. Мысалдарды оқытудың тәрбиелік маңызы.

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқыту

Шешендік сөздер 1-4 сыныптың оқулығына да енгізілген. Шешендік өнерге оқушыларды баулу бағытында би-шешендердің қысқаша өмірбаяндары мен ел аузында қалған өсиет сөздері берілген. Шешендік өнер тарихы халық арасында ауыз әдебиеті үлгісінде дамып келген болса, бұл күнде мектеп бағдарламасына арнайы енгізіліп, оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сөйкес шешендік сөздер оқулық беттерінен көрініс тапқан. Шешендік сөздер сынып жоғарылаған сайын күрделеніп, көлемі ұлғая түскен. Мысалы: 1-сыныптың ана тілі оқулығы интегративті оқулық болғандықтан, қазақ тіліне байланысты "Қанша? Неше? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздер" деген тақырыпқа Н.Оразалиннің "Үш би" өлеңі берілген. Осы сабақтың барысында мақал-мәтел шешендік өнердің қайнар көзі болғандықтан, сан есімдерді қайталау жұмыстарына мынадай ұсынбалар қолдануға болады:

1. Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер.
2. Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі.
3. Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.
4. Екі айнасы бар, екі найзасы бар. Сыртылдаған тұяғы бар, бір желпуіш сияғы бар.
5. Еңбек – адамның екінші анасы.

2-сынып оқулығында шешендік сөздер, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, аңыз, ертегілермен ұжымдастырылып берілген. Төле бидің "Ана арқасы мамықтай", "Жақсы жігіт белгісі", "Кедейлік неден?", "Қазыбектің Төле бимен кездесуі", Әйтеке бидің "Жігіттің жақсысы" сияқты шешендік сөздері осы 2-сыныптың оқулығында берілген.

Әйтеке бидің "Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін". Қазыбек бидің "Не қымбат?" өлеңі оқушыларға жаттығу жұмысын орындауға берілген.

3-сыныптың оқулығында шешендік сөздер "Сарқылмас қазына" деп аталатын үлкен бөлімге енгізілген. Бұл жолы шешендік сөздер қазақ халқының ұмытылмас асыл мұрасы айтыс және аңыз өңгімелерімен байланыстырылып берілген. Бұл сыныпта шешендік сөздер саз пәнімен пәнаралық байланыс жасайды. "Абылай хан", "Төле бидің төрелігі", "Қазыбектің шешендік сөздері", "Бала Әйтекенің билігі", "Әнет баба" – деп аталатын ел аузынан алынған мазмұнды мәтіндер мақал-мәтелдермен жалғастырылып берілген.

3-сыныптың ана тілі оқулығы шешендік сөздермен аяқталған болса, 4-сыныпта "Арнайы бұлақ – асыл сөз" деген тақырып төл оқулықтың беташары болып тұр. 4-сыныпта шешендік сөздер кең ауқымды, күрделі түрде берілген. Олар 1-3 сыныптағы шешендік сөздерді толық қайталап өтеді. Бастауыш сынып оқулықтарындағы шешендік сөздер 4-сыныптың бірінші тоқсанында қорытындыланады.

Сонымен қатар, бірінші сынып оқулығына енген мына ертегілерден шешендік сөз үлгілерін анық байқауға болады. "Ақымақ қасқыр" ертегісіндегі ешкінің тапқырлығы. "Менің билейтін өнерім бар еді" – деп өзінің қулығын асырып, сөз тапқыштығының арқасында қасқырдың улы тырнағынан аман қалады. Немесе ел аузынан алынған "Зеректік" өңгімесіндегі жолаушылардың сөз тапқырлығы, сол сияқты Ыбырай Алтынсариннің "Әке мен бала" өңгімесіндегі "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат

етпесең, көптен де құр қаларсың", – деген нақыл сөздері бала жүрегіне ізгілік ұялатып, жігерлендіре түседі.

Сонымен қатар 1-сыныпта оқушылар халық ауыз әдебиетінің үлгілері тарауын өткен кезде Бөлтірік шешен, Досбол, Қожанасыр, Алдар Көсе сияқты кейіпкерлермен жақын танысып, олардың тапқырлықпен айтқан аңыз әңгімелерін оқып біледі.

1-сыныпта шешендік өнерді танытуда мынадай шешендік сөздерді қолдану арқылы оқушы жүрегіне жол табамыз. Мысалы, мен "Шаңырақ шуағы" тарауында өтілген "Ана" туралы материалдарды игеру барысында ананың қамқоршы, қорғаныш, ардақты екенін айта келіп, Ғ.Мүсіреповтың "Ана" повесінен: "Адамда не қасиет болса, бәрі ананың сүтімен, күннің көзінен алынған қасиет", – деген үзінді жаздырып, жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды таптыра отырып, Төле бидің мына "Бауырыңның жылуы кетпесін" шешендік сөзін қолдандым.

Әңгіменің мазмұны мынадай:

"Жаугершілік ойраны тынышталған соң бір күндері ел-жұрт малын, бала-шағасын іздестіре бастапты. Жұртта қалған бір кемпір үш айлық нәрестені тауып алып, бауырына басып көш ізімен жүре береді. Бәрі бір ауылға келіп бас қосқан кезде жалаңаш нәрестеге екі әйел таласып, ұрыс-жанжал шығарады. Кемпір болса бөбекті ешқайсысына бермей, екеуін биге ертіп келіпті.

Төле би шырқырап жатқан сәбиді өуелді аққұбаша келіншекке ұсынады. Ол баланы бетінен сүйіп, арқасынан қанша қаққанмен бала жылауын тоқтатпайды. Енді би баланы қараторы келіншекке береді. Бұл келіншек баланы құйрығынан шөпілдетіп сүйіп, бауырына баса бергенде бала лезде жылауын қойыпты. Сонда Төле би:

– Емшегіңнің сүті кетпесін,

Бауырыңның жылуы кетпесін", – деп баланы анасымен қайта қосыпты. Немесе "Не тәтті?" мәтінін түсіндірген кезде "Жиренше шешен 2-ші баланың жауабына не себептен риза болды? Сендер қай жауапты қалайсың-

дар? ” деп сұрау беру арқылы баланың ойын толық, жауабын нақты алу арқылы.

1. Туған ананың күтімі жылы,

Туған үйдің түтіні жылы.

2. Ең ащы да – тіл,

Ең тәтті де – тіл.

Ең жұмсақ та – тіл.

Ең қатты да – тіл.

3. Балалы үй базар.

4. Балалы үйдің ұрлығы жатпас – деген сияқты мақал-мәтелдерді қолдана келе Ф.Оңғарсынованың ”Ең жақын адам” өлеңімен қорытындылау керек.

Оқушыларға ана туралы толық мағлұмат беруге болады. Осы сабақтан кейін ”Ана” туралы мазмұндама жаздырылды.

Сондай-ақ ”Ата көрген оқ жонар...” тарауындағы ”Ақсақалдың ақ батасы” өлеңін өткізуде Төле бидің Қазыбек биге берген батасын қолдандым:

Атасызға ата бол!

Батасызға бата бол!

Арып-ашқан ғаріптің

Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол,

Кек сақтамас бала бол!

Дос сүйініп, қас сыйлар,

Асу бермес, дана бол.

Осындағы ата, бата, дана сөздерінің мағынасын түсіндіре келіп, оқушылардан, өздері білетін баталарын сұрау арқылы тақырыпты ашып алуға болады.

Сондай-ақ төмендегі сабақ жоспарының үлгісі, тәрбие сағаты, тапсырмалар мен тест сұрақтары, көрнекіліктер осының айқын көрінісі.

Сабақтың тақырыбы: ”Ел бірлігін сақтаған бабаларым”.

Сабақтың мақсаты:

а) оқушыларға қазақтың шешен де тапқыр, ақылгөй аталарымыз туралы мағлұмат беру;

ә) оқушыларға билердің ел аузында айтылған өсиет әңгімелері туралы айтып беру;

б) оқушыларға отаншылдық тәрбие бере отырып, олардың ой-өрісін дамыту.

Сабақтың әдісі: Баяндау, түсіндіру.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.

Көрнекілігі: Билердің суреттері мен өсиеттері жазылған плакаттар, бүктеме қағаздары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Кіріспе

Баяндама оқу

"Үш кемеңгер дүлдүлім, сақтаған ел бірлігін".

III. Негізгі бөлім.

1-оқушы:

Ойдың қозғап жасынын

Қайта туған ғасырым.

Төле би мен Қазыбек,

Әйтеке би – асылым.

2-оқушы:

Айбын болған еліме,

Айдын болған көліме.

Айналайын үш биім,

Пана болған жеріме.

Елдік туын ұстаған,

Ел намысын ұштаған.

Қалың қазақ пір тұтар

Қасиетті үш бабам.

4-оқушы:

Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшысы болмаса ел жетім.

Ұқпаса айтқан сөз жетім.

Атың жақсы болса,

Ер жігіттің пырағы.

Балаң жақсы болса,

Жан мен тәннің шырағы.

5-оқушы:

Атадан жақсы ұл туса игі,
Елінің туы болады.

Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болады.

6-оқушы:

Сөз атасы – бірлік,
Анасы – шындық.

7-оқушы:

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.

8-оқушы:

Алтын ұя – Отан қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат.
Кіндік кескен жерің қымбат,
Туып өскен елің қымбат.

9-оқушы:

Арадан шыққан, жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын
Тыныштықпен өмір сүрмесе,
Бәрінен де сол қиын.

10-оқушы:

Ниеті жаманның иманы кетер,
Әйелі жаманның мейманы кетер.
Ерден бақ таярда, қатыны құтырады,
Елден бақ таярда, иті құтырады.

IV. Қорытынды бөлім.

Сабақтың тақырыбы: "Үш би".

Сабақтың мақсаты:

А. Балаларға, үш би – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би өмірімен таныстыру.

Ә. Балаларды халқымыздың бір туар перзенттерін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Б. Балалардың мәтінді мәнерлеп оқу және мәтін бойынша түсінгендерін баяндап беру дағдысын қалыптастыру.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Көрнекілігі: Үш бидің портреті, мақал жазылған плакат, қосымша тапсырма.

Өткен сабақты сұрау.

Жаңа сабақты түсіндіру.

– Балалар, бүгін біздер үш би тақырыбымен танысамыз. Қазақ халқы ертеде үш жүзге бөлінген, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз. Ұлы жүзді – Төле би, Орта жүзді – Қазыбек, кіші жүзді Әйтеке би басқарған. Осы үш би елдің ауыртпалығын көтеріп, елге құрметпен қарап отырған үш дана. Олар ақылды, қайырымды, сөзге шебер үш бабамыз. Төле би Алматы, Жамбыл, Оңтүстік жақтарын, ал Әйтеке би Орал, Ақтөбе, Атырау батыс өңірлерінің халқын басқарған.

– Балалар біз қай жүзге жатамыз?

– Кіші жүз.

– Дұрыс-ақ, балалар!

Оқулықпен жұмыс.

– Енді балалар, оқулықтың 171-бетін ашып, "Үш би" өлеңін жүргізіп отырамыз. Өлеңді өзім оқып шығамын, сосын оқушыларға оқыттырамын. Мазмұны бойынша жұмыс. Төле би ақылды, әділ адам болған. Қаз дауысты Қазыбек тапқыр, батыл, шешен атанған. Әйтеке би шешендігіне қоса ел басқарған. Қазақтың үш биі – халық қамын ойлаған адамдар.

МАҚАЛ

Шешен сөз бастар,

Батыр қол бастар. /Мақалды түсіндіру/.

Жаттығумен жұмыс

117-жаттығу

Біздің сыныпта... оқушы бар? Сыныпта... парта тұр.
Әр партада ... баладан отырады.

– Балалар, бұл жаттығу сын есімдерге берілген.

– Кәне, кім тақтаға орындайды?

Қосымша тапсырмалар:

Үшінші, екі, бесінші, төрт.

– Балалар, мына сөздерге мысал келтірейік.

Сергіту сәті

Аспанға қарап ай көрдім,

Төменге қарап жер көрдім.

Оңға, солға бұрылдым,

Егеменді ел көрдім.

Қазақ тарихындағы ұлы шешендер

Шешендік өнерді ұстанған адамдарды шешен деп атаған. Шешен адамдар ел ішіндегі дау-шарға араласып, шешімін таппай жатқан өр түрлі жанжалдарды, ру, жүз арасындағы қиын мәселелерді шешіп отырған.

Шешендер көп жағдайда қазылық, билік еткен. Тарихта өткен атақты билердің барлығы – осы шешендік өнерді жетік меңгерген, біртуар, дарынды жандар.

Шешендер билік айтқан кезде қарасөзбен емес, тақпақтап, мақалдап сөйлейтін болған. Әрі ақын, өрі шежіреші, тарихшы, жыршы – жыраулық қасиеттерге бай би-шешендер хандардың ақылшы, кеңесшілері ретінде мемлекеттік мәселелерге де араласып отырған.

Мысалы: өз Жәнібек ханның кеңесшісі – Жиренше шешен, Асанқайғы, ал өз Тәуке, Қасым хан, Абылай хандардың кеңесшілері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жыраулар болған.

Шешендер – ұлттың салт-дәстүрлерін жетік білетін, тарихқа, халық шежіресіне жетік, сауатты да білімді, ең бастысы, ойын көркем де ұтымды айта білетін адамдар. Олар – сонымен қатар, керемет дипломат әрі қоғам қайраткерлері. ("Ел аузынан").

Шешендік сөздерді оқытуда жасөспірімдер сүйіп оқитын басылым "Ұлан" газетінің пайдасы мол. Есімдері осы күнге дейін аталмай келген би-шешендердің өсиет сөздерін осы басылымнан табуға болады. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларын шешендік өнермен жете таныстыру үшін көркемсөз оқу, сөз сайысы, мың бір мақал, айтыс, сөз додасын ұйымдастырып немесе "Жас тілшілер", "Дарын сияқты" шағын үйірмелер ашып, оқушылардың ақындық өнерлерін шыңдап, сөздік қорларын молайтуға болады.

Өзіміз атап айтқандай 3-сыныпта шешендік сөздер саз пәнімен пәнаралық байланыста берілген. Балаларды ән-күй сабақтарында поэзиялық шығармалармен /жыр, терме, айтыс/ таныстыру барысында оқушылар шығармашылықтың бір-бірінен ажырамас біртұтас дүние екені жөнінде түсінік алады.

3-сыныпта кейбір тақырыптар айтыс өнеріне арналған. Мұндағы негізгі мақсат оқушыларға қазақ халқының шығармашылығы жөнінде кеңінен білім беру ғана емес, ұсынылған шығарманың тәрбиелік мәнімен танымдық жағына көңіл бөліп, халықтың поэтикалық шығармасы, толғау, айтыс, күй-тартыс өнері тәрізді тәрбиелік мәні зор дүниелер туралы түсінік беру. Бұл туындылар баланың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін дамытып, рухын көтереді. Осы саз пәнінен 3 тоқсан бойына айтыс өнерімен етене жақын танысқан оқушылар оқу жылының соңғы тоқсанында ана тілі пәні бойынша шешендік өнерімен жақын танысады.

Жалпы халық арасындағы шешендікке, ақындыққа байланысты айтылған:

Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің сөзі ортақ.
Өнер алды – қызыл тіл.

Сөз тапқанға қолқа жоқ, деген сияқты өсиет сөздері текке айтылмаса керек.

Қиналғанда тапқырлықпен жауап айтқан шешендер мен билердің түйінді сөздері осының айқын көрінісі. Шешендік сөздерді "Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні" деп айтуы да осыдан болса керек.

**Батыс Қазақстан университетінің филология ғылымының докторы А.Қыдыршаев ұсынған кесте.
Шешендік сабағындағы мәтінмен жүргізілер жұмыс әдістері мен амалдары**

Мәтінді талдау	Өзіндік мәтін құрастыру	Мәтінді редакциялау
Мәтінді логикалық композициялық тұрғыда жазбаша талдау бейнетаспаға жазылған сөйленген сөзге өзіндік талдаумен жазбаша талдау жасау. Баяндамаларға ауызша талдау жасау	Өзіндік тұсаукесер рәсімі Тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру Таңдалған және тапсырылған тақырыпқа сәйкесті сөз. Бастапқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша сөз. Суырыпсалма сөз. Баяндама	Өзіндік мәтіндерді редакциялау Стилистика бойынша жаттығулар Гуманитарлық және техникалық бағыттағы мәтінді редакциялау

Шешендіктану негіздеріне оқытудың әдістері мен амалдары				
Негізгілері				Көмекші
Коммуникативтік мүмкіндіктерді дамыту әдістері мен амалдары	Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістері мен амалдары	Сөйлеу техникасы, жұмыс әдістері мен амалдары	Шаршы топ Алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістері мен амалдары	
1. Мәтінге логикалық-композициялық талдау жасау	1. Сөздікпен жұмыс жасауға үйрету (лексикология, орфоэпия, стилистика бойынша жаттығулар)	1. Тыныс алу және сөйлеу (тілдік тренинг)	1. Өзіндік тұсаукесер рәсімі	1. Анкеталау
2. Оқылған мәтінді магнитофонға жазу арқылы әңгімелесу (ақпаратты трансформациялау)	2. Мәтінді редакциялау	2. Жаттығу	2. Баяндама	2. Жазбаша сұрау салу
1. Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру	3. Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру	3. Өлең мен прозалық мәтіндерді мәнерлеп оқу	3. Бейнетаспаға жаза отырып, таңдалған тақырып бойынша сөз	3. Тестілеу
4. Еркін пікір талас	4. Тапсырылған тақырып бойынша сөз, баяндама		4. Бейнетаспаға жазылған сөзге өзіндік жазбаша талдау	

5. Коммуникативтік ойын	5. Басқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша суырып салма сөз (импровизация)		5. Басқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша әзірленген сөз	
			6. Тапсырылған тақырып бойынша суырып салма сөз	
			7. Сөйленген сөзге ауызша талдау жасау.	

1. Мақал.
2. Өлең.
3. Шешендік сөз.

№ 5. Бұл шығарма кімдікі деп ойлайсың?

1. Абай.
2. Қазыбек.
3. Төле би.

№ 6 мәтіндегі "Атаға жете туады" сөйлеміндегі "жете" сөзін қай тіркеспен өзгертіп, қарама-қарсы мәнді сөйлем шығарады?

№ 7. Жете туады тіркесінің синонимдік қатарын тауып жаз.

№ 8. Осы мәтіндегі кері кетеді тіркесінің жуық мәндес тіркесін тап.

1. _____
2. _____

№ 9. Төмендегі нақыл сөздің қайсысы мақал?

1. Ақыл жастан,
Асыл тастан.
2. Арзанның сорпасы татымас.

№ 10. Ақты ақ деп бағалар,
О, игі жақсы ағалар.

Өзегі талса, ел біткен,
Өзен бойын жағалар, – қай бидің сөзі.

1. Әйтеке.
2. Төле би.
3. Қазыбек.

Балалар, 179-жаттығуда "Жеті жұлдыз" деген өлең берілген.

Жеті жұлдыз санап шық,
Аты – Жетіқарақшы.
Кетсең түнде адасып,
Беретін сол жол ашып.

V. Жаңа сабақты бекіту сұрақтары:

- Балалар, бүгін, біздер қандай тақырыппен таныстық?
- Үш би.
- Енді балалар, "Жұлдыз теру" ойынын ойнаймыз. Ертеде бір бала атасына менің туған күніме жұлдыз теріп өкелші деп өтінген екен. Атасы немересінің меселін қайтарғысы келмей, аспаннан жұлдыз теруге кіріседі. Енді біз қарияға көмектесейік.
- Кіші жүзді кім басқарды?
- Шешен деген сөзді қалай түсіндің?
- "Неше?" сұрағына жауап беретін мысал келтір.
- "Нешінші?" сұрағына жауап беретін мысал айт.

Қорытынды. Бағалау.

Шешендік өнерді қайталауға арналған тапсырма

№ 1. Берілген текст шығарма жанрының қай түріне жатады?

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып:

– Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? - деп сұрайды.

Жолаушының біреуі:

– Түйенің оң көзі соқыр ма еді?

Жоқшы:

– Иә, – деп басын изейді...

1. Ертегі;

2. Әңгіме;

3. Аңыз.

№ 2. Жоғарыдағы мәтін қалай аталады?

1. Жоқ іздеуші;
2. Зеректік;
3. Ұрылар.

№ 3. Мәтіндегі кейіпкерлер кімдер?

1. Жоқшы;
2. Жолаушылар;
3. Би;
4. Түйе.

№ 4. Төмендегі мәтін шығарманың қай түріне жатады?

Бір бала бар –

Атаға жете туады.

Бір бала бар –

Атадан өте туады.

Бір бала бар –

Кері кете туады!

Шешендік және сөз мәдениеті

1-сынып. Оқушының дұрыс сөйлеуін, сөз байланыстарын, сөз қорын молайту.

2-сынып. *Шешендік сөздер* – терең оймен, шебер тілмен айтылған халық шығармасы. Ол тапқырлық пен шешендікке үйрететін көркем сөз үлгісі болып табылады.

3-сынып. Шешендік сөзде сөйлеу айшықтары мол қолданылады. Сөйлеу айшықтарына қайталау, риторикалық сұрақ, дауыс ырғағы жатады.

4-сынып. Сөйлеу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу үшін жұмсалатын тілдік амалдар – сөз тудыру, сөз тіркестері, сөйлем құру ережелері – ұзақ ғасырлар бойында адамдардың пікір алмасу тәжірибиесі үстінде қалыптасқан, көпшілікке ортақ категориялар. Шешендік сөз алуан түрлі амал-төсілдерге бай. Шешендік сөз сырты қандай сұлу болса, ішкі мазмұны да терең мағынаны білдіреді.

Ұлы билер:

1-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.
4. Бала би.

2-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.

3-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.

4-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.

Ұлы шешендер:

1-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.
4. Досбол шешен.
5. Бөлтiрiк.

2-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.
4. Жиренше.

3-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
3. Қазыбек би.
4. Әнет баба.
5. Әйтiмбет шешен.

4-сынып

1. Төле би.
2. Әйтеке би.
4. Қазыбек би.
5. Сырым батыр.
6. Асан қайғы.

III. Көркем шығармалардағы шешендік сөздер

Шешендік сөздер 1-4 сыныптың "Ана тілі" оқулықтарына бөлімдерге жинақталып, жаңадан іріктеліп жазылған. Шешендік өнерге оқушыларды баулу бағытында би-шешендердің қысқаша өмірбаяндары мен ел аузында қалған өсиет сөздері көркем шығармалардың түрлі жанрлары арқылы берілген. Шешендік өнер тарихы оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сөйкес бастауыш мектеп бағдарламасына арнайы енгізілген.

Көркем шығармалардағы шешендік сөздер. 1-4 сыныптар аралығындағы шешендік сөздер

<p>1-сынып</p> <p>1. – Дүниеде не төтті? -Ананың сүті. -Не жұмсақ? -Ананың қолы!</p> <p style="text-align: right;">Жиренше шешен.</p> <p>2. Ең ашы да – тіл Ең тәтті де – тіл Ең жұмсақ та – тіл Ең қатты да – тіл.</p> <p style="text-align: right;">Жиренше шешен.</p> <p>3. «Аз жұмысты қиынсыңсан, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат ете білмесең, көптен де күр қаласың».</p> <p style="text-align: right;">Ы.Алтынсарин.</p> <p>4. Атадан үл туса игі, Ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұятын. Өзі біліп тұрса игі...</p> <p style="text-align: right;">Төле би.</p> <p style="text-align: center;">Туған ананың күтімі жылы, туған үйдің түтіні жылы.</p>	<p>3-сынып</p> <p>Бір бала бар – Атаға жете туады. Бір бала бар – Атадан өте туады. Бір бала бар – Кері кете туады!</p> <p style="text-align: right;">Қазыбек би.</p> <p>Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылына-ақыл қос. Қазыбек би.</p> <p>Жауға сілтер қаруынды еш уақытта жақынына сілтеме!</p> <p style="text-align: right;">Қазыбек би.</p> <p>«Ә» дегені – әділ бол «К» дегені – күншіл болма, көпшіл бол, «І» дегені – ілтипатты бол «М» дегені – менмен болма, мейірман бол. Қаз дауысты Қазыбек би.</p>
<p>2-сынып</p> <p>1. Жаксы жігіт белгісі. Түзде – мырза, үйде – күл!</p> <p style="text-align: right;">Төле би.</p> <p>2. Жігіттің жампозы ел кориды. Жігіттің жаманы жер кориды.</p> <p style="text-align: right;">Әйтеке би.</p> <p>3. Кедейлік үш ағайынды. Оның тұңғышы – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы.</p> <p style="text-align: right;">Төле би.</p> <p>4. Бай болсаң, халқыңа пайдан тисін, батыр болсаң, жауға найзан тисін.</p> <p style="text-align: right;">Әйтеке би.</p>	<p>4-сынып</p> <p>1. Өгізді өрге салма, қанатың талар; наданға көзіңді салма, сағың сынар.</p> <p>2. Досына өтірік айтпа, сенімің кетер; дұшпаныңа сырынды айтпа, түбіне жетер.</p> <p>3. Бақ – ұзатылған қыз, Байлық – еритін мұз. Бала – артта қалған із.</p> <p style="text-align: right;">Төле би.</p> <p>4. Су атасы – бұлақ, сөз атасы – құлақ, жол атасы – тұяқ.</p> <p style="text-align: right;">Сырым батыр.</p> <p>Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден күт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз.</p> <p style="text-align: right;">Қазыбек би.</p>

кесте

Шешендіктану негіздеріне оқытудың әдістері мен амалдары				
Негізгілері	Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістері мен амалдары	Сөйлеу техникасы, жұмыс әдістері мен амалдары	Шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістері мен амалдары	Көмекші
Коммуникативтік мүмкіндіктерді даму әдістері мен амалдары	1. Сөздікпен жұмыс жасауға үйрету (лексикология, орфоэпия, стилистика бойынша жаттығулар)	1. Тыныс алу және сөйлеу (тілдік тренинг)	1. Өзіндік тұсаукесер рәсімі.	1. Анкета-лау
1. Мәтінге логикалық-композициялық талдау жасау.	2. Мәтінді редакциялау	2. Жаттығу	2. Баяндама	2. Жазбаша сұрау салу
2. Оқылған мәтінді магнитофонға жазу арқылы әңгімелеу (акпаратты трансформациялау)	3. Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру.	3. Өлең мен прозалық мәтіндерді мәнерлеп оқу.	3. Бейнетаспаға жаза отырып, тандалған тақырып бойынша сөз.	3. Тестілеу
3. Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру.	4. Тапсырылған тақырып бойынша сөз, баяндама		4. Бейнетаспаға жазылған сөзге өзіндік жазбаша талдау.	
5. Коммуникативтік ойын	5. Басқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша суырып салма сөз (импровизация)		5. Басқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша әзірленген сөз. 6. Тапсырылған тақырып бойынша суырып салма сөз. 7. Сөйлем мен сөзге ауызша талдау жасау.	

1-4 сыныптар аралығындағы билер мен шешендік сөздер туралы тақырыптар

1-сынып «Үш би» Н.Оразалин 171-172 -бет «Досболдың тапқырлығы» 230-бет	1. «Менің атым-Бөлтірік». 229-бет 2. «Досболдың тапқырлығы». 230-бет 3. «Не тәтті?». 68-бет
2-сынып «Кедейлік неден?». 41-бет «Жаксы жігіт белгісі». 42-бет «Қазыбектің Төле бимен кездесуі» 43-бет «Ана арқасы мамықтай». 42-бет «Не қымбат?». 44-бет «Әйтеке бидің айтқаны». 45-бет «Жігіттің жақсылығы». 45-бет	«Бала Жиренше». 35-бет
3-сынып 1. «Төле бидің төрелігі». 285-бет 2. «Қазыбектің шешендік сөздерінің бірі». 286-бет 3. «Бала Әйтекенің билігі». 288-бет	1. «Абылай хан» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 282-бет 2. «Әнет баба» әңгімелері. 289-бет
4-сынып 1. «Қарлығаш әулие» С.Негимов. 4-бет 2. «Төле бидің жауабы». 5-бет 3. «Төле би шешендігі». 6-бет 4. Қазыбек бидің елшілігі». 7-бет 5. Әйтеке бидің сыншылдығы». 9-бет 6. Әйтеке бидің шешендігі. 9-бет 7. «Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі» А.Байтұрсынов. 70-бет	«Сырым батыр». 10-бет «Асан қайғының Жерұйықты іздеуі». 12-бет «Достық туралы». 67-бет

Тапсырмалар

Тестілер

1-сынып 1-тапсырма: “Үш би” өлеңін жатқа айту. 171-бет 2-тапсырма: 172-беттегі мақалды жаттау; 3-тапсырма: “Үш би” туралы айтылған мәтінді дәптерге көшіріп жазу, түсінгенін 172-бет 4-тапсырма: “Не тәтті?” мәтінінен екінші баланың сөзін жатта. 68-бет 5-тапсырма: Досбол шешеннің Бала биге берген жауабын тауып оқындар. 230-бет	1) Қазактын атақты үш биі? А) Жиренше, Досбол, Сырым. Ә) Әйтеке, Төле, Қазыбек би Б) Бала би, Бөлтірік 2) Мынау кімнің сөзі? “Айтыспағың болса егер, Кетемін сөзбен өлтіріп” А) Досбол Ә) Бала би Б) Бөлтірік
2-сынып 1-тапсырма: “Кедейлік неден?” деген мәтіндегі Төле бидің сөздерін есінде сақта. 14-бет 2-тапсырма: “Ана арқасы мақтадай” мәтінінен Төле бидің сөздерін тауып, дәптерге жаз. 43-бет 3-тапсырма: Әйтеке бидің айтқан сөзін дәптеріне жазып ал. Қалай түсінгенінді әңгімеле. 45-бет 4-тапсырма: “Не қымбат?” өлеңіндегі “Алтын ұяң – Отан” дегенді қалай түсінесің? 44-бет	Төмендегі мәтін шығарманың қай түріне жатады? “Баз бала әкесінен өтіп туады, Баз бала әкесіне жетіп туады, Баз бала кері кетіп туады”. А) мақал Ә) өлең Б) шешендік сөз “Бала Жиренше” мәтініндегі жұмбақтап айтқан сөз кімдікі? А) Әз Жәнібек Ә) Ханның қасындағылары Б) Жиренше В) Қонақтар

<p>3-сынып 1-тапсырма: “Төле бидің төрелігі” мәтініндегі үлкен бидің Төле биге берген батасын оқып, мәнісін түсіндір. 286-бет 2-тапсырма: Әйтеке би туралы мәлімет жазып келу. 3-тапсырма: Қазыбек Әнет бабаның айтқан сөзін қалай шешті? Дәптерге түсір. 290-бет 4-тапсырма: “Бір бала атаға жете туады, бір бала атадан өте туады” деген Қазыбектің өлең жолдарына 286-287 беттердегі мәтін бойынша жауап бер.</p>	<p>1) “Ақ маңдайлы арысым, Талабың алдан өтелсін” – деген бата кімдікі? А) Төле бидікі Ә) Үлкен бидікі Б) Әнет бабанікі 2) “Атаға жете туады” сөйлеміндегі “жете” сөзін қай тіркеспен өзгертсең, карама-карсы мәнді сөйлем шығады? Сөз тіркесін тауып, сөйлемді толық жаз.</p>
<p>4-сынып 1-тапсырма: Төле би, Қазыбек би, Бала би, Бөлтірік билер туралы мәлімет бер 2-тапсырма: Төле бидің Қазыбек биге берген батасын жаттап ал. 3-тапсырма: Қазыбек бидің жоңғар ханына елшілікке баруы туралы мәлімет бер. 4-тапсырма: “Асан қайғының Жер-ұйықты іздеуі” мәтініндегі шешендік сөздерді теріп, көшір. 12-бет</p>	<p>– Ақты ақ деп бағалар, О, игі жақсы ағалар. Өзегі талса, ел біткен, Өзен бойын жағалар, – қай бидің сөзі? А) Әйтеке би Ә) Төле би Б) Қазыбек би “Су атасы – бұлақ, Сөз атасы – құлақ, “Жол атасы – тұяқ” – кімнің сөзі? А) Бекболат би Ә) Сырым батыр Б) Әйтеке би В) Қазыбек би</p>
	<p>Әйтеке би ел басқару мен әскери өнерді кімнен үйренген? А) Сырым батырдан Ә) Елден Б) Ұлы әкесі Ақшаханнан Бекболат би қай бидің баласы? А) Әйтеке би Ә) Қазыбек би Б) Бала би В) Төле би</p>

Көркем шығармалардағы шешендік сөздер

Аңыз-өңгімелер.

3-сынып.

“Білгеннің тілін алмасаң, білместігің көрінер”. 200-бет.

“Жақсыдан жаман тумайды”. 281-бет.

“Жақсы өкеден туған ұл,

Қанша жаман десең де,

Тартпай қалмас негізге”. 183-бет.

“Сырмінез атың болмаса, сыры ашылмаған бесті ат мін”.

1-4-сынып: Алдаркөсе, Қожанасыр, Асан қайғы аңыз өңгімелеріндегі нақыл сөздер.

Ертегілер.

2-сынып. Еңбекпен ел көгерер. 123-бет.

3-сынып. "Ажалдан құтқарған асыл сөз" мәтіні. 216-бет.

4-сынып. "Өнеге" ертегісі. 58-бет.

Не істесең де, ойлап істе,

Ойламай іс қылсаң, қор боларсың.

Тәрбие сағатының тақырыбы: "Ел бірлігін сақтаған бабаларым"

Мақсаты: а) Оқушыларға қазақтың шешен де тапқыр, ақылгөй аталарымыз туралы мағлұмат беру.

ә) Оқушыларға билердің ел аузында айтылған өсиет әңгімелері туралы әңгімелеу.

б) Оқушыларға отаншылдық тәрбие бере отырып, олардың ой-өрісін дамыту.

I Кіріспе: Баяндама оқу

"Үш кемеңгер дүлдүлім, сақтаған ел бірлігін"

II Негізгі бөлім:

1-оқушы:

Ойдың қозғап жасынын,

Қайта туған ғасырым.

Төле би мен Қазыбек,

Әйтеке би асылым.

2-оқушы:

Айбын болған еліме,

Айдын болған көліме.

Айналайын үш биім,

Пана болған жеріме.

3-оқушы:

Елдік туын ұстаған,

Ел намысын ұштаған.

Қалың қазақ пір тұтар

Қасиетті үш бабам.

4-оқушы:

Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшысы болмаса ел жетім,

Ұқпаса айтқан сөз жетім,
Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы.
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.

5-оқушы:

Атадан жақсы ұл туса игі,
Елінің туы болады.
Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болады.

6-оқушы:

Сөз атасы-бірлік, анасы-шындық

7-оқушы:

Тату болса, ағайын жақын.
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын.
Инабатты болса келінің жақын.

8-оқушы:

Алтын үя – Отан қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Туып өскен елің қымбат.

9-оқушы:

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын,
Тыныштықпен өмір сүрмесе,
Бәрінен де сол қиын.

10-оқушы:

Ниеті жаманның иманы кетер,
Әйелі жаманның мейманы кетер.
Ерден бақ таярда қатыны құтырады,
Елден бақ таярда иті құтырады.

IV. Қорытынды бөлім: Қазақ халқы ертеде үш жүзге бөлінген:

Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз. Ұлы жүзді – Төле би, орта жүзді – Қазыбек, кіші жүзді Әйтеке би басқарған.

Осы үш би елдің ауыртпалығын көтеріп, елге құрметпен қарап отырған үш дана. Олар ақылды, қайырымды, сөзге шебер үш бабамыз. Төле би Алматы, Жамбыл, оңтүстік жақтарын, ал Әйтеке би Орал, Ақтөбе, Атырау, батыс өңірлерінің халқын басқарған.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шешендік сөздердің тарихы.
2. Шешендер мен билер.
3. Бастауыш сыныпта шешендік сөздердің оқытылуы.
4. Шешендік сөздерді сынып сайын талдап, дәптеріңе түсір.

Бастауыш сыныптарда мақал-мәтел, жұмбақтарды оқыту

Мақал – сөз анасы. Әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өлеңді өрнекпен не шешендік қара сөзбен айшықталған қысқа да нұсқа айтылған нақыл сөздердің мәйегі. Көбінесе екі тармақтан құрылады. Бірінші тармағында ойдың түп нұсқасы пайымдалады, екіншісінде ой қорытындыланып түйінделеді. Мақал сөздер тура және ауыспалы мағынада қолданылады.

Мәтел-мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлең сипатында құрылатын ықшамды, кестелі нақыл сөз. Ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жаттала тараған өнеге, үлгі, өсиет сөздердің киелі түзілімі. Бастауыш сыныпта мақал-мәтелдер тақырып сайын және өр бөлім сайын оқытылады. Олар арнайы сағат ретінде де өткізіледі.

Жұмбақ – халық шығармаларының ең көне түрінің бірі және барлық жұрттың фольклоріне ортақ тұр. Ерте заманда пайда болғанымен жұмбақ бергі заманда да, тіпті, бүгінгі біздің дәуірімізде де маңызын жойған жоқ.

Қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. Жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері мен бірге саяси құрал есебінде жауға қарсы қолданған.

Сырт қарағанда, соңғы уақыттарда жазба әдебиеттің күшейуімен "Жұмбақ азайған шығар. Жаңадан жасалмайтын шығар" деген ойлар болушы еді. Анығында бұл теріс боп шықты. Жұмбақ қазақ халқы мен қатар басқа халықтардың арасында да әлі күнге, өмір сүріп, дамып келеді. Олай болса халықтың жұмбақ қорын жинап, зерттеу қажет.

Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді.

Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ, оны мектеп балалары тілді ұстарту мақсатымен оқып, жаттайды.

Халық жұмбақтарының тақырыбы өте көп. Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек – кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер – білім, техника, т.б. жұмбақтардың басты тақырыбы болуымен қатар, мазмұнына айналды. Бұл тақырыптардың бәрі жұмбақ әлеміне енгенде, әрқайсысы жалпылама емес, бөлшектене, жекелене алынады.

Мақал-мәтелді қазақ тілі сабағында көптеп қолдануға болады.

МЫСАЛЫ: Сын есімді өткенде:

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болады.

Бұлттан шыққан күн ащы, жаман кісінің тілі ащы, – деген сияқты сан есімдерді өткенде:

"Ел құлағы елу.

Қырықтың бірі – қыдыр.

Қызға қырық үйден тыю.

Ұлға отыз үйден тыю.

Алыстан алты жасар бала келсе,

Алпыстағы шал келіп сөлем берер.

Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – он саулық.

деген сияқты есімдіктерді өткенде:

Кісі еліне сұлтан болғанша,

Өз еліңе ұлтан бол.

Бұлай тартсаң, өгіз өледі,
Олай тартсаң, арба сынады.

деген мақал-мәтелдерді қолдану, олардың мағынасын ашу жоғарыдағы қойылған мақсаттардың кейбірін іске асырады. Мұндай сабақтарда оқушыларға да тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді жазып келуге тапсырма беруге болады.

Мұны оқушылар ынтамен орындайды, өйткені, мақал-мәтелдер – сөз мәйегі, әрі қысқа, әрі нұсқа, оқушылардың жаттауына да жеңіл, әрі балалардың тілін дамытып, ой-өрісін өсіре түсері сөзсіз. Тиісті жерде тыныс белгілерін қойғызып, оларды сөйлем мүшелеріне талдауды оқушылардың қызығушылығын туғызып, сауаттылығын арттырады.

Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын молайту және де сауаттылығын нығайту мақсатында қазақ тілі пәнінен 3-сыныпта "Жалпы және жалқы есімді" қайталау сабағының бекіту бөлімінде оқушыларды 3 топқа бөліп мақал сайысын өткізуге болады. I бөлімінде: Еңбек туралы мақал айтып жарысу.

II бөлімінде: Мақалдың соңын жалғастыру және мәнін-мағынасын айту.

III бөлімінде: Белгілі тақырыпқа байланысты мақал айту.

Мысалы: Ат айналып қызығын табар,

Ерайналып елін табар.

Тіліңмен жүгірме

Біліммен жүгір.

Адам баласының ең жаманы
талапсыз.

IV бөлімінде: Әр топқа белгілі тақырып беріліп, сол тақырыпқа байланысты мақал айтып жарысу. Мысалы:

I топқа: "Оқу білім туралы мақал"

Ақыл азбайды, білім тозбайды.

Қына тасқа бітеді.

Білім басқа бітеді.

II топқа: Мал жөнінде:

Мал өсірсең қой өсір,

Өнімі оның көл көсір.

Ат ерінді келеді,

Ер мұрынды келеді.

III топқа: Тіл өнері туралы мақал:

Өнер алды қызыл тіл.

Өнер – ердің қанаты.

Сонымен қатар "Әрі қарай жалғастыр" жарысында топ басшыларына арналған өлең шумағын жалғастыру.

1. Бар кітапқа бас болған

Әліппе ғылым анасы

М.Мақатаев.

2. Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай мақтанба.

А. Құнанбаев.

3. Кел балалар оқылық,

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық.

Ы. Алтынсарин.

Бұл жарыста III топ басшысы толық жауап беріп жеңіске жетті.

Мақал-мәтелдер әр бөлімнің, әр тараудың соңында беріледі.

Оқушылар сабаққа белсенді түрде қызығушылықпен қатысады.

Қорыта келгенде, халықтық педагогиканың тарам-тарам жолдарын орынды пайдалана білу әр мұғалімнің өз үлесінде. Тек оқушыларымыздың ұлттық санасын оятып, жүргеніне жол таба білсек болғаны.

Халықтық педагогика қағидаларын игеруге айлар емес, жылдар керек. Оның үстіне жинақталып, кітап болып басылып ғылыми тұрғыдан жүйеленбеген, сараланбаған қазынаны тауып алу оңай емес. Сондықтан ел аузындағы есті сөздерге құлақ түре жүру, ата-бабалардың баспа сөз бетінде жарық көрген ұлағаттарын тере жүру тәрбие тұтқасындағыларға тартымды да татымды білім олжасы. Өзің пісірген астың дәмді болатыны сияқты, өзің терген сөздің қадір-қасиетін де тере бойлай танысың, төжірибеңде тиімді, ұтымды, орынды пайдаланасың.

Өз педагогикасын тудырған халық әр дәуірде ақылды сөзбен, парасатты мінезбен ұрпақтарын игілікке тәрбиелеген. Осы тұрғыдан К. Ушинскийдің "Қандай да тарихи тірлік жасаушы халық – жер бетіндегі ең тамаша жаратылыс, тәрбиеге тек қана осы бай да таза қайнар көзден керектіні ала білу керек!" – деген даналық ойына құлақ асу әр ата-ананың парызы. Өйткені халық педагогикасының ғылыми тәрбиеге кесе-көлденең келер сөті жоқ, қайта керісінше қоян-қолтық қабысып, тигізер себебі көп.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақал-мәтел, жұмбақтың тәрбиелік мәні.
2. Бастауыш сыныпта оқыту ерекшеліктері
3. Жұмбақ, оның тақырыптары.
4. Мақал-мәтел, жұмбақтар бойынша дәптеріңе шығармашылық жұмыс жаса.

6-тақырып. Оқу сабақтарына арналған тәрбие жұмыстарының жоспарлары

Отаным – алтын бесігім

Ашық тәрбие сағаты жас ұрпақты Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге арналады.

Сабақтың тәрбиелік мәні:

1. Халық педагогикасын насихаттау.
2. Балаларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, достыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу.
3. Балаларды ұқыптылыққа, саналылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі:

1. Қазақстанның Әнұраны, Көкбайрағы, Елтаңбасы.
2. Әнұранның өні мен сөзін жазған авторлардың суреттері.
3. Көкбайрақ пен Елтаңбаның жобасын жасаған адамдардың суреттері.
4. Ұран сөздер жазылған плакаттар.
5. Туған жер көріністері: Үсіктас тауының көрінісі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Сөлемдесу. Отан- Отан

Сен болмасаң нетер едім?

Мөңгілікке бақытсыз болып өтер ем,

Өмірден бұл өксумен кетер ем, –

деп, сабағымыз республикамыздың рәміздерін құрмет тұту рәсіміне шақырып, туымызды көтеріп тұрып, мемлекеттік Әнұранымызды оқушылар хормен айтудан басталады.

2. Қазақстан Республикасы бойынша сұрақтар беріледі.

а) Біз қандай ұлтпыз? Қай республикада тұрамыз?

ә) Қазақстан халқының саны, жер көлемі, қанша ұлт өкілдерінен тұратыны, соның ішінде жеке-жеке облысымыз, ауданымыз, ауылымыздың жер көлемі, халқы, табиғаты туралы сұралады.

3. Еліміздің рәміздерін жеке-жеке сұрау.

а) Әнұранның негізгі мазмұны.

ә) Көкбайрақтың негізгі сипаты.

б) Елтаңбаның негізгі сипаты.

в) Әнұранның сөзін, әнін жазған кімдер?

г) Елтаңба көкбайрақтың жобасын жасаған кімдер?

Сұрақтарға толық жауап алған соң, оқушыларды тұрғызып, рәміздердің мазмұнына, негізгі сипатына жеке-жеке тоқталдық.

1-оқушы:

Күндер өтті кешегі

Жігер құм боп жасыған.

Несіне оны жасырам?

Әнұраным бүгінгі

Баға жетпес асыл ән.

2-оқушы: Қазақстан Республикасының Әнұраны – бірлікке, ынтымаққа, достыққа қызмет етеді. Жастарды ерлікке, қайсарлыққа, төзімділікке, еліміздің тәуелсіздігін қорғауға шақырады.

3-оқушы: Мемлекеттік жалау 1992 жыл маусым айының 4 жұлдызында дүниеге келіп, 6 маусым күні ресми түрде қабылданды.

4-оқушы: Көк байрақтың ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, тік бұрышты көгілдір мата, матаның сол жағында қызыл өрнегі бар, ұзындығы 2 метр, ені 1 метр. Тудың жобасын жасаған Шөкен Ниязбеков.

5-оқушы: Мемлекеттік ту – егемен еліміздің, тәуелсіз жас мемлекетіміздің, қазақ халқының рәміздік белгісі.

6-оқушы: Осы тудың астында демократиялық, зайырлы құқықтық және әлеуметтік қоғам орнатамыз.

7-оқушы: Осы тудың астында экономикалық даму, қазақ халқының дербес ұлт ретінде өсіп өркендеуі, анық ғылым мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін көркейте береміз.

8-оқушы: Осы тудың астында Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың дербес ұлттық мәдениетін көркейтіп, олардың өзара бірлігі мен ынтымағын, достығы мен рухани күш-қуатын дамыта береміз.

9-оқушы: Осы тудың астында біздің сүйікті Отанымыз Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, бостандығы мен тәуелсіздігін, аумақтың тұтастығын қорғаймыз.

10-оқушы: Тудың ортасындағы қалықтап ұшқан қырандай еліміз биіктерге самғай берсін.

11-оқушы: Елтаңбаның көркемдік шешімі: шаңырақ жұлдыз, сондай-ақ аңызға айналған пырақ. Қазақстан деген жазуы бар.

12-оқушы: Қанатты тұлпар пырақ бейнесі биік самғауды, болашақ жайлы армандауды білдіреді. Сонымен егемен еліміздің Елтаңбасында қазақ елінің бостандық пен берекеге ұмтылысы бейнеленген.

13-оқушы: Елтаңбаның ортасындағы шаңырақ дүние жүзіндегі барлық қазақтарды бір шаңырақ астына топтасуға шақырады.

14-оқушы: Шаңырақ – біздің ортақ отауымыз. Сан ғасырлар бойы исі қазақ осы қара шаңырақтың астында өсіп, өркен жайды, болашаққа ұрпақ жалғастырады. Егемен еліміз бен тәуелсіз жас мемлекетіміздің Елтаң-

басын білу, ол бейнелеп тұрған ойды ұғыну – азаматтық парызымыз.

15-оқушы: Көшеде таулар самғаған
Көктемнің қызыл гүліндей.

Қазақтың тойын қарсы алам

Өзімнің туған күнімдей.

Көрініс: "Егемен тойларымыз құтты болсын!"

"Қазағым" әнін бір оқушы орындайды.

16-оқушы: Мен қазақпын қаныммен, сүйегіммен,
Сән-салтанат салтымды сүйемін мен.

Бақ орнатам осынау кең далама,

Мұрагермін оған да иемін мен.

17-оқушы: Біз – жас ұлан Отан ана өркені,

Үміт артқан болашағы ертеңі.

Туған елдің даңқын көкке көтеріп,

Гүлге бөлеп, жасартамыз өлкені.

18-оқушы: Кең-байтақ Қазақстан менің туған өлкем,
оның асқар таулары мен көлдері жайқалған орман мен
жасыл жылауы – менің ақ бесігім. Сондықтан да оны
мен анамдай сүйемін. "Туған жер" әні орындалады.

Мұғалім: Ал, балалар, Отан туралы, жер туралы
қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

19-оқушы: "Туған жерде туыңды тік".

"Отан – оттан да ыстық".

"Ұлтарақтай болса да – туып өскен ел артық".

Сабақ қорытындылап, оқушылардың еңбегі бағаланады.

"Көктемді қондырып қанатына!"

Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Балаларға табиғатты қорғаушы қанатты достарымыз – құстар туралы мәліметтер бере отырып, оқушыларды құстарға қамқор болып, көңіл бөлуге, ұя жасап, оларды қарсы алуға шақыру.

Сабақтың өдісі: Баяндау, сұрақ-жауап, ойын.

Көрнекілігі: Плакаттар, сөзжұмбақ, жұмбақтар аялдамасы.

Сабақ барысы:

– Балалар мен сіздерге қазір мына бір өлең жолын оқып берейін. Тыныш отырып, мұқият тыңдаңыздар.

Көктем келіп жылғалардан су ақты,
Өзен тасып, күн нұр төкті шуақты.
Құстар қайтты туған елге ағылып,
Балалар жүр құстар әнін сағынып.

Балалар, бұл өлеңде не туралы айтылған? Ендеше балалар, бүгін құстар қонаққа келіпті. Біз жыл сайын көктемде құрметті достарымызды бағалап күтеміз. Адамдардың құстармен достығы өте ерте заманнан-ақ басталған. Оған дәлел халықтың аңыз әңгімелерімен ертегілері құстар туралы ән-жырлары.

"Бақыт құсы" кездеседі. Сонымен қатар халқымыздың қаһармандық пен ерлік көрсеткен, ұл-қыздарын қыран құсқа, бүркітке және жезтаңдай әншілерін бұл-бұл құсқа теңеп құрметтеу, яғни бұдан адамдардың құстарға деген көзқарасын анық та айқын көруге болады.

Ендеше, құстар туралы өлеңге жол берсек қайтеді? Қане, кім жақсы өлең оқыр екен.

1-оқушы: Көкек келді,

Тіршілікке жан кірді.

Кең дала жасарып, жаңғырды,

Бар өңір құлпыра бастады.

2-оқушы: Тіршілікке жан кірді көктем кеп,

Айнала, сай-сала көкпеңбек.

Диқанның арқасы босады,

Қытымыр қысымыз кетті деп.

3-оқушы: Жыл құстары келді деп,

Балдырғандар мәз болды.

Қос қанаты желпілдеп,

Көлге келіп қаз қонды.

4-оқушы: Қызыл тал, қызыл тал,

Қызыл талда бүршік бар.

Бүршігін ол жарғаны,

Көктем келіп қалғаны.

5-оқушы: Құстар келіп құттықтап.

Қуанамыз қолдаймыз.

Ұя жасап ұқыптап,

Біз оларды қорғаймыз.

6-оқушы: Сәлем, елдің көктемі.

Әлем енді көктеді.

Құрметпен бас иді,

Құстарыңа көктегі.

7-оқушы: Құс сұлуы – аққуым,

Табиғат көркін сыйлаған.

Мылтығын кезеп кей аңшы.

Атуға көзі қимаған.

Балалар аққу туралы жақсы тақпақ оқып берді. Енді мен сол аққу туралы кішкене мағлұмат бере кетейін.

Аққу – қаз тәрізділер отрядының ұйрек тұқымдас-тарына жатады. Дүние жүзінде аққудың 28 түрі бар. Ал Қазақстанда олардың тек 2 түрі кездеседі. Олардың салмағы 12-13 кг. Негізгі қорегі су өсімдігі. Сұңқылдақ аққудың мойны түзу, ал, сыбырлақ аққудың мойны "Г" әрпімен ұқсас болып келеді. Қазір сұңқылдақ аққудың түрі сирегендіктен, олар Қазақстанның "Қызыл кітабына" тіркелген.

8-оқушы:

Сұлулықты паш етіп,

Жырлаған талай ақындар.

Нәзік үнді көл көркі.

Құс патшасы аққу бар .

– Балалар бізге ең жақын құс қандай құс ?

Қане кім айтады?

– Қарлығаш.

– Дұрыс, балалар, білесіңдер олар өздерінің ұяларын адамның тұрақ етіп жүрген жерлеріне салады. Олар адамның нағыз қамқоршысы. Қарлығаш туралы көптеген ертегі, аңыз әңгімелер өте көп. Сондықтан балалар мен сендерге қарлығаш туралы бір аңыз-әңгіме айтып берейін.

"Төле бидің қамқоршысы".

9-оқушы:

Қарлығашпын.

Мен адамның тұрағын,

Мекен етіп тұрамын.

Тазалаймын үй ішін.

Шыбын деген кеселден

Ел аузында мақтаулы

Санитармын төселген.

– Балалар, мына құсты сіздер білесіздер (суреті). Яғни, мұның аты тоқылдақ. Оны бәрің де орман емшісі деп атайсыздар. Өйткені, ол өзінің тұмсығымен ағаш қабығының астындағы зиянкестерді оңай табады (1 тәулікте ол 100-ден астам зиянкестің көзін құртады).

10-оқушы: бір қонып, бір секектеп,

Менің атым көкек деп.

Қорықпаңдар жаз өтеді деп,

Мен ғой келген жетектеп.

Тұрады жаз тамылжып,

Қойсам болды көкек деп.

– Міне, балалар бізге көкек туралы тақпақ оқып берді. Жыл сайын құстардан бұрын келетін көкек қой. Оны бәріңіз де білесіздер. Көкек жұмыртқасын өзі баспай басқа құстардың ұясына салатын құстардың бірі. Көкек – жыл құсы. Оның дене тұрқы – 40 см. Шыбын-шіркеймен қоректенетін пайдалы құс.

– Балалар, айтыңдаршы, әсем әнімен өлемді таңқалдыратын қандай құсты білесіңдер?

– Бұлбұл!

– Өте дұрыс.

11-оқушы:

Мен еркін бақыттымын, бұлбұлмын,

Бұлағын тасытқан ән-жырдың.

Тамаша тамылжытып шырқаған.

Шаттығын тауыса алмай өр күннің.

– Дұрыс, енді маған айта қойыңызшы, қыста тұрған жерінде қыстап қалатын қандай құстар?

– Торғай, қарға, т.б.

– Дұрыс-ақ. Балалар, соның ішінде торғай адам мекеніне жақын жүретін құстардың бірі. Олар шөлді аймақтардан басқа жерлердің бәрінде кездеседі. Олардың денесі шағын. Қорегі – өсімдік текті азықтар. Оның жүрегі минутына 260 рет соғады. Сонымен, балалар, біз шаршаған шығармыз, кішкене дем алып, саяхатқа шығалық.

– Ал, көне, автобуска отырыңдар. Автобуска қалай отырушы едік. Ал енді көңілді көтерейік. Қандай өлең білесіңдер?

"Ақ көгершін" әні.

– Балалар, біз жұмбақтар аялдамасына келіп қалыппыз. Ендеше жұмбақ шешіп көрейік. Кім тапқыр екен?

Жұмбақтар:

Бейбіт өмір нышаны,

Самғап көкке ұшады. (Көгершін).

Көктемде құстар қайтқанда,

Ең алдымен келетін,

Өзіміз күтіп алатын,

Ұя жасап беретін.

Бұл қандай құс, балалар? (Қараторғай).

– Балалар, өздерің де жұмбақтар білетін шығарсыздар. Соларды ортаға салып, бәріміз бірлесіп шешейік (Балалардың жұмбақтары).

Сөзжұмбақ "Құстар"

1. Қыз есімімен аталатын құс.

2. Құстар мекені.

3. Өзі ұсақ, өзі сақ

Шықылықтап тұрмайды

Құйрығы ұзын, өзі ала

Бұл қандай құс балалар?

4. Орман еншісі.

5. Құс төресі.

6. Қыста қыстап қалатын құс.

Жауаптары:

1. Қарлығаш.

2. Ұя.

3. Сауысқан.

4. Тоқылдақ.

5. Аққу.

6. Қарға.

– Балалардан осы сабақтан түсінгендерін сұрау жөне соған жауап алу. Сабақты қорытындылап, тағы да тәрбие сағатын өткізуді айту, алдағы уақытта саяхатқа шығуды ескерту.

– Оқушылармен қоштасу.

"Орманға серуен" сабағы

Сабақтың мақсаты: Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталай отырып, оны ойын түрінде бекіту. Сабақты қоршаған ортамен дамыту. Оқушылардың байланыстыра сөйлем құрап және көркем жаза білу әдетін әрі қарай қалыптастыру. Сөйлем түрлерін, сөз топтарын, олардың ережелеріне оқушылардың қалай меңгергенін тексеру. Оқушыларды табиғатқа сүйеге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер, қима суреттер, плакаттар.

Қолданылатын әдістемелік тәсілдер сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру әдістері.

Сабақтың барысы

Мұғалім: – Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Себебі, біз бүгін орманға серуенге барамыз. Серуенге баруға дайынбыз ба?

– Дайынбыз!

Мұғалім: – Кеттік ендеше! Мында назар аударыңыздар, бізді орманнан ызыңдаған аралар қарсы алады (Аралардың суретін көрсетеді). Кәне, бәрің де осы араларға ұқсап ызыңдап алдарыңыздағы кітаптарыңызды ашып, оқи қойыңыздар.

(Балалар біркелкі дауыспен дауыстап, алдарындағы балаларға арналған әдеби кітаптарын ашып оқи бастайды. Осылай оқыту әдісі әрқашанда әр сабақтың кіріспе бөлімінде қолданылып отырылады, 2-3 минут).

Мұғалім: – Жарайды, өте жақсы. Енді дәптерлеріңді ашып, тақтадағы бүгінгі ай, күн аттарын, мына жаңылтпашты өсем етіп көшіріп, жазып ала қойыңдар. Жазуымыз көркем, өдемі болу үшін денемізді тік ұстаймыз. Шынтағымыз парта үстінде жатсын, дәптерді сәл қиғаштап қоямыз.

(Өзім көрсетіп, кейін парта аралап қадағалаймын).

Жаңылтпаш: Бал араға, балға

Бара ала ма бала?

(Дауыстап оқылып, жаңылтпаш жатталады, тез жаттаған оқушы бағаланады).

Мұғалім: – Қараңыздар, балалар біздің араларымыздың омартасына бал аюы бал ұрлауға келіпті.

(Суретте аю ағаштың қуысындағы балға өрмелеп келеді, аралар оны жан-жағынан талауда).

Мұғалім: – Балалар, біз осы сурет бойынша сөйлемдер құруымыз керек. Қане, кім айтады, сөйлемнің неше түрі бар?

("Сөйлемнің үш түрі бар. Олар: лепті сөйлем, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем" – деген жауап алынады).

Мұғалім: – Өте дұрыс. Енді сендер осы суретке қарап бір сұраулы, бір лепті, бір хабарлы сөйлем құрауларың керек.

(Тақтаға кезекпен үш бала шығарылып, үш сөйлем жазады. Қалған балалар дәптерлеріне орындайды).

Мұғалім: – Серуенімізді жалғастырамыз. Біз орманнан гүлдер теріп алған едік. Енді осы гүлдермен ойын ойнайық.

(Балаларға гүлдер таратылады, "Сары гүл – зат есім, қызыл гүл – сан есім, көк гүл – сын есім, жапырақ – етістік" екені тақтаға жазылады).

Мұғалім: – "Жасыл шөп жайқалды" (Сөйлем оқылды).

Оқушылар көк, сары гүлді және жапырақты жоғары көтеріп көрсетеді.

Өйткені: жасыл – (қандай?) – сын есім (көк гүл)

шөп – (не?) – зат есім (сары гүл).

жайқалды – (неғылды?) – етістік (жапырақ).

Мұғалім: – Орманда біз серуендедік. Келе жатсақ, мынадай әдемі елік пен тырна кездесті. Бұл жануарлар біздерге бірдене айтқысы келді. Бірақ, олар адамша сөйлей алмағандықтан, сөздері байланыспай тұр. Біздер осы аңдардың не айтқысы келгенін біліп тақтаға буынға бөліп жазып, дауысты және дауыссыз дыбыстарға талдау керек. Кәне, кім айтады? Қалай дұрыс болады?

(Елік суретінің астында: біл, туған, табиғатын, қорғай, жердің. Дұрысы: "Туған жердің табиғатын қорғай біл").

Тырна суреті астында: қайырымды, өрқашанда, қоршаған, бол, ортаға. Дұрысы: "Қоршаған ортаға өрқашанда қайырымды бол"). Сөйлемдер тақтаға жазылып, талданады.

Мұғалім: – Балалар, енді мына ағашқа назар аударыңдаршы, өзі бір таңғажайып ағаш екен. Алмалары да жай алма емес-ау деймін өзі?! Сандар жазылыпты. Жақындап көрейік. Шынымен дінінде конверт тұр екен. Қазір бұл хатты оқимын. "Мен сиқырлы ағашпын. Менің алмаларымдағы сандар бойынша сұрақтарыма жауап берген оқушыларға алғысымды айтып, алмаларымды жеуге рұқсат етемін".

Сұрақтар:

1. Зат есім дегеніміз не? Мысал келтір. (Жауап алынып, №1 алманы алып теріс айналдырып қоямыз, артында "ж" әріші бар).

2. Сын есім дегеніміз не? Ережесін айт, мысал келтір. (№2 алманың артында "а" әріші бар).

3. Сан есім дегеніміз не? (№3 алманың артында "р" әріші бар)

4. Етістік дегеніміз не? (№4 алманың артында "а" әрпі бар).

5. Тәуелдік жалғаулары дегеніміз не? (№5 алманың артында "й" әріші бар).

6. Хабарлы сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір. (№6 алманың артында "с" әріші бар).

7. Сұраулы сөйлем қалай жасалады? Мысал келтір. (№7 алманың артында "ы" әріші бар).

8. Лепті сөйлем қалай жасалады? (№8 алманың артында "н" әріші бар).

9. Бастауыш дегеніміз не? (№9 алманың артында "д" әріші бар).

10. Баяндауыш дегеніміз не? (№10 алманың артында "а" әріші бар).

11. Тұрлаусыз мүшелер қалай жасалады? (№11 алманың артында "р" әріші бар).

12. (Әр сұрақ бойынша жауап дұрыс болса, алмалар нөмір реті бойынша ашылып: "Жарайсындар" деген сөз шығады).

Мұғалім: – Алма өте дәмді екен, ағашқа рахмет айтайық.

Міне, қызық! Үйдегі жануарларға не болған?! Адасып жүрген әрқайсысын өз орнына орналастыру керек. Сиырдын суреті, қасында "қаңқылдады" деген сөз. Аттың суретінің қасындағы қима қағазда "шықылықтады" деген сөз. Үйректің суретінің қасында "мөңіреді" деген сөз. Әтеш суретінің қасында "кісінеді" деген сөз. Балалар тақтаға шығып қима қағазбен жазылған сөздерді алып, өз орындарына қояды. Бастауышы мен баяндауышын табады. Сөйтіп, балалар бұл тапсырманы да дұрыс орындап шықты.

Қорытынды: Сабақ аяқталып, қорытындыланды. Берген жауаптарына қарай оқушылар білімі бағаланады.

ІІІ ТАРАУ ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУ

1-тақырып. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың мәні

Бастауыш мектептерде тілді оқыту барысы мынадай мәселелерді қамтиды:

- а) оқуға үйрету;
- ә) сөздік қорын, оқушылардың логикалық жүйелілікті қамтитын байланысын сақтап сөйлеуін дамыту;
- б) фонетиканы, сөз құрамын және грамматиканы (морфология, синтаксис) меңгерту;
- в) графикалық, пунктуациялық дағдыларды қалыптастыру.

Оқыту ісі барысында қолданып жүрген негізгі әдістер төмендегідей:

1. Мұғалім сөзі;
2. Әңгіме әдісі (сұрақ-жауап);
3. Тілдік фактілерді талдау грамматикалық талдау;
4. Жаттығулар орындату;
5. Көрнекті құралдарды пайдалану (сызбалар, кестелер, суреттер, компьютер, т.б.);
6. Кітаппен жұмыс істеткізу;
7. Топ серуен;
8. Тест өткізу.

Бастауыш сынып оқушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгерту үшін түсіндіргенді қайталап айтып беруге баулу әдісі ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл әдіске машықтанған оқушылар көбінесе грамматикалық ұғымдарды жаттап, еске сақтауға бейім болады.

Ал жаттап алынған білім мен дағды көп уақыт өтпей-ақ ұмытылады.

Грамматикалық материалдарды пайдалану

Грамматикалық ұғымдарды ұмытпау үшін:

1. Оқушылардың белсенді ойлау қызметін іске қосу, яғни проблемалық әдістерді пайдалану. Кез келген грамматикалық ұғымды меңгерту барысында оқушылардың психологиялық-физиологиялық қабылдау мүмкіндіктеріне қарай проблемалық жағдай туғызу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Әсіресе берілген грамматикалық ұғымды пысықтау үшін орындалатын жаттығуларды немесе топтамаларды қызықты әрі түрліше етіп пайдалануға болады.

2. Өтілген грамматикалық ұғымның айқын және көмескі белгілерін меңгерту. Мысалы, "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін сөздер тақырыбын өткенде, оқушылар бұл сұрақтарды нақтылы заттардың немесе адамдардың атын білдіретін сөздерге дұрыс қолдануда, дерексіз атаулар кездескенде шатастырып қалады. Мысалы: уақыт, жел, күн, дауыл, т.б. "Немесе? Не істеді? Неғылды? Қайтті?" сұрақтарына жауап беретін сөздер" тақырыбын өткенде нақтылы қимыл байқалатын сөздерге бұл сұрақтарды қоймайды. Сондықтан осындай дерексіз сөздердің белгілеріне арнайы тоқталып өту қажет.

3. Жаңа меңгерген грамматикалық ұғымды бұрын өтілген ұғымдар жүйесімен байланыстырып отыру. Бұл әдісті берілген білімді жинақтап отыру әдісі деп те айтуға болады. Мысалы, "Сөз таптарын" оқып-үйрену барысында негізгі есімдердің (төмендегідей) сызбасын оқушылардың естеріне салып қою керек.

4. Жаңа грамматикалық ұғымды түсіндіру үшін оқушылардың бұрынғы білімдері мен дағдыларына сүйене отыру. Жаңа тақырыпты меңгертудің бұл әдісі, оқушылардың өткен сабақтардағы мағлұматтарды ұмытпауына, оны жаңа ұғыммен байланыстыра білуіне жағдай туғызады. Және жаңа тақырыпты игеруді жеңілдетеді.

5. Грамматикалық ұғымдарды көрнекі құралдар көмегімен меңгерту. Бұл әдіс те мұғалімнің ерекше шеберлігін талап етеді. Тақырыптың сипатына байланысты көрнекі құралдарды түрлендіріп пайдалану қажет. Көрнекі құралдар қандай мақсатқа арналса да, айқын, әдемі, қолдануға ыңғайлы болғаны дұрыс.

Емле ережесін түсіндіру

Емле ережесін түсіндіруде мүмкіндігінше оқушыларды мысалдарды талдауға, қорытынды шығаруға еркін қатыстырып отыру керек. Ол үшін мұғалім, мысалдармен көрнекі құралдар дайындап, қорытынды шығару үшін оқушыларға қоятын сұрақтарды әзірлеп келуге тиіс.

Бір грамматикалық құрам төңірегіндегі сөздерді фонетикалық және графикалық ерекшеліктеріне қарай ерекшелуі тиіс. Мысалы: тәуелдік жалғауларына байланысты алдымен жалғау жалғанғанмен, түбірдің өзгермейтіні өтіледі, содан кейін түбірдің соңындағы *қ,к,п* дыбыстарының *з,г,б* болып өзгеріп айтылып, өзгеріп жазылатыны түсіндіріледі. Оқушыларға емле ережесін есте сақтауға мынадай жаттығулар ұйымдастыруға болады.

1. Өтілген емле ережесіне қатысты, объектілерді жеке беріп, оқушылардан оның қиыншылығын сұрау.

2. Берілген сөйлем ішінен жаңа өтілген емле объектілерін тауып, жазылу ережесін түсіндіру, тексті көшірту.

Оқушылардың өздеріне өтілген емлеге сай мысал таптырып, оларды жаздыру, жазылу ережесін айтқызу.

Емлені меңгерту бірнеше кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – емле ережесін тану, білу.

Екінші кезең – емле ережесін жазу кезінде пайдаланып, жаттығу.

Үшінші кезең – емле ережесін пайдалануда еркін, ырықсыз әрекет дәрежесіне жеткізу, яғни ережені оқушы автоматты түрде пайдаланатын ету.

Емле ережелерін есте сақтап, сауатты жазуға машықтандыру үшін, қателер бойынша жұмысты дұрыс ұйым-

дастыра білу керек. Қате бойынша істелетін жұмыстардың түрлері:

1. Қате жіберген сөзді көшіртіп, қате жазылған әріптің, буынның астын сызғызу.

2. Қате жіберген сөзді көшіртіп, сөзді дұрыс жазуға қатысы бар емле ережесін қайталану, ауызша айтқызу, оқулықтан қайталану.

3. Қатені түзетпей, тек астын сызып көрсетіп, оны оқушылардың өзіне жөндету, емле ережесін айтқызу.

Қазақ тілінен мектепте сабақ оқытудың аса жауапты кезеңі оқушыға жаттығу, талдау материалдарын таңдаудан басталады деуге болады. Жаттығу материалдарын таңдауға мынадай талаптар қойылады:

Біріншіден: жаттығу материалдары мазмұнды болуға тиіс: материалдағы жеке дыбыстар, өріптер, буындар сөз ішінде, сөздер, сөз тіркесі сөйлем ішінде алып талданады. Осы мақсатпен алынған мысалдар мен мәтіндер ойдан шығарылған сөйлемнен құралмай, мүмкін болғанша, көркем әдебиеттен алынған сөз, сөз тіркесі, сөйлем, үзінділер болуға тиіс. Қалайда олар балаға дұрыс тәрбие беру нысанасын бағдарлауы керек.

Екіншіден, әрбір мысал, үзінді, әңгіме, өлең, сөз, сөйлем тіл (стиль) жағынан мүлтіксіз, әдеби норманы ұстауы тиіс. Сонда олар баланы әдеби тілдің жүйесін меңгеруге, өз тілін дамытуға көмекші бола алады. Мұндағы басты талап – балаға грамматикадан, орфографиядан білім беру кезінде оның тіл мәдениетін де арттыруға көзделуі тиіс.

Үшіншіден, алынған жаттығу, тағы басқа материалдар құрамынан керекті сөздер мен дыбыстар, өріптер, грамматикалық тұлғалар жиі кездесетін болсын. Жаттығу материалдарын талдауда негізгі көз тігетініміз осы талап тұрғысынан болғанмен, алдыңғыларсыз мұның сапасын дұрыс бағалауға болмайды.

Грамматикалық материалдармен оқушыларды таныстыру барысында балалар әрбір жаңа материалдың негізгі, басты ой түйінін ұғына алатындай болуы керек. Ол үшін

алдымен тақырыпқа көңіл аударылады. Оқушылар әрбір тақырыптағы тақырыпшалардың мәнін, тақырыпшалардағы әрбір абзацтың мәнін аңғарып, сол әрбір абзацтағы айтылған мәселелердің негізгі ойы тақырыпшаны, әр тақырыпшалардың барлығына ортақ негізгі ойдың тақырыпты құрастырып тұрғанын айыра алатындай болуы керек. Грамматикалық ережелердің көпшілігі оқулықтарда анықтама ретінде беріледі. Оқушыларға осы сияқты анықтамалардың әрқайсысының қандай бөліктерден тұратынын көрсеткен жөн:

1. Әрбір анықтаманың міндетті түрде термині болады.

2. Әрбір анықтамада сол ұғымның өзіне тән басты белгісі көрсетіледі. Бұл басты негізгі белгі арқылы ол ұғым басқа ұғымдардан ерекшеленеді.

3. Кей анықтамаларда түсіндірілетін ұғымның қандай топқа жататыны көрсетіледі.

4. Анықтамаларда әрбір категорияның негізгі мағыналарынан басқа формалық белгілері де көрсетіледі.

Формалық белгілерді жинақтап, топтап сол категорияның басқалардан семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін көрсету үшін пайдалану керек.

Әрбір анықтаманы оқушылар саналы меңгеру үшін мұғалім:

1. Оқушының грамматика оқулықтарынан ғана мысал келтіріп қоюымен қанағаттанбай, өз ойынан немесе "Ана тілінен", оқыған кітаптарынан ойланып мысал айтуын талап етеді.

2. Анықтама өтілгеннен кейін дайын мәтін береді де, соның ішінен анықтама бойынша қажетті сөзді немесе сөз тіркестерін тапқызады, кейде өздері ойлап тапқан мысалдарды талдатқызу арқылы пікірлерін дәлелдеуді талап етуге де болады.

3. Анықтама бойынша берілген ұғымның негізгі белгілерін санап беруді ұсынады.

4. Анықтамалар мен ережелерді дәл, анық, толық айтуға үйретеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Грамматика мен жазуға үйрету әдістемесі қандай ғылымдармен байланысты.
2. Бастауыш сыныптарда грамматиканы оқытуға қандай талаптар қойылады?
3. Бастауыш сыныптарда грамматиканы оқытуға қойылатын талаптарды қалай іске асыруға болады?
4. Грамматика мен жазу сабақтарында берілген ережелер мен ұғымдарды оқушылардың қаншалықты түсінгендігіне бақылау жүргізіңдер.
5. Оқулықтарда грамматикалық ережелер қалай берілген? Бұл сұраққа жауап беру үшін 1-4 сыныптарға арналған "Қазақ тілі" оқулығындағы ережелермен танысыңдар.
6. Грамматикалық материалдар қалай пайдаланылады?
7. Бір сөз табының анықтамасын мысалға келтіріп, қандай бөліктерден тұратынына талдау жаса.
8. Бір категория бойынша қандай түсінік берер едің, мысалмен дәлелдеп айтып бер.
9. Оқушылар материалды саналы түсінуі үшін мұғалім қандай талаптар қояды?

2-тақырып. Бастауыш сыныптағы жаттығу жұмыстары

Грамматиканы оқытуда жаттығу жұмысының мәні зор. Оқушылар грамматикалық материалды оқулық пен орфограммаға сай білгендерімен (терминдерді меңгереді, анықтамаларды индуктивтік жолмен есте қалдырады), жаттығу жұмыстары жүргізілмесе, ол ұзаққа бармайды, ұмытылып қалады. Сондықтан да мұғалім оқушыларға грамматикадан саналы да терең, тұрақты да берік білім бергісі келсе, жаттығу дағдыларын қалыптастыратын және қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да кездескен құбылыстарына "тасымалдай" алатын (ережелерді жаңа фактілерге қолдана алатын) жаттығу әдістерін білуге тиіс. Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған

теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады. Жаттығу арқылы балалардың алған білімдері нығайтылып, нақтыланып қана қоймайды, сонымен қатар өз беттерімен жұмыс жасауға, ойлау қызметіне дағдыланады; өйткені, оқушылар жаттығу процесінде үздіксіз анализ-синтез жасайды, бір тұлғаны екінші тұлғамен салыстырады, жалпылайды, сөйтіп жаттығу арқылы білім жүйеленеді. Бастауыш сыныпта жаттығулар әр түрлі көркем мәтіндерден тұрады. Соңғы қазақ тілі оқулықтарының сапасы жақсарып, әр түрлі формадағы жаттығулармен толықтырылды.

Грамматикалық жаттығулар, оқушылардың қандай материалмен жұмыс жасауына қарай, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық болып бөлінеді.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті – балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын және оларды балалардың дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету.

Фонетикалық жаттығулар арқылы кейбір балалардың тілін тістеп сөйлеу, сақауланып сөйлеу, қайсы бір дыбысты қалдырып кетіп сөйлеу немесе "С" мен "Ш", "Р" мен "Л", "Ж" мен "З" дыбыстарын шатастырып айту сияқты кемшіліктері жойылады. Мұндай кемшіліктер дұрыс оқуға да, жазуға да зиян келтіретіні сөзсіз. Бастауыш сыныптарда фонетикадан жаттығулар тек дұрыс жазумен қатар, "балалардың әдеби тіліміздің нормаларын сақтап оқуға үйренулері (орфография) үшін де пайдаланылады. Оқу сабақтарында, балалардың жауаптарында, әңгімелерінде байқалған орфоэпиялық қателер, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі, сөз шекарасындағы дыбыстардың құбылуы ескертіліп отырады. Сонымен қатар тілімізге басқа тілдерден енген термин сөздердің дұрыс айтылуы да практикалық жаттығулар арқылы үйретіледі.

Морфологиялық жаттығулардың мақсаты – ана тілінің жаттығулар құрылысын оқушыларға саналы түрде

меңгерту. Мазмұны жағынан морфологиялық жаттығулар екі түрлі болады: 1) Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар; 2) Сөз таптарын оқу барысындағы жаттығулар.

Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулардың сөздің морфологиялық құрамын, мағыналы бөлшектерін морфемаларды саналы түрде меңгеріп алудың мәні зор. Сөздің морфологиялық құрамын талдау, көбінесе сол сөздің мәнін дұрыс ұғынып алуға жәрдем етеді, сөздің мағыналы әрбір элементі – түбір, жұрнақ, жалғау-бұлардың әрқайсысы өзінше сөзге мән береді, ал осы жеке мөндердің жинағы бірігіп, сөздің жалпы мағынасын тудырады. Морфемаларды, соның ішінде жұрнақты айыра білудің балалардың тілін жетілдіру үшін де мәні бар. Өйткені бұл жаңа сөздер жасауға және сол сөздерді орынды жерінде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынадай талаптар қойылады: 1) алдымен, мүмкіндігіне қарай, негізгі түбірлерді, одан әрі туынды түбірлерді, ең соңында түбірлес сөздерді талдайтындай жағдай жасалады; 2) белгілі бір сөздің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірден жасалған туынды сөздермен салыстыру жұмысы ескеріледі; 3) туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударылады.

Сөз таптарын оқыту барысында жүргізілетін жаттығулар сөздерді белгілі бір топқа біріктіріп, жүйелеуге үйретеді. Бұл жөнінде К.Д. Ушинский: "Баланың тілі шығып, сана сезімі өсе келе ол сөйлеуге (сөздерді қолдануға) үйренеді; оның ақыл-ойында түрлі грамматикалық формалар, сөздер күнделікті тәжірибе, үлгі арқасында өздігінен-ақ грамматикалық топтарға бөлініп қалыптаса бастайды; грамматиканың міндеті – сол тәжірибе нәтижесін қорытып, тілдегі құбылыс заңдарын жүйемен беру", – деген болатын. Жаттығу жұмыстарының барысында оқушылар әрбір сөз табының ерекшеліктерін саналы түсінеді, септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғауларын меңгереді, оларды қолдана алады.

Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар: 1) мәтіннен керекті сөздерді тапқызу; 2) керекті сөздерді қосып өздіктерінен сөйлемдер немесе әңгіме құрастыру; 3) сөздің мағынасын түсініп, сөйлемдегі қызметін байқату; 4) сөздің лексикалық жағынан болсын, қалай өзгертіндігін аңғару; 5) мағына және тұлға жағынан қандай ұқсастық, айырмашылық барын салыстыру арқылы анықтау; 6) ұқсас сөздерді топтастыру; 7) байқаған құбылыстары жөнінде жеке-жеке қорытындылар шығару сияқты жұмыстарды қамтиды.

Синтаксистік жаттығуларға әдетте пунктуациялық жаттығулар қосылады: мәтіндегі қойылған тыныс белгілерін талдау, қойылмаған тыныс белгілерін қою, өздері құрастырған сөйлемдер мен текстерге қажетті тыныс белгілерін қойып, түсіндіру.

Қорыта келгенде, оқушылардың алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға жалпы мына сияқты талаптар қойылады:

1. Белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуды орындарлық білімі болу шарт.

2. Оқушылар жаттығуды не үшін орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсінсе ғана, оны саналы орындайды. Жаттығуларды түсініп орындағанда ғана белгілі бір дағды қалыптасады.

3. Жаттығу оқушының қызығуын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс. Ол үшін жаттығу түрлендіріліп берілу шарт, өйткені бір сарынды жаттығу оқушылардың зейінін, қабылдауын, белсенділігін нашарлатады.

4. Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындатылып отырылуы шарт.

5. Жаттығу жұмыстары тек таяуда ғана өтілген материалдарға негізделмей, бұрын өтілген кейбір материалдарды да қамтуы керек.

6. Бір жаттығу ұзақ уақытқа созылмауы тиіс. Әсіресе балалардың жасы неғұрлым кіші болған сайын жаттығу да қысқа болып, жиі-жиі қайталауға негізделеді.

7. Творчестволық жаттығулар көбірек болуы қажет.

8. Әр жаттығу оқушы еңбегінің нәтижесін көрсетіп отыруға тиіс.

9. Жаттығулар оқушы ойына әсер етуі жағынан аналитикалық-синтетикалық болғаны жөн: яғни, грамматикалық талдау, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер мен мәтіндер құрастыру; салыстыру арқылы ұқсастық пен ерекшеліктерді табу, топтау; өз пікірлерін дәлелдей алып, білгендерінен жалпы қорытынды шығара білу, т.б.

10. Жаттығу жұмысының барысында оқушылардың оқудан алған білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасаудағылары қалыптасады (яғни зейін қойып тыңдай білу, жатқа жаза білу, белгілі бір жоспар бойынша сөздерді құрамына, сөз табына, сөйлем мүшелеріне сұрақ қоя білу, қажетті деректерді оқулықтан, сөздіктен қарап таба білу).

Бастауыш сыныптарға арналған бағдарлама педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Дәлірек айтсақ, мұғалім сабаққа дайындалғанда өзінің әрекетін ойластырумен шектелмей, оқушыны деңгейіне қарай әрекетіне мән беруі тиіс. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет.

Тұжырымдамада, оқу бағдарламасында оқу әрекеті ерекше аталған. Ол – заңды құбылыс. Бастауыш сыныпта оқу әрекеті қалыптасуының үзіліссіз, тегеурінді жүретіні, оның мазмұны оқу тапсырмалары түрінде берілетіндігі, оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп орындайтын ортақ тәсілдеріне үйрету, бір пәннен алған білім, білік, дағдыны екінші пәнді оқытуға тірек ету, байқалған кемшіліктерді түзетуді оқушылардың өздері орындайтындығы, өрбір орындалған тапсырманың мақсатын анықтауы, т.б мәселелер қозғалған. Оның іс жүзіне асыру жүйелі жұмысты қажет етеді. Осы мақсатта мұғалімдерге "Оқу әрекеті базасында оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау дағдыларын қалыптастыру" атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, оларға дәріс, машықтану сабақтары жүргізіледі.

Негізгі міндеттер:

- Оқушылардың өзіндік жұмысы туралы түсінік беру;
- Оқушыларды өз бетімен тапсырманы орындау әдістемесімен таныстыру;

Мынадай тақырыптарды қамтиды:

1. Мектеп оқушыларын өз бетімен тапсырманы орындауға үйретудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

2. Өз бетімен тапсырманы оқу әрекеті базасы негізінде үйретудің мүмкіндіктері.

3. Оқушыларды өз бетімен тапсырманы орындауға үйрету әдістемесі.

Мұғалімдердің оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарына қалай көңіл аударатындығын анықтап алуға болады:

1. Оқушылардың өз беттерімен орындайтын жұмыс түрлерін атаңыз.

2. Өз беттерімен орындайтын жұмыс түрлерінің қайсысын жиі қолданасыз? Неге?

3. Өз бетімен орындайтын жұмысқа қанша уақыт бөлесіз?

4. Оқушы өр түрлі тапсырмаларды өздігінен орындайтын ортақ тәсілдерді қалай үйретіп жүрсіз?

5. Сабақ барысының қай кезеңінде өз беттерімен орындауға тапсырма бересіз?

6. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасауға баулуда қандай әдіс-тәсілдер қолданып жүрсіз?

7. Өз бетімен орындаған жұмысты тексеру мен бағалауды қалай ұйымдастырасыз?

8. Өз бетімен орындайтын жұмысты барлық оқушыларға бірдей ұсынасыз ба? Неге?

Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылады. Оқушылардың жаттығу, есеп тапсырмаларды өз беттерімен орындай алуларына жете көңіл бөлулері керек. Жаттығулар – оқушылардың білімін бекіту, біліктері мен дағдыларын дамыту мақсатына қызмет ететін әдістемелік тәсілдер немесе машықтандыру тапсырмаларының жүйесі. Ойлау амалдарын меңгеру, білімдерді берік және саналы игеру мақсаттарында пайдаланылады.

Жаттығулар жүйесінің тізбектілігі, қол жетерлігі, қолданушының реттілігі зор рөл атқарады.

Біздің қарастырып отырған мәселеміз – жалпы сынып оқушыларымен өз бетімен жеке жұмыс жүргізу дағдылары.

Негізгі мақсатымыз – оқу-тәрбие процесін ізгілендіру негізінде оқушылармен жеке жұмыстың түрлі формасын, мұғалімнің оқушылармен тең дәрежедегі қарым-қатынасын көрсету.

Жаттығу жұмысы. 159-жаттығу.

Мұғалім оқушыға жаттығудың тапсырмасын оқытты. Әрі қарай мұғалім әр топқа жеке тапсырма береді.

1-топ: Сөйлемді көшіріп жазып, қарамен берілген сөздердің астын сызу;

2-топ: Сөйлемді көшіріп жазып, қарамен берілген сөздерге сұрақ қою;

3-топ: Сөйлемді көшіріп жазып, неге мына сөздер қарамен беріліп тұрғанын білу.

Оқушылардың сабаққа ынтасын арттыру үшін ойын-жаттығуларды пайдалануға болады. Бұл – пәрменді тәсілдердің бірі. Мұндай грамматикалық ойын-жаттығулар оқушылар арасында жарыс түрінде өткізіледі. Ойында мұғалім ойнаушының да басқарушы (төреші) қызметін атқарады. Жаттығуларды орындау барысында әрбір оқушыға сынып алдында өз білімдерін іскерлігі мен дағдыларын көрсету міндеті қойылады.

Ойын-жаттығулар мағынасыз ермекке айналмайтын әдеттегі жаттығулар тәрізді болуы керек. Демек, оған өзгеше түрде берілетін оқу жаттығулары алынады. Оқушылар көбінесе қиындау, бірақ грамматика жөніндегі білімдерін бекітуге, орфография мен пунктуациядан мықты дағдылар қалыптастыруға, тілдерін жетілдіруге қажетті тапсырмалар алады. Грамматикалық ойынға арналған жаттығулардың өз ерекшелігі болады. Әдетте, оларға оқушыларды жұмысқа көбірек қамтитын, олардың белсенділігін туғызып, жарыстың нәтижесін айқын көрсететін жаттығулар таңдап алынады. Грамматикалық ойын-жаттығуларының әдеттегі жаттығулардан ерек-

шелігі ол – оларды оқушылар зор белсенділікпен, барынтасымен орындайтын болуы тиіс. Ойын-жаттығуларды үйреніп жатқан материалды ұғыну сабағында да, сол сияқты үлкен тақырыптарды қамтып, талдай қорытындылайтын қайталау сабағында да қолдануға болады.

Мұғалім сабаққа әзірленгенде жаттығулар түрінің санын, оларға берілген уақытын айқындауы керек. Көптеген әдіс-тәсілдерге елігіп, ойынды өткізуге керекті уақытты шектеуге болады.

Қазақ тілін бастауыш сыныпта оқытудың басты әдісі – тілдік фактілерді бақылату және талдау. Бұл оқушылардың ойлау қызметін күшейтеді. Оқушылардан ереже мен анықтамаларды саналы түрде түсіну, әрі есте сақтау талап етіледі. Мысалы, салыстыру әдісі жаңа тілдік құбылыстар бұрын өтілген тілдік құбылыстармен салыстырылып, олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылық белгілері айқындатылады.

Қазақ тілі сабағында түрлі жаттығулар орындау арқылы тиісті ережені дәлелдеу, тұжырымдау жұмысы жүргізіледі.

Сөйтіп, оқушы ережені білумен бірге оны өздігінен мысал келтіріп дәлелдеуге үйренеді. Бұл үшін мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытып, өтілген тақырыптан өздіктерінен қорытынды шығара алатындай етіп қалыптастыру керек. Бұл жөніндегі К.Д.Ушинскийдің "Оқушы тілдік құбылыстарды мұғалімнің басшылығымен өзі байқасын, грамматикалық ережені немесе ұғымды, мүмкін болғанынша өздері қорытсын, балалардың ой-өрісін жетілдіру үшін грамматиканың басты мәні де осында", – деген пікірі өз маңызын жойған жоқ.

Сөйтіп, тіл сабақтарында оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, дыбысқа ажыратуды үйренеді, сөйлем құрамындағы сөздерді синтаксистік қызметіне қарай сөйлем мүшелеріне, лексикалық мағыналарына қарай сөз таптарына ажырата алатын болады; сөз құрамы жайында түсінік алады; өз бетімен сөйлем құрап жазуға, өз ойын

ауызша да, жазбаша да дұрыс айтып жеткізуге дағдыланады.

Сабақтың тақырыбы: Сын есім

Сабақтың мақсаты:

а/ Зат есімнен өткенді қайталай отырып, оқушыларға сын есім тақырыбын меңгерту.

ә/ Жаңа білімді меңгере білуге және әдептілікке, адамгершілікке, тәртіпті болуға тәрбиелеу.

б/ Жаңа сабақтың мәнін аша отырып, жаттығулар, топтамалар арқылы баланың ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап. Ауызша жаттығулар.

Көрнекілігі: Плакатқа жазылған мысалдар, топшалалар, жаңылтпаштар, сын есімге байланысты әр түрлі суреттер.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі

Айналамен танысу

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

– Сәлеметсіздер ме, балалар!

– Отырыңыздар.

– Мен бүгін қазақ тілінен сабақ беремін. Құралдарыңды жинақтап, сабаққа әзірленеміз.

II. Ұй тапсырмасын тексеру.

– Балалар, сіздер өткен сабақтағы жазба жұмыстарыңыз "Зат есім" бойынша жүргізілген болатын. Бүгінде зат есім тақырыбын қайталаймыз. Мен оны қаншалықты меңгергендеріңді байқау үшін сұрақтар қоямын, топшалалар беремін.

– 1-ші топшамада сөз берілген. Сол сөзді тақтаға шығып, тәуелдеп жазу қажет. Кәне кім шығады?

а) Топшамамен жұмыс.

/Тақтаға екі оқушыны шығарамын/.

– Балалар, 1-ші топшамада кітап сөзін тәуелдеу керек. 2-ші топшамада жолдас /үй/ сөзін тәуелдеу керек.

/2 оқушыны тақтаға шығарамын/.

/3-4 оқушыға туынды зат есімге байланысты орнынан отырып орындайтын топшама беремін/.

– Балалар, енді мына топшамаларды 3 қатардың бір-бір оқушысына беремін.

Топшама

Жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім жаса.

1	2	3
Жұмыс...	ас...	ұш...
Кітап...	бай...	дәрі...
Сурет...	ойын...	өн...
Орын...	сауын...	жалау...

– Ал енді топшама алған балалар жұмыстарын орындап болғанша, сіздерге мен сұрақ қоямын, сендер соған жауап беріңдер.

ө) /ауызша сұрақтар қоямын/.

– Зат есім дегеніміз не? Кім маған ережесін мысалымен айтады? Балалар, сабаққа бөріміз ат салысып, қатысып отырамыз. Сіздердің жауаптарыңыз бағаланады.

– е) Заттың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап береді.

– Енді балалар мына сөзге қараңдар. Оқып, сұрақ қойыңдар.

– Домбырашы.

– Қандай сұраққа жауап береді?

– Кім?

– Яғни, бұл зат есім. Бұл сөз жалқы есім бе, жалпы есім бе?

– Жалпы есім.

– Ал енді осы сөз негізгі ме, туынды зат есім бе?

– Туынды.

– Түбір сөзі қайсысы, қосымшасы қайсысы?

– Домбыра- түбірі, -шы- қосымша.

Яғни, домбыра деген сөзге -шы жұрнағын жалғау арқылы туынды зат есім жасап тұрмыз.

– Осы сөз жекеше түрде ме, көпше түрде ме?

– Жекеше.

- Ал енді осы сөзде көпше түрде қалай болады екен?
- Домбырашылар.
- /қандай қосымша арқылы жасап тұрмыз/.
- -лар жалғауы.
- Бұл қандай жалғау?
- Көптік жалғауы.
- Ал осы көптік жалғауын кім маған атап береді?
- а) Заттардың көп екенін білу үшін түбір сөзге -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғанады. Бұлар көптік жалғауы деп аталады.

- Ал енді тақтадағы оқушымыздың қатесі бар ма екен?
Тексерейік.

- 1-ші бітірген оқушының жазғанын тексерейік.

- | | |
|--------------------|-------------------------|
| I. Менің кітабым. | Біздің кітабымыз. |
| II. Сенің кітабың. | Сендердің кітаптарың. |
| Сіздің кітабыңыз. | Сіздердің кітаптарыңыз. |
| III. Оның кітабы. | Олардың кітабы. |

- Ал екінші оқушының жазғанын тексерейік.

- | | | |
|---------------------|----------------|----------------------|
| I. Менің жолдасым. | Менің үйім. | Біздің үйіміз. |
| II. Сенің жолдасың. | Сенің үйің. | Сендердің үйлерің. |
| Сіздің жолдасыңыз. | Сіздің үйіңіз. | Сіздердің үйлеріңіз. |
| III. Оның жолдасы. | Оның үйі. | Олардың үйі. |

- Енді балалар, мен сендерге сөйлем оқимын, соның ішінен жалқы есімдерді атаңдар.

б/ Сөйлем оқимын.

Биыл екінші сыныпты бітірген Әсет пен Нәзира Алматы хайуанаттар саябағын аралап жүр.

- Олар сөйлем ортасында келсе қалай жазылады?
- Үлкен өріппен.
- Ал енді орындарында орындаған оқушылардың топшамаларын тексерейік.
- Көне, оқи ғой.
- 1. Жұмысшы.
Кітапхана.
Суретші.
Орындық.

Осылай 3 оқушының орындағанын тексеремін.

- | | |
|------------|-----------|
| 2. Асхана. | 3. Үшқыш. |
|------------|-----------|

Байлық	Дәрігер/хана/
Ойыншық	Әнші
Сауыншы	Жолаушы

– Балалар, сіздер зат есім тақырыбын жақсы меңгерген екенсіңдер. Енді бүгінгі жаңа тақырыппен танысайық.

IV. Жаңа сабақ

– Енді балалар, дәптерлеріңді ашып күннің жадын жазып, бүгінгі жаңа тақырыпты жазып қойыңдар.

/тақтаға тақырыпты жазамын/.

– Балалар бүгінгі біздің тақырыбымыз сын есім.

Көрнекілікпен жұмыс.

– Балалар, енді міне, қолыма қараңыздар, нені көріп тұрсыздар ?

– Алма.

– Неше алма?

– Екі алма.

– Алмалар қандай?

– Қызыл және біреуі сары.

– Ал енді не көріп тұрсыңдар?

– Бағдаршам.

– Бағдаршамның неше көзі бар?

– Үш.

– Қандай?

– Олар нені білдіреді?

– Бізге бағыт-бағдар береді.

– Енді мына кітаптарды қараңдар. Салыстырыңдар. Олар қандай?

– Біреуі қалың, біреуі жұқа.

– Бұлар нені білдіреді?

– Заттың сынын білдіреді.

– Міне, балалар, мынау – үй. Осы екі үй қандай?

– Біреуі – биік, екіншісі – аласа.

– Ал мына суретте не берілген?

– Арқан.

– Арқан қандай?

– Біреуі көк, біреуі сары.

– Ал көк қандай?

– Ұзын.

– Ал сары?

– Қысқа.

– Балалар, осы биік, аласа, ұзын, қысқа деген нені білдіреді?

– Заттардың көлемін білдіреді.

– Ал мынадан не көріп тұрсыңдар?

– Пияз бен алма.

– Пияз қандай?

– Сары.

– Тағы қандай?

– Ащы.

– Ал алма қандай?

– Қызыл және тәтті.

– Балалар, тәтті, ащы деген нені білдіреді?

– Дәмін.

Ережемен жұмыс.

– Яғни, заттардың дәмін, тағамдардың дәмін білгізеді екен. Балалар, манағы қызыл, сары заттардың түсін білдірсе, қалың, жұқа, биік-аласа, ұзын-қысқа заттың сапасын, көлемін білдіріп, ащы-тәтті дәмін білдіреді екен. Осы заттың түсін, түрін сапасын, салмағын, көлемін білдіретін және қандай деген сұраққа жауап беретін сөздерді сын есім деп атаймыз.

– Осы ережені кітабымыздан іздеп, тауып оқиық.

Тақтадағы көрнекілікпен жұмыс.

– Ал, енді бәріміз тақтаға қарайық. Тақтада өлең жолдары жазылған, көне, соны оқиық. Көне, кім оқиды?

/Бір оқушыға оқытамын/.

– Ал балалар, енді осы өлең жолдарынан сын есімдерді табу керек. Ал табайық, ол қандай сөздер екен. Бірінші сұрақ қойып қарайық. Кім маған сын есімдерді атайды?

– Қызыл, сары, жасыл, көк.

– Бұл заттың қандай сынын білдіреді?

– Түсін.

– Өлеңде не туралы айтылған?

– Қызыл, сары, жасыл, көк гүлдердің адамды қызықтырып, соңында оның гүлдер емес көбелек екенін айтады.

– Ал енді мына мақалға қарайық. Кім оқиды?

– Әдепті бала, арлы бала,

Әдепсіз бала, сорлы бала.

/Бір оқушы оқиды/.

– Осы мақалдың мағынасын кім түсіндіреді?

– Бұл мақалда, яғни, бала әдепті болса, ол бала арлы болады дейді. Ол баланың адамгершілігі, ұяты бар, болашағы зор бала дейді. Әдепті деген – тәрбиелі, ақылды бала дегенді білдірсе, әдепсіз бала дегені – тәрбиесіз, тыңдамайтын бала. Ондай балалар көп қиыншылыққа кездеседі. Сорлы дегені – яғни, теріс қылықтарға салынып, бұзылып кетуі мүмкін дейді.

– Ал балалар осы мақалаға сұрақ қойыңдар.

– Қандай бала? Әдепсіз.

– Осы мақалдан сын есімді табайық.

– Әдепті, әдепсіз.

– Балалар, бұл адам баласының бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді, мінез-құлқын білдіреді екен. Яғни, сын есім адамның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын да білдіреді екен.

– Ал балалар, біздерге қонақ келді. Қонаққа келген кім екен?

– Тауық.

– Тауық біздің осы 3-сыныптан көмек сұрауға келген екен. Ол қандай көмек екен?

– Бір күні тауық балапандарымен жаймашуақ күні жайылып жүрді. Осы кезде "өзі айлакер, өзі қу кім?"

– Түлкі.

– Сол түлкі келіп байқаусызда оның балапандарын ұрлап алып кетеді. Тауық болса, сол балапандарын таба алмай, сіздерден көмек сұрауға келіп тұр екен. Міне, бізге келіп хат түсті. Бұл хатты жазған түлкі екен. Бұл хат "тапқыш балаларға" деп аталады. Онда не жазылған екенін оқиық.

"Құрметті балалар! Менің қолымда тауықтың балапандары бар. Егер сендер балапандарды құтқарғыларың келсе, менің берген тапсырмаларымды орындаңдар!"

– Ол қандай тапсырма екенін оқып, орындайық.

/1 тапсырма 2-3 оқушыға ауызша/

– Балалар мына тапсырмада 262-жаттығуды орындаңдар деген екен. Берілгенін кім оқиды? Қалғанымыз оқулығымыздан тауып, мұқият тыңдап отырамыз.

1. Өлеңді оқыңдар.

Ақ алма, қызыл алма жемедің бе?

Бұл өзі неге тәтті демедің бе?

1. Осындағы ақ, қызыл, тәтті сөздер қай сөзге қатысты?

2. Оларға сұрақ қойыңдар. Нені білдіретінін айтыңдар?

– Қандай алма?

– Қызыл, ақ, тәтті алма заттың дәмін білдіреді.

– Міне, балалар, біз бір балапанды құтқардық.

2-ші тапсырма.

– Балалар, енді 2-ші тапсырма 264-жаттығуды орындауға берілген екен.

– Барлығымыз оқулығымызға назар аударайық. Кім берілгенін оқиды?

/ Екі оқушыны тақтаға, қалғанын орындарында орындатамын/

– Гүл, арқан дегенге қатысты сөздерді олардан бұрын қойып жазыңдар.

– Гүл қандай болады?

– Қызыл, ақ, сары, жасыл, биік, аласа... болады.

– Арқан қандай болады?

– Ұзын, қысқа, жуан, жіңішке, ақ, қара.... болады.

Үлгі: Қызыл гүл... Ұзын арқан...

– Бұл жаттығуда гүл қандай? Арқан қандай? деген сұрақтарға жауабын үлгіге қарап жазамыз. Қатысты сөзді олардан бұрын қойып жазамыз. Мысалы; гүл қызыл деп жазбаймыз, қызыл гүл, т.с.с. жазамыз.

– Ал тақтаға екі оқушы шығу керек, кім шығады? Ал, қалғанымыз орындарымызда орындаймыз. Дөптерімізге ұқыпты, таза етіп орындаймыз.

/Оқушыларды орындарында тексеріп, шығамын/

– Балалар, болғандарың қаламдарыңды қойып, тақтадағы оқушының жазғанымен тексерейік.

Қатесі болса қолымызды көтереміз.

– Міне, балалар, біз 2-ші балапанды құтқардық. Енді келесі тапсырмаға қарайық.

3-ші жаттығу.

– Балалар, бұл тапсырма 269-жаттығуды орындауға берілген екен /өз бетімен орындатамын/.

– Кім берілгенін оқиды?

1) Көп нүктенің орнына қандай? деген сұраққа жауап болатын сөз қойып көшіріңдер.

...мақта, ...шөп, ...сиыр, ...балапан, ...қауын, ...алма, ...айран, ...өрік.

Керекті сөздер; көк, ала, тарғыл, сары, тәтті, ащы, тұщы, қышқылтым.

2) Заттың түсін, тамақтың дөмін тағы қалай атауға болады?

3) Оларды сөйлем ішінде айтыңдар.

– Балалар, енді бірінші сөз – мақтаға сұрақ қояйық.

– Қандай мақта?

– Ақ.

– Ақ мақта деп жазыңдар, қатесіз, әдемі, таза жазамыз /парта аралап тексеремін/.

– Ал, болсаңдар, қаламдарыңды қойыңдар. Кім оқиды? Қалғанымыз тексеріп отырайық. /1-2 оқушы оқиды/.

– Енді заттың түсін осыдан басқа қалай атауға болады? Тек қолымызды көтереміз.

– Қызыл, қоңыр, қара, күлгін, ала.

– Ал сөйлемдегі түске байланысты сөздерді оқыңдар.

– Ақ мақта. Көк шөп. Тарғыл сиыр. Сары балапан.

– Міне, балалар, біздер тағы бір балапанды құтқардық.

V. Қорытынды жұмыстар

Топшамамен жұмыс. Суретті топшама.

3-оқушыға.

– Енді, балалар, келесі тапсырмада суретті топшамалар берген. Сол топшаманы 3 оқушыға беремін. Тек қолдарыңды көтеріп отырыңдар. Бұл суретке қарап 1,2 сын есімі бар сөйлем құрасыңдар.

2-оқушыға топшама /ауызша/.

– Енді, балалар, сіздерге 2 топшама ауызша орындауға берген екен, кім алады? Шуламаймыз, өзім беремін.

1. Өлеңді оқып шығындар.

Жасыл бұтақ түбінде
Жатады өмір сыр бүгіп
Аппақ гүлдің түбінде
Қызыл алма тұр бұғып.

2. Сын есімдерді ата.

2-ші топшама.

1. Өлеңді оқып шығындар.

Қар ақ – Көмір қара.
Тау биік – Төбе аласа.
Алма тәтті – пияз ащы.
Жаз ыстық – қыс суық.

2. Қарсы мәндес сын есімдерді атаңдар.

– Топшама берілген балалар топшамаларды дұрыс орындаса, қалған балапандарды қорғаған болады.

– Енді топшама берілген балалар тапсырмаларын орындағанша біз ең соңғы тапсырмамызда не берілгенін қарайық.

– Балалар мұнда сөйлемдер берілген. Осы сөйлемдердің ішінен сын есімдерді табу керек. Мен сіздерге осы сөйлемдерді оқимын. Сендер сын есімдерді атайсыңдар, тек қолдарыңды көтеріп.

/Сөйлем оқимын./

1. Көк ала қарбыз, сары ала қауын, шұбар ала асқабақтар төңкеріліп жатыр.

– Осындағы сын есімдерді атаңдар. Ол қандай сөздер екен?

– Көк ала, сары ала, шұбар ала.

2. Енді балалар, мен сіздерге сөздер беремін сол сөздерден сөйлем құраңдар.

– Қызыл, тегіс, ашық, тәтті.

– Енді суретті топшама алған балалар болған шығар.

1. Марат ала добын алып ойнады.

2. Асан – ұқыпты бала. Ол әдемі етіп жазады.

– Міне, сіздер тағы бір балапанды құтқардыңдар.

– Ауызша топшаманы болғандар бар ма ?

1. Жасыл, аппақ, қызыл.

2. Ақ – қара, аласа – биік, ащы – тәтті, ыстық – суық.

– Сіздер бір балапанды құтқардыңдар. Міне, балалар, сіздер “тапқыш” балалар атандыңдар. Өз білімдерінді ортаға салдыңдар. Әрдайым осылай ат салысып жүріңдер.

– Енді балалар, үйге тапсырма алайық.

VI. Үйге тапсырма.

– Балалар, үйге 263-жаттығу. Берілгеніне қарайық.

1. Өлеңді оқыңдар.

Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер,

Тұра берші ырғалып,

Тұра берші нұрланып.

2. Гүлдер – қызыл гүлдер, гүлдер – көк гүлдер деген сөздерді салыстырыңдар. Қызыл, көк сөздердің қандай сынын білдіреді?

3. Заттардың сынын білдіретін қандай сөздерді білесіңдер?

– Балалар, бұл жаттығуды оқисыңдар, 2 гүлдің айырмашылығын айтып, салыстырасыңдар. Қызыл, көк сөздері гүлдердің қандай сынын білдіреді соны атайсыңдар. Заттың түсін білдіретін тағы қандай сөздер бар, соларды айтасыңдар.

– Осымен біздің сабағымыз аяқталды.

Қош, сау болыңыздар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқушыларға грамматикадан саналы білім беріп, қажетті дағды қалыптастыруда жаттығу жұмыстарының маңызы қандай?

2. Жаттығудың қандай түрлері бар?

3. Жаттығудың әр түріне сипаттама беріңдер.

4. Жаттығу жұмыстарына қандай талаптар қойылады?

5. Жаттығу кездейсоқ болмай, жүйелі орындалуы керек дегенді қалай түсінесіңдер?

6. Лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жаттығуларға талдау жаса.

3-тақырып. Бастауыш сыныптарда оқушыларды грамматикалық талдауға үйрету

Тіл пәні мектепте оқылатын пәндер ішіндегі ең қиыны. Грамматика арқылы оқушылар тілдің құрылысын, заңдылықтарын үйренеді. Грамматиканы оқып үйренбей тұрып, сөйлеу мен жазу мәдениетін меңгеру туралы айтудың өзі қиын. Ол жөнінде бастауыш мектеп бағдарламасында былай деп дұрыс атап көрсеткен: "Грамматикалық элементтермен" танысу үстінде оқушылар тілдік фактілерді бір-бірімен салыстыруды, жинақтауды, жүйелеуді, түйінді мәселені таба білуді меңгереді. Оқушылардың грамматикалық заңдылықтарды білуге құмарлығы артып, өздігінен еңбек ету дағдылары қалыптасады.

Қазақ тілін бастауыш сыныпта оқытудың басты әдісі – тілдік фактілерді бақылау және талдау. Бұл оқушылардың ойлау қызметін күшейтеді. Оқушылардан ереже мен анықтамаларды саналы түрде түсіну өрі есте сақтау талап етіледі. Мысалы: жаңа тілдік құбылыстар бұрын өтілген тілдік құбылыстармен салыстырылып, олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылық белгілері айқындалады. Жаттығулар орындау арқылы тиісті ережені дәлелдеу, тұжырымдау жұмысы жүргізіледі. Сөйтіп, оқушы ережені білумен бірге оны өздігінен мысал келтіріп дәлелдеуге үйренеді. Бұл үшін мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытып, өтілген тақырыптарынан өздіктерінен қорытынды шығара алатындай етіп қалыптастыру керек.

Осы орайда республикамызда оқыту мазмұны жаңартылып, қазақ тілі оқулықтарының да сапасы жақсарып, әр түрлі формадағы жаттығулармен толықтырылды. Осындай оң нәтижелер мен игі істерге қарамастан, қазіргі уақытта оқушылардың білім деңгейінде кемшіліктер байқалады. Кейбір сапасыз өткізілген сабақтар, сол сияқты жаңа оқулықтармен сабақ беруде қолданатын оқу әдістемелік құралдардың аздығы да оқушының білім сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Лингвистикалық талдау жөнінде зерттеулер, ғылыми еңбектер аз болғандықтан, мектепте оқушыларды грамматикалық талдауға үйрету өлі де дұрыс жолға қойылмағандықтан, біз курстық жұмыстың тақырыбын "Бастауыш сыныптарда оқушыларды грамматикалық талдауға үйрету" деп алдық.

Жалпы біздің тақырып бойынша көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізген. Атайтын болсақ С. Желдірбаева, С. Рахметова, Қойшыбаева, С.Қазыбаев, т.б. өзінің "Лингвистикалық талдау" еңбегінде лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау түрлеріне толық сипаттама берген. Ауызша, жазбаша, толық және ішінара талдаулардың тиімділігін сөз еткен. Автор: "Бірде-бір тілдік тақырып жалаң талдау мен түсіндіруге көнбейді. Тек қана мұғалімнің іскерлігі мен білімділігі ғана бір-бірінен ажыратып, бір-бірімен байланыстырып дәлелді ұғындыруы да мүмкін", – дейді.

"Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту" атты еңбегінде С. Қазыбаев жоғарыдағы талдау түрлерімен қатар, орфографиялық талдаудың да тиімді тұстарын көрсеткен.

Грамматикалық талдау ұғымы мен түрлері:

Әр халықтың ең басты игілігі ұлттың жаны, оның тілі екендігі белгілі. Ұлттың болашағы тілінің дамуымен, оның қоғамдық қызметімен, қолдану аясының деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан да қазіргі таңда ұлттың ұлттығын, тұрақты қауымдастығын аңғартатын негізгі белгі – тілді сақтап қалуды оның қолдану аясын кеңейту шарасы ғана емес, мемлекеттік тіл статусын алған қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ата-бабамыздан қалған асыл мұраларды өз тілімізде оқып-үйрену, зерттеу жұмыстарын өз дәрежесіне жеткізу мәселесі көтерілуде. Алдымызда тұрған мұндай күрделі міндетті шешуде қазақ тілін оқып-үйренуді дұрыс жолға қоюдың ең негізгі сатысы болып табылатын бастауыш мектептің орны ерекше. Өйткені, бастауыш мектеп сатысына бала 6 жастан қабылданады. Бұл уақытқа дейін мектепке дей-

інгі мекемелерде берілетін тіл дамыту жұмыстары мен аздаған сауат ашу дайындықтарын қоспағанда, балдырғандар, негізінен оқу мен жазуға дағдыланбай келеді.

Грамматикалық категориялардың табиғатына сай әдістер мен тәсілдемелер қолданылып отыратыны белгілі. Қазақ тілі бөлімінің әрбір тараудағы тақырыптар бір-бірімен үнемі тығыз бірлікте болады. Оны тек қана талдау, дәлелдеу жұмыстары жүйелі жүргізілгенде ғана оқушының қызығушылығын тудырып, ынтасын арттырады. Өздері күніне сан рет қолданып, айналымда жүрген сөздер мен сөз тіркестерін талдау кезінде жаңа қырынан таниды. Сондықтан әрбір оқушы ереже жаттамай, түсініп оқып, мысалдар келтіру арқылы дәлелдеп, жазбаша түрде де, ауызша түрде де талдай берулері керек. Грамматикалық талдау жалпы түрде де, белгілі бір тақырыпқа байланысты жеке де, сондай-ақ ауызша, жазбаша түрде де жүргізіледі. Ауызша талдауда балалар бұрын оқылғандарға тоқталады, сөйлемдегі грамматикалық формаларды көрсетеді, оқытушының сұрауларына жауап береді, өз бетімен мысалдар келтіреді. Ауызша талдау арқылы оқушылардың ойлауы мен сөйлеуінің жүйелілігін, сөздерді қолдана білуін, сөз байлығын байқауға мүмкіндік туады.

Жазбаша талдауда балалар жазылған мәтіннен грамматикалық форманың астын сызады немесе оларды айырып жазады, тиісті формаларын көрсетеді, сұраулар қояды, т.б. Талдаудың бұл екі түрі де пайдалы. Жазбаша талдау тақтаға, оқушының дәптеріне түседі. Жіберілген қатені, жазу емлесінен кеткен қатені, оқушы каллиграфиясын түзету үшін де жазбаша талдау пайдалы. Мұғалім өр түрлі жазбаша талдау жасатып оқушыларды жан-жақты бағалауға да қол жеткізе алады. Мазмұн жағынан талдауды лингвистикалық және аралас талдау деп, көлемі жағынан талдауды толық не ішінара талдау деп бөледі.

Лингвистикалық талдау – тіл ғылымының тарауларына, бөліктеріне талдау. Оның өзі фонетикалық, морфо-

логиялық, синтаксисттік, лексикалық және орфографиялық талдау болып бөлінеді. Бастауыш сыныптарда грамматикалық талдауға (фонетикалық, морфологиялық, синтаксисттік, орфографиялық) үйретеміз. 1-сыныптан бастап балалар грамматикалық жаттығуларды орындай отырып, талдауға үйренеді.

1-сыныптың әліппе оқулығы – көпдеңейлік, дамыта оқытылатын, ұлттық ерекшелігі бар, дәстүрлі мектеп деңгейіне арналған төл оқулық.

Әліппе кезеңі сауат ашудың ең негізгі бөлігі болып саналады, өйткені тілдегі дыбыстар мен олардың әріптерін жеке-жеке таныту, оқуға үйрету, әріптердің баспа және жазба түрлерін салыстыра отырып меңгерту, сөздерді, жеңіл сөйлемдерді дұрыс жазуға үйрету жұмыстары осы кезеңде жүзеге асырылады, әрі бұған уақыттың да негізгі бөлігі беріледі.

Сауат ашудың негізгі объектісі – сөз. Балаларға сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінік беріп, әріп танытамыз, әуелі буындап, содан сөзді, тұтас сөйлемді дұрыс оқуға үйретеміз, сауатты жазу негізін қалыптастырып, балаларға сөзді айтып, оны оқып, оны жазуға баулимыз. Жазуды ауада жазып үйретіп, дыбыстық талдау жасаймыз. Буын оқумен қатар меңгеріледі. Буындап оқи отырып, буындап жазуға үйренеді. Сауат ашу кезеңінде талдау-жинақтау кең қолданылады. Талдау және жинақтау – сөз ішіндегі дыбысты танудың бірден-бір жолы. Сауат ашу тарихындағы дыбыстық талдау-жинақтау әдісін ағартушы педагог Ы.Алтынсарин орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский тәжірибесінен алып, өзінен кейінгі мектептерге тиімді әдіс ретінде ұсынған болатын.

Әліппе оқулығын аяқтаған әрбір бала дыбыстық талдау жасай білуі керек. Мысалы "Н" дыбысы мен әрпін таныту үшін алдымен талдау әдісін қолданамыз. Сол төмендегідей жұмыс түрлері жүргізіледі.

Ана бейнеленген суретті көрсетіп, атын атау. Мұғалімнің ана деген сөзді анық, буындай айтуы. Оқушылардың алақанын иек астына қойғызып, мұғаліммен

бірге қосылып, ана сөзін айтқызу. 3-4 балаға жеке-жеке осы сөзді созып айтқызу; неше бөліктен, яғни буыннан тұратынын және әр буынды жеке атату.

Таныс емес дыбыс қай буында екенін тапқызып, сол буынды мұғалімнің, содан кейін оқушылардың созып айтуы: на.. на..

Жаңа дыбысты бөліп атау *нн, нн, нн*.

Артекуляциялық жаттығу жасату (тіл алдының таңдайға жабысуынан).

Неліктен дауыссыз дыбыс болып тұрғанын айтқызу. Себебі ауа мұрыннан шығады, тіл таңдайға жабысып, ауаның өтуіне кедергі жасайды, ауа ауыз қуысынан кедергіге ұшырап, өте алмайды. Н дыбысының таңбасын көрсету, қима өріптерден баспа түрін тапқызу, қалташықтарына салғызу.

Дыбыс пен өріпті анық танытып, толық меңгеру үшін тек талдау ғана емес, артынша жинақтау әдісін жүргізу керек. Жинақтау әдісі оқушы білімін онан әрі тиянақтап, есте сақтауын қамтамасыз етеді. Енді "н" дыбысы мен әрпіне байланысты жинақтау жұмысының барысына тоқталайық.

– Нанның суретін көрсету, атын атату. Оқушыларға алфавиттік текшеге "н" әрпін орналастыру.

– "на" буынын оқытып, нан сөзі шықты ма, жоқ па соны сұрау.

– "на" буынына тағы қандай әріп тіркеу керектігін сұрау, сол "н" әрпін текшеге салдыру, шыққан сөзді тұтас оқыту.

– Нан сөзі шығу үшін неше дыбыс аталғанын, жазғанда неше өріп көріп отырғанын сұрап, бекіту.

– Жазған сөздерін буындатып оқытып, бір буынды сөз екенін ұқтыру.

Қорытындылай келгенде, талдау-жинақтау әдісімен төмендегідей көптеген жұмыс түрлері жүргізіледі.

1. Кез келген дыбысты сөз ішінен талдау әдісімен бөліп алып, созып айту.

2. Дыбыстың артикуляциясын байқатып, дауысты не дауыссыз екенін ажыратқызу.

3. Дыбыстың тұрған орнын таныту үшін сөз басындағы не аяғындағы дыбыстарды түсіріп айтқызу, не осы әріптерді тіркеп қойғызу.

4. Жуан және жіңішке дыбыстар мен әріптерді салыстыра отырып, өтілетін дыбыс, әріп ерекшелігін таныту (үн-үн, доп-топ, тыс-тіс, т.б.).

5. "Жоғалған буын", "Жоғалған әріп", "Менің орным қайда?", "Адасқан әріптер", т.б. ойындар ойнау арқылы білімді білікке айналдыру.

6. Дыбыстың орнын ауыстырып, жаңа сөздер жасату (бала-қала, дала, шала, кеше, кесе, шеше, апа, аға, ара, аса).

Сауат ашу жұмысы бірінші жарты жылдықта аяқталады. Бұл ретте баланы қысқа мерзім ішінде сауаттандыра отырып, олардың сөздік қорының мол болуы, тез арада көп сөз оқу, жазу мүмкіндігіне ие болуы көзделіп, буындап және біртіндеп тұтас оқу әдісі басшылыққа алынады.

Жаңа дыбыстармен таныстырғанда өтілген дыбыстарды пысықтау әрі оларды жаңа дыбыспен байланыстыру үшін сөздер жүйесі белгілі бір алгоритм бойынша түзілуі керек. Мұның ішінде ұлтымыздың тарихын, мәдениетін, өнерін, т.б сипаттайтын шұрайлы сөздерді жаңғыртып, олардың мағынасын балаға саналы түрде ұғындыру үшін сөздік жұмысын жүргізіп отыру қажет.

Бірінші сыныптың екінші жарты жылдығында тіл және оқу материалды кешенді-интегративті оқытылады. Бастауыш сыныптағы сауат ашу үрдісінен кейін оқытылатын қазақ тілі бағдарламасы мынадай бөлімдерден тұрады. "Тіл және сөйлеу", "Дыбыс және әріп".

"Сөйлем", "Сөз", "Сөз таптары"

Балалар ана тілі дыбыстарының ерекшелігін мектепке дейін-ақ сөйлеу практикасы арқылы едәуір меңгерген болады. Бірақ олар жеке сөзді, әрбір дыбысты саналы түрде ажыратуды білмейді. Әліппені өту кезінде сөзді, буынды талдау жолымен дыбыстарды ажыратып үйренеді. Сонда да тіл дыбыстарының

бір-бірінен өзгешілік белгілерін толық тани қоймайды. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқушылардың айтылған дыбыстарды дұрыс тыңдай білуіне, сондай-ақ жеке дыбыстар мен дыбыстар тізбегін дұрыс айта білуіне ерекше мән беріледі. Ал мұны білудің сауат ашу үшін де, грамматика мен емлені жетік меңгеру үшін де, сөйлеу, жазу, тіл дамыту үшін де маңызы зор.

"Дыбыс және әріп". Бұл туралы алғашқы түсінік сауат ашу кезінде-ақ беріледі. Дыбыстардың фонемалық қасиетіне ерекше назар аударылады. Оқушылар әр дыбысты дұрыс таңбалай, дыбыстай білуге дағдыланады. Дауысты, дауыссыз дыбыс, дауыстылардың жуан, жіңішке болып келетіні, дауыссыз дыбыс түрлері, олардың емлесі, туралы түсінік алады. Буын, тасымал жайында білім алады.

Әрбір халықтың дыбыстық жүйесін, тіл дыбыстарының жасалу ерекшеліктерін, өзгешелігін, оқылу, жазылуын зерттейтін бөлімі – фонетика деп аталады. Қазақ тілінің фонетикасын практикалық жолмен оқыту 1-сыныптан басталады.

Сондықтан, біздер, болашақ мұғалімдер алғашқы "а" дыбысын үйреткен күннен бастап, әр дыбыс қалай аталады, қалай аталады дегенді практикалық жолмен дұрыс түсіндіріп, үнемі қадағалап отырар болсақ, сынып жоғарылаған кезде де оны оқушылар ұмытпайды. Әліппедегі "а" дыбысын алғаш таныстырғанында:

1. а-а-а...созылып айтылады;
2. а-а-а...ауыз қуысы кең ашылады;
3. а-а-а...ашық, анық естіледі;
4. а-а-а...жуан естіледі;

5. а-а-а...а-ны айтқанда тілдің ұшы сәл кейін жиырылады. Сол себепті "а" дауысты дыбыс дейміз. Яғни, барлығын дыбыс артикуляциясымен көрсетіп, бірнеше балаға қайталатып, хормен жаттықтырып, әр түрлі жұмыс түрін ұйымдастырады. Көрнекілігімен, мысалмен, техникалық құралдармен жұмыс жүргізе білсе, ойнатып

отырып ойландырса, балалар тіл дыбыстарының оқылу, жазылу, айтылуын, жасалуын ұмытпайды.

Балалар біздің күн сайын сөйлеп жүрген сөздеріміз тек қана осы 37 дыбыстың сан рет қайталанып келіп, сөз жасап жатқанын сол бастауыштан білуі керек.

Оқушы ұғымына жүйелі түрде қалыптасатын жұмыс түрлері ешқашан ұмытылмай, біліміне білім қосып, қызықтыра түседі.

Алфавитті өткен кезде оны есте қалдыру үшін мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

■ Алфавитті жатқа жазу. Тақтаға екі оқушыны қатар шығарып, біріне "А"-дан "М"-ға дейін, екіншісінен "М"-дан "Я"-ға дейін ретімен жазғызу:

■ Ауызша алфавитті ретімен айтқызу:

■ "Орныңды тап" ойыны арқылы оқушыларды алфавиттік қатарға қосу.

■ Кітапханашымен әңгіме (алфавитті реттіліктің пайдасы туралы).

■ Жан-жануарлар дүниесіне, географиялық атауларға, өсімдіктер дүниесіне арналған алфавиттік карталар жасату.

Осылайша әрбір дыбыс пен әріптерге байланысты жүргізілетін талдаулар оқушылардың ойлауы мен сөйлеуін бірдей дамытады.

Оқушылар дауысты, дауыссыз дыбыстардың қалай жасалып, қалай айтылатынын түсініп меңгерсе, келесі тақырыптарды түсінуіне оңай жол ашылады. Мұғалім әрбір дыбысты артикуляциясымен өзі жасап, айтып, дәлелдеп тұрса, дыбысты жеке де, сөз ішінде де талдау дәрежесіне көтере алса, жаттығуларды түрлендіріп жүргізе алса ғана жұмыс жемісті болады.

Тілдегі дыбыстардың құрамын, жасалу, жүйеленуін игергеннен кейін дауысты дыбыстардың буын құрайтыны жалғасады. Сөзді буынға дұрыс бөлу жазуда да, оқуда да, салауаттылыққа үйретеді. Сөзді буындап үйрену арқылы жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалғанда дұрыс тасымалдауға болады. Сөйлемдегі сөздерді түгел буындап, талдағанда сызықша арқылы бөлі-

неді. Дауысты дыбысты созып оқыса, буынмен екінші буын араласып, оқуда, жазуда, тасымалдауда қате кетеді. Мысалы: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, деген сөйлемді алсақ: Мен – бір буынды сөз, тасымалданбайды. Жаз-баймын, жазбай-мын, жаз-бай-мын – үш буынды сөз, екі жолмен тасымалданады;

Ө-леңді, өлең-ді – үш буынды болғанмен, бір жолмен ғана тасымалданады;

Ер-мек – екі буынды болғанмен, тасымалдауға келмейді, себебі у жалаң.

Жалпы фонетикалық талдауға дыбыстық, буын құрамына талдау, буын түрлеріне, дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне қарай және екпін қойып талдау кіреді. Фонетикалық талдауда балалар дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, жазылған сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің астын сызып қояды, сөздің ауызша және жазбаша буын жігін, дыбыс құрамын айтады. Сөздердегі жеке-жеке дыбыстарды мүлтіксіз айыра білу арқылы әріп қалдырмай жазуға төселеді. Фонетикалық тақырыптарды толық игергенде толық талдау жасатып, оқушы білімін бекітуге болады. Толық талдауға білімділік, тәрбие мәні бар тұтас сөйлемдер алынып талданады. Толық талдау дегеніміз – сол тақырыптан алған білімді жинақтау, жүйелеп дәлелдеу. Оқушы толық талдауды жүргізгенде әуелі тұтас сөйлемді буындап оқып, буындап жазады. Тасымалдау үлгісін көрсетеді, асты сызылған бір сөзге толық дыбыс құрамына талдау жасайды, дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне бағынып және бағынбай тұрған сөздерді дәлелдейді, екпін түсіреді. Оқушы берілген сөзге дыбыстық талдау үшін берілген сөзді жазады, сөзде қанша буын барын анықтайды, сөзге неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс барын жазады, дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратады. Үлгісі: "жеміс" сөзі. Же-міс 2 буын, 5 әріп, 2 дауысты, 2 дауыссыз бар, ж-дауыссыз, ұяң; е-дауысты, жіңішке; м-дауыссыз, үнді; і-дауысты, жіңішке; с-дауыссыз, қатаң.

Негізінен, оқушыларға толық талдау жасату үшін екі-үш сөзден тұратын фонетикалық талдау жасатып, жи-

нап алады. Мұғалім сол арқылы кіммен әлі де көбірек жұмыс істеу керектігін анықтап біледі.

Фонетикамен тығыз байланыста жүргізілетін келесі талдау түрі – морфологиялық талдау. Морфология – (грек тілінен аударғанда түр, ұғым, ілім) жеке сөздерге қатысты грамматикалық мағыналарды тексеретін ғылым. Сөздің формасы, мағынасы, қызметі сөйлемде айқын ашылатындықтан, морфология сөздің морфологиялық құралын, түрлерін, жасалу тәсілдерін, лексика-грамматикалық сипаттарын айқындау деп есептейді. Морфологияның анықтауынша, қазақ тіліндегі сөздер морфологиялық құрамы жағынан түбірден, қосымшадан тұрады. Түбір сөздің түпкі мағынасын білдіреді, жалғанатын әр қосымша түбірге өзіне төн мағына үстейді. Сөзде түбір – біреу, қосымша бірнеше бола береді. Қосымшалар түбірге бірінен соң бірі тіркесіп, жалғана беретіндіктен, қазақ тілі жалғамалы тілге жатады. Қосымшалар жалғау, жұрнақ болып екіге бөлінеді. Морфологиялық түрлері мен жасалу тәсілдеріне қарай түбір сөз, біріккен сөз, қос сөз, тіркес сөз, қысқарған сөз болып келеді. Морфологиялық талдауда ауызша сөйлемдердегі затты, заттың белгісін, қимылын көрсететін сөздерді тапқызу, жазбаша мәтіндегі сондай сөздердің астын сызғыз. Олардың сұрауларын ауызша, жазбаша қойғызу сияқты жұмыстар жүргізіледі. Оқушылар сөйлем мүшелерінің қай сөз табы екенін және олардың формасын жекеше, көпше, септік, тәуелдік, жағы, шағын айырады.

Морфологиялық талдау негізінен сөз таптарына талдау және сөз құрамына талдау болып табылады. "Сөз құрамы" тақырыбы – бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше мәні бар өрі қиын мәселе. Сөздің мағыналы бөлшектерінің ұғымын жетік меңгеру процесі оқушылардың абстракциялы ойлауының дамуын, тіл фактілерін бақылап, оған талдау жасай алуын және мұғалімнің жетекшілігі арқылы өздігінен қорытындыға келе білуін талап етеді. Сөздің мағыналы бөлшектері морфемаларды оқып-білудің, толық меңгерудің маңызы зор.

Себебі, сөздің морфологиялық құрамына талдау жұмысы және жаңа сөз жасау жаттығулары оқушының логикалық ойы мен тіл байлығын дамытады. Сөз құралын зерттеу оқушының орфографияны толық меңгеруіне, сауатты жаза білуіне негіз болады. Сөз құралын меңгеру мен сөз жасау тәсілдеріне жаттықтыру, оқушының сөз тануға деген ынтасын оятады. Сөздің мәнін терең түсініп, дұрыс қолдана білуге, сөз мағынасы мен формасының ара қатынасына зейін аударуға дағдыландырады.

Жаңа бағдарлама бойынша "Сөз құралы" тақырыбы 2-сынып түбір, қосымша, жалғау, жұрнақ, 3-сынып туынды сөз, 4-сынып біріккен, қысқарған сөз, қос сөздер деген грамматикалық ұғымдар меңгертіліп, олардың мағыналары, жасалу жолдары, жазылу емілелері үйретіледі.

Жалпы бастауышта сөз құрамына талдау мына түрде жүргізіледі.

1. Оқушылар түбір сөзді табады. Ол үшін сөзге сұрақ қойып, оның өзгермейтін мағыналы бөлігін анықтайды. Оған мынадай белгі қояды \frown . Күйші.

2. Жұрнақты табады. Ол түбір сөзден кейін келіп, жаңа сөз жасайды. Оған мынадай белгі қояды \frown Күйші.

3. Жалғауды табады. Ол түбір сөзге де, жұрнақтан кейін де жалғанады. Жалғауға мынандай белгі қояды.

□ Күйшілер. Сөз құрамын оқыту, сөз құрамына талдау, оқушының сөздік қорын байыту ана тілінің орфоэпиялық және орфографиялық нормаларын меңгерту жұмыстарымен бірлікте, тығыз байланыста жүргізіледі. Сөздердің морфологиялық құрылысын балалар жай бөлшекпен көрсетіп қоюларына да болады.

Сөз	Түбір	Жалғау	Жұрнақ
Біздер	біз	-дер	-
қалаға	қала	-ға	-
Машинамен	машина	-мен	-
Тез	тез	-	-
жеттік	жет	-тік	-

Сөз құрамына талдау бұл – морфологиялық талдаудың бөлшегі. Морфология – грамматиканың негізгі бір бөлігі.

Морфологиялық талдаудың негізгі түрі – сөз тұлғасына, сөз табына талдау. Сөз таптары 1-сыныптан басталады. Балалардың ұғымына лайық заттың атаулары, яғни зат есім бірінші таныстырылады.

Бастауыш сыныптарда зат есімді оқыту жүйелілік, бірізділік принциптері негізінде оқу бағдарламасында әр сыныптың психологиялық ерекшеліктері, оқушының дайындық деңгейі ескеріліп, біртіндеп дамытыла жүреді. Зат есімнің грамматикалық белгілерімен оның лексикалық жинақ мәні ғылым негізіне сүйене отырып, бірте-бірте кеңейтіліп таныстырылады. Бұл ретте тиісті тәжірибелік жаттығу жұмыстарының тапсырмалары да барған сайын күрделене түседі.

1-сыныпта зат есім термині аталмай, тек қана заттың атын білдіретін сөздер жөнінде жалпы түсінік беріледі. Ол үшін оқушылардың тәжірибесінде көрген, байқаған, ұстаған нәрселері жайында ұғым беріле бастайды. Көрнекілік элементтері кеңінен қолданылады. Мүмкін болса заттардың өздері көрсетіледі. Оның не екендігі анықталып, зат деген ұғымға келтіріледі. "Мынау не?" деген сұрақ тиісті затты көрсете тұрып қойылады да, балалар ол бор, тақта, қалам, гүл, т.б. заттардың атын атайды. Көрнекілік заттық түрден бейнелі түрге, суретке ауысады. Ана тілі оқулығындағы осы тақырыпқа арналған бетіндегі "кім? не?" сұрақтарын, оларға лайық салынған суреттің атын білдіретін сөздерді оқытқан жөн. Соған орай әр суретке "бұл кім? мынау не?" сұрақтарын қою жолымен домбыра, аңшы, балуан-адам ұғымын, ал, тырна, борсық-жан-жануарлар атын білдіретін сөз екені түсіндіріледі. Сөйтіп, балалар аң, құс және адам атаулары зат екенін, оларға "Кім? Не?" сұрақтар қойылатынын таниды. 1-сыныпта тек жеке затты танытып қоймай, оларға көп зат туралы да білім беріледі. Ол үшін тағы да сұраққа сүйену тәсілі қолданылады. Егер "Кім? Не?" сұрағына жауап болатын сөз бір заттың ұғымын білдірсе, "Кімдер? Нелер?" сұрағына жауап болатын сөз бір емес, бірнеше заттың ұғымын көрсететінін мысалдарды талдату, бақылату, балаларды ойланту әдістерімен ұқтыруға болады. "Кім?" деген сұрақтың тек қана адам ұғымын білдіретін сөзге қойылатыны түсіндіріледі.

1-сыныпта сын есім деген грамматикалық термин аталмайды. Тек қана заттың сынын білдіретін сөздер деген ұғым таныстырылады. Ондай заттың сынын білдіретін сөздерге "Қандай? Қай?" сұрақтары қойылатыны үйретіледі. Балалар тілімізде қолданылып жүрген сөздердің ішінде "Қандай? Қай?" деген сұрақтарға жауап беретіндері бар екенін, ондай сөздердің әрқайсысы мағынасына қарай тіліміздегі заттың атын білдіретін басқа бір сөзбен байланысты тұрғанын ұғына бастайды. Заттар бір-бірінен өзіне тән белгісі бойынша ажыратылатынын түсінеді. Заттарда түсі, дәмі, көлемі, салмағы, пішіні сияқты көптеген белгілер болатынын түсінген оқушылар әр затты өзінің айрықша белгісіне қарап таниды.

Сонымен бірге оқушылар "Не істеді? Не қылды? Қайтті?" сұрақтарына жауап беретін сөздермен танысады. Етістік термині аталмайды, оқушылар заттың қимылын, іс-өрекетін білдіретін көптеген сөздермен танысады. "Сан есім" термині де аталмайды, оқушылар "Қанша? Неше? Нешінші?" сұрақтарына жауап беретін сөздермен танысады.

2-сыныпта оқушылардың зат есім жөніндегі ұғымы кеңейтіле түседі. Бұл сыныпта грамматикалық атаулар қолданылады. Зат есім туралы, оның лексикалық мағынасын, сұрауларын, жалпы және жалқы зат есімдер, зат есімнің жекеше, көпше түрлері, олардың қолданылуы мен жазылу емлесі түсіндіріледі. Сын есім, етістік, сан есім тақырыптары да грамматикалық атаулармен сөз табы ретінде өтіледі. Етістіктің дара, күрделі түрлерімен танысады.

3-сыныпта зат есімнің негізгі және туынды түрлерімен, зат есімнің тәуелденуі, тәуелдік жалғаулармен, негізгі және туынды сын есімдермен танысады. Болымды, болымсыз, негізгі және туынды етістік түрлерімен есептік, реттік сан есімдермен де танысады. Келесі сыныпта зат есімнің септелуі, тәуелдеулі зат есімдердің септелуі, зат есімдердің жіктелуі тақырыбымен танысады. Бағдарламаға сәйкес септік жалғаудың мәнін, сұ-

рауларын, жалғауларын, сөздің септелуіне байланысты емле ережелерін өтеді. Дара, күрделі, қарсы мөндес сын есім, дара, күрделі сан есімдер, етістіктің жіктелуі, етістіктің шақтары жөнінде білім алады. Есімдік, жіктеу есімдіктері, олардың септелуі, үстеу оның түрлері, шылау оның түрлері, одағай туралы оқып-үйренеді.

Жалпы алғанда морфологиялық жазбаша талдату жұмысын түрліше жүргізуге болады.

1. Сөздің бір формасын теріп жазады, не астын сызып қояды не қандай сөз табы, қай форма екенін әр сөздің үстіне жазып қоюға да болады. Негізінен бастауышта зат есімнің астын бір, сын есімнің астын ирекпен, ал етістіктің астын екі сызықпен сызып қояды. Ал осындай белгілермен сөйлем мүшелері де көрсетілуге тиіс болса, түсті қарындаш қолданған жөн.

2. Берілген мәтіннен оқушы әуелі зат есімді, одан кейін сын есімді, т.б. теріп жазады.

3. Белгілі бір грамматикалық категорияға жататын сөздерді дайын кесте бойынша айырып жазады. Егер мына бір сөйлем беріліп және одан зат есімге жататын сөздерді тапқызсақ: Балалар өзеннің жағасына келді.

Балалар өзен жағасына келді.				
Зат есімдер	Сөйлем мүшесі	Сұрауы	Жекеше, көпше	Септік
Балалар	бастауыш	кімдер?	көпше	атау
өзеннің	анықтауыш	ненің?	жекеше	ілік
жағасына	толықт.	қайда?	жекеше	жатыс

4. Талдауды толық жүргізу үшін сөздерді бағанаға жазып, әрайсысының тұсына формасын көрсетіп, не сөйлемдегі схема бойынша кескіндейді. Мысалы: Олар ауылға лезде жетті деген сөйлем берілсе, балалар былайша жазады:

Олар – жіктеу есімдігі, III жақ, көпше, бастауыш. Ауылға – зат есім, жалпы есім, жекеше, барыс септік, толықтауыш. Тез – үстеу, пысықтауыш. Жетті – етістік, өткен шақ, III жақ, көпше. баяндауыш.

Жоғарыда аталғандай сөз таптары негізінен 1-сыныптан басталып, 4-сыныпқа дейін оқытылады. Балалардың

жас ерекшеліктеріне сай морфологиялық талдау сыныптан-сыныпқа жоғарылаған сайын күрделене береді. Әрбір сөз табын талдағанда, ең негізгі түбір тұлғасын сөйлемдегі атқарып тұрған қызметін талдайды. Ешбір сөз сөйлем ішінде байланыспай тұра алмайды. Ендеше сөйлемдегі сөздердің байланысу түріне сұрақ қойып, сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғаны көрсетіледі. Ал синтаксисті өту кезінде сөйлем мүшелері қандай сөз табынан жасалғанынан да айтып кетуге болады.

Синтаксис (гректің біріктіру) – грамматиканың сөз тіркесін, сөйлем жүйесін, құрылысын зерттейтін саласы. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде негізгі екі салаға бөлінеді. Біріншіден, сөз тіркесінің синтаксисі. Онда сөздердің өзара тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркесінің құрамы, құрылысы және түр-түрі қарастырылады. Екіншіден, сөйлемнің синтаксисі. Онда сөйлемнің құрылысы, сөйлем мүшелері, олардың байланысы, сөйлемнің түрлері талданады. Сөйлемнің синтаксисі екіге: жай сөйлемнің синтаксисі, құрмалас сөйлемнің синтаксисі болып зерттеледі. Синтаксистік талдау да балалар оқу-жазуға үйрене сала басталады. Бастауыш сыныптарда негізгі тақырып – сөйлем. Балалар сөйлем материалдары арқылы дұрыс сөйлеу, сөз формаларын өзгерту, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын табу жолдарын үйренеді; сонымен бірге грамматикалық ұғымдарды, орфографиялық және орфоэпиялық дағдыларды меңгереді. Сөйлем тіліміздің синтаксистік құрылысындағы негізгі, айтылатын ойдың ұйқасы болу қызметін атқарады. Жеке сөздер мен сөздердің өзара байланысты тіркестері ойды білдіретін сөйлемнің құрылыс материалы ретінде жұмсалады. Өзінің ойын ауызша не жазбаша білдіруі үшін оқушының сөйлемді дұрыс құра білу дағдылары қалыптасуы тиіс. Балалар әрбір сөз табының тіліміздегі рөлін, сөйлем ішінде ғана айқын тани алады. Өйткені, дербес алынған қалпында әр сөз әр алуан мағына береді.

Бастауыш сыныптарда сөйлемнен мағлұмат беру жұмысы мынандай түрде жүргізіледі:

1. Оқушылардың сөйлем туралы грамматикалық ұғымын қалыптастыру, онда сөйлемнің өзіндік негізгі белгілері қарастырылады;

2. Сөйлемнің құрылымы, оның жасау жолдары меңгеріледі. Сөйлем құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем мүшелерінің жалаң, жайылма түрлері зерттеледі;

3. Айтылу мақсаты мен интонациясына қарай дұрыс құрастыра білу үйретіледі;

4. Сөйлемдегі сөздерді дәл қолдана білу дағдысы дамытылады;

5. Оқушылар сөйлемді жазбаша түрде дұрыс құруды, оны бас әріппен бастап жазып, аяқтаған жерде тиісті тыныс белгісін қою машығы меңгертіледі.

"Сөйлем" туралы ұғым 1-сыныптағы Әліппе кезеңінде бақылау, талдау-жинақтау әдістері бойынша тәжірибелік жолмен танытыла бастайды. Бұл тұста мұғалімнің түсінік сөзі, сөйлем құру, оны айыру жұмысындағы практикалық үлгісі жетекші рөл атқарады. Көрсетілген сурет бойынша ол ойлатып, сөйлем құратып үйретеді.

1-сыныптың "Ана тілі" оқулығында "Сөйлем", "Сөйлемдегі сөздердің байланысы" деген арнайы тақырып берілген. Балалар сөйлемнің не екенімен, сөйлемнің бірінші сөзі бас өріптен басталып жазылатынымен және сөйлем соңында нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі қойылатынымен танысады. Сонымен қатар сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы білуге болатынын үйренеді. Мысалы : Көк ту желбіреді.

1. Ту қайтті? – Ту желбіреді.

2. Қандай ту? – Көк ту, т. б.

Осылайша балалар сөйлем туралы ықшам ережелерді үйренеді. Мұғалім индукциялы әдіспен сол ережені балалардың өздеріне шығартады. Бағдарлама бастауышы зат есімнен, баяндауышы егістіктен болған жалаң сөйлемді, одан әрі үш-төрт сөзден тұратын жайылма сөйлемді де (термин түрінде емес) үйретуді ұсынады. Осы

жағдайға байланысты сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысты айтылатыны, әр сөзге сұрақ қойылатыны, сол сұрақтар арқылы сөйлемдегі сөздердің байланыстары табылатыны жаттығу жұмыстарымен меңгертіледі. Сонда сөйлемде "Кім? Не?" деген сұрақ қойылатын сөз бар екені оқығушының бұрынғы біліміне негізделіп түсіндіріледі. Ал, заттың қимылын, ісін білдіретін сөздердің "Не қылды? Не істеді? Қайтті?" сияқты сұрақтарға жауап беріп тұрғаны ұғындырылады. Бұл кезеңде балалар сөйлемнің айтылу интонациясына мән бере отырып, сөйлемді айту кезіндегі дауыс ырғағының, шапшаңдығының, дауыстың бөсең не қатты болуының айтылатын ойға қатысты екенін білетін болады. 2-сыныпта оқушылар сөйлем тақырыбынан меңгерген осындай білім дағдыларын жаңғыртады. Сөйлемнің хабарлы, лепті, сұраулы болып бөлінетінін, олардың тыныс белгілерін игеріп, сөйлемдегі сөздердің байланысын тауып үйренеді.

3-сыныпта сөйлем мүшелері туралы түсінік беріледі. Сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты, тұрлаусыз мүшелерді тауып үйренеді. Жалаң және жайылма сөйлем түрлерін меңгереді. Сөйлем мүшелерінің байланысуын сызба арқылы көрсетеді. Мысалы: Шешей отты көсеумен көседі. Көсеумен кесек-кесек тезек төседі.

4-сыныпта сөйлем туралы білімдері кеңейтіле түседі. Сөз тіркесі, жай және құрмалас сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлемнің біріңғай мүшелері, олардың тыныс белгісі туралы мағлұмат беріледі. Білім – дағды беру ісінде сөйлем мүшелерінен грамматикалық талдаудың тигізер пайдасы көп. Талдау жұмысы сөйлемдегі сөздердің мағынасы мен формасын ажырату үшін, олардың өзара байланыстарын табу үшін жүргізіледі. Бұл тұрғыда сұрақ қоя білудің маңызы күшті. Сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлері мен сөйлем мүшесі алшақ емес. Себебі, сол бір-бірімен байланысып жатқан сөздерді сұрақ қою арқылы бір-бірімен байланысын анықтаймыз. Әрбір сөйлемдегі толық мағыналы сөздер дара күйінде де, күрделі күйінде де келіп, белгілі сұраққа жауап бере-

ді. Негізгі ойды білдіріп, не негізгі ойды толықтырып, пысықтап, анықтап, дәлелдеп тұрады. Сөйлемнің бұл тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері жан-жақты талдаулармен, жаттығулармен дәлелденеді.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – бастауыш пен баяндауыш сөйлемдегі ойға негіз болады. Бастауыш баяндауышпен тығыз байланысты. Бастауыш пен баяндауышты сөйлем ішінде талдағанда, алдымен қай мүшені бұрын табу керек деген ой тұрады. Кейбір мұғалімдер алдымен бастауышты тауып алады, кейбір мұғалімдер баяндауыштан бастап талдайды. Әсіресе, төменгі сынып оқушылары осындайлардан кейін бастауыштың сұрағымен бірден бастауышты тауып алады. Алайда, баяндауыш сөйлемдегі ойды аяқтап тұратын болғандықтан, баяндауышсыз сөйлем болмайды. Соның өзінде баяндауышты тауып алу қиын емес. Сөйлемдегі баяндауыштың орны тұрақты. Ол хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің соңында тұрады. Баяндауыштың орын тәртібі өлең мәтіндерінде ауысып кетіп отыруы шартты. Кейде оқушылар осыған қиналады. Ондай жағдайда өлең жолдарын қара сөзге айналдырып көрсе, баяндауыш өз орнына, сөйлем аяғына орналаса кетеді. Мысалы:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан (Абай).

Өлеңнің бірінші тармағында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, әсіресе, баяндауыштың орын тәртібі өзгерген. Өлең тармағын қара сөзге айналдырсақ:

Аспанды түсі суық бұлт қаптайды, немесе түсі суық сұр бұлт аспанды қаптайды, – деп айтуға болады. Өлең сөйлемдерін сөйлем мүшесіне талдау кезінде осы сияқты қара сөзге іштей айналдырып, ойланып тұрып талдаса, сөйлем дұрыс талданады.

Бастауыш ең негізгі мүше болғанымен, сөйлем ішінде баяндауыш сияқты міндетті, тұрақты бола бермейді. Кейбір сөйлемде бастауыш айтылмаса да баяндауыш арқылы жасырын тұрған орнын оңай тауып алуға болады. Бастауыш пен баяндауыш табылғаннан кейін, тиісті сұраулар бойынша тұрлаусыз мүшелер ажыратылады.

Сөйлем мүшелеріне талдау кезінде оқушылар ең өуелі сөйлемдегі қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөзді табады. Оған "Не істеді? Неғылды? Қайтті?" сұрақтарын қояды. Осы сұрақтарға жауап беретін сөз баяндауыш болады. Баяндауыштың асты екі рет сызылады. Сөйлемдегі қимыл, іс-әрекеттің иесін анықтап оған "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, сол сұрақтарға жауап берсе, бастауыш болады. Оның астын бір сызықпен сыз. Сөйлемдегі өзге сөздерге сұрақ қояды, олар тұрлаусыз мүшелер, астын ирекпен сызады. Сөйлем мүшелерінің байланысын сызбамен көрсетеді. Мысалы: Оқушылар серуенге шықты.

Синтаксистік талдауда балалар мәтінде неше сөз бар екенін, сөйлемде кім я не жөнінде айтылып тұрғанын, сөйлемнің түрін анықтайды. Біріңғай мүшелі сөйлемдерді талдағанда схемамен көрсетулеріне болады. Оқушылар синтаксистік талдауға біртіндеп, жаттығуларды орындау барысында үйренеді. Оған әдетте пунктуациалық жаттығулар да қосылады. Олардың ішінде мәтіндегі қойылған тыныс белгілерін талдау, қойылмаған тыныс белгілерін қою, оны түсіндіру.

Дұрыс жазуға үйрету міндетін жүзеге асыруда орфографиялық жаттығулардың рөлі ерекше, емле жаттығуларының түрі сан алуан. Олар үйретілетін орфограммаға сәйкес әрі оқушыларды сауаттылыққа дағдыландыру жұмысының сипатына лайық қолданылады. Барлық орфографиялық жаттығуларды көшіріп жазу, диктант, орфографиялық талдау секілді үлкен үш салаға бөлеміз.

Орфографиялық талдау қазақ тілі сабағында жүргізілетін басқа жұмыстармен қатар жасатылады. Ол, әсіресе, грамматикалық талдау және диктант жұмыстарына байланысты жүреді. Емілелік талдау үш жолмен: берілген мәтінді талдау, мұғалім тексеріп берген оқушының жұмысын талдау, мұғалім берген тапсырманы ауызша талдау жүргізіледі. Бірінші түрде талдау жасағанда оқушыларға "неліктен осылай жазылған?", екінші түрде "неліктен осы түзетілгендей етіп жазылу керек?" келесі

түрде талдау жүргізгенде "Қалай жазу керек?", т.б. пысықтағыш сұрақтар қойылады.

Орфографиялық талдау дұрыс жазу ережелерін оқушыларға меңгерту құралы болып табылады. Ол білімін бекіту, өткенді қайталау үшін де тиімді. Емлелік талдау әр сабақ сайын біршама уақыт жүргізіліп отырады. Оның өдісі де түрліше.

Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану және оларды оқу процесінде үздіксіз дамытып отыру, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабақтарда ойын элементтерін пайдаланудың орны ерекше. Ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады, ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөздік қорларын молайтады. Тіл сабақтарында грамматикалық ойын элементтері жаңа тақырыпты түсіндіру, өткенді қайталау, талдау кездерінде пайдаланылады. Фонетикалық талдауға байланысты "қай әріпті жоғалттым?", "қай сөзді жоғалттым?", "Көмекші сурет". Морфологиялық талдауға үйретуде "Үндемес", "Не қажет?", "Бос торды толтыр", синтаксистік талдауға үйретуде "Синтаксистік касса", "Тез ажырат", т.б. грамматикалық ойындарды тақырыпқа сай түрлендіріп, кеңінен пайдалануға болады.

Талдауға үйретудегі жаттығу жұмыстарының маңызы

Талдау үнемі тек таза фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік түрде емес, қажетіне қарай, тақырыптың сипатына қарай аралас талдау да қолданыла береді.

Талдау, әсіресе, балалардың білімін есепке алғанда жиі жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда сөздерді құрамы жағынан талдау, көбінесе сол сөздің мәнін дұрыс ұғынып алуға жәрдем етеді. Сөздің түбір, жұрнақ, жалғау сияқты әрбір элементі сөзге өзінше мән береді, осы жеке сөздердің жинағы бірігіп, сөздің жалпы мағынасын

тудырады. Морфеманы, соның ішінде жұрнақты айыра білудің бала тілін жетілдіруде мәні зор. Өйткені, бұл жаңа сөздер жасауға, сол сөздерді орынды жерінде қолдана білуіне мүмкіндік береді. Мысалға, сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынадай талаптар қойылады.

– алдымен мүмкіндігіне қарай негізгі түбірді, онан әрі туынды түбірді, ең соңында түбірлес сөздерді талдайтындай жағдай жасалады;

– белгілі бір сөздің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысын жүргізу керек;

– туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында олардың мағынасына назар аударылады.

Сөз таптарын оқыту барысында жүргізілетін жаттығуларды талдау жұмыстары сөздерді белгілі бір топқа біріктіріп, жүйелеуге үйренеді. Жаттығу жұмыстарының барысында оқушылар әрбір сөз табының қасиетін, ерекшеліктерін саналы түсінеді, жалғаулардың түрлерін меңгереді, оларды ауызша, жазбаша сөйлегенде дұрыс, орынды қолданатын болады. Сөйлем мүшелеріне талдағанда өуелі сөйлемнің түрін, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін ажыратады. Сұрауларын қояды, тиісті сызықпен белгілейді. Сөйлемдегі сөздерді топтау барысында бастауыш пен баяндауыштың сөйлем құрайтынын ескертіп отыруымыз керек. Мысалы: Құстар жылы жаққа ұшып кетті деген сөйлемде құстар ұшып кетті – сөйлем, ал, жылы жаққа – сөз тіркесі. Фонетикалық жаттығулардың міндеті – балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын жөне оларды балалардың дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету. Мұндай жаттығулар арқылы кейбір балалардың тілін тістеп сөйлеу, сақауланып сөйлеу қайсыбір дыбысты қалдырып кетіп сөйлеу немесе *с* мен *ш*, *р* мен *л*, *ж* мен *з* дыбыстарын шатастырып айту сияқты кемшіліктері жойылады. Мұндай кемшіліктер оқуға да, жазуға да зиян келтіретіні сөзсіз.

Бастауыш сыныптарда фонетикадан берілетін мағлұматтар мен фонетикалық жаттығулар тек дұрыс жазу, емле үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар баланың әдеби тілінің нормасын сақтап оқуға үйренулері үшін де пайдаланылады. Оқу сабақтарында, баланың жауаптарында, әңгімелерінде байқалған орфоэпиялық қателер, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың құбылуы ескертіліп отырады. Тілімізге басқа тілдерден енген термин сөздердің дұрыс айтылуы да практикалық жаттығулар арқылы үйретіледі.

Оқушылар грамматикалық жаттығулар арқылы грамматикалық терминдерді анықтайды, индуктивтік жолмен есте қалдырады. Оқушыларға грамматикадан саналы терең, тұрақты білім беру жаттығу, дағдыландыру жұмыстары арқылы іске асады. Жаттығу нәтижесінде алған білімдерін практикада тез және дәл қолдана алу дағдысына үйренеді. Білім нақтыланып қана қоймайды, өз беттерімен жұмыс жасауға, талдауға, салыстыруға жұмыс жасауға үйренеді. Жаттығулар ауызша және жазбаша болады. Жаңа дыбысты, жаңа өріпті үйрету сабағының үлгісі.

Сабақтың тақырыбы: "н дыбысы мен әрпі"

Білімдік мақсат: "н" дыбысы мен әрпін үйрету, айырмашылығын білдіру, н дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасату, буынға бөлгізу. Сөз құрату.

Тәрбиелік мақсат: Тағамның ең асылы – нан ұғымын беру.

Нанды қадірлеуге, еңбекке баулу.

Дамытушылық мақсат: Өтілген дыбыстармен әріптерді қайталау, оқу дағдысын жетілдіру.

Көрнекілік: Кеспе өріп, кеспе буын, шартты белгілер, әртүрлі зат.

Әдісі: Ойын, сұрақ- жауап.

Тәсілі: Дыбыстық талдау-жинақтау.

Сабақтың барысы:

I. Дыбыспен таныстыру сабағы.

1. Бұған дейін өтілген дыбыстарды қайталау жаттығулары:

а) Өтілген дыбыстарды атату (а, о, я, у, й)

ә) Дауысты, дауыссыз екенін ажыратып, өріптерін қызыл және көк үйлерге орналастыру.

б) Кеспе буындардан сөз құрату: ай-ла, ой-ла, ана, ауа.

2. "Тапқышбектің олжасы" тақырыбында әңгіме

а) Тапқышбектің қоржынмен келуі. Сәлемдесу. Қоржындағы нан, хат туралы әңгіме.

ә) Ө. Тұрманжановтың "Нан қиқымын шашпаңдар", – деген өлеңі хат ішінен шығады. Соны мұғалімнің оқып беруі.

Нан қиқымын шашпаңдар,

Теріп алып қастерлеп,

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар.

б) Оқылған өлең туралы сұрақ-жауап.

– Балалар, бүгін бізге Тапқышбек үлкен олжа өкелді.

Ол қандай олжа?

– Ол – нан. Нан туралы өсиет сөз.

– Нанды қастерлеу керек пе?

– Дұрыс-ақ, қоқымын шашпау керек.

– Баспау керек, қоқым нанды торғайларға тастау керек. Дыбыстық талдау-жинақтау.

– Балалар, біз тағамның қай түрі туралы әңгімелестік?

– Нан туралы айттық.

– Нан деген сөзде неше дыбыс бар?

– Үш дыбыс бар (н, а, н).

– Таныс емес дыбыс қайсысы?

– Н – дыбысы.

– Қане, "Н" дыбысын айтайық (н...н...н...н).

– Созып айтуға келе ме?

– Созылып айтылады, бірақ көп соза алмаймыз.

– Осы дыбысты айтқанда ауа қайдан шығып жатыр?

– Ауа мұрыннан шығады.

– Ауыз қуысынан еркін шыға ма?

– Жоқ.

– Ендеше бұл қандай дыбыс деп ойлайсыңдар?

– Дауыссыз дыбыс.

– Дұрыс, балалар. Міне, мынау "н" дыбысының баспа түрі.

Бәрің өз кассаларыңнан "н" әрпін алыңдар.

– "Н" дыбысын қай отауға кіргіземіз?

Көк отауға кіргізіп, қонақ етеміз.

г) – Балалар, енді біраз демалайық, сергиік. Мен сендерге ертегі қойып беремін, соны тамашалаңдар (қуыршақтармен инсценировка).

– "Нан жеп отырған егінші және қасқыр".

– Адам, не жеп отырсың?

– Нан.

– Маған да наныңнан берші (жейді).

– Түһ, қандай жақсы. Нанды қалай табасың?

– Алдымен жерді жыртасың, сосын тырмалайсың.

– Сонда нан бола ма?

– Жоқ, сосын тұқым себесің.

– Сонда нан бола ма?

– Жоқ. Бидай көктемде жер бетіне шығады. Жазда піседі.

– Сосын жеуге бола ма?

– Жоқ.

– Оны орасың, баулайсың, маялайсың.

– Енді нан болды ма?

– Жоқ. Бидайды бастырасың, диірменге апарып, ұн қыласың.

– Сонда нан бола ма?

– Сен асықпа, қасқыр, оның әлі жұмысы көп.

– Түһ, тезірек нан болатын жолын айтсай.

– Ұннан қамыр ашытасың, сосын оны пісіресің.

– Сосын нан бола ма?

– Иә.

– Бұл өте ауыр жұмыс екен.

г) Сергіту сәті.

– Қане, балалар, диқанға егін егуге, оруға көмектесейік (Оқушыларды тұрғызып, қимылдар жасат, жер жырту, тырмалау, тұқым себу, ору).

– Жоқ. Дұрыс балалар, оған әлі көп жұмыс керек.

д) – Енді балалар, орындарыңа отырып, екі "н" өрпін алыңдар да, "нан" деген сөзді жазыңдар (балалар жазады, мұғалім тексеріп шығады).

– Дұрыс, балалар. Енді "нан" деген сөзді дыбыстық талдаумен, белгімен жазыңдар.

(Екі көк, бір қызыл).

ж) – Балалар, мен тақта алдына "а" әрпінен екеу, бір "н" әрпін қойдым. Осы үш әріптен қандай сөз жазуға болады?

– А-на. Неше буын бар?

– Екі буын бар.

– Бірінші буын - *а*, екінші буыны - *на*. А буынын алып тастап, оқиық.

– На, -на.

– На деген сөз бе?

– Жоқ, буын.

– Мынау ненің суреті?

– Нар.

– Нар қандай түлікке жатады?

– Түйенің бір түрі.

– Нар сөзінде неше дыбыс бар?

– Үш дыбыс бар (атату).

з) "Н" дыбысынан басталатын сөздер атату, намыс, нұр, Нариман,.....

IV. Оқулықтағы "Ана" тақырыбына берілген сурет бойынша әңгіме.

Ананың бала тәрбиесіндегі орны туралы сұрақ-жауап бойынша әңгімелесу

V. Сөзжұмбақ шешкізу.

Алғашқы буыным,

Дауысты әріп бірімін.

Екінші буыным,

Түйенің бір түрімін.

Екеуін қоссаң қаттымын,

Жеміспін, өзім, тәттімін.

(Анар).

VI. Ойын "Н" әрпі бар сөз айт.

VII. Сабақты қорыту. Төмендегі сұрақтарға жауап алу.

– Бүгін қандай дыбыспен таныстық?

– Ол дауысты ма, дауыссыз ба?

– Мына буынды оқы (на, но, ну).

Жоғалған дыбысты тап (на..., ... ар, а...н, ... на).

VIII. Ана туралы өлең жаттату "Бұл кім?"

Еркелесем, күлімдейтін,

Ұрысқаны білінбейтін.

Маңдайымнан иіскеп менің,

"Құлыншағым, күнім", – дейтін. Бұл кім?

2-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: "Зат есімді қайталау"

Білімділік мақсаты: Зат есімнен алған білімдерін пысықтау. Зат есімді сөйлем ішінен тауып, оған дұрыс сұрақ қоя білуге үйрету. Сауатты, таза жазуға дағдыландыру.

Тәрбиелік мақсат: Оқушыларды ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: Тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, дамыту, дәлелдеу, талдауға үйрету.

Көрнекілігі: үлестірмелі суреттер, топшамалар, плакат, т.б.

Сабақтың түрі: қайталау

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, "көрнекілік", "Топтастыру", "Галереяны аралау" стратегиялары.

Сабақтың барысы

I ұйымдастыру бөлімі. (Оқушыларды берілген саны бойынша, 4 топқа бөліп отырғыздым).

I. Қызығушылығын ояту. "Ой қозғау".

Білесіңдер "Кім? Не?" сұрағын,

Сөйлемдегі ой иесі боламын.

"Не істеді?" сұрағымен көркейемін, толамын (Жұм-

бақты оқушылар шешеді де, мына сұрақтарға жауап береді).

– Зат есім дегеніміз не?

– Зат есімге қандай сұрақтар қойылады?

– Зат есімдерге мысал келтір.

II. Мағынаны түсіндіру.

а) Әр топ берілген сұрақтарға бірнеше мысалдар жазып оқуы керек.

I топ. Кім? (Әнші, ақын, оқушы, дәрігер).

II топ. Кімдер? (Балалар, күйшілер, малшылар).

III топ. Не? (Ауыл, мектеп, қоян, қалам).

IV топ. Нелер? (Дәптерлер, бақалар, үйлер).

ә) Суретті билет арқылы ойын. Әр топ оқушыларына сурет беріледі, оған сұрақ қойып атын атайды. Топтағы оқушылар ақылдаса отырып, қалаған бір суретке шағын әңгіме жазады, ішінен зат есімдерді табады, сұрақтар қояды.

Оқулықпен жұмыс. "Ой толғаныс":

I топ. 307-жаттығу (мақалды жатқа жазу).

II топ. 308-жаттығу (-шы, -ші жұрнағын жалғап жаз).

III топ. 309-жаттығу (көшіріп жазып, зат есімдерді табу).

IV топ. 310-жаттығу (үлгі бойынша көшіріп жазу).

"Бес жол өлең" стратегиясы.

I топ. Тоқылдақ.

II топ. Түлкі.

III топ. Кітап.

IV топ. Абай.

Мұнда оқушылар өз топтарымен бірігіп, ойланып, өлең шығарады. Ішінен зат есімдерді (жалқы және жалпы зат есімдерді) тауып ажыратады, оларға сұрақ қояды.

"КӨРНЕКІЛІК" стратегиясы

Әр топ плакатқа зат есімге байланысты сурет салады да, бір оқушы сөз табының суретін қорғап айтып шығады.


" ГАЛЕРЕЯНЫ АРАЛАУ" стратегиясы

Тақтаға ілінген суретті аралап қарап, оқушылар өз пікірлерін жазады.

Жұмбақ шешу: "Ой толғау".

Әр топтан бір оқушы жұмбақ айтады да, келесі топ оны шешіп, сөйлем ойлап айтады.

"Топтастыру" стратегиясы



III. Ой толғау.

- Біз бүгін не үйрендік?
- Зат есім туралы не білгеніңді айт.
- Зат есімге мысал келтір.

IV. *Үйге тапсырма.* Ережені жаттау.

311- жаттығу. Зат есімді тауып, астын сызу.

V. *Бағалау.*

4- сынып

Сабақтың тақырыбы: Есептік сан есім

Білімділік мақсаты: Есептік сан есім мен реттік сан есімнің тілдегі қолданылу жолдарын үйрету; Сан есімді алмастыратын сөздермен таныстыру;

Тәрбиелік мақсат: әдебиетті, әсемдікті, сүюге тәрбиелеу, елжандылыққа тәрбиелеу;

Дамытушылық мақсат: Есептік сан есім туралы білімді одан әрі дамыта отырып оқушылардың есін, ойын дамыту.

Сабақтың түрі: Аралас.

Әдісі: сөздік, көрнекілік, машықтық.

Көрнекіліктер: мазмұнды суреттер, сандар, дөңгелектер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі. (Зейінін сабаққа аудару)

II. Өткен сабақты сұрау.

Сан есім тақырыбы тест әдісі бойынша тексеріледі, балалар 10 сұрақты өз дәптерлеріне санмен белгілейді.

I. Сан есім дегеніміз не?

1. Іс-қимылды білдіретін сөздер;
2. Заттың сынын білдіретін сөздер;
3. Санын, ретін, қатарын білдіретін сөздер.

2. Мына сұрақтан сан есімнің сұрағын тап:

1. Қандай?
2. Қанша?
3. Не?
4. Неге?

3. Сан есім болатын сөздер қатары:

1. Бар, кел, жаз.
2. Доп, ойыншық, қалам.
3. Бір, екі, үш.

4. Сан есімдік тіркесті тап:

1. Мен барамын.
2. Екі мұғалім.
3. Қызыл көйлек.

5. Сан есімнің неше түрі бар?

1. 10.
2. 5.
3. 7.

6. Сан есімге қандай сұрақ қоямыз?

Айгүл қатарға бесінші боп сап түзеді.

1. Қанша? 2. Неше? 3. Нешінші?

7. Сан есімге тіркес болатын сөздерді тап (бесінші).

1. Қатар, парта, орындық.
2. Көк, жасыл.
3. Дала, су, шөп.

8. "Қанша? Неше? Нешінші?" сұрағының сөз табын көрсет.

1. Зат есім.

2. Сан есім.

3. Сын есім.

9. Сан есімдік қатарды көрсет.

1. Біреу, екеу, үшеу.

2. Қызыл, ақ, ала.

3. Бұл мынау, анау.

10. Заттың ретін, қатарын, мөлшерін, бөлшегін білдіретін сөздер.

1. Сын есім.

2. Сан есім.

3. Зат есім.

II. Тіл дамыту, көрнекілік, мазмұнды суретпен жұмыс.

1. Суретке ат қою.

2. Сан есім сөздерді қатыстырып сөйлем құрау, өңгімелеу.

III. Жаңа тақырып

– Балалар, 1-2-3-4-5, біз не істедік?

– Санадық.

– Немесе тағы да не дейміз?

– Сонда мұндай сан есімдер қандай сан есімдер екен?

– Есептік сан есім.

– Есептік сан есімнің реттік сан есімнен қандай айырмашылығы бар?

– Есептік сан есімдер бір өңкей заттың, нәрсенің дәл санын көрсету үшін қолданылатын сандар. Қанша? Неше? – деген сұрақтарға жауап береді.

– Ал реттік сан есімдер заттың ретін, қатарын білдіреді.

“Нешінші?” деген сұрақтарға жауап береді.

– Қане, мысал келтірейік (алтыншы, тоғызыншы, т. б.).

– Енді оқулығымыздың 137-бетіндегі 458- жаттығуға назар аударайық.

1) Есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жазу.

2) Қосымша тапсырма. Соңғы реттік сан есімге және есептік сан есімге сөйлем ойлап жазу, 2 сөйлем құрау.

Он айналым – оныншы айналым.

3) Реттік сан есімге қандай жұрнақ жалғанды? Астын сызу;

4) 59-жаттығу. Мақал.

Бір кісі қазған құдықтан,
Мың кісі су ішеді.

1) 2-3 қайтара іштерінен оқиды;

2) 2 рет хормен оқиды;

3) мақалдың мәнін ашады;

4) сан есімдерді табады;

5) түрін анықтайды;

6) сан есімнің қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсетеді;

7) жазылу ерекшелігіне мән береді;

8) кітапты жауып, есте сақтап, жатқа дәптерге орындайды.

IV. Бекіту.

Қазақ халқының ұлттық ойыны "Орамал тастамақ" негізінде жүргізіледі.

Ойынның мақсаты: "Неше? Нешінші? Қанша?" сұрақтарының қойылуын, оның қолданылатын орнын ажырата білу, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыру.

Ойынның барысы: кез келген оқушының алдына орамал тастап, "Неше? Қанша? Нешінші?" сұрақтарының бірін айтады? Ал оқушы тез ойланып, сол сұраққа жауап беретін сөзді айтуы тиіс. Келесі оқушы сол сөзді қатыстыра отырып, сөйлем құрайды. Ойын осылай жалғаса береді.

V. Үйге тапсырма.

Әдеби кітаптардың ішінен 5 сан есім сөзі бар сөйлем жазып келу.

VI. Бағалау.

Сабаққа тиянақты қатысқан оқушыларды мадақтап, бағалайды.

VII. Қорытынды.

Уақыт қалса "Сан есімдерді ажырат" атты тақырыпқа сай ойын ойнатамын.

Ойынның шарты: Мұғалім кез келген сан есімді айтады. Есептік сан есімді айтса, оқушылар қызыл дөңге-

лекшелерді, реттік сан есімді айтса, оқушылар көк дөңгелекшелерді көтеруі қажет.

– Балалар, сонымен бүгінгі сабағымыздың қорытындысы реттік сан есім мен есептік сан есімді ажырата аламыз ба?

– Сабақ аяқталды!

– Сау болыңыздар!

Жалпы грамматикалық талдауға байланысты сабақ жоспарларын құрғанда мұғалім мынадай жайттерді еске ұстағаны жөн. Сабақтың үш негізгі мақсатын анықтауды:

Біріншіден, білімділік мақсатты анықтау: нені оқытамыз, қалай оқытамыз, оқушы нені білуі керек, нені істей алу керек?

Екінші, тәрбиелік мақсатты анықтау: не арқылы, неге тәрбиелеу керек?

Үшінші, сабақтың барысын анықтау: қандай жұмыстар арқылы, оқушының қай қабілетін дамыту керек?

Мұғалім сабақтың барысын алдын ала ойлап, жүйелі түрде ұйымдастыруы қажет. Бұл әр сабақтың жауапты кезеңі. Мұғалім-психолог-маман, әрқашан шөкірттерінің беделін жоғары ұстап, оның жеке басын құрметтеп, оқушыларды еңбегіне қарай бағалап, өз еңбегінің де жетістік, кемшілігін сын тұрғысынан ойластыруы қажет.

Оқытудың қазіргі технологиясының түрлі әдістерін пайдаланып өткізген сабақтарымызға сыныптағы оқушылар жаппай қатысады. Дәстүрлі сабақтарға қарағанда қызықты өтетіндіктен, балалар жылдам ұғып, тез сабаққа кіріседі. Өз ойларын, пікірлерін еркін білдіреді, кейбір тапсырмаларды мұғалімнің басшылығынсыз-ақ орындайды. Әсіресе, сабаққа талдау кездерінде олар ерекше ықыласпен қатысады. Жазбаша талдау кезінде бірінің білгенін бірі толықтырып, көп нәрселерге үйренеді, әрбір сөзді жаңа қырынан таниды. Мысалы: 4-сыныпта "Есептік сан есімдер" тақырыбын өткенде, сыныпты түгел қатыстырып, жекелеген сөздерді, сөйлемдерді талдаттық. Оқушылар кесте бойынша сөйлемдерді

сөз құрамына талдап, ішінен сан есімді тауып, оған дыбыстық талдау жасап берді. Есте сақтап, мақалды жатқа жазып, оған морфологиялық талдау жасалады. Оқушылар дәптерлеріне, тақтаға талдап бағаланады. Қазақтың ұлттық ойыны "Орамал тастамақ" пен грамматикалық ойын "Сан есімдерді ажырат" арқылы есептік, реттік сан есімдерді қайталап, оның сұрақтарын, сөйлем мүшесіндегі орнын ажыратып еске түсірттік. Сабақ өте тартымды өтті. Балалар жаңа материалды да түсінді, әрі бұрынғы өткен материалдар естеріне түсті. Сөйлемдер арқылы шағын әңгімелер жазды, ой өрістері жетілді, тілдері дамыды деп толық айта аламыз.


2-сыныпта өткізген "Зат есімді қайталау" атты сабағымызда сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының "Көрнекілік", "Ой қозғау", "Галереяға саяхат", "Топтастыру", "Бес жол өлең", т.б. стратегияларын басшылыққа ала отырып тақырыптарды еске түсіріп қайталадық. Оқушылар өз әлдерінше өлең құрап, зат есімдерді тауып астын сызып, жаттығуларды дұрыс орындады. Өз ойларын, пікірлерін еркін білдіріп, жүйелі талдаулар жүргізе білді.

"Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, біліндірмейді", – деген еді Ахмет Байтұрсынов. Мұғалім білім нәрін себуші, мұғалім жақсы білімді болса, білген білімін алдында отырған шәкіртіне үйрете білсе, ол мектептен бала көп білім алып шығады. Мұғалім осы орайда балалардың берілген мәтінді өз беттерімен талдай білуіне көп көңіл бөлуі керек. Тақырыпты талдай білген оқушы, оны тез түсінеді, игереді, сөздік қоры молаяды, логикалық ойлауы артады.

Республикада бастауыш мектептегі оқыту мазмұны жаңартылды. Жаңа мазмұнды ескі әдістермен енгізуге болмайтындығы белгілі. Оқулық қанша жақсы болғанмен, онымен жұмыс жасайтын мұғалімдер оқытудың жаңа тәсілдерін меңгермесе, оқулықтардың негізгі идеясы, дамытушылық мәні іске аспауы мүмкін. Сол себепті бүгінгі күні мектеп мұғалімдерінен жұмыстың жаңа тәсілдерін қолдану қатаң талап етіліп отыр.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Грамматикалық талдаудың өзекті мәселелері.
2. Грамматикалық талдау ұғымы мен түрлері.
3. Қазақ тілі сабақтарында грамматикалық талдауға үйрету жолдары.
4. Талдауға үйретудегі жаттығу жұмыстарының маңызы.
5. Грамматикалық талдау – тақырыпты білу.
6. Өзіндік талдауға үйрету.
7. Талдауға байланысты іс-тәжірибелер, машықтық жұмыстар, сабақ жоспарлары.
8. Тақырыптық талдауды оқушыларға меңгерту.
9. Грамматикалық талдаудың түрлері қандай?
10. Грамматикалық талдау түрлерінің әрқайсысына сипаттама беріндер?
11. Грамматикалық талдауға қандай талаптар қойылады?
12. Тірек кестелерін пайдаланып, түрлі талдау жүргізіндер.
13. Бағдарлама бойынша 2-3 сыныптарда сөз табы, сөз құрамы жағынан талдау жүргізетін материалдар дайындаңдар.
14. Белгілі бір мәтін бойынша ішінара және толық жасап көрсетіндер.



Жұмысының міндеті:

- сөз құрамы ұғымына түсінік беру;
- сөз құрамын оқытудың түрлері;
- сөз құрамына арналған жаттығу жұмыстарының тиімділігі;
- сөз құрамын оқытуда ойын элементтерін енгізу;
- жаңаша сабақ беру және оны талдау.

Сөз құрамы – сөз тұлғасы, сөздердің сыртқы түр-түрпаты. Тілімізде сөздер бір бүтін тұлға ретінде қаралғанмен, олар мағыналы бір немесе бірнеше бөлшектен құралуы мүмкін. Сөз құрамының ең негізгі бөлшегі – түбір. Сөз тудыратын, сөз жалғанатын қосымшалар түбірге қосылады. Мысалы: ег-ін, егін-ші, егінші-лік сөздері "ек" түбіріне жұрнақтар-ін, -ші, -лік қосу арқылы жасалған. Ал "өнеркәсіп" сөзі екі түбірдің бірігуінен, "ата-ана" сөзі түбірдің қосарланып айтылуынан туған. Сөздер осындай сыртқы тұлғасына, яғни құрамына қарай: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз болып бөлінеді. Сөз құрамы деген ұғымға түбір сөзге жалғанатын жалғаулар жатады. Бірақ бұлар сөз емес, сөздің морфологиялық құрамының бөлшектері. Қазақ тілі сөздердің морфологиялық құрамына қарай жалғамалы тілдер тобына қосылады.

Сөз құрамы тақырыбы – бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше мәні бар, қиын мәселе. Сөздің мағыналы бөлшектерінің ұғымын жетік меңгеру процесі оқушылардың абстракциялы ойлауын дамытып, тіл фактілерін бақылап, оған талдау жасай алуын және мұғалімнің жетекшілігі арқылы өздігінен қорытындыға келе білуін талап етеді. Ал морфемаларды оқып білудің, толық меңгерудің маңыздылығы мынадай:

1. Сөздің морфологиялық құрамына талдау жұмысы және жаңа сөз жасау жаттығулары оқушының логикалық ойы мен тіл байлығын дамытады.

2. Сөз құрамы жөніндегі теориялық материалмен бастапқы танысу балалардың тіл туралы білімін кеңейтеді.

3. Сөз құрамын зерттеу – оқушыны орфографияны толық меңгеруіне, сауатты жаза білуіне негіз болады.

4. Сөз құрамын меңгерту мен сөз жасау тәсілдеріне жаттықтыру, оқушылардың сөзтануға деген назары мен ынтасын аударады.

Сөздің мәніне терең түсініп, дұрыс қолдана білуге, сөз мағынасы мен формаларының ара қатынасына зейін аударуға дағдыландырады.

Сөз құрамын меңгерту жұмысында төмендегідей мақсат-міндеттер алға қойылады:

1. Көзделген мақсатқа сөйкес ұйымдастырылатын жүйелі практикалық жұмыс процесінде оқушылардың түбір, жұрнақ, жалғау деген ұғымдарды саналы меңгерулері қамтамасыз етіледі.

2. Оқушыларды сөзді бөлшектеп талдауға машықтандырады, яғни сөздің түбірін, жұрнақ, жалғауларын табу сияқты көптеген жаттығу жұмыстары жасатылады. Сөйтіп, түбір формасы бірдей, мағынасы басқа сөздерді түбірлес сөздерден, ал түбірлес сөздерді омонимдер мен көп мағыналы сөздерден ажырата білуге үйретіледі.

3. Оқушылар орфографиямыздың морфологиялық принципті мәнімен таныстырылады. Бұл білім терминді атамай-ақ тәжірибелілік жұмыс арқылы беріледі.

4. Оқушыларға жазу ережелерінің негіздері ұқтырылып, өз сөздерінде өте жиі қолданатын қосымшалар жөнінде түсінік беріледі.

Бастауыш сыныпта сөздің лексикалық-грамматикалық тобы, яғни сөз таптары туралы ұғым өтілмейді, бастауыш сыныптарда оқытылатын қазақ тілінің мазмұны, негізінен мыналардан тұрады:

– Қазақ тілінің дыбыстық құрылысы мен дыбыстық таңбалануы туралы фонетикалық және грамматикалық білім;

– Сөздердің түрленуі және сөйлем ішіндегі байланысуы жолдары туралы грамматикалық білім.

– Сөздердің морфемалық құрамы мен сөз жасау тәсілдері туралы білім.

– Сөздердің лексика-семантикалық тобы туралы лексикологиялық білім.

– Дұрыс жазу және тыныс белгілерін дұрыс қоя білу туралы орфографиялық және пунктуациялық білім.

Қазақ тілін бастауыш сыныпта оқытудың басты әдісі – тілдік фактілерді бақылату және талдау. Бұл оқушылардың ойлау қызметін күшейтеді. Оқушылардан ереже мен анықтамаларды саналы түрде түсіну әрі есте сақтау талап етіледі.

Жаттығу орындау арқылы тиісті ережені дәлелдеу, тұжырымдау жұмысы жүргізіледі. Сөйтіп, оқушы ережені білумен бірге оны өздігінен мысал келтіріп дәлелдеуге үйренеді. Бұл үшін мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытып, өтілген тақырыптан өздіктерінен қорытынды шығара алатын етіп қалыптастыру керек. Бұл жөніндегі К.Д. Ушинскийдің "Оқушы тілдік құбылыстарды мұғалімнің басшылығымен өзі байқасын, грамматикалық ережені немесе ұғымды, мүмкін болғанынша өздері қорытсын, балалардың ой-өрісін жетілдіру үшін грамматиканың басты мәні де осында" деген пікірі әлі де өз мағынасын жойған жоқ. Сөйтіп, тіл сабақтарында оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, дыбысқа ажырауды үйренеді. Сөйлем құрамындағы сөздерді синтаксистік қызметіне қарай сөйлем мүшелеріне, лексикалық мағыналарына қарай сөз таптарына ажырата алатын болады, сөз құрамы жайындағы түсінік алады, өз бетімен сөйлем құрап жазуға, өз ойын ауызша да, жазбашада дұрыс айтып жеткізуге дағдыланады.

Қазақ тілінің фонетикасы төрт сыныпта да өтіліп, онда оқушылар дыбыс, әріп, олардың мәні, жазу емлесі, алфавит, буын және тасымал жөніндегі бастапқы ұғымдармен танысады. Бірінші сыныпта әліппеге дейінгі кезеңде сөз туралы түсінік беріледі. Сөздің жеке дыбыстардан құралып, белгілі бір мағынаны білдіретіні, сөзге дыбыстық талдау жасау, дыбыстардың дауысты, дауыссыз түрлері, сөздерді буынға бөлу, сөздегі буын санының әртүрлі болатыны, сөздегі дыбыстарды тиісті белгілерімен ажырата көрсетуге үйрету, модельдеу арқылы өтілген дыбыстарды қатыстырып сөз құрату, т.б. осы кезеңде түсіндіріледі. Ал әліппе кезеңінде сөз туралы берілген ұғымды еске түсіріп, бекіту көзделеді. Сөздің белгілі бір заттың,

құбылыстың, сын-сапаның, қимылдың атауы екенін түсіндіреді. Нақты мысалдар арқылы сөздің лексикалық мағынасын байқатып, заттың атын, қимылын, сынын, санын білдіретін сөздер туралы жалпы түсінік беріледі. Әліппені оқыту кезінде сөзді, буынды талдау жолымен дыбыстарды ажыратып үйренеді. "Дыбыс пен әріп" тақырыбы бірінші сыныпта ерекше орын алады. Сондықтан бұл тақырыпты меңгертуге бірінші сыныпта ұтымды әдіс-тәсілдер барынша қолданылуға тиіс. Бұл тарау грамматиканы оқуға көшкенде де практикалық жолмен өтіледі. Бұл кезеңде, жоғарыда айтылғандай, балалар дұрыс айтып, буынға бөліп, сөз құрамындағы дыбыстарды айырып, жазған кезде ол дыбыстарды әріппен таңбалай білуге үйретіледі. "Дыбыс пен әріп" тақырыбы әліппе кезеңінде өтілген материалды қайталаудан басталады. Қайталау ерекшелігі тәжірибелік жаттығу жұмыстарын орындату арқылы айырып, тануға болатын жеке сөздегі дыбыстарды тыңдату, айтып жаттығу тәсілдерімен меңгертіледі. Дыбыстың сөзді құрайтыны, әрі сөз мағынасын өзгертіп, түрлендірілетіні түсіндіріледі. Дыбыстық сөз мағынасына әсерін практикалық жұмыс арқылы түсіндіруге болады. Ол үшін қосу және алу әдістері қолданылады. Тиісті сөзге тағы бір дыбыс қосқанда немесе сөзден бір дыбысты алып тастағанда, сөз мағынасы өзгеріп түрленетіні байқалады. Сөздегі басы артық, қажеті жоқ дыбыс болмайтыны белгілі. Сөздегі дыбыс санын көбейту жолымен ойын түрінде қызғылықты етіп түсіндіру тәсілін де қолдануға болады. Мысалы, *а* десе – дыбыс, егер біреу есіміңді атағанда "а" деп жауап қайырса – сөз мәнінде жүреді. Енді осы *а*-ның үстіне бір-бірлеп дыбыс қосып атау жолымен әр алуан мағыналы сөздер жасауға болады:

А а, Ат, ата, атақ, атағы (сөздер).

Дыбыс пен әріп әліппе кезеңінде үйретіледі. Осы мәселе бірінші сыныпта қазақ тілін оқытуды бастағанда пысықталады. Мұнда "Сөз дыбыстардан құралады" деген ережелер беріледі. 1 сыныпта дауысты дыбыс пен

әріп емлесі оқыту бойынша жүргізіледі: мысалы, *а-ә* дыбыстарының мәні мен ерекшелігін ұқтыру үшін, бір сабақта қатар алынып, екеуінің дыбыстау жолы, естілу бойынша салыстырылып байқатылады. Яғни, тыңдату, айтқызу жолымен бақылатып жаттықтырылады. Осындай дыбыстар ерекшелігін таныстыру жұмысында мына сияқты әдістер де қолданылады:

– мысалға алған сөз дыбыс жіктерімен айтылып, талданады;

– жуан, жіңішке дыбыстар қатысып тұрған сөздер мағынасы жағынан салыстырылады;

– сөздердің қалай айтылып, естілетіндігі байқатылады.

– Дауысты дыбыстар ішіне кейде жуан, кейде жіңішке дыбыс орнында қолданылатын *У* дыбысын өткенде, алдымен, *у* дыбысының дауысты екендігін дәлелдеуден басталған жөн. Мысалы, *жу-сан, о-қу-шы, бо-лы-су*. Мұндағы *жу, қу, су* буындарын құрап тұрған дыбысының *у* жуан дауысты болатыны, ал *су-рет, бө-лу-ші, кү-ре-су* сияқты бірнеше сөзді буынға бөлгенде, олардағы *у* дыбысының жіңішке айтылып, солай естіліп тұрғаны және буын құрайтын дауысты дыбыс екені балаларға дәлелденеді.

Екіншіден: *у* дыбысы дауысты болғанда, дауыссыз дыбыстардан кейін тұратынын байқату.

Үшіншіден: жоғары сөздердегі *у* дыбысының сөздің бас, орта, соңғы буындарында қолданыла беретіні байқатылып, ұғындырылады.

Төртіншіден: *у* дыбысының дауысты дыбыстан соң келгенде, дауыссыз дыбыс қызметінде жүретіні мысал арқылы түсіндіріледі.

"Сөз құрамы" тақырыбы екінші сыныптан бастап таныстырылады. Бұл сыныпта сөз туралы берілген білімді еске түсіріп, сөздердің лексикалық мағыналарын байқатып, жуық мәнді және қарама-қарсы мағыналы сөздермен, омонимдермен жұмыс жүргізіледі. Түбір мен қосымша туралы алғашқы түсінік беріліп, олардың бір-бірінен айырмашылығы, қосымшаның жұрнақ, жалғау

болып екіге бөлінетіндігі және олардың өрқайсынын өзіндік белгілері жөнінде түсіндіріледі. Сонымен қатар тақырыптарға байланысты, мысал, жалғау мен жұрнақтың айырмашылығын білдіретін жаттығулар беріледі.

Екінші сыныпта оқу жылы басында бірінші сыныпта өтілген материалдың басты тақырыптары қайталаанады.

"Қайталау – оқудың анасы", – деп К.Д.Ушинский айтқандай, мұғалімдер қайталау сабақтарын жан-жақты дайындықпен шебер ұйымдастыруға тиіс. Дауыссыз дыбыстар мен олардың әріптерінің жазылу емлесі бағдарламасы бойынша негізінен, осы 2-3-сыныптарда өтіледі. 2-сыныпта дауыссыз дыбыстар оқытылып, дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктері бойынша қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні түсіндіріліп, өтілетін әріптерге байланысты емле ережелері үйретіледі. Мысалы, Б-Т дыбыстарының бірі ұяң, екіншісі қатаң екендігі, б дыбысы сөз аяғында дұдамалдау естілсе де, п әрпі жазылатыны, тек кейбір клуб, штаб секілді сөз соңында б жазылатыны түсіндіріледі, жазып отыр, оқып отыр сияқты тіркестердегі кейінгі сөз басындағы дауысты, ұяң дыбыстың әсерінен жазыб, оқыб болып айтылып және солай естіледі. Сонымен қатар, 2-сыныпта сөз құрамының анықтамаларымен таныстыру әдістемесінде түбір мен түбірлес сөздердің мән-мағынасына айрықша назар аударылады. Түбір сөздің мәнін оқушылар түбірлес сөздердің мағыналық туыстығын білгенде ғана жақсы түсінеді. Сондықтан түбірдің ұғымы түбірлес сөздердің мағыналық өзара байланыстарын бақылату әдісімен түсіндіріледі. Әр түрлі қосымшалардың жалғануымен бір түбірден өрбіген сөздер бір-бірімен салыстырыла талдатылады да, олардың түбірі ажыратылады. Содан кейін тұжырым жасалады. Демек, барлық түбірлес сөздерге ортақ бөлім – түбір танылады. Бұл арада сөздің сырт пішінінде, әсіресе оның бастапқы бөлімінде құрылымдық жағынан ұқсастығы бар сөздерді оқушылардың түбірлес сөздер деп шатастыратынын ескерген жөн. Шын мәнінде, сөздер түбірлес болу үшін,

ондай сөздердің барлығына мағынасы ортақ бір сөздің негіз болып тұрғандығы нанымды мысалдар көрсету, талқылау тәсілімен танытылады. Мәселен, бір ғана "ор" деген сөзді қосымшалар жалғап түрлендіру жолымен одан тараған түбірлес сөздердің бір тобы – зат есім, екінші тобы – сын есім, үшінші тобы – етістік сөздерге айналғанын танытуға болады:

Үлгі: 1. Ор-Орды қаз. (зат есім). Орлы жер (сын есім). Терең орла (етістік). 2. Ор-Егінді ор (етістік). Егін орағы (зат есім). Орғыш жігіт (сын есім).

Бастапқы бөлімі не буыны сырт формасы жағынан түбірлес сөздерге ұқсас болып келетін сөздерді де балалардың түбірлес сөздер қатарына қосып, жаңылысатынын ескерген жөн. Мысалы, Орман-тоғай арасында. Орта бойлы жігіт келеді. Бұрын барсаң – орын бар, – деген сөйлемдерде орман, орта, орын сөздерінің әрқайсысы жеке-жеке мағыналары бар дербес түбір сөздер екені танытылады. Демек, ол сөздердің түбірі "Ор" болғанымен, түбірлес сөз емес екенін түсіндіру керек. Осындай бақылау материалдарын тақтаға оқушылардың алдында көзбе-көз жазып, талқылатса, не плакат түріндегі кесте арқылы бақылатса, не кодоскоп тәрізді техникалық құралдарды пайдаланып көрсетсе, балалар әрі нанымды, әрі тартымды әсер алады. 2-сыныпта "Сөз құрамы" тақырыбын таныту жұмысы әуелі балалардың 1-сыныпта оқыған білімдерін еске түсіріп, оқушылардың ойын жаңғыртып, сол мағлұматтарына байланыстыра жүргізуден басталады. Бұл сыныпты сөз құрамы мынадай түрде: түбір сөз, яғни, негізгі түбір, қосымшалы сөз, қосымша, бір түбірге қосымшаның жуан, не жіңішке болып жалғанатын емлесі, қосымшаның жұрнақ, не жалғау болып екі түрге бөлінетіні, қосымшалардың сөзге жалғану тәртібі өтіледі.

Түбірмен таныстырғанда, мысалға алынатын сөздің оқушылар ұғымына жақын заттың атын білдіретін сөздер болуы ескеріледі. Ал қосымшалардан оқушылардың көріп байқауына айқын, мағынасы жеңіл, тез түсінуге қолайлысы көптік жалғаулар болғаны дұрыс. Соған орай

оқулықтың алғашқы жаттығуында, мысалы: гүл-гүлдер, күн-күндер сөздерін салыстырып, олардың мағыналары мен құрылысы жөнінен айырмашылықтарын таптыруға ұсыну орынды.

Үшінші сыныпта сөз құрамы жайында 2-сыныпта берілген ұғымдарды жинақтап, бекітеді. Қосымша жалғанғанда түбір сөздің көбінесе өзгермеуі, қосымшалардың сөздегі соңғы буынмен үндесіп жалғанғанда кейбір сөз түрлерінің соңғы дыбысының өзгеруі, немесе түсіп қалуы туралы түсініктеме беріледі. Түбір сөз және туынды сөз, негізгі түбірге жұрнақтар қосылуы арқылы туынды сөз жасалатынын меңгерту. Түбірлес сөздер, бір түбірден жасалған сөздің түбірлес сөз деп аталатыны жөнінде түсіндіреді.

Төртінші сыныпта сөз құрамынан өткізілетін негізгі бағдарламалық тақырыптар: күрделі сөздер, біріккен сөздер, қос сөздер және қысқарған сөздер. Бағдарлама біріккен сөздердің жасалуы, оның жиірек кездесетін түрлері және біріккен сөздердің жазылуы жөнінде практикалық дағды бойынша білім беруді талап етеді.

Ал оқулықта: "Екі түбірден құралған сөзді біріккен сөз дейміз. Олар бірігіп жазылады", деген анықтама айтылады да, аққу, күнбағыс, т.б. сөздер мысалға беріледі. Бұл сөздердің тиісінше ақ және қу, күн және бағыс деген екі сөзден бірігіп жасалғанын айтып түсіндіріп, жазып көрсету арқылы үйретіледі. Біріккен сөздерді оқығанда, көңіл бөлінетін мәселе – олардың жазылу емлесі. Біріккен сөздердің жазылу емлесінен бұл сыныпта төмендегі төрт жағдай ескеріледі:

1. Жалпы біріккен сөздердің құрамына енген сөздердің қосылып жазылатындығы.

2. Кейбір бірігіп жазылатын екі сөз аралығындағы к, қ, дыбыстарының г, ғ, дыбыстарына айналып айтылатыны, бірақ жазғанда, түбірдегі бұрынғы қалпы сақталып к, қ дыбыстарының жазылатыны – көкжиек, қарақұс тәрізді сөздердің көкжиек, қарағұс болып айтылуын байқату, жаздырып дағдыландыру әдісімен түсіндіріледі.

3. Біріккен сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келгенде, бір дауысты дыбыс арқылы айтылып, алдыңғы дауысты дыбыстың естілмейтіні, дегенмен жазғанда, түбірлер өзгермей екі дауысты дыбыстың да қатар жазылатыны ұқтырылады.

Мысалы: Сарөзен, Қарарна болып айтылып, Сарыөзен, Қараарна түрінде қатар екі дауысты арқылы жазылады.

4. Бірқатар бөлек жазылатын тіркес сөздердің емлесін оқушылардың есінде сақтау үшін, әр түрлі тапсырма жұмыстары орындалады. Мұғалім оқушыларға сөз тіркесін біріккен сөздерден ажырата білуді, олардың жазудағы бөлек жазылатын емлесін практикалық әдіс қолданып меңгертеді.

Сонымен қатар 4-сынып оқушылары қос сөз ұғымымен және оның жасалу жолымен танысады. Осы сынып балаларының түсінуіне қолайлы деген үш түрлі жасалу жолдары – бір сөздің қайталануы, екі түрлі сөздің қосарлануы және күшейтпе буын арқылы бөлек жазылатын емлесі үйретіледі. Сонымен бірге балалардың оқуын қалыптастыру, сөйлеу шеберлігін жетілдіру үшін, қос сөздердің бір сөз сияқты бір түйдек екпінмен тұтас оқылатын, айтылатынын байқатып, жаттықтырылады. Мұғалімдер сабақ материалын өздері байытады. Қолдан жасаған көрнекі құралдарын да, талдауға алған мысалдарын да, қос сөздердің мысалдарын басқа әдебиеттерден пайдаланады.

Бағдарламада талабы бойынша қос сөздердің семантикалық, лексикалық мөндерін ашып көрсетеді. Сөйтіп, оқушылардың сөздік қорын байытады, тіл байлығын арттырыды, логикалық ойлау мен дүниетанымын жетілдіреді. 4-сыныпта оқылатын қысқарған сөздер тақырыбын өткенде әдістемелік жағынан ескерілетін мынандай мәселелер бар:

1. Оқушыларға сөзді қысқартып қолданудың практикалық жағынан артықшылығын аңғарту керек.

2. Қысқарған сөздердің бас әріптерден жасалатын түрлерін (ТМД, БҰҰ) өріп аттарымен айту, оқыту арқылы жаттықтыру арқылы практикалық дағды беріледі.

3. Бас әріппен жазылатын және кіші әріптермен жазылатын сөздің бірінші әріптерінен қысқарған сөздердің емлесін түсіндіруге ерекше жаттығулар жасатылады, оларға лайық біраз мысалдар өздеріне жаздырылып, жаттатылады.

4. Қысқарған сөздердің мағыналарын дұрыс ұқтыру үшін олардың толық түрін айтқызып, жазғызып, білімін бекіту жұмысы жасатылады. Толық сөздерден қысқарған сөздер жасатып та дағдылық жұмыстар орындатылады. Қысқарған сөздердің негізінен орыс тілінен енген сөздерде кездесетінін де ұқтырған жөн.

"Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті", – дейді жазушы ағамыз Ғ.Мұстафин. Сөз – сөйлем құраудың материалы болып табылады. Сондықтан бұл тарау бойынша жұмыс жүргізгенде, оқушы сөйлем ішіндегі керекті сөздерді дұрыс танып, ал сөздерге сұрақтарды дұрыс қоя алатын болуы тиіс. Сұрақ қойылған сөздер әдетте екінші сөзбен ұласып жатады, яғни байланысты болады. Оқушыларды сұрақ қоя білуге үйреткенде осы жағдай ескерілгені жөн. Сонда оқушылар біртіндеп сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс түсінетін болады.

II. Бастауыш сыныптарда "сөз құрамы" тақырыбын өткенде, алдымен морфемалардың өзіндік белгісі практикалық жұмыс жүзінде аңғартылады, содан соң грамматикалық белгі ұғымының анықтамасы түсіндіріледі, ақырында жаттығулар арқылы танылған ұғымдар, ережелер бекітіледі. 1-сыныпта әр тақырыпқа байланысты жаттығулар беріліп отырылады. Әр жаттығудың тапсырмалары да оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, мысалы, "сөз" тақырыбын өткенде, сөзге дыбыстық талдау жасап, буынға бөлу тапсырмалары берілген. Сөздің белгілі бір заттың атын, қимылын, сынын, санын білдіретін сөздерді түсіндіре отырып, олардың қандай сұраққа жауап беретіндігі жөнінде жалпы түсінік беріледі. Осындай әр түрлі бағыттағы жаттығулар, тапсырмалар оқушылардың сөз байлығын молайтып, тілін дамытып отырады.

Ал 2-сыныптағы "Сөз және оның құрамы" тақырыптары бойынша жалпы барлығы жетпіс екі жаттығу берілген. Әр тақырыптың жаттығулары тақырыпқа сай, оқушылардың сабақты түсініп, меңгеріп кетуіне ыңғайлы, жеңіл түрде құрылған. Жуық мәнді және қарама-қарсы мағыналы сөздермен, омонимдермен жұмыс жасау, жалғау және жұрнақтың айырмашылығын білдіретін жаттығулар орындау, сөз бен сөйлемді салыстыру, сөзді қатыстырып сөйлем құрау, сөздердің түбірін табу, сөздерді сөз құрамына талдау, түбір сөзді қосымшалы сөзге айналдыру, сөздегі жалғанған қосымшаның жұрнақ не жалғау екендігін ажырата білу, т.б. бағытта жаттығулар түрі көп. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында күрделірек және шығармашылық тапсырмалар көптеп берілген. Тақырыпқа байланысты ережелер де оқушылардың тілін, сөздік қорын дамыту мақсатын көздейді.

"Сөз құрамы" тақырыбына 3-сынып бойынша барлығы 64 жаттығу берілген. Тапсырмалар тақырып көлемінде қамтылып, атап айтқанда, түбірден қосымшаның айырмашылығын айтқызу, қосымшалы сөздің түбірін тапқызу, оған қосымшаның қай түрін қосылып тұрғанын айтқызу, түбір сөздерге жұрнақ қосқызып, жаңа сөз жасату, туынды сөз бен түбір сөзді салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тапқызу сынды жаттығулар оқушылардың тақырыптарды толық меңгеруіне себепші болады.

Төртінші сыныпта "Сөз құрамы" тарауы бойынша жетпіс бір жаттығу берілген. Әр тақырыптың ереже, анықтамалары орнымен жазылған. Жаттығулар мен тапсырмалары да толық тарауды қамтиды. Мысалы, антоним, синоним сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін табу, оларды қатыстырып сөйлем құрау, бір түбірді беріп, екіншісін ойдан тапқызып біріккен сөздер жасату, мәтіннен біріккен сөздерді тапқызу, берілген мәтіннен қос сөзді тапқызу, олардың қалай жасалғанын айтқызу, әңгімеден қысқарған сөздерді тауып, қалай

жасалып тұрғанын, емлесін айтқызу, т.б. секілді тапсырмалар көптеп кездеседі.

Жалпы төрт сынып бойынша да жаттығулар, тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұсынылған. 4-сынып бойынша, яғни 1-сыныптан 4-сыныпқа жоғарылаған сайын тақырыпқа байланысты жаттығу мен тапсырмалар да күрделене береді. Оқушылар қай тақырыпты болсын толық меңгеріп кетуі жаттығулардың тиімділігіне байланысты. Оқушылар бұл тақырыптарды толық меңгеріп, түсініп кетуі мұғалімнің шеберлігіне де байланысты.

Бастауыш сыныпта "Сөз құрамы" тақырыбын өту барысында оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдаланып және оларды оқу процесінде үздіксіз дамытып отыру, сабақ барысындағы алған білімдерін практикада қолданудағыларын қалыптастыру үшін сабақтарда ойын элементтерін пайдаланудың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын элементтері тақырыпты сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ондай ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындайтын болады.

Ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыланады. Ойланғыштық, ізденгіштілік қабілеттерін арттырады, сөз қорларын молайтуларына көмектеседі. Мұнымен қатар сабақ үстінде ойын элементтерін қолдану оқушылардың оқып отырған сабағына қызығушылығын арттырады, оған белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуіне мүмкіндік туғызады. Ойын элементтерін 1-4 сыныптарда әр мұғалім күнделікті сабақтарында "деректен – дерексізге", "жеңілден – ауырға", "жақыннан – алысқа" деген принципті негізге алып пайдаланып, бірте-бірте күрделендіре жүргізуіне болады. Грамматикалық ойынмен бастауыш сыныптардағы қазақ тілі сабақтарында қайсысына болсын аз-кем өзгеріс енгізуге болады. Қазақ тілі

сабақтарында грамматикалық ойын элементтері жаңа тақырыптар түсіндіру, өткенді қайталау кезінде 2-5 минуттық уақыт көлемінде жүргізіледі. Сабақ үстінде ойын элементтерін орынды, оқылып отырған тақырыпқа лайықты баланың білімін ұштай тұсуіне пайда келтірерліктей етіп жүргізе алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы: бастауыш сыныптарда "Сөз құрамын" оқыту барысында. "Қай сөзді жоғалттым?", "Бос торды толтыр", "Не қажет?", т.б. ойындарын ойнатуға болады.

"Қай сөзді жоғалттым" ойыны

Бұл ойын 1, 2, 3-сыныптарда сөз құрамы, сөз таптары және сөйлем туралы сабақ өткізген кезде жүргізіледі. "Қай сөзді жоғалттым" ойынына бір сөзі кем. Сара тепті. Сәуле тау көрінді. Құралай қызық оқыды.

..... балық аулады. Торғай бұтаққа, секілді тақырыптың мазмұнына сай бірнеше сөйлемдер дайындалады.

Сонымен қатар, осы сөйлемдерге қажетті сырғанақ, салды, биік, кітап, балықшы, қонды сияқты жеке сөз топшамалары да жасалады. Ойын тәртібі, сынып оқушылары партадағы отырған орындарына қарай екі топқа бөлінеді. Сөйлем ішіндегі жоғалған сөздерді қай топ көп әрі дұрыс тапса, сол топ көп ұпай алады.

1. Сөздерін жоғалтқан сөйлемдер жазылған топшамалар ойынға қатысып отырған екі топтың оқушыларына бірдей мөлшерде таратылып беріледі. Әр оқушы өз қолындағы сөйлемнің жоғалған сөздерін тауып, толықтырып дәптеріне жазады. Мұғалім әр топтан қанша оқушылардың дұрыс тапқанын анықтайды. Ойынды дұрыс орындаған оқушылар тобы ұтады.

2. Тақтаның ені жағына сөздерін жоғалтқан бірнеше сөйлем топшамалары ілініп қойылады. Сол сияқты мұғалім үстелінде де жеке сөз топшамалары болады. Оқушылар сөйлемдегі жоғалған сөздерді іштерінен ойлап табады. Мұғалім шақырған оқушы жеке сөз топшамалары

ларынан жоғалған сөзді тауып, тақтадағы сөйлемдерді толықтырады, өтіліп отырған тақырыпқа байланысты ережені де айтып береді. Осы тәртіппен барлық топшамадағы жоғалған сөздер табылған соң, мұғалім қорытынды жасап, қай топтың жеңіп шыққанын хабарлайды. Мұнда да жасалған сөздерді көп тапқан, тиісті ережені дұрыс айтып берген оқушылар тобы ұтып шығады.

"Бос торды толтыр" ойыны

Тор көздің ішіне керекті әріптерді қойып, сөздер құрау ойыны оқушыларды тапқырлыққа, ойлай білуге, өз беттерімен жұмыс жасауға баулиды. Ойынға арналған бірнеше тор көзді топшамалар жасалынады, топшамада тордың бір көз, әріп жазылмай ашық беріледі, қалған көздерге тиісті әріптер жазылады.

Ойын тәртібі, оқушыларға топшамалар тапсырылып беріледі немесе тақтаға ілінеді. Оқушылар ашық торкөздерге дыбыстардың үйлесіміне сәйкес әріптер қойып, сөздер құрайды. Тор көздегі сөздерді көлденеңінен оқығанда мағыналы сөздер шығуы шарт. Мына топшамадан көлденеңінен оқығанда, ана, тал, ара, ал тігінен оқығанда ата, нар, ала деген сөздер шығады. Ал мына топшамадағы бос орынды әріптер қойып толтырғанда көлденеңінен, ақаш, тана, алар, қара сөздері құралады. Топшамадағы бос орынға қажетті әріптерді қай оқушы тез және дұрыс қойып, сөздерін айтып бере алса, сол оқушы ұтады.

"Не қажет?" ойыны

Бұл ойын 1-сыныпта сөз және оның құрамы, түбір және қосымша, сөйлемдегі сөздердің байланысы, 2-сыныпта сөйлем, 3-сыныпта жай сөйлем тақырыптарын өткен кезде жүргізіледі.

"Не қажет?" ойыны сөйлемдегі сөздердің негізгі түбірлеріне қосымшалар, яғни жалғау жалғану арқылы ғана бір-бірімен байланысты болатынын ұқтыру үшін қажет. Ойынға сөйлем ішіндегі сөздердің тиісті қосымшалары қалдырылып беріледі. Мысалы: Балалар серуен –

шық – . Олар орман іші – кел – . Биік өскен ағаш – көрін – деген секілді бірнеше топшамалар жасалады.

Ойын тәртібі

1. Ойынға қатысушы оқушыларға қосымшалары қалдырылып кеткен топшамалар үлестіріліп беріледі. Әр оқушы өз топшамасындағы сөйлем сөздерінің қалып қойған қосымшаларын тауып, дәптерлеріне жазуға тиіс.

2. Ойынға қатысушы оқушылар 2 топқа бөлінеді. Қосымшалары қалдырылып кеткен сөздері бар сөйлем топшамалары тақтаға ілінеді. 2 топтың да оқушылары да тақтадағы топшамадағы сөйлемдердің ішіндегі сөздердің қалып қойған қосымшаларын тез әрі дәл табуға кіріседі. Қай топтың оқушылары жылдам әрі дұрыс тапса, солар жеңеді. Осындай танымдық ойындар арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығы оянып, білім нәрімен сусындайды.

Таза ғылыми тұрғыдан алғанда бұл тақырып аясында берілетін мағлұматтар тіл білімінің морфология тарауына енбейді. Бірақ тілдің бір тұтас дұрыс екенін ескерсек, оның ғылыми еңбектерде "лексика", "морфология", "синтаксис", т.б. тарауларға бөлініп зерттелуінің өзі шартты. Әрі бұл тараулардың бірінде оқытылатын мағлұматтарды меңгермей тұрып, екіншісіндегі ұғымдарды түсінуі қиын. Мәселен, сөз мағыналарын түсінбейтін оқушы ол сөздің құрамын қалай талдай алсын. Сөз құрамының түрлену заңдылықтарын білмейтін бала сөздерді қалайша тіркестіріп сөйлем құрай алады? Бастауыш сыныптарда тіл білімінің "лексика" тарауы арнайы оқытылмайды. Сондықтан бастауыш сынып оқушылары өздері оқыған дыбыстардан сөз құралатыны, ол сөздердің әр түрлі мағыналық ерекшеліктері болатыны жөнінен аз да болса мағлұмат алуы қажет. Бұл тақырыптарға арналған сабақтардағы мақсат балалардың бұрынғы білімдерін жинақтау, тілдегі жаңа құбылыстарды байқату, меңгерту арқылы бірте-бірте олардың іс жүзілік дағдыларын дамыту болып табылады.

Біз осы мемлекеттік машық кезінде осы "Бастауыш сыныптарда сөз құрамын оқытып үйрету" курстық жұмыс тақырыбы бойынша әр түрлі бағытта жұмыс жасап, яғни сөз құрамына байланысты түрлі әдістерді қолданып, 3 сыныпқа сабақ бердік. Мұндағы негізгі мақсатымыз – жаңаланған бағытта сабақ беру арқылы, яғни оқушыларға сөз құрамын оқып үйренуді олардың қаншалықты меңгеріп, түсінгендігін, білім сапасын, сонымен қатар өзіміздің де тәжірибемізді тексеру еді. Төменде осы мақсаттарды жүзеге асыру жолдары көрсетілген сабақ үлгісін ұсынып отырмыз:

3-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: Сөз.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: 2-сыныпта оқытылған сөйлемнің сөздерден, сөз дыбыстардан құралатынын, дыбыс өріппен таңбаланатынын оқушылардың есіне түсіру, сөздің белгілі бір мағынасы болатынын түсіндіру.

Тәрбиелік: Оқушыларды сауаттылыққа, әдемі қатесіз жазуға дағдыландыру.

Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын байыту, сөздерді дұрыс қолдана білу қабілетін дамыту.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.

Әдісі: Түсіндіру, көрнекілік.

Пәнаралық байланыс:

Көрнекілігі: Оқулық, кесте, топшамалар, дыбыстар кассасы, суреттер, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

(Оқушылармен амандасып, зейінін сабаққа аударамыз).

II. Өткен сабақты қайталап бекіту.

(Оқушылардан үй тапсырмасын жалпы сыныпты қатыстырып тексеріп, оқушылардың өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін байқау).

III. Жаңа сабақ.

(Оқушылардың сөз туралы ұғымдарын кеңейту, олардың 2-сыныптағы білімдеріне негізделеді. Ең алдымен

оқушылардың сөз туралы не білетіндерін тексеріп, бұрын айтылған ұғымдарды сұрақ қою арқылы, өздеріне сөз мағынасының мәнін аштыру).

– Балалар, біз жыл басынан бері дыбыстар туралы көп мағлұматтар алдық. Ал осы дыбыстардан не құралады?

– Сөз құралады.

– Ал сөзден ше? Олар не құрайды?

– Олар сөйлем құрайды.

– Сөйлем қанша сөзден құралады?

– Сөйлемдегі сөздердің саны әр түрлі болады. Өткен материалды меңгерген оқушылар осылайша жауап береді. Ал оны ұмытыңқырап қалған бала сұрақ-жауаппен әңгімелесу барысында ғана еске түсіреді. Бұл білім дағдылары төмендегі кестені талдау барысында жинақталып, кеңейтіле түседі:

Сөз тақырыбына арналған кесте:

Дыбыстар	Сөздер	Сөйлем
К-і-т-а-п Б-і-л-і-м Б-ұ-л-а-к Дербес тұрғанда мағынасы жоқ, жазғанда әріптермен таңбаланады	Кітап Білім Бұлақ әрқайсысы белгілі бір мағынада айтылады, дыбыстардан құралады, буынға бөлінеді.	Кітап – білім бұлағы. Белгілі бір ойды бейнелейді. Сөздердің саны әр түрлі болады.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың тақырыпты меңгеріп кетуіне орай кестемен жұмыстан кейін "Кім жылдам?" ойынын ұйымдастырамыз. Ойынның шарты: Қол көтеріп шыққан бала мейлінше аз уақыт ішінде үстел үстіндегі кесте әріптерден өзіне керектісін тез таңдап алып, тақта жанына ілінген әріптер кассасына апарып, алдымен сөздер құрастырады, содан соң ол сөздерден сөйлем құрайды. Сағатқа қарап әр баланың уақытын белгілейміз. Сөздер мен сөздерді тез, дұрыс және күрделі етіп құрған оқушы жеңген болып есептеледі. Бұл ойыннан кейін дыбыстардан сөз, ал сөзден сөйлем құралатынын біліп алған оқушылар 215-218 жаттығуларды ауызша қиналмай орындайды. Сонымен қатар 216-217-219 жаттығуларды жазбаша

жазып, жаттығуға байланысты берілген тапсырмаларды орындау әр оқушыдан жеке-жеке талап етіледі. Сөз тақырыбы жеңіл болғандықтан, оқушылар жаттығуларды орындап болғаннан кейін, балалардың сөз туралы алған білімін пысықтап, бекіте түсу үшін әр оқушыға білім деңгейіне қарай тақырыпқа байланысты топшамалар беріледі. Олардың үлгілері мынадай:

№ 1 топшама.

Көп нүктенің орнына төменде берілген сөздердің тиістісін қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Торғай келді, торғай келді,

Бірін-бірі келді.

Өрісінен менің қозым

Кешке үйге келді (тоңбай, қорғай).

Жаз шуағы берді,

Қаз, үйрегім келді.

Өрісінен менің қозым

Ақ саулықты келді.

(еміп, көрік, еріп).

№ 2 топшама.

Төмендегі сөйлемдердің тиісті жеріне жақша ішіндегі сөзді қойып, төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрап жаз:

1. Асанның иті бар (қабаған). 2. Жапырақтар жерге түсті (сарғайған). 3. Кітапта суреттер көп (әдемі). 4. Мұрат жүгіріп келді (қатты).

№ 3 топшама.

Төмендегі төрт сөзден құралған сөйлемді үш сөзден құралған сөйлем етіп жаз.

Үлгі: Апай сыныпқа асыға кірді.

Апай сыныпқа кірді.

Балалар түгел орындарынан тұрды. Тақтаға әдемі сурет ілінді. Бүгінгі сабақ қызықты өтті.

№ 4 Топшама.

Төменде берілген сөздерді қатыстырып үш сөйлем құра: Көшеде, ойынға, ойнап, көп, қосылдым, біздің, Балалар, жүр, олар, мен, де.

Оқушылардың өз беттерімен орындаған жұмыстарын, яғни топшамаларын жинап алып, бұдан кейін тағы да сөз мағыналары бойынша шығармашылықпен жұмыс жүргізіледі. Ол үшін алдын ала дайындаған суреттерді көрсетіп, сол суреттер бойынша сөйлем құрауды оқушыларға тапсырады. Құрамына көп сөз қатыстырып, дұрыс сөйлем құрған оқушыларды ынталандыру қажет. Сонымен қатар сөйлем құраған оқушыларға, сол құраған сөйлемнің неше сөзден құралғанын сұрап түрлі бағытта тапсырмалар беріледі.

V. Қорытынды.

Сабақты қорытындылау кезінде жоғардағы кестеге оқушылардың назарын аударып, сөз туралы мағлұматтарды еске түсіреміз:

- дыбыстар сөз жасайды;
- сөздер белгілі бір мағынада айтылады;
- сөздер буынға бөлінеді;
- сөздердің бірнешеуі қосылып, сөйлем құрайды;
- сөйлемде ой болады;
- сөйлем құрамындағы бір сөз түсіп қалса, сөйлемдегі ой да түсініксіз болып қалады.

VI. Үйге тапсырма: Үйге оқулықтағы 220-жаттығу беріледі.

- Сабақ аяқталды.
- Сау болыңыздар!
- Сау болыңыз!

Екінші сабақ. 3-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: Сөз құрамы тақырыбын қайталау.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: "Сөз құрамы" тақырыбы бойынша оқушылардың алған білімін пысықтау.

Тәрбиелік: Сабақ барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Дамытушылық: Оқушылардың сөздік қорын байыту, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Сабақтың түрі: жарыс.

Сабақтың әдісі: көрнекілік, ойын.

Пәнаралық байланыс: ана тілі.

Сабақтың көрнекілігі: кестелер, топшама, жаңылтпаш.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

(Оқушылармен амандасып, назарын сабаққа аудару).

II. Үй жұмысын тексеру, қорытындылау.

(Үй тапсырмасын тексеріп, өткен сабақты қорытындылау).

III. Жаңа сабақ:

(Оқушыларға сабақтың ерекше өтетіндігін хабарлап, оларды қатар бойынша үш топқа бөліп тастаймыз. Содан кейін жалпы сөз құрамы бойынша барлық тақырыптарды қамтып, ауызша сұрақтар, әр тақырыптардың ережелерін сұрап үш топты жарыстырамыз. Қай топтың оқушылары көп жауап берсе, сол топқа ұпай қосылып отырады.

Келесі екінші турда оқушылардың ойлауын қажет ететін басқатырғы ретінде мынадай тапсырма беруге болады:

1)


Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
К				К
Н				Н
Қ				Қ
К				К
Т				Т

Оңнан солға қарай оқылса да, солдан оңға қарай оқылса да өзгермейтін бес өріптен тұратын 8 сөз ойлап жазу. Мысалы: қызық, қырық, қазақ, кесек, надан, қалақ, кебек. (Қай топ көп сөз тапса, сол топқа ұпай қосылып отырады).


2) Мына сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жазу. Сөз мағынасын ашу.

Қолқанат	ішік	есек	түс
Тымақ	нарық	балық	күрек
Нағашы	шұлық	қысым	ұршық

3) Екі сөзді сызықпен қосып, бір сөз шығару және ол сөздер қай сөздер тобына жататынын сұрау.



4. Сөздердің оң жақта бір бөлігі, сол жақта екінші бөлігі берілген. Екі бөлікті қосып, күрделі сөз жасау. Сөз мағынасын түсіндіріп көру:



5. Оңнан оқылса да, солынан оқылса да өзгермейтін үш өріптен тұратын он сөз ойлап жазу (а – дан басталмайтын болсын).

Мысалы: нан, шаш, қақ, кек, көк, тот, тұт, сұс, іні, құқ, т.б. Кейбір сөздерден сөз тіркесін жасап, мысал келтіру (кек алу, қақ тілу, тұт жинау, тот басу, құқ қорғау). Осы турдан кейін оқушыларды сергітіп, әрі бірнеше мағынасы бар сөздер туралы берілген білімді орнықтыру үшін ойын ұйымдастыруға болады.

6. "Жаңылтпаштар" ойыны.

Ойынның шарты: Оқушыларға жаңылтпаш айтамыз. Жаңылтпашты бірден ұғып алған оқушы он қайталап, құрамында әр түрлі мағынада қолданған сөзді табуы тиіс.

Жаңылтпаштардың үлгілері:

1. Көрмеген үш қыс

Көкенді үшқыш

Құшақтап қыс, құш.

2. Алма, алма бал ал,

Жая алма, жал ал.

3. Таптырмай қырдан құр,

Қайттық біз, құрдан құр.

4. Тымақ киіп қасқа басқа,

Міндім мен басыңа қасқа.

7. Берілген буындардан сөз құрап жазу.

Жай	зе	ре	шық	о	Лау
Ба	те	ғай	Жа	ұр	рын
пан	ла	За	дық	ше	Кө

найзағай, терезе

балапан

ұршық, көше

орындық, жалау

8. Сөзден сөз шығару.



кемпір

қос

қосақ

сақ

кем

ақ

пір (тұту)

ем (емдеу)



дөң – қырат

өң – көрік

ел – халық

еле – ұнды елеу

дөңгеле – айналу

ек – егін ек

кел – мында кел

9. Жұмбақты шешу: (жұмбақтың шешуінде кездесетін і – әрпі мына сөзжұмбаққа сәйкес келуі керек.

					I	
				i		
		i		i		
			i			i
	i		i		i	

1. Үңгірдіжайлаған
Сүйексіз, тиексіз
Жылмандап,
сайраған.

(Тіл).

2. Адамның сәні
Онсыз жоқ мәні. (Киім).

3. Жұдырықтай тұрқы, ошағанға ұқсас сырты. (Кірпі).


4. Адамдардың киімін, ұстап тұрарлығым. (Ілгіш).

Іртік-іртік сүттен қайнатып кептірген.

Тәтті дәмі бар,

Кім бар оны жеп көрген. (Ірімшік).

10. Осы тапсырмаларды дұрыс орындағандарға лабиринттегі жасырылған сөз арналады.



Бұл сабақты жарыс түрінде, сонымен қатар ойын әдісін пайдалана отырып оқушылардың әрі білімін тексеру үшін, әрі өзімізді тексеру үшін қолайлы әдіс. Кез келген сабақта сөзбен жүргізілетін жұмысты түрлендіруге болады. Бұл жұмыстар баланы бір жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық белсенділікке ынталандырады.

Әр түрлі бағытта сабақ өткізгеннен кейін, оқушылардың білімін қолданып отырғанды жөн көреміз. Мысалы:

Сөз құрамы


1. Жазушы сөзіндегі-шы, жұрнақ па, жалғау ма?
а) жұрнақ; б) жалғау.
2. Таза қандай сөз (түбір, туынды).
а) түбір сөз; б) туынды сөз.
3. Керуеншілер сөзі қандай сөзге жатады?
а) түбір сөз; б) қосымшалы сөз.
4. Тасбақа сөзі қандай сөз?
а) біріккен; б) қос сөз.
5. Жарқ-жұрқ қандай сөзге жатады?
а) біріккен сөз; б) қос сөз, т.б.

Осындай бағытта оқушылардың білімін тест әдісін қолданып үнемі тексеріп отырсақ, бұл оқушылардың да білім сапасын, өз еңбегіміздің нәтижесін де көрсеткен болар еді.

Біз осы мемлекеттік машық кезінде оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақ өткізу, оның нәтижесін тексеру бағытында жұмыстар жасадық.

Жалпы қай мұғалім болсын жаңа технологиялық бағытта сабақ жоспарын құрған кезде мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн.

Сөз құрамы



Бастауыш сыныптарда грамматикалық тақырыптарды оқыту

<u>1-сынып</u>	<u>2-сынып</u>	<u>3-сынып</u>	<u>4-сынып</u>
<p>Әліпбеге дейінгі кезең: сөйлем, сөз, дыбыс, әріп туралы ұғым беріледі. Сөздерді буында бөлу, дыбыстардан сөз құрату. Әліпбеге кезеңі: тілдегі дыбыстар мен олардың әріптерін жеке-жеке таныды. Ана тілі: дауысты, дауыссыз дыбыстар, жуан, жіңішке дауыстылар, буын, тасымал, жуан және жіңішке жұп дауыстылармен танысады.</p>	<p>Дыбыс және әріп: у, и, я, ю әріптерінің жазылуы, у дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуымен танысады. Дауыссыз дыбыстардың түрлерімен және б – п, қ – г, к – г, л – р, н – н дыбыстарының айтылу мен жазылуын үйренеді. Грамматикалық жаттығулар арқылы дыбыстық талдауды одан әрі меңгереді.</p>	<p>Алдыңғы сыныптарда өтілген материалдарды еске түсіреді. Э, в, ф, ч, ш, ц, х, һ дыбыстарының айтылуы мен жазылуын үйренеді. Жаттығуларды орындап, дыбыстық талдаулар жасайды. Сөздердің айтылуы мен жазылуы үнемі сәйкес келе бермейтінін байқайды. Орфографиялық сөздікті пайдалана отырып, сауатты жазуға үйретеміз.</p>	<p>Буын үндестігі мен дыбыс үндестігі туралы түсінік беріледі. Оқушылар жаттығуларды орындай отырып, сөйлем ішінен, сөз тіркестерінен, сөз аралықтарынан үндестіктерді тауып үйренеді. Берілген сөздерді дыбыстық талдап, оны әр түрлі формада көрсете алады.</p>

(Фонетика)

<u>1-сынып</u>	<u>2-сынып</u>	<u>3-сынып</u>	<u>4-сынып</u>
<p>Оқушылар мәтіннен сөйлемді ажыратуды, сөйлем соңында тыныс белгісі қойылатынын, сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып жазылатынын біледі. Кім? Кімдер? Не? Нелер? Не істеді? Не қылды? Қайтті? Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздермен танысады. Сөйлемдегі сөздердің байланысын тауып үйренеді. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қояды.</p>	<p>Сөйлемнің хабарлы, лепті сұраулы болып бөлінетінін, олардың тыныс белгілерін үйренеді. Сөйлемдегі сөздердің байланысын табады, жекелеген сөздерге сұрақ қояды, сызбамен көрсетеді. Сөздің құрамы, жұрнақ-жалғаумен танысады. Зат есім, жалпы және жалпы есім, оның көпше, жекеше түрлері дара, күрделі етістіктермен, сын есім жөнінде түсінік алады.</p>	<p>Сөйлем мүшелері туралы түсінік беріледі. Сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты, тұрлаусыз мүшелерді тауып үйренеді. Жалаң және жайылма сөйлем түрлерін меңгереді. Негізгі және туынды зат есім, зат есімнің тәуелденуі, етістік, негізгі және туынды етістік, болымды, болымсыз түрлері, сын есімнің негізгі және туынды сын есім, есептік және реттік сан есімдермен танысады.</p>	<p>Сөйлем туралы білімдері кеңейтіле түседі. Бірыңғай мүшелер, олардың тыныс белгілері, жай, құрмалас сөйлем туралы мағлұмат беріледі. Күрделі, біріккен, қос, қысқарған сөздермен танысады. Зат есімнің септелуі, септіктер, жіктелуі, етістіктің шақтары, сын есімнің дара, күрделі, қарсы мәндес түрлері, дара, күрделі сан есім, есімдік, жіктеу есімдіктері, үстеу, шылау, одағай, т.б. танысады.</p>

(Морфология)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бастауыш сыныпта сөз құрамын оқытуға үйрету.
2. Сөз құрамы тақырыбы – бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше мәселе.
3. Сөз құрамы туралы білім беру – грамматикалық оқытудың негізгі мәні.
4. Бастауыш сыныпта сөз құрамын топтап, жүйелеп оқыту жолдары.
5. Сөз құрамын үйрету – сауаттылық негізі дегенді қалай түсінесің?
6. Сөз құрамына арналған жаттығу жұмыстарының түрлері және олардың тиімділігі.
7. Сөз құрамын оқытуда ойын элементтерін енгізу және олардың маңызы.
8. Сөз құрамына байланысты сабақ жоспарларын жаса.

IV ТАРАУ

ЖАЗУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Грамматика мен жазу сабақтарының түрлері

Білім мен дағды беруде іске асырылатын оқу жұмысының ең негізгі түрі – сабақ болып есептеледі.

Оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру мен шығармашылық қабілетін қалыптастыратын сабақ түрлері негізінен мыналар: біріккен сабақ, жаңа сабақ, қайталау, бекіту, жаттығу, оқушылардың білімі мен дағдысын есепке алу сабағы, жазу сабақтарын талдау сабағы, саяхат, диспут, бөйге, ойын, т.б. сабақтар.

Біріккен сабақта үй тапсырмасын тексеру, бұрын өтілген материалды қайталау, жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айқындау, түрлі жаттығу жұмыстары, өз бетімен орындайтын жұмыстар, үйге тапсырма беру, сабақты қорыту, т.б. жұмыс түрлері орындалады.

Біріккен сабаққа қойылатын талаптар:

1) сабақтың әр бөлігі жымдасып, жүйелі бір тұтас сабақ болып өтуі қажет;

2) оқушы сабақтың тақырыбы мен мақсатын анық түсінуі қажет;

3) сабаққа қажетті материалдарды алдын ала іріктеп алып, толық дайындалған жөн;

4) сабақтың жоспары жасалуға тиіс.

Сонымен қатар мынадай дидактикалық талаптар да қойылады:

1. Жаңа материал өткен материалмен байланысты және оған негізделіп келуі шарт.

2. Тәрбиелік мәні күшті мысалдарды іріктеп қолдану қажет.

3. Жаттығудың түрлері, формасы мейлінше түрленіп отырылуға тиіс; (грамматикалық тапсырмалар, жазба жұмыстары, көшіру, сөйлем құрастыру, мазмұндама, шығарма).

4. Қайталауды сабақ сайын ұйымдастыру, оқу жылының басында, бөлім сайын, тоқсан аяғында.

5. Сабақтың әр минутын үнемдеп пайдалану. Ол үшін алдын ала жүйелі жоспар жасау, оқу құралдарды дайындау.

6. Мұғалімнің түсіндірмесі анық, қысқа, нақты, тартымды болуы керек.

7. Грамматика мен жазу сабақтарында тіл дамыту жұмысы іске асырылып отыру керек.

8. Қазақ тілі сабақтарында кесте, схема, дидактикалық материал, суреттер, заттар, техникалық-ақпараттық құралдарды пайдалану.

9. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескеру;

Сабақ бірде өткен материалды жаңа материалмен байланыстырудан басталса, бірде жаңа материалды түсіндіруден не жаттығу жұмыстарынан басталады. Оқушылар сабақ бойы орындаған істердің негізінде бағаланады. Сабақ барысында байқау, түсіндіру, әңгіме, жаттығу, кітапты пайдалану, грамматикалық талдау, т.б. әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз. Бұлардың барлығын бірден пайдалану мүмкін емес, тиімді деп табылғандарын ғана алуымыз қажет.

Сабақта үй тапсырмасын тексеру бөлігінде оқушылар тапсырманы қалай орындағандарын, не білгендерін айтады және сыныпта істеген жұмыстарының нәтижесін береді. Жаттығуларды талдап, қателерін түзетеді.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіруде мұғалім тақырыпты тақтаға жазады және оқушылардың дәптерлеріне жаздырады. Мысалы, тақырып: "Бірбуынды және көп буынды сөздерді буынға бөлу". Мақсаты: бір буынды және көп буынды сөздерді буынға бөлу сөздерін ажырата білуге үйрету.

Жаңа материалды түсіндіру барысында оқушылар мұғалімнің көмегімен тақтаға немесе плакатқа жазылған сөйлемдерді, сөздерді оқиды, олардың арасындағы байланыстарды анықтайды. Жаңа материалды бекіту бөлімі де түрлі жолдармен ұйымдастырылады, оқушыларға жаттығулар орындату, жатқа жазу жұмыстары, топшамалар арқылы жүргізілуі мүмкін.

Үй тапсырмасын оқушылар дәптерлеріне жазып алуы тиіс.

Сабақтың әр бөлімі әр түрлі дәрежеде ұйымдастырылады. Мысалы:

Үй тапсырмасын мұғалім толық және ішінара тексеруі мүмкін.

Егер оқушылар үйге берілген жаттығуды түгел оқып, қалай орындағанына түсінік беріп шықса – толық тексеру, ал кейбір маңызды сөздерді, немесе сөйлемдерді ғана іріктеп оқытып, талдатса ішінара тексеру жүзеге асады. Сонымен қатар тексеру жалпы және жеке де болады. Алғашқысында оқушылардан түгел сұралып, жеке тексеруде оқушы мұғалімге дәптерін тапсырады.

Жаңа материал мұғалімнің түсіндіруі арқылы да, әңгіме әдісі арқылы да өткізіле береді. Бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін әсіресе әңгіме әдісі тиімдірек, әңгіме барысында сұрақ-жауап қолданылады. Қойылған сұрақтарға қарай балаларға кітаптағы ережені оқымас бұрын қорытынды шығарту көзделеді.

Үйге берілетін тапсырмаларда балалардың белсенділігін, өздіктерінен орындай алу қабілетін жетілдіру мақсаты көзделуге тиіс.

Мұғалімнің қабілеттілігі мен шеберлігіне байланысты байланысты сабақтың әр бөлімі немесе кезеңі әр түрлі ұйымдастырылады.

Жоғарыда көрсетілген бөлімнің барлығы бірдей бір сабақта міндетті түрде іске асырыла берілмеуі де мүмкін. Кейбір сабақтарда жаңа материалдар түсіндірілмесе, кейбіреуінде үй тапсырмасы тексерілмеуі де мүмкін.

Сирек болғанымен, кейде түгелдей жаңа материалды түсіндіруге арналатын жағдайлар да кездеседі. Мұндай сабақ жаңа материалды түсіндіру сабағы болады.

Сабақтың бұл түрінде мұғалімнің назары материалды оқушылар санасына жеткізуге арналады да, уақыттың дені осыған жұмсалады. Жаңа материалды өткен материалмен байланыстырып сабақтың басында, жалпылай қойылған сұрауларға жауап алу арқылы немесе кіріспе әңгіме арқылы немесе жаңа материалды түсіндіру процесінде өткен материалдармен салыстыру арқылы іске асырылады. Өткен мен жаңа материалды байланыстыру арқылы мұғалім оқушылардың ықыласы мен ынтасын оятып, жаңа материалды меңгертуге дайындық жасайды.

Жаңа материал оқушылардың санасына байқау, түсіндіру, грамматикалық талдау, кітапты пайдалану, әңгіме әдістері арқылы жеткізіледі. Бұл әдістердің қашан қолданылатыны материалдың көлеміне, сабақтың мақсатына байланысты.

Жаңа материалды түсіндіру сабағында оны бекітуге арнайы уақыт бөлінбейді. Материалды оқушылардың қаншалықты түсінгенін байқау үшін, сыныпқа сұраулар қоюға немесе бір-екі сөйлемді талдатуға болады. Үйге берілетін тапсырма шағын, творчестволық сипатта болуы керек.

Жаңа материалды түсіндіру сабағы белгілі бір тақырып бойынша оқушыларды бөлшектемей, тұтас білім беру керек болған жағдайда өткізіледі.

Оқушылардың білімін бекіту сабағында жаңа білім берілмейді, оқушылардың алдыңғы сабақта алған білімін жетілдіру мен дағдысын қалыптастыра түсу мақсаты көзделеді. Сондықтан мұндай сабақтарда түрлі-түрлі жаттығулар жүргізіледі, арнаулы талдаулар жасалады; өткен материалдардан түсінбей қалған жерлерді пысықтайды.

Кейбір жағдайларда, әсіресе белгілі бір үлкен тақырыпты аяқтаған кездерде оқушылардың өтілген материалдардан алған білімі мен дағдысын есепке алу сабағы жүргізіледі. Бұл сабақтар, бір жағынан, өтілген материалды қайталау, қорытындылау мақсатында ұйымдас-тырылады. Мұнда оқушылардың алған білімі мен дағ-

дысы ауызша да, жазбаша да тексеріледі. Балалар түрлі жаттығулар орындайды, мәтіннен қажетті объектіні табады, мысалдар келтіреді, талдау жасайды, диктант, мазмұндама, шығармалар жазады. Оқушылар жазу жұмыстарында кететін қателерді болдырмау мақсатында кейбір жағдайларда сабақ түгелдей жазу жұмыстарын талдауға арналады.

Сабақтың тақырыбы: Сын есімді қайталау.

Сабақтың білімдік мақсаты:

а) Абай өлеңдері арқылы сын есімнің оқушы тіліндегі қолданыс аясын кеңейту.

ә) Оқушының сөздік қорын молайтып, шешен сөйлеуге үйрету.

б) Сын есімді сөз ішінен ажырата білуге үйрету.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты:

а) Абай тағылымына баулу.

ә) Оқушыны өнерді түсіне білуге, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты:

а) Өленнің қыр-сырын меңгеріп, өлеңмен жазылған шығарманы түсіне білуге үйрету.

ә) Жекелеген оқушылардың дара қабілеттерін ұштау.

б) Шығармашылыққа, көркем сөз өнеріне баулу.

Сабақтың түрі: Білім мен дағдыны бекіту сабағы.

Сабақтың әдісі: Поэзия сабағы.

Сабақтың көрнекілігі:

Абайдың портреті. Үстел үстіндегі орналастырылған жадыраған жаз көрінісі.

Пәнаралық байланыс.

Ана тілі, ән-күй, табиғаттану.

1. "Қазақ тілі – ардағым" әнін хормен орындаудан басталады.

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген – дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Қуанышым, бақытым, дара тілім.
Сен арқылы биікпен теңесемін.

Өлең жазып, ой толғап өз тілімде,
Шыңға қадам басамын, мен өсемін.

Ән оқушылардың қазақ тілі пәніне сүйіспеншілігін арттырады.

Үй тапсырмасының орындалуын тексеру: көк, әдепті, өнерлі, қаңбақтай, жақсы сын есім сөздерін қатыстырып, жазған сөйлемдері оқылып, талданады.

Білімі мен дағдыны бекіту.

Сабақтың келесі кезеңінде оқушыларды қатыстыра жүргізген мұғалім әңгімесі:

– Балалар, сын есімнің көптеген түрін есте сақтап, жасалу жолдарын меңгерген екенсіздер.

Айналадағы әсемдікті, табиғат көріністерін, жыл мезгілдерін өлең жолдарымен өрнектеп, көркем сөзбен суреттеген біздің ақындарымыздың өлеңдерінде сын есімдер көптеп кездеседі. Әсіресе қазақтың ұлы ақыны Абай өлеңдері сын есім сөздеріне тұнып тұр десек, артық емес. Бүгінгі сабақ барысында Абай шығармаларымен жұмыс жасап, сын есім туралы білімімізді кеңейтеміз.

– Абай кім?

– Қазақтың ұлы ақыны.

– Қандай өлеңдерін оқыдыңыздар?

– "Күз".

– "Қыс".

– "Жазғытұры".

– "Жаз".

– "Ғылым таппай мақтанба".

– Абай қай жерде дүниеге келген.

– Абай Семей облысында дүниеге келген?

Абай аталарын 1844 жылы Семей облысында дүниеге келген.

Бүгін сабақта Абайдың 2, 3-сыныпта оқып үйренген өлеңдерін еске түсіріп, жаңа өлеңдерімен танысамыз. Абай өлеңдеріндегі сын есім сөздерін анықтаймыз. Абай жылдың 4 мезгіліне арнап өлең жазған. 4 маусымдағы табиғат ерекшелігін өлеңмен суреттеген.

– Абайдың "Күз" атты өлеңін кім еске түсіреді?
(Бір оқушы жатқа айтады).

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тоңғаны ма, тойғаны ма.
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

– Осы өлеңдегі сын есімдерді атайықшы.

– Суық, сұр, дымқыл.

– Енді Абай атаның "Қыс" атты өлеңін жатқа жазамыз.

Бұл өлеңнің ең алдымен қалай жазылатынын еске түсірейік.

– Өлеңнің әр жолы бас әріппен, жаңа жолдан бастап жазылады.

(5-6 оқушы өлеңді жатқа айтады. Өлеңнің алғашқы шумағы жатқа жазылады).

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы-ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Сын есімдер анықталып, ауызша сұрақ қойылды.

Осы өлеңде ақын сөзбен қысты мүсіндеп береді, сөзбен сурет салып, қысқа жан бітіріп, оны адам кейіпінде көрсетеді. Енді бір сәт қысты ұмытып, "Жайдарлы жаз" көрінісіне назар аударайықшы.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа дайындау.

Көкорай шалғын бәйшешекке оранған даланы көріп отырсыңдар. Осы көріністен өздеріңді тағы қандай құбылыстар қызықтырады?

Оқушылар жауабы:

– Алыстан сылдырап аққан өзен көрінеді. Өзен бойын жағалай аппақ киіз үйлер тігілген.

– Өзенде аққу, қаз жүзіп жүр.

– Биік шалғын арасында жылқылар жайылып жүр.

– Балалар, шалғын арасында жылқылар жайылып жүр.

– Балалар, алдарыңдағы құрастырмалы композиция бойынша сендер жаз көрінісін тамаша суреттедіңдер.

Енді жаз көрінісін ақын Абай қалай суреттеген екен, тыңдап көрелік. "Жайдарлы жаз" көрінісінің жанында 2 оқушы кітаптан Абайдың "Жаз" өлеңін мәнерлеп толық оқыды. Оқушылар өлеңді мұқият тыңдап, сын есімі бар өлең жолдарын тақтаға жазады.

Қыз-келіншек үй тігер,
Ақ білегін сыбанып.

Енді Абай өлеңдерінен алған әсерлерің бойынша жаз көрінісіне сын есімі бар сөйлемдер ойлап жазыңдар.

Оқушылардың құрастырған сөйлемдерінен үзінді:

1. Өзенде жүзген аққу, қаз, гүлге қонған әсем көбелектер – жазғы жайлауға ерекше көрік береді.

2. Алыстан алты қанат ақ боз үйлер көз тартады.

3. Жаз мезгілі адамның көңілін көтеріп, көп қуанышқа бөлейді.

4. Жазда жасыл жайлауда демалған ұнайды.

5. Абай ауылына жазда қонақтар көп келетін, қызықты әңгімелер айтылатын.

– Иә, Абай ауылына жазда қонақтар көп келетін. Абай жолдастарын жанына алып, ән тыңдауды, әңгімелесуді жақсы көретін.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен төтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсен, менше сүй,

деп ақын жырлағандай, ендігі кезекті әнге берейік.

Оқушылар Абайдың "Желсіз түнде жарық ай" өлеңін әнімен орындап, сергіту сәтін өткізді.

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың жаны – терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,

Сыбырласып өзді-өзі.

Көрінбей жердің топырағы.

Құлпырған жердің жер жүзі.

Өлеңдегі сын есімдердің мағынасына қарай қай топқа жататыны ауызша анықталып, осы өлеңдегі сын есім-

дерге қарсы мағыналас сын есімдер ойлап табу тапсырылды.

Оқушылар мынадай сын есімдер ойлап тапты:

Желсіз – желді.

Жарық – қараңғы.

Терең – саяз.

Қалың – жұқа.

Енді Абайдың "Қансонарда бүркітші шығады аңға" өлеңімен танысамыз. Бұл өлең мазмұнында қазақтың бүркітпен аң аулау кәсібі туралы айтылады.

(Өлеңді мұғалім өзі мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді).

Оқушылардың ұлттық салт-дәстүрді үйрену дәптерлеріне мына сөздер жазылып, мағынасы түсіндірілді:

Қансонар – жаңа жауған қар үстіндегі аңның ізі.

Құсбегілік аңшылық – қазақ халқының кәсібі.

Осы өлеңнен зат есіммен байланысты сын есімді, яғни сөз тіркесін жазу тапсырылады.

Кітаппен жұмыс жасай отырып, оқушылардың жазған сөз тіркесі мыналар: жақсы ат, тату жолдас, ықшам киім, қар – аппақ, түлкі – қызыл, бүркіт – қара.

Абайдың "Аттың сыны" өлеңін мұғалім өзі мәнерлеп оқып, ұнтаспаға тыңдатады. Оқушылар тыңдай отырып, сын есім сөздерді есте сақтап, теріп жазады: омыраулы, шығыңқы, салпы, майда, ұзын, жуан, тақыр, жұмып, жалпақ, кең, тар.

Балалар, енді назарымызды тақтаға аударайық.

Абайдың мына даналық сөздерін жаттап алып, дәптерлерімізге жазайық, есте сақтаңдар.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Ендігі кезекті ойынға берейік. Ойынның аты: "Мақал қуаласпақ".

Балалар мен мақалды бастаймын, сендер жалғастырасыңдар.

Мұғалім: Досына достық – қарыз іс.

Оқушы: Дұшпанына өділ бол.

Мұғалім: Әсемпаз болма әрнеге.

Оқушы: Өнерпаз болсан, әрқалан.

Мұғалім: Еңбек етсең ерінбей.

Оқушы: Тояды қарның тіленбей.

Мұғалім: Білімдіден шыққан сөз.

Оқушы: Талаптыға болсын кез.

Үйге тапсырма:

Оқушыларды қабілетіне қарай үш топқа алдын ала бөліп, үйге мынадай тапсырмалар беріледі:

1-топ. Жаз көрінісі бойынша "Жайдарлы жаз" тақырыбына шығарма жазу.

2-топ. а) "Жайдарлы жаз" тақырыбына сурет салу.

ә) "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" атты өлеңдегі сын есімдерге қарсы мағыналас сөз ойлау.

3-топ. "Болмасаң да ұқсап бақ" деп Абай ата айтқандай, "Жаз" тақырыбында өлең шумақтарын құрастыру.

Қорытынды:

Сабақты бекіту кезінде, сабақ барысында Абай өлеңдерінен үйренген сын есім сөздер жинақталып, оқушылар осы сөздерге сөйлем ойлайды. Сын есімді пысықтау мақсатында ойлы тапсырмалар беріліп, оқушылар жауабы сараланды. Қорытынды кезінде Абайдың артында қалдырған мұрасы, ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұмытылмайтын – оқушылар үшін ұлағатты тағылым-тәрбие екенін айтып кету.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сабақтың қандай түрлері болады?
2. Олардың өр түрін сипаттап түсіндіріңдер.
3. Біріккен сабақ дегеніміз не?
4. Әр сабақтың түріне жоспар жасаңдар.
5. Сабаққа қандай дидактикалық талаптар қойылады?
6. Осы талаптарды басшылыққа алып, грамматикадан белгілі тақырып бойынша бір сабаққа талдау жасаңдар.
7. Өздерің қатысқан сабақтарда оқушыларға өз бетімен орындайтын қандай жұмыс түрлерін ұсынар едіңдер?

2-тақырып. Бастауыш сыныптағы диктант, оның түрлері

Диктантты есту факторына негізделген жаттығу жұмыстарының бірі деп атау керек. Бастауыш сыныптарда диктанттың есту, түсіндірмелі, терме, еркін, бақылау, өздік және шығармашылық тәрізді түрлері қолданылады. Ал жаздырылатын материалдың сипатына қарай 1-сыныпта әріп диктанты, буын диктанты, сөз диктанты дейтін түрлер де пайдаланылады. Бұл балалардың әріп жазуды қалай үйреніп келе жатқанын белгілі буындардың құрамында неше әріп, қай әріптер бар екенін, буын жасап тұрған не әріп екенін, қалай түсінетіндігін байқау үшін, кемшіліктерін қолма-қол түзетіп, дұрыс бағыт беру үшін жүргізіледі. Сонымен, бұл диктанттардың оқушылар білімін байқау, бақылау, үйрету мәні бар.

Диктантқа қажетті қағидалар

Мәтінді таңдағанда, мынадай қағидаларға сүйену керек:

1. Диктант тексі мазмұны жағынан оқушыларға түсінікті, тәрбиелік мәні бар және әдеби тілдің талаптарына сай болуы керек.

2. Екінші, бақылау диктанты әр түрлі жанрдағы шығармалар үзінділерінен құрастырылуы қажет. Егер белгілеген мәтін үзіндісінде сөз саны мөлшерден аз болса, онда мәтінге мөлшерге сәйкестендіріп бірнеше қосымша сөйлемдер қосуға болады.

	Токсандар			
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
2-сынып	20 – 25 сөз	25 – 30 сөз	30 – 35 сөз	35 – 40 сөз
3-сынып	40 - 50 сөз	45 – 50 сөз	50 – 55 сөз	55 – 60 сөз
4-сынып	60 – 65 сөз	65 – 70 сөз	70 – 75 сөз	75- 80 сөз

3. Диктант мәтінінің құрамындағы сөздердің бәрі оқушыларға түсінікті болуы керек. Егер түсініксіз және сирек қолданылатын емілесі қиын сөздер ұшырасып қалса, ондай сөздер түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

4. Диктант мәтінінің емле қиындығы орташа дәрежеде болады. Мәтін құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары өтілген бағдарлама материалына сай сұрыпталады.

5. Диктант мәтінінде әрбір өтілген ережеге байланысты кем дегенде 2-3 орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері болуға тиіс.

Жазба жұмыстарының нормалары

Жұмыс түрлері	I – сынып			
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Грамматикалық тапсырма диктанты	-	-	1	1
Мәтінді көшіріп жазу	-	-	1	1
Мазмұндама	-	-	1	1
Шығарма	-	-	1	1

(Сөздік диктанты)

Жазба жұмысы бойынша бағалау нормалары

Бағасы	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
“5”	Қатесіз 1 қате	Қатесіз 1 әріп қатесі каллиграфия	Қатесіз	Қатесіз
“4”	2 қате 1-2 түзету	1-2 қате 1 түзету	1 қате 1 түзету	1 қате 1 түзету
“3”	3 қате, 2-3 түзету	3 қате 1 түзету	2 қате 1 түзету	2 қате 1 түзету
“2”	4 қате 3-4 түзету	4 қате 1-2 түзету	3 қате 1-2 түзету	3 қате

Ескерту: 1-сыныпта шығарма, мазмұндама берілмеген, бірақ бұл жұмыстарға дайындық жұмыстарын жүргізуге болады.

1-сыныптың аяғында оқушы 15-17 сөз жаза алатындай болуы керек.

Қатемен жұмыс

Есепке алынбайтын қателер

1) Бағдарламада көрсетілген ережелерден жіберілген қателерден өзге осы сыныпта орфография мен тыныс белгісінің ережелері оқытылуына байланысты жіберілген қателер есепке кірмейді.

2) Бастауыш мектептерде және осы сыныпқа арналған оқулықтың жаттығуларында кездеспеген сөздерден жіберілген қате есепке алынбайды.

3) Байқаусыздан жаңсақ жазылған сөздердегі қате есепке кірмейді: келмейді - кемедей, болыпты – бопты, т.б.

Алайда, қателерді жаңылып жазылған дей беруге болмайды. Оқушының жаңылып жазған сөзін оның дұрыс жаза алатынын көз жеткенде ғана қатеге есептемеу керек. Егер де жаңылып жазылған жағдай үштен асып кетсе, онда оларды емле қатесі деп санайды.

4) Екі түрлі жазылып жүрген сөздердің бір түрі жазылса, немесе екі түрлі қойылып жүрген тыныс белгісінің біреуі қойылса, онда диктант тексіндегі жазуға дәл келмей тұр деп, қатеге есептеуге болмайды. Мысалы: қазір-көзір, өйткені-үйткені, т.б. Егер де диктантта қате жазылған сөз не тыныс белгісі қайталанып келсе, онда олар бір қатеге есептеледі.

Өрескел қателер

1) Орфография мен тыныс белгісінің өтілген ережелерінен жіберілген қателер.

2) Игеріп алуы қиынға соқпайтын ережелерге байланысты жіберілген қателер.

3) Сөздерді тасымалдаудан жіберілген қателер.

4) Дефис арқылы жазылатын сөздерден жіберілген қателер. Мысалы: қос сөздер, демеулік шылаулар, қысқарған сөздерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалар.

Жеңіл қателер

1) Диктант өткізген кезде оқытылып бітпеген және әлі өтілмеген ережелерге байланысты.

2) Күрделі жалқы есімдердің бас әрпін дұрыс қолданбау, сол сияқты әріптерді дұрыс таңбаламау.

3) Үтір, тырнақшаларды дұрыс қолданбау (сөзді, сөз тіркестерінің үтір, тырнақшаларын бір жағына ғана қойып, екінші жағына қоймай кету)

4) Төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан, сызықшаның алдынан үтірдің орнына нүкте қойып қою.

5) Бір ережеге байланысты жіберілген бірнеше қате (үш және оннан да көп қате) болса, онда оқушының бір ғана ережені нашар білетінін ескерту қажет. Тыныс белгісінен де бір ғана ережені нашар білетінін ескерту қажет. Тыныс белгісінен де бір ғана ережені білмегендіктен, жіберілген қатені жеңілге жатқызған жөн.

Грамматикалық ойындар

"Қай әріпті жоғалттым?" ойыны.

Бұл ойын бірінші сыныпта өліппеден *а, ә, и, й, ұ, ү, ө, о* әріптерін үйренгенде; екінші сыныпта қазақ тілінен дыбыс пен әріп оның ішінде жуан және жіңішке дауыстылар: *ы, і, у, ұ, и, й, я* әріптерінің жазылуын өткенде; үшінші сыныпта *и, й, я, ю* әріптерінің емлесі, сондай-ақ *ә, е, в, х, һ, ч, ш, ц* әріптері бар сөздерді қайталау кезінде пайдаланылады.

Ойынға бір әрпі қалдырылып кеткен сөздер бар бірнеше карточкалар жасалынады. Карточкалардың суреттегі заттың атын білдіруге арналған түрі төмендегідей болады.

Ал жеке сөздерге арналған карточкалар кіта..., б...лық, ...ғаш сияқты болып дайындалады. Жоғалған әріптер карточкаларын жасағанда сөздердің басынан, ортасынан, немесе соңынан әріптер қалдырылады. Карточкалар сыныптағы 5-6-дан келетіндей мөлшерде, өр тақырыптың мазмұнына қарай жасауға тиіс. Ойынға ең алдымен суретті карточкалар қолдану қажет.

"Қай әріпті жоғалттым?" ойыны сабақта жаттығудың бір бөлімі ретінде 4-5 минут көлемінде жүргізіледі. Сондай-ақ мектепте күн ұзағына болатын топтарда, мектеп интернаттарында, сыныптан тыс уақыттарында да ойнауға болады.

Ойын тәртібі: а) әріптері кем карточкалар сыныптағы оқушыларға үйлестіріліп беріледі. Ойынға қатысушы әрбір оқушы өзіндегі әріптерден керектерін алып, әр сөздегі жоқ әріптердің орнына қоюға тиісті. Мұғалім белгіленген уақыт ішінде оқушылардың орындаған жұмыстарын көріп шығады, қай оқушының қалай орындағанына талдау жасайды. Қолына берілген карточкалардың жоғалған әріптерін түгелдей дұрыс тауып қойған оқушы ойында ұтқан болады; ә) Ойынның екінші түрінде екінші сыныптар екі топқа (вариантқа) бөлінеді. Тақтаға әр топтың орындауына арналған карточкалар ілініп қойылады. Ойынға қатысушы оқушылар өз топтарына берілген карточкалардың жоғалтқан әріптерін тауып, сөздерді дәптерлеріне толық етіп жазып шығады. Мұғалім орындалған жұмыстарды қарап, қай топтан қанша оқушының дұрыс орындағанын анықтайды. Қай топтың қатесі аз болса, сол топ ұтады.

"Қай буынды жоғалттым?" ойыны

Бұл ойын 1-сыныпта әліппені үйрету кезінде сөздерді буынға дұрыс бөлуге төселдіру үшін қолданылады.

"Қай буынды жоғалттым?" ойынына бір буыны қалдырылып кеткен сөз карточкалары жасалады.

Суреттің атын жазуға арналған карточкалар мына түрде:

Са...

СЫҚ

Қар...ғаш

Ал, жеке сөз карточкалары төмендегідей болады.

...ма

Ба...пан

Пар...

Әр түрлі кеспе буындар оқушылардың қолында болуы тиіс.

Ойын жаңа сабақты пысықтау кезінде немесе сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Ойын тәртібі: "Қай өріпті жоғалттым?" ойынына ұқсас.

а) буындары жоқ карточкалар сыныптағы оқушыларға таратылып беріледі. Ойынға қатысушы әр оқушы өзіндегі кеспе буындардың ішінен керегін тауып алып, керекті орындарға дұрыс қою керек. Жоғалтқан буындарды түгелдей дұрыс тауып қойған оқушылар ұтқан болып табылады.

ә) Сыныптағы оқушылар партадағы отырыстарына қарай екі топқа бөлінеді. Тақтаға әр топқа байланысты буындарын жоғалтқан бірнеше сөз карточкалары ілінеді. Мұғалім шақыруына қарай әр топтың оқушылары өздерінің варианттарына байланысты ілінген сөздерге қандай буын қажет екендігін ойлап табады.

Әр топтың оқушылары жоғалтқан буынды тапса, ұтқан болып шығады.

б) ойынға қатысатын әрбір оқушыға өз орындары ауысқан бірнеше жеке және кеспе буындарды таратып береді. Кеспе буындарды орындарына тез әрі дұрыс қойып, бірнеше сөздер құрау керек. Қай бала тез тапса, сол бала ұтады.

"Қай сөзді жоғалттым" ойыны

Бұл ойын 1,2 және 3-сыныптарда сөз таптары және сөйлем туралы сабақ өткізілген кезде жүргізіледі.

"Қай сөзді жоғалттым" ойынына бір сөз кем: Сара ... тепті. Сәуле ән..тау көрінді. "Торғай бұтаққа секірді" тақырыбының мазмұнына сай бірнеше сөйлемдер дайындалады.

Онымен қатар осы сөйлемдерден жеке сөздер дайындалады.

Ойын тәртібі: сынып оқушылары партада отырған орындарына қарай екі топқа бөлінеді.

1. Жоғалтқан сөйлемдердің сөздер жазылған карточкалар екі топқа таратылып беріледі.

2. Тақтаның екі жағына сөздерін жоғалтқан бірнеше сөйлем карточкалары ілініп қойылады. Оқушылар сөйлемдердегі жоғалған сөздерді іштерінен ойлап табады. Мұғалім шақырған оқушы жеке карточкаларынан жоғалған сөзді тауып тақтадағы сөйлемді толықтырады, өтіліп отырған тақырыпқа байланысты ережені де айтып береді.

Орфографиялық талдау

Бұл қазақ тілі сабағында жүргізілетін басқа жұмыстармен қатар жасатылады. Ол әсіресе, грамматикалық талдау және диктант жұмыстарына байланысты жүреді. Емлелік талдау (және диктант) үш жолмен жасалады.

1. Баспа мәтінді талдау.

2. Мұғалім тексеріп берген оқушылардың жұмысын талдау.

3. Мұғалім берген тапсырманы талдау.

Бірінші түрде талдау жасағанда, оқушыларға – "Неліктен осылай жазылған?", екінші түрде "Неліктен осы түзетілгендей етіп жазу керек?", сұрақтарын қою үшінші түрде де тиімді. Емлелік талдау әр сабақ сайын біршама уақыт жүргізіліп отырылады. Бұл жұмыс оқушылардың дәптерін тексерумен де байланысты жүргізіледі. Оның да әдісі түрліше: мұғалім оқушы дәптерін тексеріп, қателерін түзетіп береді де олардан осылай түзеп жазудың дұрыстығын түсіндіріп беру талап етіледі. Егер мұғалім оқушының жіберген қателерін түзетпей, оларды түрліше белгімен (астын сызу, т.б) көрсетіп қойған болса, онда оқушылардан қате жіберген сөзді қалайша дұрыс жазуға болатынын сұрап, дәлелдеткізеді. Осындай міндеттерді орындау оқушының әуелде шала түсінген ережелерді қайта ойланып, толық түсінуіне пайдалы мүмкіндік туғызады.

Қатеден сақтандыру жұмысы

Бұл оқушыларды сауатты жазуға үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл жұмыстың кейбір жолдары мыналар: Оқушы өзін мұғалім алдында еркін сезінуі. Оқу-

шы өз бетімен жазу жұмысын орындап отырғанда өзіне түсініксіз ұғымды, не жазылуы қалай екенін көміл біле алмай отырған объект туралы мұғалімнен қысылып-қымсынбай сұрап алуы тиіс.

– Оқушылар түрліше, әсіресе орфографиялық сөздікті пайдалану арқылы көптеген емлесі қиын сөздердің дұрыс жазылу жолдарын біледі.

– Емлесі қиын сөздердің дұрыс жазылу үлгісі сынып қабырғасына ілініп қойылады.

– Оқушыларды сауатты жазуға үйрету жаттығулары ауызша және жазбаша тілді дамытып, байланыстырып сөйлеуге дұрыс жазуға үйретуде ұтымды пайдаланылуы тиіс.

Тест (фонетикалық талдау)

Дыбыс және әріп.

I-нұсқа

1. Мына сөздердің дауысты дыбыс (жуан, жіңішке) әріптерін теріп жаз, қыс, суық, боран, тұман, үсік, әйнек, ирек.

а) дауысты дыбыс әріптері...

ә) жуан дауыстылар...

б) жіңішке дауыстылар...

2. Сөздерді буынға бөліп жаз:

Құралай, аққу, жаз, қуаныш, өнерлі.

3. Буынға бөлінген дұрыс сөздерді (+) белгісімен белгіле:

о-қу-шы, оқ-у-шы, оқу-шы, о-қушы.

4. Дұрыс тасымалданған сөзді тауып (+) белгісімен белгіле:

кезекші: ке-зекші, кезе-кші, к-езекші, кезек-ші,

5. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Адам, ерік, ырыс, кіріс.

II нұсқа

1. а-ә, о-ү, ү-ұ, ы-і дыбыстарын салыстырып, сөздерді тексер, дұрысына (+) белгісін қой.

Аң, он, үк, ұшақ, жібек, тиын, отын;

ән, ұн, ұшақ, жібек, тиін, отын.

2. Берілген сөздерден дауыссыз дыбыстың әріптерін тауып, көп нүктенің орнына жаз.

Балмұздақ, гүлдесте, ғарышкер, данышпан, жаңбыр.

Қатаң...

Ұяң...

Үнді...

3. У әрпінің жазылуы. Көп нүктенің орнына әріпті қой (ү, у, ұ).

...ыз г...іл қа...ыз шы...ыл

...ық ...ақ та...ық ш...ақ

4. Сөздердің дұрыс жазылуын тексеріп, дұрысына (+) белгісін қой.

Бұу сушы улы оқу бекіу жуу.

Бу сұушы ұулы оқыу беку жұу.

5. И, Й әріптерінің жазылуы. Дұрыс жазған сөздерге (+) белгісін қой.

жи ймек кійін қыйын биыл

жй имек киін қиын бйыл

III нұсқа

1. Көп нүктенің орнына *п, б* әріптерінің тиістісін қойып жаз.

Кіта..., мекте..., клу..., қа..., тала...

2. *Б, п* дыбыстарының жазылуы. Дұрыс жазылған сөздерге (+) белгісін қой:

доп ұшыб тоб

доб ұшып топ

3. *с-з, с-ш* дыбыстарының жазылуы. Сөздерді дұрыстап жаз:

қасса- башшылық жүссе-

қашша- құшша-

4. *Л, р* дыбыстарының жазылуы. Дұрыс жазылған сөздерге (+) белгісін қой:

лақ лай рас ілек

ылақ ылай ырас лек

5. *Я, ю* дыбыстарының жазылуы. Сөздерді дұрыстап жаз.

Айақ- тұйақ- қиа- айу-

Айу- ұйа- қиар- тойу-

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бастауыш сыныптағы диктант, оның түрлерін ата.
2. Диктант түрлеріне сипаттама бер.
3. Диктантқа қойылатын нормалармен жұмыс жаса.
4. Қатені түзету жолдарын көрсет.

3-тақырып. Бастауыш сыныптарда ана тілі, қазақ тілі пәнінен тестік жұмыстар

Оқушылардың білімін тексеруге, балалардың деңгейіне қарай тапсырма беріп білімін бағалауға тестің орны зор. Мысалға, Ана тілі, Қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына тарау, тақырып бойынша өткізілген тестер оқушыларды өтілген тапсырмаларды қайталап жүруге, өлеңді жаттап, оны кім жазғанын, не туралы екенін, мәнін-мағынасын есінде сақтауға мүмкіндік береді. Баланы ізденуге, ережелерді ұмытпауға жетелейді. Қазақ тілі бойынша дауысты-дауыссыз, бірыңғай жуан, үнді дыбыстардың айырмашылықтарын, сөз таптардың ерекшеліктерін естерінде жақсы сақтайды.

Сонымен қатар:

- Баланың білімін ашады;
- Деңгейін көтереді;
- Өзінің бір нәрсені білетініне сендіреді;
- Ойландырады;
- Ойын салыстырады;
- Өзіне-өзі баға береді;
- Жауапкершілікті болады;
- Сабаққа қызығады.

Осындай әр сыныпта өткізілген тест жұмыстарының бірнеше түрін төменде көрсете кетейін.

Ана тілі 1-сынып

I нұсқа

1. Қазы-қарта, жал-жая, қай малға қатысты айтылған?
а) Қой ө) Түйе б) Жылқы

2. Қазақтың суырып салма ақыны:
- а) Абай ә) Жамбыл б) Ахмет
3. Қазақтың тұңғыш ғалымы:
- а) Ыбырай ә) Шоқан б) Қастеев
4. "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың" қай мәтіннен алынған?
- а) Не тәтті? ә) Әке мен бала б) Оқымысты бала
5. Жер-су атын тап:
- а) Жайық ә) Айнұр б) Құлагер
6. Ықылас болса, төзім де болады. Қай мәтінге қатысты айтылған:
- а) Жүзім ә) Екі соқа б) Өнерлі жігіт
7. Қатар шапқан қос тұлпар:
Ай астында қазақ үй.
- а) Жазғытұрым ә) Ел таңба б) Біздің ту
8. "Адам болам десеңіз" кімнің өлеңі?
- а) Ахмет ә) Жамбыл б) Абай
9. "Жерді босқа қопарма, ол да – сенің анаң" мәтінінің атын тап:
- а) Әке мен бала ә) Төзім б) Жер-ана
10. "Шырағым, ер жетерсің
Шындалсаң шыңға жетерсің". Кімге берілген бата?
- а) Абай ә) Ыбырай б) Шоқан
11. Қазақтың "Бұлбұл әншісі" атанған әнші:
- а) Шара ә) Күләш б) Роза
12. "Кел, балалар, оқылық!" Кімнің өлеңі?
- а) Ахмет. ә) Ыбырай б) әл-Фараби
13. Шоқанның досы кім?
- а) Сотников ә) Мысық б) әл-Фараби
14. Абылайдың шын аты кім?
- а) Әбілмансұр ә) Сабалақ б) Қабанбай батыр
15. Бес қарудың бірі:
- а) Шоқпар ә) Мылтық б) Қамшы
16. Қазақтың үш биінің бірі:
- а) әл-Фараби ә) Әйтеке б) Абай

17. Жылқы атын тап:

- а) Тайбурыл ә) Мойнақ б) Шара

18. Түйе атасы не деп аталады?

- а) Зеңгібаба ә) Ойсылқара б) Сексеката

19. Қазақтың тұңғыш ғарышкері:

- а) Гагарин ә) Талғат б) Тоқтар

20. Тұңғыш қазақтың геолог-ғалымы:

- а) өл-Фараби ә) Сәтбаев б) Жамбыл

Ана тілі. 1-сынып

II нұсқа

1. Қазы-қарта, жал-жая қай малға қатысты айтылған?

- а) Жылқы ә) Сиыр б) Ешкі

2. Қазақтың суырып салма ақыны:

- а) Ыбырай ә) Ильяс б) Жамбыл

3. Қазақтың тұңғыш ғалымы:

- а) Шоқан ә) Ыбырай б) Абай

4. "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың" – қай мәтіннен алынған?

- а) Оқымысты бала ә) Не тәтті б) Әке мен бала

5. Жер-су атын тап:

- а) Анар ә) Тайбурыл б) Еділ

6. "Ықылас болса, төзім де болады." Қай мәтінге қатысты айтылған?

- а) Өнерлі жігіт ә) Төзім б) Екі соқа

7. Қатар шапқан қос тұлпар?

Ай астында қазақ үйі.

- а) Күз ә) Туған өлке б) Елтаңба

8. "Адам болам десеңіз" кімнің өлеңі?

- а) Ыбырай ә) Абай б) Қазбек би

9. "Жерді босқа қопарма, ол да – сенің анаң" мәтіннің атын тап.

- а) Жер ана ә) Төзім б) Өке мен бала

10. "Шырағым, ер жетерсің
Шыңдалсаң шыңға жетерсің". Кімге берілген бата?
а) Шоқан ә) Абай б) Ыбырай
11. Қазақтың "бұлбұл әншісі" атанған әнші:
а) Күләш ә) Мақпал б) Роза
12. Кел, балалар, оқылық! Кімнің өлеңі?
а) Абай ә) Мағжан б) Ыбырай
13. Шоқанның досы кім?
а) Ыбырай ә) Абай б) Сотников
14. Абылайдың шын аты кім?
а) Дарабоз ә) Хан б) Әбілмәнсұр
15. Бес қарудың бірі:
а) Шоқпар ә) Қамшы б) Мылтық
16. Қазақтың үш биінің бірі:
а) Ахмет Яссауи ә) Нұрсұлтан Назарбаев б) Қазыбек
17. Жылқы атын тап.
а) Құлагер ә) Ақтөс б) Ақтабан
18. Түйе атасы не деп аталады?
а) Қамбар ә) Шопан б) Ойсылқара
19. Қазақтың тұңғыш ғарышкері:
а) Талғат Мұсабаев ә) Валентина Терешкова
б) Тоқтар Әубәкіров
20. Тұңғыш қазақтың геолог-ғалымы:
а) Шоқан Уалиханов ә) Ахмет Яссауи
б) Қаныш Сәтбаев

Ана тілі. 3-сынып

I нұсқа

1 Берілген мәтін шығарма жанрының қай түріне жатады?

Жерге жақын келгенде
Ақ сұңқар құстай шүйіліп,
Арыстан туған Қобыланды
Күн шығуға қарамай,
Ат қоюға айналды.

- а) Ертегі ә) Әңгіме б) Аңыз в) Батырлар жыры

2. Мына үзінді қай мәтіннен алынған?

Туған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең өз үйіңнің мұржасына дейін сағынасың. Туған жерің түсіңе енеді. Алыстан сені қол бұлғап шақырады.

а) Ауыл таңы ө) Мен елімді сүйемін

3. "Ақ құс туралы аңыз" әңгімесіндегі кейіпкерді тап.

а) Боранбай ө) Шәмші б) Мағжан

4. Мына өлеңнің авторы кім?

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!

Ойынға, құр қаларсың. Көңіл бөлме.

а) Ахмет Байтұрсынов ө) Шәкәрім Құдайбердиев

б) Мағжан Жұмабаев

5. Берілген үзінді қай шығармадан алынған?

– Сіз жасымаңыз, егініңіздің шығынын өзім берейін.

Шоқанжанның мейірімінен садаға кетсін, Бейсен.

Мына кісілерге сауыншыға айтып, бір бұзаулы сиыр бергіз. Ана жігітке бір тай беріңдер, ат қылып мінсін.

а) Абай мен Әбіш ө) Мейірім б) Нағыз адам

6. Төмендегі жоспар қандай шығармаға құрылған?

1. Күзеуде. 2. "Жатақ адам" 3. Орындалған уәде.

4. Қолғанат.

а) Әке арманы ө) Сәкен аға б) Интернат қоймасы

7. Әліппенің атасы кім?

а) Ыбырай ө) Ахмет б) Абай

8. "Достық өлкесінің заңы" өлеңінің авторы кім?

а) Мұхтар Шаханов ө) Тұманбай Молдағалиев

9. Көпшілікке бір нәрсе жөнінде хабарлау қай түрде айтылады?

а) Ресми түрде ө) Әңгіме түрінде.

10. Өлеңнің мына жолдарында қазіргі замандағы техникалардың қандай түрлері айтылып тұр?

а) Теңізді жүзді балықтай,

Дүниені кезді жалықпай.

ө) Айшылық алыс жерлерден,

көзіңді ашып жұмғанша

жылдам хабар алғызды.

11. Мына үзінді қай аңыздан алынған?

– Бұл оңбаған кедей маған тиісті ақшасын төлемей кетіп барады. Соның үшін сабап жатырмын, – дейді.

а) Алдардың айласы ә) Тамақтың иісі мен ақшаның сылдыры

12. Мына үзінді қай өлеңнен алынған?

Өзің үшін үйренсең,

Жамандықтан жиренсең.

Ашыларсың жылма жыл.

а) Адам болам десеңіз ә) Адамдық борышың

13. Желтоқсан қозғалысына қатысушылар туралы әңгіме қалай аталады?

а) Мәңгі жасар өмір ә) Ол ақын болар ма еді

14. "Дарабоз" романындағы батыр кім?

а) Ағыбай ә) Қабанбай б) Махамбет

15. Халық кегінің күйшісі кім?

а) Махамбет ә) Құрманғазы б) Дина

16. 1925 жылы Париждегі дүниежүзілік жарыста қазақтың халық әнін айтқан талантты әнші:

а) Жаяу Мұса ә) Әміре б) Ермек

17. Мұқан Мұнайтпасовқа қажы атағы неліктен берілді?

а) Асқан балуандық қасиеті үшін ә) Меккеге қажылыққа барғаны үшін.

18. Қазақтың қай суретшісі туралы өлең оқыдыңдар?

а) Ә. Қастеев ә) Ә. Жүсіпов б) Ғ. Ғылымбаев

19. Міржақып Дулатовтың наурыз туралы әңгімесі қалай аталады?

а) Көктем сәні ә) Қош келдің, Наурыз б) Көктем

20. С. Сейфуллиннің "Орман" өлеңінде жырланатын ағаштар:

а) Қайың, терек, қарағай ә) Шырша, самырсын, терек
б) Емен, қарағаш, қайың

Ана тілі. I нұсқа

1. Мүйізі айдай иілген, мұрнын көкке шүйірген, – деген шумақ қай жануарды сипаттайды?

- а) Ешкі б) Бұғы в) Сиыр

2. Әз Жәнібек жаяу мал бағып жүрген балаға кез болды. – Шырағым, елсіз жерде не қылып жүрсің? - деп сұрайды. – Жалғыз түйемнен көз жазып қалып, соны іздеп жүрмін, – деп жауап берді.

Осы үзінді қай шығармадан алынды?

- а) Әңгіме б) Шешендік сөз в) Аңыз

3. Ата көрген – оқ жонар,

Ана көрген – тон пішер. Ауыз әдебиеті жанрының қай түріне жатады?

- а) Мақал-мәтел б) Жұмбақ в) Нақыл сөз

4. Үзіндінің авторы кім?

Алтын ұяң – Отан қымбат,

Құт берекең – атаң қымбат.

Аймалайтын – анаң қымбат.

Мейірімді – апаң қымбат.

- а) Қазыбек би б) Абай в) Ыбырай

5. Қай үзіндіден алынған?

Қаздың тұзаққа түсуі:

а) Жақсылық пен жамандық

б) Ұр, тоқпақ

в) Байлық пен ақыл

6. Түн ұйқысын төрт бөліп, – деген сөйлем кімге арналған?

- а) Бала б) Әке в) Ана

7. Жабайы маралдар бар, араларында жаралы маралдар бар:

- а) Жаңылтпаш б) Өлең в) Марал

8. Ең төтті де – тіл.

Ең ащы да – тіл.

Ең қатты да – тіл.

- а) Нақыл сөз б) Шешендік сөз в) Мақал

9. Қай мысалда ұйқышылдық жайында сөз болған?

- а) С. Асарқасқиев – "Қызғалдақ пен Қарасора"

- б) Ш. Смаханұлы "Көбелек пен Ебелек"
- в) О. Әубәкіров "Сүт қалай ұйықтайды?"

10. Атаң атты баптаған,

Бәйге бермес ақтабан.

Құстай сергек ұйқысы

Атаң сенің жылқышы. Қай автордың өлеңі?

а) Ж. Смақов "Айтшы әжетай"

б) А. Табылдиев "Диқандар әні"

в) С. Көбеев "Өсиет"

11. Маған арнап жекелеп,

Әжем басты текемет.

Бір топ адам аяқпен,

Теуіп берді тәпелеп.

Қай өлеңнен алынғанын тауып, белгіле.

а) Киіз үй б) Шаңырақ в) Текемет

12. Батыр Абылай жайында жазған авторды белгіле

а) М. Әуезов б) А. Құнанбаев в) С. Сейфуллин

13. Шешемнің судай төгілген, тыңдаушың бордай езілген, – бала Абай әңгімесінде кім айтқан?

а) Зере б) Ұлжан в) Барлас

14. Жарайсың қоңыр қозым! Бұл кімге арналған сөздер?

а) Абайға б) Мұқтарға в) Шоқанға

15. Қазақтың ұлы ағартушысы:

а) Абай б) Ыбырай в) Шәкәрім

16. Миг-29 истребителін Тбилиси крейсерінің әуе техникасы алаңынан аспанға көтерген кім?

а) Т. Мұсабаев б) Ю. Гагарин в) Т. Әубәкіров

17. Құрметтейік, бас иейік адам баласының мәңгілік ортақ бесігі – жер Анамызға!. Қай шығармадан алынған үзінді?

а) Ғ. Мүсірепов "Ана жыры"

б) З. Шүкіров "Ақшақар"

в) Қ. Толыбаев "Қайсар"

18. Өнерпаз әңгімесінің авторы кім?

а) Әбдіқадыров б) Ж. Рсалдин в) Ө. Бөриев

19. Мәңгі жасап жерде енді
Биік бол деп таулардан
Сенің балғын бейнеңді
Жасап қойдық мәрмөрдан.

Өлең жолдары кімге арналған?

- а) Ләззат б) Мәншүк в) Әлия

Қазақ тілі. 1-сынып

I нұсқа

1. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

- а) 32 ә) 38 б) 40 в) 42

2. Жіңішке дауысты дыбысты тап:

- а) б ә) а б) ө в) ұ

3. Дұрыс тасымалданған сөзді тап:

- а) о-тан ә) жаң-алық б) жең-іс в) мүй-із

4. Жуан айтылған сөзді тап:

- а) әке ә) дала б) екінші в) серт

5. Жіңішке айтылған сөзді тап:

- а) қозы ә) бұзау б) әтеш в) құлын

6. Сөйлем неден құралады?

- а) әріп ә) дыбыс б) сөз в) буын

7. Заттың сынын білдіретін сөзді тап:

- а) екінші ә) әдемі б) бала в) келді

8. Заттың атын білдіретін сөзді тап:

- а) қызыл ә) қалың б) кітап в) жүрді

9. Заттың қимылын білдіретін сөзді тап:

- а) үлкен ә) аласа б) көрді в) ақ

10. Заттың сынын білдіретін сөзді тап:

- а) бала ә) аласа б) орамал в) үй

11. Қай сөз қате?

- а) арба ә) жйна б) күрек в) наурыз

12. Келді сөзіне қандай сұрақ қойылады?

- а) не істеді? ә) кім? б) қашан? в) қандай?

13. Біздің отанымыз жасасын! Бұл қандай сөйлем?

а) хабарлы ә) лепті б) сұраулы

14. Отыз сөзіне сұрақ қой:

а) не істеді? ә) нешінші? б) қанша? в) қандай?

15. Үш буынды сөзді тап.

а) мектеп ә) көбелектер б) әжемнің в) әке

16. Бас өріппен жазылатын сөзді тап.

а) қасық ә) шахмат б) ақтөбе в) парта

17. Қай сөйлем дұрыс құрылған?

а) Көбелекті Асқар қуып кетті

ә) Асқар көбелекті қуып кетті

б) Кетті Асқар қуып көбелекті

18. Сөйлемдегі сөз санын анықта. Оларды санмен белгіле. Сәуле әкесіне қолғап тоқыды.

а) 2 ә) 5 б) 4 в) 6

19. Малдың төлін білдіретін сөзді тап:

а) көйлек ә) ботақан б) өзен в) тау

20. Жер- су аттарын тап.

а) Жайық ә) Сара б) Жіп в) Торғай

Қазақ тілі. 1-сынып

II нұсқа

1. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

а) 27 ә) 41 б) 42

2. Жіңішке дауысты тап:

а) і ә) а б) д

3. Дұрыс тасымалданған сөзді тап:

а) ба-лық ә) хал-ық б) бес-інш-і

4. Жуан айтылған сөзді тап:

а) білді ә) шеше б) бала

5. Жіңішке айтылған сөзді тап:

а) қой ә) атан б) әке

6. Сөйлем неден құралады?

а) буын ә) сөз б) әріп

7. Заттың санын білдіретін сөзді тап.
а) төрт ә) ата б) қара
8. Заттың атын білдіретін сөзді тап.
а) сурет ә) кетті б) қалды
9. Заттың қимылын білдіретін сөзді тап.
а) білді ә) қара б) жоғары
10. Заттың сынын білдіретін сөзді тап.
а) биік ә) тауық б) жол
11. Қай сөз қате?
а) қойян ә) ит б) ет
12. Келді сөзіне қандай сұрақ қойылады?
а) не істеді? ә) қашан? б) қайда?
13. Біздің отанымыз жасасын! Бұл қандай сөйлем?
а) лепті ә) жай б) төрт сөзден тұратын сөйлем
14. Отыз сөзіне сұрақ қой.
а) қанша? ә) қашан? б) кім?
15. Үш буынды сөзді тап.
а) келеді ә) шеше б) бала
16. Бас өріппен жазылатын сөзді тап.
а) қаратөбе ә) қаймақ б) алма
17. Қай сөйлем дұрыс құрастырылған?
а) Автобусқа мінді Лена.
ә) Автобусқа Лена мінді.
б) Лена автобусқа мінді.
18. Сөйлемдегі сөз санын анықта. Оларды санмен белгіле. Сәуле әкесіне қолғап тоқыды.
а) 4 ә) 1 б) 7
19. Малдың төлін білдіретін сөзді тап.
а) қошақан ә) тауық б) бұлақ
20. Жер-су аттарын тап.
а) Орал ә) Өлең б) Батыр

Қазақ тілі. 2-сынып.

II нұсқа

1. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
а) 42 б) 33 в) 21
2. Қазақ тілінде неше жуан дауысты дыбыс бар?
а) 5 б) 4 в) 6
3. Төмендегі сөздердің қайсысы дұрыс жазылған?
а) қоян б) қойан в) қойян
4. Төмендегі сөздердің ішінен жалқы есімдерді тап:
а) өзен, қала, журнал
б) Орал, Балхаш, Алатау
в) ағаш, құс, адам
5. "Қияр" сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?
а) 4 әріп, 4 дыбыс б) 4 әріп, 6 дыбыс в) 4 әріп, 5 дыбыс
6. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
а) екіге б) үшке в) төртке
7. "П" дыбысына аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, осы дыбыс қандай дыбысқа айналады?
а) "б" б) "п" в) "в"
8. Төмендегі сөйлемдерге қандай әріпті қойған дұрыс болады?
Дө...гелек, ша...ғы, а..., он...
а) н б) т в) ң
9. Тасымалданбайтын сөздерді белгіле:
а) қала, әйнек, сиыр
б) ат, ине, Отан
в) гүлдер, бишілер, жиһаз
10. Бағандардағы түбір мен жалғаудан құралған сөздерді белгіле:
а) оқушылар
 кітапханашы
 аспаз
б) кітап
 аспан
 жаз

- в) балалар
- дәлтерлер
- қаламды

11. Сөздің мағынасын өзгертетін бөлігін не деп, атаймыз?

- а) түбір
- б) жұрнақ
- в) жалғау

12. Сан есім заттың несін білдіреді

- а) санын
- б) атын
- в) сапасын

Қазақ тілі. 3-сынып.

І нұсқа

1. Бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді тап:
а) етік, үкі, терезе б) кітап, мұғалім в) ауа, мамыр,
оқушы

2. Төрт дыбыстан құралған сөздерді табыңдар:

- а) ыстық
- б) өріс
- в) тікенек

3. Қай әріп жазылады: айда...ар, гау...ар, қа...арман:

- а) х
- б) һ
- в) қ

4. Қайсысы дұрыс тасымалданған:

- а) та-уық
- б) тау-ық
- в) тау-қ

5. Қатаң дауыссыз дыбыстарды тап:

- а) л, н, р
- б) с, т, ш
- в) д, з, ж

6. Бес буынды сөзді тап:

- а) оқушылардың
- б) оқушыға
- в) оқушы

7. Дұрыс жазылған сөзді тап:

- а) сыйлады
- б) силады
- в) сиылады

8. Жалаң сөйлемдерді анықта:

- а) Бүгін күн жылы
- б) Мен қызық кітап оқыдым
- в) Күн бұлттанды

9. Жайылма сөйлемді анықта:

- а) Таза ауа
- б) Сабақ аяқталды
- в) Ағаштар бүршік жарды

10. Қаратпа сөзі бар сөйлемді тап:

- а) Біз циркқа бардық
- б) Марат, сен кезекшісің бе?
- в) Қарға қарқылдады

11. Қосымша неше түрге бөлінеді?

- а) бір б) екі в) үш

12. Жазушы сөзіндегі -шы қосымшаның қай түріне жатады?

- а) жұрнақ б) жалғау в) түбір

13. Мына сөздер сөз табының қайсысына жатады: ана, Отан, жапырақ, түлкі, тас.

- а) сын есім б) етістік в) зат есім

14. Негізгі зат есімді тап:

- а) сурет б) саяхатшы в) Ейлер

15. Сөздердің ішінен болымды етістікті тап:

- а) жаз б) жаба в) тиме

16. Күрделі етістіктері бар сөйлемді тап:

а) Ол көрді б) Марат кітап оқып отыр в) Жаңбыр жауды.

17. Реттік сан есімдер мына қосымшалардың қайсысы арқылы жасалады?

- а) -лар, -дар, -тар б) -ншы, інші, -ыншы, -інші
в) хана, -паз

18. Тәуелдік жалғаулы сөзді тап:

- а) көйлегім б) баланың в) қаламдар.

19. Сөйлемдегі сызықшаның қойылуы туралы ережені анықта:

- а) бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен болса
б) бастауыш та, баяндауыш та сын есімнен болса
в) бастауыш зат есімнен, баяндауыш етістіктен болса

20. Мәтіннің түрлерін анықта:

а) анықтау б) теңеу салыстыру в) әңгімелеу, сипаттау, пайымдау

Оқушылардың білімін тексеруге арналған тест.

Қазақ тілі. 3-сынып.

II-нұсқа

1. Дауыссыз дыбысты табындар. Белгі(х) қойындар.

р, т, а, с, ә, е, м, п, к.

2. Дауысты у-ды тап. Белгі(х) қойыңдар.

Бу, тұған, тау, тарту, уыз.

3. Дұрыс тасымалданған сөзді тап. Белгі(х) қойыңдар.

Бұр-шақ, бұ-р-шақ, келед-і, ды-бысы, ма-лшы.

4. Бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді тап. Белгі (х) қойыңдар. Тау, күзетші, кезекші, тауық, балапан.

5. Дауыссыз дыбыстан басталған сөзді тап. Белгі (х) қойыңдар.

Жуан, айла, Асан, әтеш, қоян.

6. Сөйлемдердің бастауышын табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

Айдос сабаққа ерте барды. Атам бақша салды.

7. Болымсыз етістікті табыңдар. Белгі (х) қойыңдар. Мен бүгін ауылға бардым. Менің мамам – мұғалім.

8. Болымсыз етістікті табыңдар. Белгі(х) қойыңдар. Шықпа, кетті, кірме, дәрігер, ауыл, бала.

9. Тәуелді сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар. Ауылым, Орал, бала, көйлегім, отыз бес.

10. Реттік сан есімдерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар. Бірінші, тоғызыншы, отыз бір, бір-екеу, он алты.

11. Төрт дыбыстан құралған сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

Көк, тарақ, төрт, кітап, қозы.

12. Тасымалдауға болмайтын сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

Доп. Қуыршақ, балақай, шөп, түн.

13. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

қ, р, а, ә, с, п, н, ө.

14. Түбір сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

Кеш, ай, тоғызыншы, дәптер.

15. Заттың санын білдіретін сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.

Сегізінші, Жамбыл, өрт, бес, он.

16. Жалқы есімді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.
Ақтөбе, бұлақ, жаңбыр, алтыншы, Ардақ.
17. Тәуелді сөздерді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.
Ақыл, қаламың, көз, бақа, азда.
18. Күрделі етістікті табыңдар. Белгі(х) қойыңдар.
Ойнап жүр, келді, отырды, Саққұлақ жуа бастады.
19. Туынды сын есімді табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.
Көргіш, білгіш, қаз, сурет, сағат.
20. Дауысты дыбысты табыңдар. Белгі (х) қойыңдар.
й, ә, с, е, б, і, г, р, л.

Қазақ тілінен тест.

4-сынып.

1. Біріккен сөзді табыңдар.
а) халық ә) БҚМУ б) Алатау
2. Қос сөзді табыңдар:
а) Көкшетау ә) кг б) ата-ана
3. Барыс септігінде тұрған сөздерді тап:
а) етігін ә) құстарға б) досы
4. Тәуелді зат есімдерді табыңдар. Септік жалғауының астын сыз.
а) інісінің ә) жағасы б) кезекші
5. Жіктелген тәуелді сөздерді табыңдар:
а) дәрігермісің ә) көмекші б) шөптің
6. Есімдікті табыңдар:
Қуанышқа батамыз,
Суға түсіп күнде біз.
Рақаттанып жатамыз,
Қыздырынып күнде біз.
7. Келер шақтағы етістікті тап:
а) кетеді ә) көңілді б) өсті в) сөйлейді
8. Сын-қимыл үстеуді табыңдар:
а) күндіз ә) төмен б) лезде в) ертең
9. Шылауды табыңдар:
Қала да, ауыл да күннен-күнге көркейіп келеді.

10. Бірыңғай мүшелері бар сөйлемдерді табыңдар:

- а) Күн батып бара жатқан кез
- ә) Маржан мен Гүлжан далаға шықты
- б) Бұларға Асан, Марат, Сара қосылды

11. "Әдемі, сұлу, көркем" сөздері қандай сөздер тобына жатады?

- а) қарама-қарсы мағыналы сөздер
- б) мәндес сөздер
- в) бірнеше мағыналы сөздер

12. Заттың қимылын білдіретін сөздерді не деп атаймыз?

- а) сын есім б) зат есім в) етістік

13. Қай жолдағы сөздер күрделі етістіктерге жатады?

- а) ойнап жүр, жүгіріп келеді, тыңдап отыр
- б) терді, күлді, шығарды
- в) оянды, еркелейді, жуынады

14. Лепті сөйлемді анықта:

- а) Сара, сен театрға барасың ба?
- б) Мереке құтты болсын!
- в) Мен сегізге толдым.

15. Заттың дөмін білдіретін сөздерді анықта!

- а) қызыл, үлкен, биік б) жуан, әдемі, жұмсақ
- в) ащы, қышқыл, тәтті

16. Мәтін дегеніміз не?

- а) екі не одан да көп сөйлемді мәтін дейміз
- б) ұзын бір сөйлемді мәтін дейміз
- в) бір сөйлемге жинақталған сөз тізбегін мәтін дейміз

17. Дыбыс бермейтін әріптерді белгіле:

- а) я, і, ю б) ь, ъ в) һ, ң, ү

18. "Кім, кімдер" сұрағына жауап беретін сөздерді белгіле:

- а) ит, түлкі, арыстан б) көбелек, маса
- в) ұстаз, ғарышкер, әртіс

V ТАРАУ

БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Тіл дамытудың мақсаттары, оған қойылатын талаптар

Бүлдіршіндер алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезде басталатын сауат ашу және тіл дамыту – қазақ тілі бағдарламасы салаларының негізгі құрамдық бөлігі. Сауат ашу және тіл дамыту кезеңіндегі оқу жұмысының мақсаты – оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, оларды оқу мен жазуға үйрету, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.

Бұл кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың тілін байытып, жалпы білімін кеңейту мақсатына ұштастырылады.

Сауат ашу және тіл дамыту жұмыстары бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өз мақсаты, соған сәйкес жүргізілетін жұмыс түрлері болады. Сауат ашу әуелі дайындық кезеңнен басталады. Дайындық кезеңінде мұғалім жеке баланы танып, білу мақсатында жұмыс түрін ойластыру керек. Осы кезеңде дыбыстар мен әріптерді меңгертуге байланысты орындалатын жұмыс түрлеріне жаттықтыру, даярлау, үйрету жұмыстары да жүргізіледі. Сауат ашудан кейін ғана оқушылар жазуға дағдыланады. Балалардың мектепке келіп түскен кездегі психологиялық дене ерекшеліктері жөнінде мағлұматтарға сүйене отырып, мазмұндама мен шығарманы бірінші сыныптан бастауға мүмкіндік бар. Бастауыш сынып оқушылары мазмұндама мен шығарма жазу барысында мынадай дағдыларға бейімделеді:

1. Оқушылар оқылған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын өз сөздерімен жазып, белгілеуге дағдыланады.

Бұл дағдыны меңгермей, шығарма жазуға көше алмайды. Осы жұмыстың барысында бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер автоматты түрде оқушылардың есінде қалады. Шығарма жазбас бұрын мазмұндама арқылы бірқатар процестерге жаттығу қажет.

2. Шығармада ұсынылатын тақырыпты түсініп, оның жігін ажырата алу дағдысы. Мысалы: "Біз ағашты қалай отырғыздық?" тақырыбы бойынша өздерінің ағаш отырғызғанда не істегендерін әңгімелеу керектігін ажырататындай болу керек.

3. Шығарма жазу үшін материал жинау дағдысы, яғни материал жинау барысында балалардың кейбіреуі үй ішінен сұрау мүмкін. Бастауыш сынып балалары бақылай білуге, кітаппен жұмыс жасауға, суреттерді қарап, қабылдай білуге жаттықтырылып, бұл жаттығулар бірте-бірте дағдыға айналдырылуы қажет.

4. Жинаған материалдарын жүйелей алу дағдысы. Бұл дағдыға бастауыш сынып оқушылары алғашқы кезде мазмұндама арқылы үйретіледі. Қиындықты жеңу үшін балалар алдымен дайын мәтіннің жүйесін байқап дағдыланады, яғни қандайда бір мәтіннің белгілі бір жүйемен құрастырылатынын ұғады, білген-көргендерін әңгіме етіп құрастырғанда оны жүйелеп алуға дағдыланады. Егер бұған дағдыланбаса, жинаған материалдарын қалай жазуды білмей, еш нәрсе жазбай отырып қалады, шығарма жазуға қызықтырудың орнына керісінше өсер етеді. Олардың шығармаға деген ынтасын кемітеді.

5. Оқушылардың өз ойын дұрыс білдіру деген – шығарма яки мазмұндама жазғанда белгілі тілдік норманы сақтау, әдеби тілдің ең керек элементін пайдалана білу, сөйлемдерінің бір-бірімен байланысып, тілі жатық келуі. Ал, ойын түсінікті білдіру дегеніміз – оқушының ойы дәл, анық, көкейге қонымды болуы.

Шығарма мен мазмұндама жазу барысында балалар көптеген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді. Олар арқылы балалардың лексикалық қоры байып, тілдері ұстарады. Дайындық жұмыстар көбіне грамматикадан өтіледі, материалға сай, оқу сабақтарында жүргізіледі.

6. Оқушының жазғандарын тексеру, түзету, жақсарту дағдысы. Бұл дағдыға үйретуде де көптеген қиындықтар кездеседі. Оқушылар шығарма, мазмұндама жазғанда көбінесе мұғалімге бірінші болып тапсыруға асығады да, жазғандарын қайта оқымайды, сөйтіп, жазған жұмыстарының бірде-бір сөзін, не тыныс белгісін, не әріп қатесін түзетпестен тапсырады. Бұл жөнінде мұғалімнің ескеркерткен сөзі де әсер етпейді.

Бұл дағдыға балаларды үйрету қанша қиын болғанымен, олар жазғандарына сын көзімен қарап, түрлі себептермен жіберген қателерін батыл түзету дағдысын бастауыш сыныптарда үйренуге тиіс.

7. Оқушының әңгімесін белгілі бір тұлғада (бастауыш пен баяндауыштың бір шақтық тұлғада келуі) баяндай білу дағдысы.

Міне, шығарма, мазмұндама жұмыстарында берілетін дағдылардың бастылары осылар.

Шығарма жаздырғанда балалардың өз тәжірибесіне сүйеніп, бойындағы білім мен ойын өз сөздерімен жарыққа шығаруға жол беру қажет. Ш.Кәрібаев. "Шығарма жаздыру жұмысы оқытушының үнемі басшылық етіп отыруын керек қылады. Өйткені, не болса соны, кез келген тақырыпты жаздыра беруге болмайды. Оқушылармен тиісті әңгіме жүргізіп, шындыққа үйлестіріп, еркін меңгере алатын материалды жаздырған дұрыс", – дейді. Сондықтан мазмұндама мен шығарма мұғалімнің басшылығымен дұрыс әдіс қолданылып жүргізгенде ғана белгілі бір нәтиже береді, мақсатқа жетеді. Ол үшін мұғалім бұл жұмыстарға қойылатын әдістемелік талаптарды жақсы білуі тиіс.

Бастауыш мектептерде жүргізілетін тіл дамыту жұмысы негізінен мынандай мақсаттарды көздейді.

1. Оқушылардың байқағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүние танымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, салыстыру негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету.

2. Оқушыларға қазақ әдеби тіл нормасына сай өз сезімін, ойын дұрыс жазып бере алатындай дағдылар беру.

3. Оқушыларды ана тілін сүйуге, оның алтын қорын білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

4. Оқушылардың жазу тілін дамытуға септігі тиетін мазмұндама мен шығарма жұмыстарының оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып ұсыну.

5. Оқушылардың іскерлік қабілетін арттыру.

Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалім белгілі бір әдістемелік талаптарға сүйенеді. Ол талаптар мынандай:

1. Берілген тақырыпты ашып көрсете білу, оқушы өзінің жинаған материалын берілген тақырыптағы негізгі ойды көрсететіндей етіп іріктеуі қажет.

2. Жазылған жұмыстың мазмұнды болуы.

3. Оқушы материалды ешбір қайшылықсыз, белгілі бір ретпен жүйелі түрде баяндауға тиіс.

4. Оқушылар сөзді, айтатын ойын дәлме-дәл, анық білдіретіндей етіп іріктеп, таңдап қолданғаны дұрыс.

5. Басы артық сөз, қыстырма сөз қолдану, бір сөздің бірнеше рет қайталануы сияқты кемшіліктерге жол бермеу шарасы жасалуы тиіс.

6. Оқушы жазба жұмысында сөйлемдерді белгілі бір формада қарастыратын болсын, яғни бір сөйлем өткен шақта екінші сөйлем келер шақта тұрмасын.

7. Оқушылардың жазба жұмыстарында кейде жергілікті ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер орын алады. Мұндай қателерден сақ болу жағы есте болуы керек.

8. Жазба жұмыстарын жетілдіре білу дағдысын оқушылар міндетті түрде меңгеру керек.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармалары мен мазмұндамаларында бұл көрсетілгендердің бірден түгел орындалуын талап етуге болмайды. Бірақ жазба жұмыстарын жүргізген кезден бастап-ақ бірте-бірте оқушылар жоғарыда көрсетілген талаптарды орындау жолына бағытталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл дамыту жұмыстарының мақсаты қандай?

2. Балалардың тіліне қойылатын негізгі талаптарды айтындар.

3. Бастауыш мектеп балаларына мұғалімнің басшылығынсыз неліктен шығарма жаздыруға болмайды? Мұғалім қалай басшылық жасайды?

2-тақырып. Мазмұндама, оның түрлері

Мазмұндама дегеніміз – белгілі бір шығарманың, мәтіннің мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде баяндап беру.

Мазмұндамамен шығарма жазуға қазақ тілі сабағынан арнайы сағаттар бөлінеді. Шамамен алғанда, өрбір он-он бес күнде 1 сағат бөлінеді.

	Мазмұндама				Шығарма			
	1	2	3	4	1	2	3	4
1	-	-	-	-	-	-	-	-
2	2	1	2	2	1	2	2	3
3	2	2	3	3	2	2	3	2
4	2	3	3	3	2	2	2	2

Бастауыш сыныптарда жаздыруға болатын мазмұндаманың мынадай түрлерін көрсетуге болады:

1. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама.
2. Сурет бойынша мазмұндама.
3. Кино, диафильм бойынша мазмұндама.

1. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама

Мазмұндаманың бұл түрі атына лайық, белгілі бір алдын ала дайындалған әңгіме бойынша жаздырылады. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге көшу принципімен жүргізіледі. Соған орай ол бірнеше сатыға бөлінеді:

1. Мәтіннің құрылысы мен тәртібін сақтай отырып, жазу. Бұл әдіс, көбінесе 1-сыныпта қолданылады. Мазмұндаманың бұл түрі 1-сыныпта былайша ұйымдастырылады: "Аралардың достығы".

"Орманда бір топ ара тұрыпты. Бәрі еңбекқор болыпты. Үнемі гүлден шырын жинапты. Өздері тату тұрыпты. Сондықтан балдай тәтті өмір сүріпті".

Бұл мәтін сабаққа дейін тақтаға жазылып қойылады немесе мұғалім үлкен қағазға алдын ала үлкейтіп жазып

қояды да, тақтаға іледі. Мәтінді оқымас бұрын мұғалім балалардан араны көрген-көрмегендерін, ол жөнінде қандай ертегі, әңгімелер білетіндерін сұрап, ауызша әңгіме айтқызады. Мұндай әңгімені 1-2 күн бұрын ұйымдастыруға да болады. Әңгімені дүниетанудан алған білімдерімен ұштастырып, араның адамға қандай пайдасы бар екеніне де тоқталған жөн.

Сабақ басталғаннан кейін дайын мәтінді балалар оқып шығады. Мәтіннің ішіндегі шырын, балдай тәтті өмір, тату, т.б. сөздері түсіндіріледі.

Мәтінді балалар екі қайтара оқып шығады. Мәтінді балалардың өздеріне оқытудың пайдасы сол, олар мәтіндегі сөйлем құрылысымен, көптеген сөздердің жазылуымен танысады, яғни балалардың есту, көру сезімдері қатар қызмет атқарады. Мәтін оқылып болғаннан кейін сыныпқа сұрақ қойылады. Сұрақ алдымен ауызша қойылып, оқушылар тақтадағы мәтінмен ол сұрақтарға жауап береді. Мәтін сұрақ бойынша талданып болғаннан кейін мұғалім оны толықтай бір оқып шығады. Осындай жұмыстан соң мұғалім тақтадағы мәтінді жауып қойып, екінші тақтадағы алдын ала жазылып қойған сұрақтарды ашады.

Мазмұндаманың бұл түрінде мәтін бойынша қойылатын сұрақтың, мәтіннің құрылысын, тәртібін өзгертпей, тек ондағы сұрақтың орнына ғана бір-екі сөз қою мақсатын қамтиды. Мысалы:

1. Орманда қанша ара тұрыпты?
2. Бөрі қандай болыпты?
3. Үнемі не теріпті?
4. Өздері қалай тұрыпты?
5. Сондықтан қалай өмір сүріпті?

Бұл сұрақтарға оқушылар мәтіннен есте қалғандары бойынша тағы да ауызша жауап қайтарады. Қорытынды ретінде барлық сұраққа бір оқушы немесе 2-3 оқушы жауап береді. Балалар осы қойылған сұрақтарға жауап жазуға кіріседі.

1. Сурет бойынша мазмұндама

Мұнда балалар суреттің мазмұнын түсінуге үйренеді. Мазмұндаманың бұл түрін бірнеше топқа бөлуге болады.

2. Дайын сурет бойынша мазмұндама

Мұғалім алдын ала дайындалған сурет береді, ал оқушылар сурет бойынша мәтін құрайды. Мазмұндаманың бұл түрі бастауыш сыныптарда бір сюжетті бейнелейтін бірнеше сурет арқылы да жаздырылады. Бір сюжетке салынған бір сурет бойынша жүргізілетін мазмұндамаға мысал келтірейік.

"Бүлдірген тере барғанда суреті бойынша".

1. Мұғалім кіріспе сөзінде балалардың жазғы демалыстарында не істегендері, не көргендері туралы сұрақ-жауап арқылы әңгімелеседі. Онда көбінесе жазғы қаланың көрінісіне көңіл аударысады.

2. Тақтаға суретті іледі. Оның атын жауып қойып, балаларға суретті қарап шығу тапсырылады. Аздан соң, мұғалім "Суретте жылдың қай мезгілі көрсетілген? деп ойлайсыңдар", – деп сұрақ қояды. Суретте жаз мезгілі көрсетілген. Бұл жауаптың дұрыстығын қуаттай отырып, мұғалім оқушылардың зейінін "ағаш көлеңкесіндегі дем алып отырған балаларға, олардың қастарындағы жидекке толып тұрған ыдыстарға аударып:

- Балалар, не істеп отыр?
- Ал мына тұрған нелер? (шешек, себет).
- Бұл ыдыстардың ішінде не бар?
- Енді бұл суреттерді қалай деп атасақ екен?

Балалар түрлі ат айтады "Бүлдірген тере барғанда", "Бүлдірген теру", т.б. Балалардың ұсынған аттарының барлығы да дұрыс екенін айта отырып, мұғалім: Осы суретті автор қалай атады екен, соны көрейік, деп суреттің жабулы атын ашады. Сурет бойынша мазмұндама бастауыш сыныптарда осылай жүргізіледі.

3. Кино, диафильм бойынша мазмұндама

Кино, диафильм соңғы жылдарда мектеп өмірінен берік орын ала бастады. Кино оқушылар арасында оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жолындағы ықпалды құралдардың біріне айналып отыр.

Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арнап шығарылған диафильмдер мен мультфильмдердің дені орыс тілінен аударылған. Қазақ мектептерінде оқу-тәрбие жұмысында кино, диафильмдерді пайдалануды дұрыс жолға қойып, көпшілік мүддесіне айналдыру үшін, әрине, алдымен мектептерді қазақ тілінде шыққан кино, диафильмдермен қамтамасыз ету қажет.

Фильм көрсетілер алдында балалардың көңілін сол фильмде болатын оқиғаға аудару үшін кіріспе әңгіме айту керек және бастауыш сынып оқушыларын экран материалдарын игеруге бірте-бірте үйрету қажет.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама жазыңдар.
2. Суреттер бойынша мазмұндама жазыңдар.
3. Көрген кино, диафильмдер бойынша мазмұндама жазыңдар.

3-тақырып. Шығарма және оның түрлері

Жоғары сыныптарда шығарма жаздыру әдістемесін зерттеуші Е.Дайрабаев шығарма мен мазмұндаманың айырмашылығын айқын атап көрсетті. "Мектепте жүргізілетін шығарма дегеніміз – белгілі тақырып бойынша өз ойын жоспарлы түрде баяндау. Шығармада оқушының өзі туралы, өнер жөнінде, оқыған немесе талдаған өдеби туынды жайындағы ойлары баяндалады. Оқушы тиісті тақырып бойынша мәтінді өзінше жазады".

"Шығарма" терминін бастауыш мектеп балаларының жұмыстарына қолданғанда, оқушылардың өмірде өз көрген-білгендерін белгілі бір тақырып ауқымында түсінікті түрде, жүйелі әңгімелеп беруін айтамыз.

Бастауыш сыныптарда балалардың жазатын шығармаларын мынадай топқа жіктеуге болады:

- 1) Оқушылардың оқыған яки естіген әңгімелеріне байланысты;
- 2) Экскурсия бойынша;
- 3) Өнер саласына (сурет, кино, қуыршақ театрының спектакльдері, т.б.) байланысты;

4) Оқушының іс-әрекетіне (ойын, еңбек, т.б.) байланысты тақырыптар.

Шығармада оқушылар өз ойларын қандай көлемде көрсетуіне ерікті бола тұрғанмен, әр сыныптағы шығарма көлемінің шамасын белгіледік. Оқушылардың жазған шығармаларының көлемі шамамен:

I сыныпта 20 – 30 сөз.

II сыныпта 30 – 60 сөз.

III сыныпта 60 – 130 сөзге дейін барады.

Енді шығарманың жоғарыда көрсетілген түрлеріне жеке-жеке тоқталайық.

1. Оқушылардың оқыған яки естіген өңгімелеріне байланысты шығарма жұмысы. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлемді дұрыс құру дағдысын қалыптастыруда оларды үйде немесе сыныпта оқыған шығармалары мен үлкендерден естіген ертегі, өңгімелері бойынша сөйлетіп, үйретудің пайдасы зор. Шығарманың бұл түрінің білімділік, тәрбиелік мәні де зор. Мұндағы ұтымды мәселенің бір ұшы бала өзін қоршаған айналаға сын көзімен қарап, жақсы мен жаманды, еңбекқорлық пен жалқаулықты, іскер мен кертартпаны, кішіпейілділік пен дөрекілікті байқайды; бұлар жөнінде өз сезімін білдіреді.

Бұл жұмысты мұғалім алдын ала, жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Балаларды сөйлеткенде олардың сөйлемдерінің қысқа өрі түсінікті, жүйелі құрылуына назар аударған жөн. Ол үшін мұғалім жетекші сұрақ қойып отырады.

Сұраққа жауап беру арқылы оқушылар естіген, оқыған өңгімелерінің мазмұнын өз сөздерімен айтып үйренеді және тілдік көркемдікті пайдаланып, нәрлі ойларын еркін білдіруге әдеттенеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың оқыған, яғни естіген өңгімелерінің мазмұны бойынша шығарма жаздыруды түрліше ұйымдастырып жүр:

1) Оқушылар оқыған немесе естіген өңгімелерінің мазмұнын сақтай отырып, өз сөздерімен еркін шығарма жазады.

2) Оқыған немесе естіген әңгімелерінің үлгісіне еліктеп, өздері ойдан шығарып жазады.

Дұрыс ұйымдастырылса, бұл жұмыстың екеуінің де пайдасы мол. Әңгіменің мазмұнын сақтай отырып жазған шығармада оқушылар әңгімедегі оқиғаға, құбылыстарға өз білгендерін қосып, одан алған әсерлерін білдіреді.

Бұл – оқушының шығармашылық қабілетін дамытады, тілін ұстартып, ойын жүйелі баяндауға төселдіреді.

Шығарманың бұл түрлерін "сендер мынадай әңгіме оқыдыңдар, сол бойынша шығарма жазыңдар" деген сияқты нұсқау беру арқылы ұйымдастыруға болмайды. Бұл жұмыста мұғалім үлкен шеберлікпен, дұрыс басшылық етуі тиіс.

Оқушылар тіпті өздері жақсы білетін әңгімелерінің мазмұнын да бірден өз сөздерімен жазып бере алмайды. Сондықтан алғашқы кезде оқыған мәтіндердің мазмұны мұғалімнің көмегімен әңгімеленеді де, кейін балалардың өздері айтып және жазып бере алатын болады.

Мысалы: 1-сыныптың "Ана тіліндегі" "Сырғанақ" деген мәтіннің мазмұнын мысал ретінде басшылыққа ала отырып, шығарма жаздыру үшін бастапқы кезде мынадай дайындық жасалады. Мұғалім оқушылармен жақында "Ана тілі" кітабынан "Сырғанақ" деген мәтін оқығандары жөнінде әңгімелесіп, сол мәтіннің мазмұнын еске түсіреді. Сонан кейін оқушыларға ескертеді: – Сендер қазір осы мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беруге дайындалыңдар. Айбол туралы мәтінде айтылмай қалған жерлерін өз жандарыңнан қоса айтыңдар. Мысалы: Мәтінде Айболдың сырғанаққа қай күні барғаны айтылған ба? Оқушылар: – Жоқ, Айболдың сырғанаққа қай күні барғаны айтылмаған, – деп жауап береді.

– Айбол төбеге сырғанақ тебуге қай күні барды деп ойлайсыңдар? (Ол сырғанақ тебуге демалыста барды).

– Айбол сырғанақ тебуге асыққан ба екен? Сендер ше? (Біз де сырғанақ тебуге асығамыз. Айбол да демалыс болуын асыға күткен шығар).

– Ол күні ауа-райы қандай болды екен? (Демалыста күн жылы болатын). Ал осылар жөнінде мәтінде айтылған ба? (Жоқ, бұл жөнінде мәтінде ештеңе айтылмаған).

– Ендеше, алдымен Айболдың демалысты асыға күткені, ол күні ауа-райының қандай болғаны жөнінде сөйлем құрастырайық (Айбол демалыстың болуын асыға күтті. Демалыста күн жылы болды).

– Айбол сырғанаққа бармас бұрын не істеді? Сендер не істейсіңдер? Бірден шығып жүре бересіңдер ме?

– Жоқ, біз алдымен киінеміз, сонан соң шанамызды аламыз.

– Олай болса, Айбол да солай істеген шығар, бұл жөнінде әңгімеде бар ма? Оны қалай айтсақ екен?

– Ол жылы киініп, шанасын алды. Төбеге барды.

– Онда кімдер бар екен? (Онда сырғанақ тепкен балалар көп).

– Айболға ойын қызықты болды ма екен? Қалай ойлайсыңдар? (Ойын қызықты болды.)

– Айбол үйге қандай сезімде оралды?

(Айбол үйге көңілді оралды).

Алдымен осы мәтіннің мазмұнын оқушылар еркін ауызша айтады. Оқушылардың әңгімесі:

“Қыс қызығы басталды. Айбол демалыс күнін асыға күтті. Демалыста күн жылы болды. Ол жылы киініп, шанасын алды. Төбеге барды. Онда сырғанақ тепкен балалар көп. Ойын қызықты болды. Айбол үйіне көңілді оралды.

Экскурсия бойынша шығарма жұмысы.

Бастауыш мектепте сабақ беріп жүрген мұғалімдер, көбінесе шығарманы табиғат құбылыстарына, жыл маусымдарына байланыстыра жаздырады. Бұл, әрине дұрыста, өйткені, табиғат құбылыстарын балалар күнбе-күн көріп, байқап жүргендіктен, өздері білетін таныс нәрсені баяндау оларға көп қиындық келтірмейді. Мысалы, қыс мезгілін алсақ, балалардың қысқы ойыны, шаңғы, коньки тебу, аққала соғып, кісі жасап ойнайтын ойындары, т.б. туралы шығарма жаздыруға болады. Бұл құбылыстардың қайсысы болсын – шығарма жаздыруға болатын тақырып.

Біз жыл маусымдарына байланысты табиғаттағы өзгерістер, табиғатқа және өндіріс орындарына экскурсия нәтижесінде жиналған мағлұматтарды жинаған материалдарын қорытуды экскурсияға байланысты шығарма деп топтастырдық. Өйткені, даладағы егістік шаруашылық, т.б. еңбекті, табиғаттағы өзгерістерді балалар экскурсияға шығу арқылы немесе айналаға жіті қарап, зер сала отыру арқылы бақылайды. Мысал: Қыста ағаштардың бұтағының жапырағы түсіп өрінен айырылып, көктемде олар жанданып, жапырақ сала бастайтынын, қыста мал пішенде тұратынын, ал көктемде жайылымға шығатынын, т.б. байқайды. Бұл өзгерістердің себебін білу арқылы балалардың дүние танымы кеңейіп, білім қоры артады. Сонымен қатар балалар өндіріс орындарындағы еңбекпен де экскурсия жасау арқылы танысады. Мұның барлығы шығарма жазуға қажет болып есептеледі. Бірақ шығарма жазу дағдысына төселмеген, бастауыш мектеп балалары, әсіресе 1-2 сынып оқушылары бақылау арқылы жинаған материалдарын өз беттерімен бірден жазып кете алмайды.

Сондықтан оларға мұғалімнің көмегі керек, 1-2 сыныптардағы шығармалардың барлығы дерлік мұғалімнің басшылығымен өткізілетін үйрету шығармасы болып есептеледі.

Оқудың алғашқы күндерінен бастап-ақ мұғалімдер балалардың көңілін табиғаттағы өзгерістерге аударып, оны байқап жүруді үйрете бастайды, кейін бірте-бірте балалар байқаған белгілерін дәптерлеріне түсіруді, табиғат күнтізбесін жасауды үйренеді. Мұндай жұмыстар бірде балаларды ауа райын, желдің бағытын, бұлттың аспанда бар-жоғы сияқты әңгімелер арқылы өтсе, көл жағасына немесе өндіріс орындарына экскурсияға шығарылып, әңгіме өткізу арқылы ұйымдастырылып отырады.

Балаларды экскурсияға шығарып, онда алған әсерлерін әңгімелеп жазып беруге үйрету жұмысы мектептерде түрлі-түрлі ұйымдастырылып жүр.

Мұғалімдердің бір тобы экскурсияның болатын күнін, мезгілін балаларға күні бұрын хабарлаудан бас тартады.

Олар балалардың көңілі алаң болады деген оймен ешбір ескертусіз, балаларды бірден далаға алып шығып, ағаш шөп, өсімдіктердің өзгерісін өзі айта бастайды да, содан соң сұрақ-жауапқа көшеді.

Ал мұғалімдердің екінші тобы экскурсияның жоспарын алдын ала жасайды: балалармен не жөнінде әңгіме өткізілетіні, онда әсіресе, не нәрселерге көңіл аудару керектігі, экскурсиядан қандай қорытынды шығарылатыны ойластырылады. Тіпті, экскурсияда балаларға қанша сөз үйретілетіндігі де алдын ала анықталады. Сонымен қатар балаларға, экскурсияға қай күні, не мақсатпен баратындары, онда не көретіндері, не нәрселерге көңіл аудару керектігі, не жөнінде сұралатыны күні бұрын ескертіліп, сол экскурсияға алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Осы екі әдістің екеуі де эксперимент арқылы сыналған. Бақылау нәтижесі соңғы әдістің тиімді екенін көрсетті. Экскурсияның мақсаты, көңіл аударатын мәселелері белгілі болған соң, балалар өз беттерімен де бақылай жүреді және не істейтіндері мәлім болған соң, шуламай, әрқайсысы әр жаққа бытырамай, ұйымдасқан түрде жүреді, қолайсыз жағдайларға да ұшырамайды.

3) Өнер салаларына байланысты шығарма жұмыстары.

Көркемөнердің түрлі саласына байланысты, яғни сурет өнері, кино скульптура, т.б. бойынша шығарма жаздыру бақылау мен байқауға сүйенеді. Өнердің бұл салаларымен танысу, әсіресе, суретте бейнеленгендерді талдап, таразылау – бастауыш сынып оқушылары үшін өте күрделі де ауыр еңбек. Өйткені, суретші баяндап отырған сырды ұғыну кішкене балалар үшін оңайға соқпайды.

Балаларды әр саладағы көркемөнерді түсіне білетіндей, жан-жақты дамыған мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу үшін, көркемөнердің әр саласымен таныстыруды бастауыш сыныптан бастау керек.

Өнер саласына байланысты шығарма жүргізу, біріншіден, педагогиканың бақылау мен байқау принципіне негізделсе, екіншіден, көрнекілік принципін жүзеге асырып, оқушының көру сезіміне ойына әсер ету арқы-

лы тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Суреттерді пайдалану жөнінде де әдістемелік өдебиеттердің барлығында бірыңғай нұсқау берілген:

- 1) Мұғалімнің кіріспе әңгімесі.
- 2) Оқушыларға берілетін бағыт.
- 3) Суретті оқушылардың байқап, қарап шығуы.
- 4) Суреттің мазмұнын анықтау.
- 5) Оқушылардың сұрақтарына мұғалім жауап береді.
- 6) Суреттің мазмұны мұғалімнің сұрауы негізінде баяндалады.
- 7) Суреттің мазмұнын ашатын жоспар жасау.
- 8) Дайын жоспар бойынша суреттің мазмұнын оқушылардың өздері айтып беруі.
- 9) Сөздік жұмыстары.
- 10) Дайын жоспарға сүйеніп, шығарма жазу.
- 11) Сабақтың мақсаты мен мазмұнына қарай, осы аталған жұмыстардың бәрі немесе кейбір түрлері ғана орындалуы мүмкін.

Сурет бойынша жаздырылатын шығармада мынадай жағдайлар ескеріледі.

1) Балалар сурет бойынша жұмыс жасауға алдын ала дайындалған жағдайда және оларға ұсынылған суреттің мазмұны толық талқыланса ғана тиісті нәтиже күтуге болады.

2) Сурет бойынша шығарма жаздыру жоғары сыныптарда да (4-сыныптан бастап) жүйелі түрде бастауыш мектепте берілген дағдыға негізделі жүргізілуі тиіс.

Кинофильмдер бойынша шығарма жұмыстары: Қазіргі кезде бастауыш мектептерге арналған 100-ден астам қысқа фильм-әңгімелер мен фильм-очерктер бар. Олардың тақырыптары да алуан түрлі. Бұл фильмдер оқушыларға жыл мезгілдері, жан-жануарлар, балалар өмірі, ауыл мен қала өмірі, т.б. туралы көркем тілмен баяндап береді.

Бұларды мұғалім тарих, табиғаттану, ана тілі, оқу, тіл дамыту сабақтарында пайдаланады.

Тіл дамыту жұмыстарында фильмдердің қандай түрлерін көрсетуге болады:

1) Қысқа метражды көркем фильм. Мазмұны алуан түрлі фильмдерді мұғалім балалардың жас шамасына лайықтап, іріктеп алады. Фильмнің мазмұны балаларды ұйымшыл болуға, қажырлылыққа баулып, еңбексүйгіштік пен отаншыл ұлтшыл рухта тәрбиелеуге тиіс екені еш уақытта естен шықпауға тиіс.

2) Табиғатты суреттейтін фильмдер. Бұл фильмдер балалардың тілін дамытумен қатар, оларды байқағыштыққа тәрбиелейді. Мұғалімнің сұраулары арқылы балалар фильмнің қажетті жерін салыстыра отырып, ондағы өзгерістерді байқайды, ол байқағандарын әсерлі тілмен көркемдеп айтып беруге талпынады.

3) Мультфильмдер. Түрлі ертегілер, күнделікті өмір негізінде жасалған мультфильмдерді балалар қызыға қарайды; олардың мазмұнын ұғып, түсінеді. Кішкене балалар мұндай фильмдерді нақты шындықтың көрінісі ретінде қабылдайды.

4) Диафильмдер. Бұл фильмдерді қазақ бастауыш мектептерінде кеңінен қолдануға мүмкіндік бар. Өйткені, мұндай фильмдерді көрсету үшін арнаулы киноқондырғылардың қажеті жоқ, ал фильмоскопты барлық мектептің сатып алуына болады.

Мектептерде кино көрсету арқылы шығарма жаздыру жұмысы мынадай жағдайда өтеді.

1) Фильм көрсетілер алдында мұғалім кіріспе әңгіме өткізеді;

2) Фильм көрсетіледі (мұғалім түсіндіріп тұруы қажет);

3) Фильмнің мазмұны талқыланады;

4) Фильм қайтадан көрсетіледі (мұнда мұғалім қайтадан көрсетудің тиімділігін ескере отырып, оны қалай көрсетуді ұйымдастырады);

5) Сөздік жұмысы;

4) Оқушының өз іс-әрекетіне байланысты шығарма жұмыстары.

Оқушылардың өздері туралы және олардың тікелей қатысы бар мәселелер жөнінде жазылатын шығарма жұмыстарын біз оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма деп топтадық.

Бұл топқа енгізілген шығармалар тақырыбы балалар үшін тартымды, өйткені мұнда балалар өздері істеген істері жөнінде жазады. Мысалы: балалардың еңбек әрекетіне байланысты "Біз ағашты қалай отырғыздық", "Мен үйде кеше не істедім?", "Мен мамама қалай көмектестім?", "Біз қалай кезекші болдық?", "Мен күсқа қалай ұя жасадым?", "Мен киімдерімді қалай тазалаймын?", "Жексенбі күні қалай сырғанақ тептік?", т.б тақырыптарға шығарма жаздыруға болады. Шығарманың бұл түрін балалар өз беттерімен жинаған материалдары бойынша жазады: мұнда балалардың ойнаған ойындары немесе үйде, мектепте, қалада айналысқан істері жоспармен ұйымдастырылмайды. Мәселен, балаларға: кеше үйде қандай жұмыс істегендерің жөнінде жазыңдар деген тапсырма берсе, олардың әрқайсысы өзі істеген жұмыстарын, т.с.с жазады. Шығарманың бұл түрін үйден жазып келуге тапсыруға да болады. Бұл топтағы шығармалар сипаты, мазмұны жағынан алуан түрлі болып келеді; бастауыш сынып оқушыларына не ұнайтынын, оларға не жақын екендігін шығарманың осы түрінің қорытындысынан аңғаруға болады, балалар сөйлемді өз қалауынша құрап, ойын еркін білдіреді, шығарманың бұл түрі оқушылардың қаншалықты шығарма жазу дағдысының қалыптасып, тілінің дамығандығын байқау мақсатында жүргізіледі.

Оқушылар 2-сыныптан бастап қабырға газетіне мақала жазып үйренеді.

3-сыныптан бастап туысына немесе жолдасына хат жаздырып үйрету керектігі көрсетілген.

Қысқа түрде хат жаза білу шығарманың ең маңызды түрі болып саналады.

3-сыныпта хаттың ең қарапайым, жай түрі үйретіледі. Хат жазу үшін тақырыпты өздері күнде көріп жүрген оқиғалардан алуы керек. Мысалы: "Біздің бөлме қандай?", "Біздің мектеп", т. б.

Хаттың ерекше түрі – құттықтау ретінде жазылатын хат. Олар мереке қарсаңында жазылады. Балалар хатты жолдастары мен туыстарына ғана жазып қоймайды,

сонымен қатар басқа мектептердің оқушыларына да жазады.

Сонымен шығарма мен мазмұндама жұмыстарын дидактикалық принципке сүйеніп, жүйелі түрде жаздырылады. Шығарма мен мазмұндаманы түрлендіре жүргізу оқушылардың белсенділігін арттырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл дамыту жұмысының психологиялық ерекшеліктері қандай?

2. Тіл дамыту жұмысының педагогикалық және лингвистикалық ерекшеліктері жөнінде айтыңдар?

3. Оқушылардың бірнеше шығармасын оқып, оның кемшілік, жетістіктерін көрсетіңдер.

4. Бастауыш сынып оқушыларына берілетін шығарма тақырыптары қалай және қандай тақырыптарда беріледі?

4-тақырып. Оқушылардың мазмұндама мен шығарма жұмыстарынан жіберген қателерін түзету жолдары

Мазмұндама мен шығарманың түпкі мақсаты – оқушылардың ойын және тілін дамыту болғандықтан, ең алдымен бұл жұмыстардың мазмұны мен тіліне көңіл аударылуға тиіс. Бірақ бұл айтылғаннан орфографиялық қателерді есепке алудың керегі жоқ деген пікір тумайды. Орфографиялық қателерді түзету осы кезге дейін бірінші міндет болып келді, әлі де осылай бола бермек.

Бұл жұмыс екі түрлі өдіс арқылы жүргізіледі:

1) Балалар өзін-өзі тексеруге нақты тапсырманы орындау мақсатымен бірте-бірте үйретіледі.

2) Балалар өзін-өзі тексеруге бір-бірінің жұмысын оқып түзету арқылы үйретіледі. Бұл жұмысты мұғалім оқушылар шығарманы түзету техникасын бірсыпыра меңгерген кезде бастайды. Кішкене балалар бірінің жұмысын бірі тексеруге, яғни қолдарына қызыл сия мен қалам алып, жұмыстың қатесін тауып, түзетуге зор ынтамен кіріседі. Бірақ мұнда ескерілетін жай – кейбір баланың дұрыс жазылған сөздер мен сөйлемдерді қате

түзетіп қоюынан сақ болған жөн. Ол үшін мұғалім оқушылардың жұмысты жөндеу барысына көз жіберіп қарап жүреді, қажетті жерінде көмек береді және оларға асықпай оқып шығып, қай жерінде қате барын алдымен байқап алып қате екеніне әбден көзі жеткенде барып жөндеу керектігі ескертіледі. Жұмыстарға көз жүгіртіп қарап жүргенде бір қате 3-4 балада кездескен болса, ол сөзді жөндеп жатқан баладан не себепті жөндегені сұралады. Жұмыс барысында осы сияқты тәсілдер арқылы балалар бір-бірінің қатесін түзетіп болған соң, дәптерлерді мұғалім жинап алып кетеді, балалардың түзеткендерінің дұрыс-қателіктерін қарайды, баға қояды.

Бастауыш сынып оқушыларының жазған жұмыстарында кездесетін қателіктерді жоюдың екінші амалы – ол жұмыстарға толық талдау жасау. Бұл сабақтарда балалар өз жұмыстарында кеткен қателермен танысады, мұғалім оқушылардың жұмыстарын тексеріп болған соң, ондағы қателерді топ-топқа жіктеп, барлық жұмысты салыстырады. Балалардың көпшілігіне тән қателерді анықтап, қатені талдау сабағын да осыған орай ұйымдастырады. Мысалы, оқушылардың көпшілігі бір сөзді бірнеше рет қайталаған болса, сол қайталаған сөздер тақтаға жазылады. Балалар ол сөйлемдердің қатесін түзейді. Балалар өз жұмыстарынан осы сөйлемдерді табады, қателері болса түзетеді. Жұмысының түзетілген жері көп оқушы оны қайта көшіреді.

Оқушылардың қателерін талдауға арналған сабақтың алғашқы 5-7 минутын мұғалім жазылған жұмысқа шолу жасауға пайдаланады. Онда кейбір балалардың жетістігі аталып, тәуір жазылған жұмыстарының біреуі тұтас оқылып, әңгімеленеді. Кейбір жағдайда мұғалім әр жұмыстың жақсы жазылған жерлерінен үзінді оқиды, мысалы, бір жұмыстың мазмұнының түсініктілігі, екінші бір оқушының ойын жүйелі түрде баяндағаны және нашар жақтары айтылады.

Мұнда да мұғалім кейбір жұмыстардан мысал келтіреді, сонан кейін тақтаға алдын ала жазылып қойылған сөйлемдермен жұмыс басталады.

Оқушылардың өз қателерін байқауға және оның дұрысына көз жаттықтырып, екіншілей ол сөзден қате жібермеу үшін қайта көшіріп жазудың пайдасы көп. Ал, оқушылар шартты белгілер қоюға екінші сыныптың алғашқы кезінен үйретіледі. Онда алдымен бір белгі қойылады; оқушылар бұл белгіге әбден үйренген кезде екінші белгі қойылып, оның нені білдіретіні түсіндіріледі. Белгілер осылайша бірте-бірте меңгеріледі. Оқушылардың шығарма, мазмұндама жұмыстарында кездесетін қателерді жоюдың үшінші жолы – қатенің түріне қарай жаттығу сабақтарын өткізу. Мұндай сабақтарда балалар өздерінің жазба жұмыстарында мән бермеген, ойланбастан жаза салғандықтан кеткен қателерін сезінеді, дұрыс жазбағандарын саналы түрде түсінеді де, кейін ондай қателерді жібермеуге тырысады.

Мазмұндама мен шығармаларда кездесетін қателерді түзету үшін дидактикалық материалдарға байланысты жүргізілетін жұмыстардың маңызы зор.

Оқушылардың жазу жұмыстарында кездесетін қателерді болдырмау жолындағы жұмыстарды тиісті дәрежеде жолға қойып, үзбей жүргізіп отырмаса, ол қателер қайталана береді де, балаларда динамикалық стереотип жасалады, яғни ми қабығында шартты рефлексстер жүйесі орнығады. Соның салдарынан кейбір қателерден олар жоғары сыныптарда да арыла алмайды.

Шығарма жұмысын талдау былайша жүргізіледі:

- 1) Шығарма жазған оқушылардың саны.
- 2) Тақырыпты дұрыс ашып көрсеткен және орфографиялық қате жібермеген оқушылар саны.
- 3) Жазған шығарма жұмысының мазмұны нашар оқушылар саны:
 - а) жоспардың бірде-бір пункті ашылмаған;
 - ә) жоспар түгел қамтылмаған.
- 4) Сильдік жағынан қате жіберген оқушылар саны:
 - а) сөйлемдегі сөздердің тәртібі бұзылған;
 - ә) бір сөзді қатар келген сөйлемдерде бірнеше рет қайталайды;

б) сөз орынды қолданылмаған;

в) сөйлемдегі сөздердің байланысы нашар.

5) Орфографиялық, пунктуациялық қате жіберген оқушылардың саны (әсіресе қандай ереже бойынша көп қате жіберген; көпшілігіне тән жекелеген қателерді жазып көрсету керек).

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бастауыш мектеп оқушыларының мазмұндамалары мен шығармаларындағы қателерді болдырмау шаралары қандай?

2. 2-4 сынып оқушыларының шығармаларының мазмұны, құрылысы, тілі жағынан талдаңдар.

3. Мазмұндама немесе шығарманы талдауға арналған бір сабақтың жоспарын жасаңдар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С. Рахметова. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы. – А., 1992.
2. Ш. Әуелбаев. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы.
3. С. Қазыбаев. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы. – А., 1985.
4. А. Қойшыбаева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытудың өдістемесі. – А., 1996.
5. М. Қараев. Қазақ тілі: педколледжге арналған. – А., 1993.
6. Ғ. Қалиев, Н. Оралбаев, Б. Шалабаев, О. Төлегенов. Қазіргі қазақ тілі. – А., 1997.
7. К. Аханов. Тіл білімі. – А., 2000.
8. Қ. Аханов. Грамматика теориясының негіздері. – А., 1996.
9. С. Мырзабеков. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – А., 1999.
10. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Романов. Қазақ тілінің стилистикасы. – А., 1974.
11. Қазақ тілінің орфографиялық сөздері. – А., 2001.
12. Емлесі қиын сөздер. – 2001.
13. Бастауыш сыныптарға арналған оқулықтар, 1-4 сыныптар. – А., 2001-2002.
14. Ж. Момбекова. Жаттығулар жинағы. – А., 2001.
15. Қ. Қасабекова, Б. Қасымова, Б. Тамаева, Ғ. Жексембаева, К. Шаймерденова, К. Мамадісов. Диктанттар жинағы. – А., 1993.
16. Б. Құлмағамбетова, Ж. Ауамбаева, Д. Досмырғалова, Ж. Дәулетбеков. Қазақ тілі (пәндік тестілер). – А., 1997.
17. Ғ. Әбуханов. Қазақ тілі. – А., 1967.
18. З.А. Біралова. Қазақ тілі және оны оқыту методикасынан бақылау-пысықтау тапсырмалар. – А., 1981.
19. С. Рахметова. Кіші жастағы оқушылардың жазбаша тілін дамыту. – Алматы, 1978.
20. А. Исабаев. Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері.

21. Ғ. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектептегі қазақ тілі методикасының негіздері. – Алматы, 1950.

22. Е. Көшербаев. Қазақ тілі сабақтарындағы қайталау. – Алматы, 1961.

23. Д. Әлімжанов, Ы. Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1965.

24. С. Жиенбаев. Қазақ тілі методикасы. – Алматы, 1946.

25. Н. Жалымбетов. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. – Алматы, 1975.

26. С. Қазыбаев. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту. – Алматы, 1985.

27. Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1974.

28. Қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен. – Алматы, 1973.

29. Б. Құлмағамбетова. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану. – Алматы, 1978.

30. Ш.Х. Сарыбаев. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1959.

31. Сын жұмыстары жинақтары (1-4 сын.).

32. Мазмұндама, шығарма жұмыстары (1-4 сын.).

33. Бастауыш мектеп журналдары. – 1998, 1999, 2000-2003.

34. 1-4 сын. әдістемелік оқу құралдары.

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ

САУАТ АШУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Сауат ашудың мақсаты мен міндеттері	4
2-тақырып. Сауат ашу сабақтарына қойылатын негізгі педагогикалық талаптар	7
3-тақырып. Бастауыш сыныптарда сауат ашуды оқытудың әдіс-тәсілдері	8
4-тақырып. Сауат ашу кезінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары	29
5-тақырып. 1-сыныптағы жазу. «Жазу дәптерін» пайдалану тәртібі	34
6-тақырып. "Әліппе" кезеңіндегі үйрету диктанттарын жүргізу жолдары	38

II ТАРАУ

ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Оқудың маңызы. Бастауыш сынып ана тілі оқулықтарының мазмұны	49
2-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру жолдары	55
3-тақырып. Оқудың түрлері мен сапалары	58
4-тақырып. Мәтінді қабылдаттыру үшін істелетін жұмыстар	66
5-тақырып. Көркем шығарманың кейбір түрлерін оқыту	78
6-тақырып. Оқу сабақтарына арналған тәрбие жұмыстарының жоспарлары	136

III ТАРАУ

ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ

1-тақырып. Бастауыш сыныптардың тілін оқытудың мәні	147
--------------------------------------------------------------	-----

2-тақырып. Бастауыш сыныптағы жаттығу жұмыстары	152
3-тақырып. Бастауыш сыныптарда оқушыларды грамматикалық талдауға үйрету	170

IV ТАРАУ

ЖАЗУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУ АУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Грамматика мен жазу сабақтарының түрлері	230
2-тақырып. Бастауыш сыныптағы диктант, оның түрлері	240
3-тақырып. Бастауыш сыныптарда ана тілі, қазақ тілі пәнінен тестік жұмыстар	249

V ТАРАУ

БАЙЛАНЫСТЫРЫШ СӨЙЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-тақырып. Тіл дамытудың мақсаттары, оған қойылатын талаптар	266
2-тақырып. Мазмұндама, оның түрлері	270
3-тақырып. Шығарма және оның түрлері	273
4-тақырып. Оқушылардың мазмұндама мен шығарма жұмыстарынан жіберген қателерін түзету жолдары	282

ТҰРДАЛИЕВА Гүлнар Жардинқызы

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу-әдістемелік құрал

Редакторы Айша Құрманғалиқызы
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова
Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқапов
Корректоры Гүлширан Құлымбетқызы
Компьютерде беттеген Лаураш Мухамеджанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒАҒЫ АҒАМЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒАҒЫ АҒАМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒАҒЫ АҒАМЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒАҒЫ АҒАМЫ

Басуға 11.01.07 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Есептік баспа табағы 15,33.
Тапсырыс № 11/1853. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1